

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

ІІ-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР, ПЬЕСАЛАР

1937–1940

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды тұлғаларын басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:
*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағашин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.
15-том. Мақалалар, зерттеулер, пьесалар. 1937–1940. – 392 б.

ISBN 978-601-294-157-9

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 15-томына 1937–1940 жылдар аралығында жазылған, қазақ әдебиетінің мәселелеріне арналған “Абайдың идеялық-мәдени ізденулері”, “Жақсы сынға жан пидә”, “Жөңгір” жыры қазақ тілінде”, “Абай жайын зерттеушілерге”, “Мәдениетті Қазақстан”, “Абайдың өмірбаяны” атты мақала-зерттеулері мен “Шекарада” пьесасы, “На границе” деген атпен автордың аударуындағы орыс тіліндегі нұсқасы еніп отыр. Сонымен қатар басылымда жазушы шығармалары жөніндегі ғылыми түсініктемелер қамтылған.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-157-9 (15-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014
ISBN 978-601-294-142-5

**Мақалалар,
зерттеулер**



АБАЙДЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-МӘДЕНИ ІЗДЕНУЛЕРІ

Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.
Абай

Сыншыл ойға көз сүзіп, бас иген, дінге сынның тұрғысымен қараған, халқының мәдениеті жолында аянбай күрескен жалынды қайраткер, пысық, дүниеқор, мансапқор, алаяқ феодал ақсақалдардың ішінде серік таппай күйінген Абай қазақ елінің көлемінде ғана емес, сонымен бірге қазақ елімен іргелес жатқан шығыс елдерінің көлемінде де заманынан оза туған дана кісі болды.

Ғасырлар бойы үстем болып келген схоластикалық медресенің және фанатик молдаларының орнын өткен ғасырдың аяғында келіп буржуазияшыл-діни новаторлық басқанда, Абай бұған сын көзімен қараған, сене қоймаған. Батыс мәдениетінің, әсіресе ұлы орыс халқы мәдениетінің игі ықпалы үшін де, Абай мұны қабыл алмаған.

Ауғанның Жәлелләтдіні мен Мысырдың Мұхаммед Фабдүһиының учениелері де, керек десе сол тұстағы Ресей мұсылмандарының арасында дәріпті болған Исмаил Гаспринскийдің де учениесі Абайды өзіне еліктіре алмады.

Ешқандай негізі жоқ және түп асылы реакцияшыл панисламизмның қамқоршылары, қорығыштары жұртшылықтың пікірін теріске сілтеді, орыстың және батыстың мәдениетінен жұртшылық пікірін қашықтатпақ болды.

Күншығыстың барлық ескі заманғы тарихының ішінен Абай өзіне рухани азық етіп араб-иранның классикалық поэзиясын ғана, “Шағатайдың” ескі әдебиетін ғана алды. Абай тек Фирдоусидің, Ғафиздің, Саадидің, Низамидің, Науаидің және Физулидің мәңгі өлмейтін ақындық шығармаларын ғана қабылдады, соған бой ұрды.

Бірақ Абай осылардың бәрін бойына сіңіріп алды да, жас кезінің өзінде-ақ алдына қойған жоғары тілектерімен ол бұлардан асып кетті. Ол, “Қағбаны” басқалардай Шығыстан, исламның адыра қалған жұртынан іздеген жоқ, Батыстан ғана іздеді, заманының түнектей қараңғылығын жарып отырып, ол өзінің жалғызаяқ жолымен сол Батысқа қарай бет алды. Оның жалғызаяқ жолы “халықтың даңғыл жолына”, орыс халқының ұлы данышпандығының “мұрасына” апарып жеткізгенде, міне сонда ғана ол жарық дүниені көрді, бойына бақыт нұры енді. “Бүгінгі анайы тұнғыс, дала досы қалмақтың” ішінде асыл мұраға алдымен келіп жеткен осы біздің Абай болар¹. Бүгіндей бергі шығыстағы елдердің ішінде бұл мұраға алдымен жеткен сол Абай ғана.

Енді бүгін халықтың және орыс классикалық поэзиясының кәусәр суымен суарылған оның мәңгі өлмейтін шығармалары біздің көзімізге өткен заманның таң-тамаша қалғандай амалы болып көрініп отыр. Ол халық тарихының биік шыңына жалғыз-дара шыққан тау ағашы сияқты. Орыс халқы мәдениетінің игі ықпалымен, әсерімен тамашадай байыта отырып, өз халқының ғасырлар бойындағы рухани мәдениетінен оның біздің заманға әкеліп жеткізгендері Абайдың атын мәңгі өшпестей дәріптейді, оның атын қазақтың классикалық мәдениетінің биік шыңының ұшар басына апарып қондырды.

Қазақстанның зерттеу жұмыстары Абай мұраларының негізін дұрыс ұғынудың жолын кейінгі жылдардың ішінде ғана байқап отыр. Орыстың классикалық мәдениетімен Абайдың байланысын түсіндіргенде, бұрын тек Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан аударғандарын үстірт атаушы еді де, сонымен жұмысын аяқтаушы еді.

Рас, өткен ғасырдың 80-жылдарында өзінің толып жатқан аудармалары арқылы, Абай бұлардың аттарын қазақ жұртына танытты. Тағы оның үстіне Татьяна мен Онегиннің хаттарына ол өзінің күйін қосты да, бұлардың аттарын қазақ халқының лирика-эпостарындағы геройларымен бірдей етіп дәріптеді. Бірақ Абай еңбектерінің мәні, асылы мұнысында ғана емес. Абай өзінің шығармаларында бойына сіңіріп, толықтай игеріп алған европалық школаның, Пушкин школасының мәдениетін көрсетті.

Абайдың орыс мәдениетімен байланысын айтқанда бір ғана поэзияны атады да, бұл байланыстың өрісін тағы тарылтты. Ал, сонан келген, Абайдың сатиралық әйгілеу өлеңдерінің Салтыков-Щедриннің сатирасымен терең байланысып жатқанына қазір ешқандай күдік келтіруге болмайды. Оқудағы жастарға арнаған өлеңінде Салтыковтың және Толстойдың аттарын атауы да тегін емес.

Осылардың идеясын, мәдениетін игеріп алған соң ғана және алдындағы достары арқылы (Чернышевскийдің шәкірттері – Михаэлис, Гросс, Долгополов, тағы басқалар арқылы) орыс жұртшылығының алдыңғы қатардағы идеясымен танысқан соң ғана ол “Менің қағбам батысқа көшті” деп айта алды².

Орыс әдебиеті ғана емес, Европаның классиктері де, Сократтың, Аристотельден бастап Спинозаға, Спенсерге және Дарвинге шейінгі де философия иелері оған таныс болатын-ды. Ол, әсіресе, Европадағы ой-пікірлердің даму тарихымен көбірек айналысты.

Өзінің көңіл күйінің лирикасында, жаратылысының лирикасында, толып жатқан прозалық трактаттарында терең бойлай жататын өзінің рационалды философиясын Абай кездейсоқ жасай салған жоқ, алдымен осындай бай школалардың оқуын өтіп алып, сөйтіп бұларды өзінің творчестволық өңдеуінен өткізген соң ғана жасай алды.

Керек десе оның діни-философиялық тақырыптағы идеалистік ой толғауларының сараң, шолақ ойлы Ислам апологеттерінен қанша ілгері жатқанын да аңғару қиын емес. Мұның Спенсердің мораль философиясымен туыстас екені күмәнсіз. Бұл жайында мұнан да көпті айтуға болады – Абай творчествосының және оның дүние тануының негізі тұрасындағы нағыз мәдени, ғылыми пікір Абай мұраларындағы эллинистік элементтермен де айналысуы тиіс. Біз бұл арада халық даналығының, Шығыс классикасының және Гректің антикалық (ескі) мәдениетімен тамырласып жатқан Европаның классикалық мәдениетінің тамашадай жымдасып біріккенін көреміз. Абай Сократ туралы философиялық трактат та жазған. Бірақ соның ішінде алдымен айта кететін – ол “Ескендір Зұлқарнайын” және өзінің тәрбиешісі Аристотель туралы пікірге бай поэма жазды.

Ол тұста қазақтың баспасөзі жоқ-ты, кітап шығару мәдениеті қазаққа салт болып енген-ді. Бірақ соған қарамай,

Абай өзінің тірі кезінде-ақ халық арасында дәріпті болды, халқы сүйген ақыны болды. Оның шығармалары қолжазба күйінде-ақ тарап тұрды, әсіресе, атап айтатын нәрсе, Абай өлеңдерін қазақтың ақын, жыршылары халық әндеріне, Абайдың өзі шығарған күйлеріне қосып ел құлағына сіңіріп жүрді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында-ақ Абай маңына тұтас бір әдебиет школасының құрылуы – Абайдың кеменгерлігін халықтың танығандығының белгісі.

Абайдың идеялық мәдени-рухани дүниесінің кендігі Абайдың ізін қуған ақындардың сюжетке бай романтикалық, тарихи алуан-алуан жырларында және тарихи батырлар поэмаларында жақсы көрсетілген. Бұл поэмалардың тақырыптарын екінің бірінде Абайдың өзі беріп тұрған. Мәселен, өзінің баласы, жас ақын Мағауияға ол Кавказдағы Шамиль көтерілісінің тақырыбын, сонсоң Ниль дариясының бойындағы қанаушы жер иесінен құлдың (“Медғат – Қасым”) кек алу тақырыбын айтқан. Ол Ақылбай ақынға Дағыстаншылар жайындағы (“Дағыстан”) романтикалық-батырлық поэманың тақырыбын және зұлыстар (“Зұлыс”) тақырыбын берген. Өзінің шәкірті және досы болған Көкбай ақынға өз халқының өткен заманынан алынған тарихи поэмалардың тақырыбын берген. Әйел теңдігіне және жалғыз дара елдердің феодалшыл-рушылдықтың ескі ұйытқысына қарсы күресіне арналған поэмаларды да осы школалар тудырған.

Абайдың зор игілі әсері ақындардың ғана творчествосына тиіп қойған жоқ, ол толып жатқан өзінің оқушыларының ұғымына да, олардың мәдени талаптарына да әсер етті. Абайдың өз аузынан және жыршы досы Баймағамбеттің аузынан бірқатар Батыс жазушыларының шығармалары ауыздан-ауызға көшіп, бүкіл елге тарады. Мен өзім Баймағамбеттің өз аузынан Дюманың “Үш мушкетер” деген романын, “Наварра Генрихы” деген романды, Үрістемнің дастандарын, Петр Великийдің және белгісіз авторлардың инквизиция заманынан жазған сюжетке бай бірнеше романдарын естідім.

Осы романдарды бастағанда, “Нидерлан деген жерлерде, Лейден деген қалада, инквизиция деген бір би болыпты” деп бастайтыны Баймағамбетті тыңдағандардың бәрінің де есінде болар; Абайдың белгілі досы қара танымайтын Баймағамбет құлағын тіге, соның аузына қараған тыңдаушыларға қызғылықты хикаясын міне осылайша бастайтын.

Зор ақын болған кісінің бәрі өз ортасын қалай білімді ету керек екендігін, өз ортасын әрбір үлкен ақын қалай құру керек екенін Абай өзінің нағыз кемеңгерлігімен бүкіл мәдениетті жұртқа дәлелдеп шықты. Өзінің шығармаларын халық жүрегіне кеңінен ұғындыру, ілгерідегі жолын кеңінен ашып, прогрестің идеялық-мәдени болашағын көрсете отырып, халқының ақыл-ой парасатын жетілдіру – міне халық ақынының, классикалық ақынның мағыналы орны осында. Абай осылай болғандықтан ғана өз заманынан оза шыққан кісі болды, ол осылай болғандықтан ғана оның творчествосының күшті ағындары біздің адам баласының тарихы көрмеген заманымызбен тіл қатып, сөйлескендей болады.

Туыстас ұлы орыс халқының мәдениетін үйреніп, сол мәдениетті творчестволық түрде өңдеп, өзіміздің ерлік заманымызға сай көркем шығармалар берілуі керек.

Халқынан және орыстың, Батыстың классиктерінің данышпандарынан үйренген Абай сияқты біз де өзіміздің социалистік әдебиетімізді сан жағынан ғана емес, көркемдік пен шебер жазылған шығармалармен байытуымыз тиіс.

Біздің алдымызда тұрған міндет осылай бола тұрса да, біздің шолақ ойлы, жеңіл мінезді сыншылар қазақ прозаиктерінің көбін мынау А.М. Горькийге ұсаған екен дей салады, ал қазақ ақындарының көбін мынаның Маяковскийге таразысы тең екен, сонымен үндес екен дейді. Осындай, әділ жанның қытығына тиетін, надан сыншылықты тастап, біздің мәдениетті сыншылар алдарына мына сияқты міндеттерді қойса: Қазақстанның ақын, жазушылары, өздеріңіздің ұлы заманыңызда орыс классиктеріне таразысы тең Горькийдің, Маяковскийдің шығармаларына ұсайтын шын көркем шығармалар берулерің тиіс. Абайдың Пушкиннен, Лермонтовтан үйреніп жазғандарындай, қазақтың ана тілінде, мәдени сатысы биік поэзияны тудырыңдар. Сіздердің шығармаларыңыздың шын өлшеуі қазақ оқушыларының ғана танығаны болмай, бүкіл союздық оқушының сыны болсын. Ұлы интернационалдық совет жұртшылығы сіздерді де біздің бүгінгі дана кәриямыз Жамбылды сүйгендей сүйетін болсын. Союздағы барлық жазушылардың, барлық Совет Союзындағы халықтардың дана көсемі партияның бастауымен біздің

Союз көлеміндегі мәдениетті жазушылармен үлгілі, игілі жарысқа түсіңіздер. Осы беттеріңізде кең болашақтың бетін ашыңыздар, өткен заманның ұлы классиктері – Пушкинде, Абайда болған, пролетариат әдебиетінің негізін салушы Горькийде болған, Ленин заманының алдына жан салмаған ақыны Маяковскийде болған кең көркемдік көлемге ие болыңыздар.

Біздіңше, Абайдың классикалық мирастарына қарайлағанда, біздің алдымызда тұратын мәселелер осылар болуы керек еді. Абай біздің дәуірден үлкен орын алғанда, өзінің творчествосының негізгі мотивтерімен ғана емес, идеялық, мәдени зерттеуімен де, мәселелерді және қазақтың көркем әдебиетінің жолдарын өз дәуіріне қарай дұрыс шешумен де оның творчествосы біздің заманмен үндесіп, тілдесіп жататындығынан.

ИДЕЙНО-КУЛЬТУРНЫЕ ИСКАНИЯ АБАЯ

Простолюдин, превознесенный умом,
Выше царей, превознесенных родом;
Юноша, прославленный трудом,
Выше старца, прославленного бородой.
Абай

Поклонник критического разума, просвещенный рационалист, пламенный борец за культуру народа и трагический одиночка среди ханжей, стяжателей и среди косных седобородых старшин-феодалов Абай был незаурядным явлением своей эпохи не только в истории казахского народа, но и в истории всего Ближнего Востока.

Когда в последней четверти прошлого столетия взамен многовекового господства схоластических медресе, фанатичных мулл пришло религиозно-буржуазное новаторство на Востоке, Абай отнесся критически, холодно к нему. Он отверг это новаторство ради благотворного влияния культуры западной и культуры великого русского народа.

Его не могли увлечь псевдоучения и Желалетдина Афганского, и Мухаммеда Габдуху Египетского, и даже популярного среди российских мусульман того времени Исмаила Гаспринского. Беспочвенные и реакционные ревнителы панисламизма, полумесеца, они ложно, неверно ориентировали общественную мысль на отрыв от русской и западной культуры.

Из всей древней культуры Востока Абай отобрал духовной пищей для себя только классическую поэзию арабо-иранской и “чагатайской” старины. Только Фирдоуси, Хафиз, Саади, Низами, Навои и Физули получили за свои бессмертные, подлинно поэтические творения настоящее признание у Абая.

Но еще с молодости Абай искал свою “Каабу” не на развалинах ислама¹, не на Востоке, а только на Западе, он шел одиночной тропой, шел сквозь мрак и жуть своей эпохи. В этих поисках он обрел свет и счастье, когда его тропа вывела его к “незарастающей народной тропе”, к “Памятнику”² великого гения русского народа Александра Сергеевича Пушкина. И, пожалуй, первым из пришельцев к благородному памятнику был он, Абай. Он один из первых пришельцев даже всего Ближнего Востока.

И сегодня он со всеми своими бессмертными творениями, впоенными соками народной и русской классической поэзии, представляется нашему взору поразительным явлением прошлого. То, что принесено им от многовековой духовной культуры своего народа, то, что так замечательно обогащено благотворным влиянием русской культуры, и создало неувядаемую славу имени Абая как сияющей вершины казахской классической поэзии.

Только в течение последних лет находит пути правильного понимания творчества Абая исследовательская мысль в Казахстане. Элементарное, примитивное объяснение связи Абая с русской классической литературой в прежние годы сводилось только к перечислению переводов Абая из Пушкина, Лермонтова, Крылова.

Верно, что Абай еще в восьмидесятых годах прошлого столетия создал своими переводами популярность этим писателям в среде казахского народа. А создав свои мелодии к объяснениям и письмам Татьяны и Онегина, он сделал их имена столь же популярными в своих родных степях, сколь были популярны имена героев и героинь казахского народного лиро-эпоса. Но не в них суть. Абай в своих творениях полновесно отразил культуру глубоко освоенной им европейской школы, пушкинской школы.

Так же неверно ограничивали связь Абая с русской литературой, упоминая лишь одну поэзию. Между тем сейчас несомненна глубокая связь его сатирических изобличительных песен с сатирой Салтыкова-Щедрина. Не случайны в стихотворении, обращенном к учащейся молодежи, его упоминания имен Салтыкова и Толстого.

Только освоив их идеи и культуру и ознакомившись через своих друзей-ссылных восьмидесятых годов

(через учеников Чернышевского: Михаэлиса, Гросса, Долгополова и др.) с передовыми идеями русской общественности, он мог сказать: “Моя кааба перекочевала на Запад”³.

И не только русская литература, но и классики Европы, философы от Сократа, Аристотеля до Спинозы, Спенсера и Дарвина были знакомы ему. Особо интересовала его история умственного развития Европы.

Только пройдя такую богатую школу и творчески перерабатывая ее, он создал свою рационалистическую философию, пронизывающую и его лирику настроения, лирику природы, и многие его прозаические трактаты.

Нетрудно установить, как далеки от скудоумия апологетов ислама даже его идеалистические рассуждения на темы религиозно-философские. В них есть несомненное родство с философией морали Спенсера. Необходимо добавить, что в исследовании об основах воззрения и творчества Абая необходимо отметить и эллинистические элементы в его наследии. Здесь налицо огромный и замечательный синтез: народных мудрых воззрений, классики Востока и классической европейской культуры, восходящей в своих истоках к античной культуре. Абаям написан философский трактат о Сократе⁴. Но самое главное, им создана замечательная, глубоко насыщенная мыслями поэма “Об Александре Македонском и об Аристотеле — воспитателе его”.

Не было печати у казахов тогда, не было сложившейся традиции книжной культуры. Но, несмотря на это, Абай еще при жизни был популярным любимым поэтом народа. Его произведения распространялись в рукописях и, самое главное, распространялись певцами и акынами в сопровождении народной песни и собственных мелодий Абая.

Широту идейно-культурного духовного мира Абая замечательно отражают последователи Абая в своих многообразных сюжетных поэмах, романтических, исторических, историко-героических и т.д. Очень часто Абай сам давал темы для поэм. Так, молодому поэту, своему сыну Магавье, он дал тему о мести раба угнетателю-плантатору в долине Нила (“Медгат-Касым”). Поэту Акилбаю он также

дал тему романтико-героической поэмы о дагестанцах (“Дагестан”), тему о зулусах (“Зулус”) и так далее.

Огромное благотворное влияние Абая сказалось не только на творчестве массы его читателей. В родных степях Абая, из рассказов самого Абая и из передачи его друга сказочника Баймагамбета получил устное распространение ряд прекрасных романов западных писателей. Из сказа Баймагамбета я сам лично слышал роман “Три мушкетера” Дюма, роман о “Генрихе Наваррском”, сказание о героических похождениях Рустема, о Петре Великом, ряд романов о завоевателях Америки и остросюжетный роман неизвестного автора из времен инквизиции.

Всем слушателям Баймагамбета памятливы его первые фразы вступления к этому роману-сказу: “В некоей стране Нидерланд, городе Лейден, был суд под названием инквизиция”, — так приступал к своей удивительно занимательной повести среди восторженных слушателей этот неграмотный, но многосведущий друг Абая.

Абай доказал всей культурной истории, как должен просвещать свою среду, как должен формировать эту среду всякий большой поэт. Иметь в сердцах народных широкий, живой отклик на свои творения и просвещать народные умы, открывая перед ними широкие горизонты, — вот в чем положительная, историко-культурная роль поэта народного, поэта-классика. Абай намного опередил свою эпоху и многими мощными струями своего творчества замечательно перекликается с нашей великой, беспримерной в истории человечества современностью.

Необходимо учиться культуре великого братского нам русского народа и, обогатившись этой культурой, творчески перевоплотить ее и создать достойные наших героических дней подлинно высокохудожественные произведения; творчески обогащаться и обогащать нашу социалистическую литературу не количеством, а качеством мастеровских художественных произведений. Так делал Абай, учась и у народа, и у гениев русской и западной классики.

А между тем легковесная, малоубедительная часть нашей критики с легким сердцем назовет и множество казахских прозаиков, якобы сходных с А.М. Горьким, множество поэтов, якобы равных и созвучных Маяковскому.

Поменьше бы этих раздражающих претенциозных и невежественных суждений. Пора заняться нашей критике постановкой проблем такого порядка: поэты, писатели Казахстана, создавайте настоящие художественные произведения о своей великой эпохе, действительно равноценные произведениям Горького, произведениям Маяковского. Учитесь у них и создайте на своем языке оригинальную и высокоценную поэзию, как делал это Абай, учась у Пушкина, Лермонтова. И мерилom подлинной ценности ваших произведений считайте признание не только казахского, но и всесоюзного читателя. Завоюйте любовь и уважение у великой интернациональной советской общественности, как этого достиг сегодня наш прославленный, мудрый, старый Джамбул. Идите на свободное творческое соревнование с выдающимися писателями нашего Союза и открывайте на этом пути широкие горизонты, обретайте художественные масштабы, какие были у великих классиков прошлого – у Пушкина, у Абая, у великого основоположника пролетарской литературы Горького и у непревзойденного поэта советской эпохи – Маяковского. Вот какие проблемы, казалось бы, должны занимать нас при нашем обращении к классическому наследию Абая. И, несомненно, Абай созвучен нашей эпохе не только основными мотивами своего творчества, но созвучен и своими идейно-культурными исканиями, мудрыми для своей эпохи решениями этих проблем и путей развития казахской художественной литературы.

ЖАҚСЫ СЫНҒА ЖАН ПИДА

“Социалистік Қазақстан” бетіндегі соңғы мақаласында Сәбит Мұқанов жолдас, біздегі көркем өнердің бір күрделі мәселесін қозғапты. Орынды көтерілген мәселе. Кеңінен ойланып, дәлелді, негізді сындар айтып, тұрақты қорытындылар жасауды керек ететін мәселелер.

Осы сияқты негізгі, күрделі, жалпы мәселелер жайында мен айрықша мақалалар жазамын. Ал бұл жолы Сәбит мақаласының арнаулы бір саласына ғана тоқталмақпын. Ол “Айман — Шолпан” жайы. Бұл менің жауаптылығыма жататын мәселе болғандықтан, жұртшылық үшін әуелі өз тәжірибем жөнінде, алдымен жауап беру, әсіресе қажет деп білдім.

Мәселе халық қазынасын қалай пайдалану жөнінде ғой. Бұның екі жолы бар. Біріншісі — фольклордағы (мысалы халық поэмаларындағы) адамдар мен сол адамдар арасындағы хал, қарекетті бұлжытпай тек сахнаға ғана шығарып беру. Екінші жолы — поэманың адамдарын, мазмұнын кең түрде алу. Мұнда көбінесе поэманың өлең сөзінен де ешнәрсе алынбайды.

Осы екі жолдың біріншісі — жазушылық еңбек емес, режиссерлық. Екіншісі — шығармашылық еңбек. Біздегі кәзір опера театрында жүрген халық поэмаларынан алынған пьесалардың бәрі де осы соңғы жолмен істелген. Совет әдебиетінің ескі мұраға өнімді жолмен баруы да осыны тілейді.

Сәбит бізге осы екі жолдың қайсысын қолайлы деп ұсынады? Онысын дәл басып айтпаған. Бірақ, айтпаса да, соңғы өнімді жолды о да қостайды деп білемін.

Ендеше мәселе, поэманың мазмұнын өзгертудің өзінде ғана емес, қалай қып өзгертуде. Адамдарының қайсысын алып, қайсысын алмауда емес, қалай қып алуда. Тыңнан адам қосуда ғана емес, кімді қалай қосуда. Тартыстарын да поэмадан кең алу, тар қып алуда емес. Заманына сыйымды, қонымды және мағыналы, маңызды етіп беруде.

Жалғыз-ақ халық поэмасының іргесін алғандықтан ондағы “ақты” “қара” қып әкпетпе, “қараны” “ақ” қып әкпетпе. Еркін екем деп ерсі кетпе. Поэма бір бетте қап, сен қарсы бетке шығып кетпе. Кең алса да, сонымен бір өңірде жүріп, кең ал деу керек. Міне, дәл осы жерге шейін Сәбит менімен ұғысып келуіне керек. Айрылысып, дауласқанда осыдан әрі қарай дауласады. Не деп дауласады?

Кінәсінің ең үлкені Көтібар басында. Және сонымен қоса күлкі, сықақ боп кеткен өзгелер жайында айтады.

Осы ретте бір түсінік беріп кетейін. Сәбит “Айман — Шолпанның” алғашқы вариантын айтқанда, мақаласының басында, оның қойылуы — “қазақ музыкасының мейрамы сияқтанды” дейді. Бірақ сөз аңғарына қарағанда ол мейрамға М. Әуезовтің ешбір қатысы болмаған сияқты. Ол қойылған халық поэмасы дегісі келеді. Шынында ол “Айман — Шолпан” 50-60 беттік толық музыкалы, нағыз пьеса болатын. Ол опера емес жерлерінде ән-күйлі пьеса боп жүре алатын. Ал соңғы вариант опера көлеміне кіргенде пьеса емес, либретто болды. Ол 30-ақ бет. Ендеше, негізді, әділ сыншы сол шынды айтуға тиісті.

Екінші мынау соңғы вариантта менің толық жазуымда 80 бет. Толық пьеса. Ол әлі басылған жоқ. Оның негіз, мазмұн, маңызы да мынау либретто көлемінде ғана емес. Бірақ, әрине, жарыққа шықпаған соң, іште жатқан есепті. Сыншы көзбен көргеніне ғана жауапты. Рас, қатар жүрген, күнде көрісіп жүрген жазушысың, тым болмаса сының толық болу үшін, және автор кінәсі қанша, театр қоспасы қанша екен деп те бұл мәселеге көңіл бөлуге болатын еді ғой. Бірақ Сәбиттің нысанасы ол емес. Ол “Айман — Шолпанның” кәзір опера екенін де, театр сахнасында екенін де былай қойып, жалғыз авторға қадалады. Онысына да көндік. Міне, тіпті “Айман — Шолпанның” алғашқысын да былай қойып, өзге жайларын да былай қойып, сыншыға да аса қажетті болған дәл либреттоға келейік.

Сөйтіп, мәселенің үлкені Көтібар туралы ғой. Шындыққа қиянат бопты дейміз ғой. Кәне, енді осы жайды сыншы айтты екен деп, илана қалмай, оқушылар болып, жазушымыз, театрымыз, сыншымыз, авторымыз болып отырып, кеңірек, тереңірек ойлап көрейікші.

Осылайша келгенде, біз екі түрлі Көтібарды көреміз. Біреуі – аз-мұз болса тарихтан белгілі Көтібар. Екіншісі – халықтың салт (бытовая) поэмасы – “Айман – Шолпаннан” белгілі Көтібар.

Тарихтағы Көтібарға келгенде ол патшалық үкіметпен алысты деген ұзын сарынның бар екендігі рас. Исатай қозғалысына алыстан болса да, көмек қосқан деседі. Бірақ дәл Көтібар бастап, Көтібар апарып, пәлен жерге жеткізіп, тындырды деген үлкен күрделі істің дерегі жоқ. Исатай, Махамбетке арналған халық жырларында Көтібар роль ойнамайды. Ал Көтібар аты Есет, Бекет қозғалысының тұсында аталса, ол араны құр қара борандатпай, ұғына түсу керек. Арғы-бергіні қосып былықтырмау керек. Царизммен алысқан үлкен іс Есет пен Бекетте анық бар. Әсіресе Бекетте күшті. Бірақ ол бертінде, Бекет қозғалысының тұсында Көтібар жоқ, өлген. Дәл Бекет қозғалысына менің қалай қарайтынымды, қандай баға беретіндігімді мақаладан емес, шығармалық, жазушылық еңбегімнен сынау керек.

Мәселе Көтібар жөнінде. “Айман – Шолпан” поэмасы мен пьеса-либреттоның ішіндегі Көтібар арғы кездегі Көтібар. Бұл тұста Есет жас бала – поэмада ол анық. Ал Бекет тіпті тумаған да. Жә, тіпті сол Көтібардың өзі де тарихта роль ойнамаған Көтібар дейік.

Бұл арада “Правда” сынаған “Батырларды” алумен қатар, біздің салт-сана, тарих, мәдениет жөнімізде ұлы табыс есепті болған тағы бір-екі үлкен фактіні алайық. Мұның басы – СССР халықтарының тарихын жазу жөніндегі Сталин, Киров, Жданов жолдастардың ескертуі. Екіншісі – сол бағытпен жазылып шыққан “СССР тарихының қысқаша курсы” және БК(б)П тарихы. Осы еңбектердің кең аңғары бойынша әрбір елдің тарихында болған оқиға мен адамдарды бағалағанда соларды жалпы дүние тарихының даму жолындағы прогреспен, алға бастырушылық әрекетімен байланыстырып, бағалау керек дейді. Грузия тарихын алғанда ескі, қараңғы, реакциялы Иранға қарағанда мәдениеті ілгеріге бейімдеген Ресейге қарау пайдалы еді, артық еді дейді. Әрине, бұдан царизмге қарсы қозғалыстың бәрін қайта бағалау, қайта өзгертіп, керісінше түсіндіру деген қорытынды тумайды. Патшалықтың ханымен алысқан Исатай, Махамбет, Бекет халық ұғымына өзгеше, басқаша бағалансын деп ешкім де айтпайды.

Бірақ сонымен қатар патшалықпен алысудың да алысуы бар. Алысушының да алысушысы бар. Бекет, Исатай бір түрлі алысса, Кенесары, Наурызбай бір түрлі алысқан. Ал, Көтібар сияқты қозғалысқа атсалысқандардың қарекетінде және жеке бастарында да неше алуан ішкі-тысқы қайшылықтар бар. Оны тарих жағынан терең зерттеп барып қорытынды жасау керек. Тарих ғылымы әлі Исатай, Бекет, 1916 жыл қозғалыстарын толық, зор деп бағалап берсе де, Кенесары, Көтібарлар жайын анық шешіп берген жоқ. Бұл тарихи жағы болса, енді осы тарихпен қабысқан ел ұғымына келейік. Ел ұғымы – елдің поэмасында.

Жә, сол ел поэмасындағы Көтібар кім? Қалай суреттеліп, қалайша бағаланған? Өңгіменің күрделі жері осында. Халықтың “Айман — Шолпан” деген поэмасындағы Көтібарды әртүрлі түсінуде. Халық поэмасында патша үкіметімен алысқан Көтібарды алмайды. Менің либреттомда да ол Көтібар емес. Халық поэмасында көрсетілген Көтібардың мінез, қарекеті, мазмұн болады. Ендеше, осы поэмадағы Көтібар прогрестік, жаңа іс істейтін Көтібар ма? Жоқ, рубасы, жуан бел феодал, реакциялық іс істейтін Көтібар ма? Рас, біздің сыншы Көтібарды баймен алысқан кедей демек. Бұл арада Сәбит не білместікпен, немесе біле тұра әдейі бұрған қиястықпен бір бекер сөзді айтады. Өлеңнен дәлел келтірген боп, Маман айтқан сөз бойынша Көтібар кедей дейді. Айтыс өлең – айтыс сөз үстінде мың жылқылы кісі жүз жылқылыны “құрдым” дейді. Мың кісі сойыл соғары бар жүз кісісі барды “тұлдыр” дейді. Ол сөз барымтасы. Көтібар екі қызы бар Маманды “қу бас” демей ме, сол сияқты. Болмаса бөйгеге ат қоса келген, қалың елі Жетіруды бастап келген, үйде тоқалы жатқан, тағы жас тоқал алғысы келген және Айманды кейін “алтынмен аптап, күміспен күштегендей ырғап-жырғап ұзататын, өзі қалың руды “бір шыбықпен өргізіп, жусататын” Көтібар кедей еді дегенді кесіп айта қою оңай ма екен. Рас, ол Мамандай бай болмауы мүмкін. Бірақ одан әрі басып, кедей еді деуге мен Көтібардың малын санап келгенім жоқ.

Ал, сонда да бір сәтке Сәбит сөзін шын көрейік. Сүйтейік те қорғап байқайық. Елдік үшін емес, үй үшін, рубасылық намыс үшін Маманмен егесті, шапты. Онысын да мақұлдайық. Жә, содан әрі қайтті? Маманнан шығып, жазығы жоқ жас қызды алып қашты. Жас әйелді қайғыға

салды. Мұны да ақтайық па? Ол емес тіпті, зорлықпен алып қашудың үстіне қатын қып, әлденешінші тоқал қып алмақ болды. Барлық халық поэмасы бойынша Айман осымен алысады. Өзінің ақыл-айласымен ғана құтылады. Көне, мұны тағы ақтайық па? Осы ақтау мен “сүюіміздің” шегі бар ма?

Сәбитше жоқ. Өйткені ол “жүз жыл бойы халық сүйген Көтібар” деп өзеурейді. Жолдас Мұқанов, бұл араға келгенде сізге қатты айтуға тура келеді.

Бір шығарманың ішінде әрі зорлық көріп жылаушыны, әрі зорлық істеп жылатушыны бірдей сүйген ел көрдің бе? Оқушы көрдің бе? Әдейі жалған айтпаса, қатар қостаған сыншы көрдің бе?

Халық Көтібарды феодалдық, реакциялық мінездің адамы етіп, жүз жыл бойы сүйіп өтпейді, жүз жыл бойы мысқыл етіп, күлкі етіп көрсетеді. “Өтпес жарлық – бойға қорлық” деген қорытынды жасайды. “Айман — Шолпан” деп ат қойылуы да сол жас қыздардың феодал зорлығы заманында шеккен азабы, зары қандай еді дегенді білдіргені.

Тарихтағы Көтібардың кейін өзге жағдайда жақсы ісі болғанмен, мынау оқиға сол Көтібар басындағы үлкен қайшылыққа құрылған және халық мінеп-шенеп шығарған Көтібар болады. Қара шоқпар зорлықшыл, озбыр Көтібар болады.

Ендеше мұраның да мұрасы бар. Жақсы көріп алуға тұрары бар да, тұрмасы бар. Сен мұра деген осы екен деп Көтібардың қара шоқпарына ғана жабысып, соны ғана сіресіп, құшақтап қаласың. Ақбөкен деп қарды атқан аңғал мерген боп қаласың. “Батырлар” сынын көре-біле тұра автор, сондағы зиянды пікірді әдейі қайталап отыр демексің.

“Сынай көрме” деп сенің қаламыңа ешкім жармаспайды. Бірақ айтпағымды дәлелдеп, таратып алып, объективті келіп, қорытсаң болмай ма? Сонда сен автордың осы либреттода өзіне қойған бағыт, мақсаты қандай, соны меңгере алуы қандай? Халық поэмасының қай арқауын алып отыр, дұрыс алып отыр ма? Осы жақтарына кеңірек қарасаң болмай ма? Ал мына түрінде сының құр “тас-талқан қылды” дегеннен басқа нені айтты?

Тас-талқан ба, жоқ әлде “Айман — Шолпан” поэма-сынан екі қыздың трагедиясын алып, сол желісін халық жырының аңғарымен өз түсінігі бойынша өрістету ме? “Батырлар” мен либретто екеуі бір араға қосылмайды. Және әдейі ананың қатесін көріп, соны әдейі барып қайталады демек — мәдениетті сын емес, ол сын пікірі емес, сыннан да, әдебиеттен де сырт жатқан, оларға жанасы жоқ “пікірше”. Автор идеясын сөз де қылмай, ұғынбай да, ұғынғысы да келмей, құр белден шалып, “арсалаң да күрселең” деп аптығып кеп, жалған қорытындыға ұмтылу, қара шоқпарға ұмтылу. Керегі сын емес, “жаптым жала, жақтым күйе” болғаны.

Жә, мен түгел “Айман — Шолпанның” операдағы либреттосын ақтаймын ба? Түгел мінсіз деймін бе? Жоқ. Кемшілігі бар. Мысалы, барлық — Әлібек, Арыстан неге күлкілі боп кеткен? Жарас неге жеткілікті боп, жақсы боп шықпаған? Киім ауыстыру сияқты арзан күлкілер неге керек? Айман мен Шолпан кемшін емес пе? — деген сияқты талай мәселе жөнінде кемшіліктер барын сеземін. Бірақ мазмұны жөнінде өз жауаптылығым басым екенін де мойынға аламын. Оны кең түрде театр мен жазушылар жиынында талқылайық, ойға салайық, содан іргелі қорытынды жасайық деген ұсыныс жасаймын. Сол жиынның ұйғаруы бойынша қателіктерді қайта түзетуге әзірмін деймін. Тек сын атынан қиястық жүрмесін, дәлел орнына далбай жүрмесін.

Біздің Орталық партия Комитеті мен Совнаркомның “Қазақстандағы искусство мен әдебиетті бұдан былай да өркендету туралы” қаулысына қуанған кісінің біреуі мен. Сол қаулының негізгі нұсқасына сәйкес сапалы сынды жұртшылықтың өзіме анықтап айтып беруіне құштармын. Жақсы сынға жан пидә.

“ЖӘҢГІР” ЖЫРЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Биыл Қазақстан жазушылар союзы мен көркем әдебиет баспасы бір үлкен жаңа жұмысқа басшылық еткен еді. Ол қалмақ халқының атақты жыры “Жәңгірді” қазақ тіліне аударып, жарыққа шығару ісі болатын.

Сол “Жәңгір” қазір аударылып болып, баспаға беріліп отыр. Осы 1940 жылдың май айында болатын бес жүз жылдық “Жәңгір” юбилейіне дейін бұл кітап шығып, біздің оқушыға да жетер деп сенеміз.

“Жәңгірді” аударған бір топ ақын – көбі жас ақындар. Түбегейлі аударушылар – Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Қалижан Бекхожин және қосымша көмек еткен Абдолла Жұмағалиев, Қапан Сатыбалдин. “Жәңгір” жырының бір кесегін Асқар Тоқмағанбетов та аударып, ойдағыдай атсалысты. Міне, осы адамдардың еңбегімен қазақ тіліне аударылған “Жәңгірдің” жайы қандай?

Бұл сұраққа жауап беруден бұрын, әуелі жалпы аударма атаулыдан нені талап етеміз, соны айтайық. Поэзия аудармасы ойдағыдай шыққан уақытта ең бірінші қасиеті – аударма екені білінбеу керек. Шығарманың асыл нұсқасы, осы аударылған тілдің өзінде жазылғандай сезілсін. Мысалы, Пушкин, Маяковский шығармалары қазақ тілінің өзінде жазылған сияқты болсын. Бірақ, осы арада, бір үлкен мән тағы бар. Пушкин жыры, сол аударушы қазақ жазушысы жазған жыр сияқты боп кетпесін. Қазақ тілінде жазылған, бірақ Александр Сергеевич Пушкиннің қаламымен жазылған шығарма боп сезілсін. Қысқасы – қазақшылансын, бірақ қазақшыланбасын. Бұл екі жайдың арасы көш-құлаш жер. Шығарма қазақшыланады екен деп өзінің анайы топырағындағы өзіндік бітім кескінінен, иісі, лебінен айырылып қалмасын. Ұғымды болсын деп қазақтың тон, тымағын кигізсек жол болмайды. Онда Пушкинді Пушкин тұлғасымен, өз орнымен әкелмей, өз ауылымызға қоңсы қондыра әкелген боламыз.

Ал жақсы аудармаға келсек, үлкен шығарманы ойдағыдай аударма білген ақын, ең алдымен өз күшін сарапқа салады. Аударма да ақындықтың үлкен сыны. Жаңа тарих, тәжірибеге қарасақ үлкен ақынның барлығы әрі үлкен аударушы да болған.

Осымен “Жәңгір” аудармасына көз салсақ, жалпы айтқанда, күдіксіз жақсы шыққан аударманың бірі дейміз. Аударманың жақсылығы екі алуан. Бір жағынан мұнда қалмақ халқының эпосы “Жәңгірдің” өзіндік ерекшеліктері, өзгеше бітімі жақсы таныстырылады. Екінші жағынан барлық дастан қазақ оқушысына аса бір жақын, өз мұрасы сияқты сезіледі.

“Жәңгірдің” стиль, мазмұн ерекшеліктеріне қарасақ, осы күнде жарыққа шығып жатқан көп эпостан сонауғұрлым басқаша көрінеді. Басқашалығы, бұл дастанның аса көп жасаған көрілік, көнелігінде. “Жәңгір” ертегі мен эпостың, миф пен ертегінің аралығынан туған жыр. Мұнда шынға бейім жайлармен қатар, фантастика үлкен орын алады. Ертегілік әсірелеу, дамытулар көп. Ертегі персонаждары да бұл жырда көп көрінеді. Жәңгірмен салыстырғанда қазақтың батыр жырлары әлдеқайда реалистік жыр болады. Бізде Қобыланды жеті қабат жер астына да түспейді, жалмауыз кемпірмен де кездеспейді. Қазақтың батыр жырлары кей кезде тарихи жыр тәрізді, бергі заманға бой ұрғандай болады.

“Жәңгірдің” мазмұндылығы жаңағы фантастикалық өскелеңдік, сыртқы стиліне де тегіс әсер етіп, өзінше қалыптасып отырады. Оның тіл теңеулері, образ құрылысы да молдан келеді. Айтам деген көрініс суретінің барлығын әзірлеп, іріктеп, хан көтеріп апкетеді. Сол себепті ноян Жәңгірдің немесе ер Қоңырдың Аранзал деп аталатын тұлпарлары сауырына Алтай тауын арта салсаң да бұйым көрмейді. Әншейін бір қоржын артқандай ғана сезеді. Сол себепті ерлердің жотасы да жүкті түйе жүріп өткендей кең сай боп жатады. Сол себепті “жетпіс кісі көтерген жез тегешке қара арзадай” арақ құйып, үш толтырып ішкенде батыр Қоңыр ішкілік ішкен екем демейді, құр сусын ғана жұттым, тамақ қана жібіттім деп біледі.

Міне, бұл мысалдардың барлығы “Жәңгір” дастанының ішіне сай тысы, тысынан танылатын іші қандай екенін танытады. Мықты, ірі өзгешеліктері осылайша келеді.

Біздің ақындардың аудармаларында оқушыны қатты риза қылатын бір жай осы жаңағы өскелең, лебі күшті суреттерді аударма сияқты қып бермеген. Аса қонымды, келісті, көркем етіп қазақтың өз ескілігінен қалған бір байырғы жырдың кестесіндей етіп береді.

Рас, өлеңдік ұқсас, ырғақ, буын өлшеулеріне келсек, аударма үнемі қалмақ жырының өзіндегі түрмен дәлмедәл түсіп отырмас. Қалмақ жырында жол өлшеулері кейде 11 буын боп, кейде 7-8 буынға ауысып отырса, тағы бір уақыттарда 13 буын, 10 буын боп та ауыса беретін көрінеді. Біздің аударушылар қалмақта бар өлшеуден 11 буын, 7 буын, 8 буын өлшеулерін алып, осы өлшеулермен жазады. Жаңа дыбыс үндестігі, ұқсас заңдары сияқты қазақтың халық жырымен қабысатын ұқсастық қалмақ жырының өзінде де бар екен. Бұл да аударманың әрі “Жәңгір” түріне үйлесіп, әрі қазақ көзіне таныс боп көрінуге жәрдем еткен.

Ескі тарихтан бері қарай бақташы, әрі көшпелі боп тіршілік еткен және соған сай қоғамдық құрылыста болып, онысының барлығы қазақ елінің өзгешеліктеріне ұқсас болған қалмақ халқының тіл теңеуінің өзінде де қазақ фольклорына жақын жайлар көп екен. Кейбір салыстыру, суреттеулері, табиғаттан, жан-жануардан алатын мысал образдары қазақ құлағына тіпті аударма емес, өз тәні, өз тумасы тәрізді сезіледі. Бұл жайлар біздің аударушылардың кең сілтеп, көсіле құлаштауына жақсы жағдай жасаған. Ондай-ондай жерлеріне келгенде аударманы нағыз қазақ тілінде туған, өзінің анайы топырағында тұрған жырдың түбегейлі текісі сияқты көресің. Жалғыз-ақ ескертетін өзгешелік: қазақ құлағына жат кісі аттары, жер-су, ел аттары және будда дінінің өзінше ұғым-нанымдары. Аспап, бұйым, киім атауларының да кейде қалмақтың өз тілінде аталған қалпынша кіргені бар. Аудармада мұндайларды жоқ қылуға болмайды. Ол, өзіндік өзгеше бояулардың бір нақышы ғой. Бірақ осы атаулар кейде екі-үш бунақ боп ұзын келсе немесе айтуға ауыр, өлеңге тұтқыр келсе¹, аудармашылар жартылай алып отырған.

Бұл жолғы аударуда “Жәңгір” дастаны қазақшаға түгел қотарылған жоқ². Бар “Жәңгір” 12 мың жол болса, бізде 5,5 мың жолдайы аударылған. Мұнда Жәңгір мен Қоңырдың екі жорығы бар. “Қара Қынасқа қарсы жорық”, “Шара

ғұрғының жеңілгені” деген бөлімдер. Осы екі үлкен бөлім “Жәңгір” дастанының бар мазмұн, бар тұлғасы туралы толық әсер, түсінік бере алады.

Ал аударушы ақындардың жеке-жеке ерекшеліктеріне келгенде, әр ақынның өзді-өзінің пішіні де сезіліп отырады. Поэзиялық шығарманы ортақтасып аударса да, жалпы әлгі сарындары бір аңғардан шығып отырса да, ақындардың ішінара өзді-өзі мәнер, нақышы білінбеске мүмкін емес. Өйткені бұл еңбек анық ақындық еңбек болған соң аударушы ақынның өзіндік қасиеті де көрінбей қоймайды. Оған қарсы болу дұрыс та емес. Тек бәрінің қосылған арнасы “Жәңгірдің” өз арқауын, өз сүрлеуін жаңсақ әпкетпесе болғаны. Тұтасынан алғанда, “Жәңгір” аудармасы бірыңғай шықты, шыққанда орташа емес, едәуір жоғары дәрежеде жақсы шықты деп отырмыз.

Міне, осы ақындардың осындай бір біріккен еңбегінің нәтижесінде жақсы боп аударылған “Жәңгір” оқушыларымызға бір сый болады деп әбден сенеміз.

ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖАҢА ТӨЛ

Өрбіп өніп келе жатқан совет әдебиетінің жаңа жыл қарсаңында туған жаңа төлі қанша, соны еске аламыз.

Бұл күнде ең әуелі табанынан басып тік тұрған, біткен, піскен жаңалықты алдымен айту керек. Өткен жылдың соңғы жарымында мен екі түрлі шығармаға кірісіп ем. Біреуі – “Райхан” деген кино әңгіме. Екіншісі “Абай” атты пьеса болатын. “Райхан” сценариясы қазірде қабыл алынып, “Ленфильмнің” 1940 жылғы планына кіріп отыр. Уақыт аздық қылмаса Қазақстанның 20 жылдық мерекесіне жаңа бір сурет боп сол “Райхан” шықпақ. Райхан социалистік мал шаруашылығының қайраткерін көрсететін сурет болады.

Екінші біткен пьеса “Абай” деген пьеса. Мұны мен жалғыз жазғаным жоқ. Қазақстан әдебиетінің көрнекті бір досы Леонид Соболевпен бірге жаздым. Пьеса қазақша да, орысша да жазылды.

“Абай” пьесасы ақын Абай өмірінің соңғы он жылын көрсетеді. Абай жайынан мен жазып келе жатқан роман бар. Ол екі кітап болмақшы. Бірінші кітабы Абайдың 13 жасынан басталып, 30 жасқа келген кезімен бітпек. Екінші кітабы ақын өмірінің соңғы дәуірін көрсетуші еді. Мынау пьеса сол екінші кітаптың негізгі желісімен жазылған.

Роман түрі болсын, пьеса болсын бәрінде де ойда жүрген күрделі мақсат – атақты Абай образын әдебиеттік көркем, терең образ ғып көрсетуде. Сондықтан бұл шығармалар – өмірбаян емес, өмірінде болған уақиғалардың айналасына ғана құрылған желіс, заманының шындығына сыйымды “болуына мүмкін” дерлік жайларды көрсетіп отырады.

Өткен жылы бітпей, алдыңғы жылға ауысып қалып отырған үлкен ісім де осы Абай тақырыбы. Қазақстанның ұлы мерекесі – жиырма жылдығына “Абай” романының бірінші кітабын бітіріп бару – ендігі ең зор мақсатым. Жаңа жылға мен атайтын жаңа төлдер осылар.

АБАЙ ЮБИЛЕЙІ ТУРАЛЫ

Семей облысының жұртшылығы биыл Абайдың 95 жылдығын еске алуды мақсат етіпті. “С.Қ.”-ның 4 январьда шыққан санында облыс істейтін бірнеше күрделі жақсы істер аталыпты.

Бұл 95 жылдық юбилей, 1945 жылы болатын, шыны зор 100 жылдық юбилейдің алдындағы бір жақсы әзірлік ретінде өтсе аса бағалы болар еді.

1945 жылы болатын жүз жылдық юбилейді тегінде барлық союз болып атқарады. Мәскеудегі Жазушылар союзы мен баспасөз орындары Абайдың жүз жылдығын биылдан-ақ ауызға алып отыр. Осы алдымыздағы күзге Қазақстанның жиырма жылдығы қарсаңында, Абай жинағын орыс тіліне жақсы қып аударып, бастырып шығаруды Гослитиздат өз міндетіне алды. Онымен қатар мына 95 жылдық туралы да, біздегі жазушылар жұртшылығы мен ғылым орындары боп қолға алатын бірнеше міндеттер бар. Облыс белгілеп отырған істермен қатар, осы биыл істейтін тағы бірнеше қосымша жұмыстар тұр. Бұл мақалада осы жөндегі ұсыныстарды айтайық. Ең әуелі Абайдың жүрген жер, туған жайларын еске алғанда, Семей қаласындағы екі үйді ғана айтып қою керек емес. Абай оқыған Ахмет Риза медресесі деген медресенің үйі де қазірде Семейде бар. Онда да Абайдың бір белгісін қою керек. Және Абайдың көп өмірі қырда өтсе, сол қырдағы жайларын да бұрынғы қалпына келтіріп, сақтау керек. Бүгін Абайдың зияраты тұрған “Жидебайда” Абайдың қыстауы бар. Соның төбесін қайта жаптырып, ішін бұрынғы қалпынша жабдықтап қойса қолдан келмейтін іс емес. Абайдың туған, тұрған жеріндегі бағалы бір музей соның өзі де бола алады. Онан соң Семейден 120 шақырымдай жерде, Ақшоқыда Абайдың 1895 жылға шейін тұрған қыстауы бар. Оны да түзеттіріп сақтау қажет.

Ал Абайдың зияратын айтқанда мрамор тас қою жақсы. Бірақ, сонымен қатар қабырының үстіне бюст (кескінін) жасатып қою, зияраттың айналасын темір шарбақпен қоршату да қажет.

Осы шаралармен қатар, Абайдың өмірін, ісін зерттеу ретінде де бірталай тың жұмыстар бар. Оның ең үлкені – Семейдің архивін тексеру. Жандарал, ояз кеңселері мен облыстық, ояздық соттар архиві Абай жәйінен көп мағлұматтар беруге тиіс еді. Әлі күнге дұрыстап тексерілмей келеді. Жалғыз Семей емес, Степной генерал-губернатордың тұрған жері – Омбы қаласының архивін де зерттеу керек.

Бертіндегі Абайдың болысы “Шыңғыс” болса, 1880 жылдарда “Қоңыркөкше”, одан арыда “Тобықты” болысы боп аталып жүрген. Абайдың жасырақ шағында Тобықты Қарқаралы округіне қарап, одан беріде Аягөз округі жасалған соң, сонымен араласып жүргені де бар. Архивтегі Абай жәйін жалғыз Құнанбаев деген фамилиямен іздеу керек емес. Кейде Өскембаев болып жазылып жүргені де болу керек. Оны да ескере отыру керек.

Және Абайға жанасы бар мағлұмат жалғыз Ыбыраһым Құнанбаев жайындағы іс емес, өзге жақын ағайын ісінен, немесе араз дұспан ісінен көруге болады. Осы ретте Абайдың аға-інілері – Тәңірберді, Ысқақ, Оспан сияқтылар қатысқан істерді де зерттеу керек. Абаймен бірде дос, бірде жау болып өткен Оразбай Аққұлы баласының, Жиренше Шоқа баласының, тағы сондай бірталай адамдардың ісін де қадағалап қарау керек.

Архивте бұл айтқандардан бөлек, бір алуан мағлұматты Абайдың достары Михаэлис, Гросс, Долгополов жайларынан да іздеу керек. Осы адамдармен Абай сияқты кісілер туралы полиция бастықтарының оызға, ояздың жандаралға, жандаралдың корпуске жазған баяндама-мәлімдемелері болу керек. Оны да айрықша ескеру қажет.

Және Семейдің облыстық, қалалық неше алуан “справочник”, “ведомость”, “вестник” деген аттармен шыққан басқа кітапшалары болған. Солардан да Абай атының кездесуі мүмкін. Бұндайларды да жия жүру қажет.

Осы айтылғандар сияқты тағы бірнеше жазба белгілерден басқа, Семей қаласының өзінде де, қырда да Абайды көзі көрген көрілер бар. Солардың Абай жайында айтқан

үлкенді-кішілі ертегісінің бәрін де өзі айтқан қалыптарынша жазып, жинай беру қажет.

Міне, Семей облысы бастап отырған істерге осы айтылған қосымша жұмыстар ілесе жүрсе, біз 95 жылдық юбилейден көп табыс тапқан болар едік. Әрине, бұл аталған істерді жалғыз облыс емес, біздің Жазушылар союзы мен Ғылым академиясының филиалы қоса атқарысу қажет.

АБАЙ ЖАЙЫН ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ

Абай кешкен өмірді, Абай қалдырған мұраны тану керек, зерттеу керек дегенді бәріміз де түсіндік. Күннен – күн, жылдан – жыл өткен сайын осы істерге көңіл бөліп, зер салушының саны молайып келеді.

95 жылдық бір бел болса, содан ары жүз жылдық деген үлкен бір жотаның жоны тағы көрініп тұр. “Белге ғана жетейікші” демесек керек. Үздіксіз, үрдіс тарта беріп, жүз жылдыққа шейін бірталай іс өндірсек дейміз.

Осы ретте көбіміз ескере жүретін бірнеше соны жайлар тағы бар. Ол Абайдың өзі ғана емес, сол Абайдың заманын, ортасын, үй-тұрмысын, салт-дәстүрін, машық-мінезін білу деген сөз. Бұларды жалғыз Абайдың басына байланысты түрде ескеру емес, жалпы сол кездің бір кескіні, бір бұйым белгілері есепті ескеру керек.

Біз осы күні Абай жайын зерттеуді тараң түсініп жүрміз. Әр жинаушы, не қылса, ең әуелі Абай айтыпты-мыс, бірақ жазылмай, басылмай қалыпты-мыс деген өлең табуға құмар-ақ. Өзі соған бейімденіп, етпеттеп тұрған соң, орала кеткен өлең сөздің бәр-бөріне-ақ жабыса түседі. Сонымен, әзірше не көп, Абайдың ұмытылып қалған өлеңі-ақ көп. Жинаушыда кім көп, жоқ қарағыш-ақ көп.

Жиналмасын демейміз, Абайға тиісті деп аталған сөздің, өлеңнің, бәрі жинала берсін. Бірақ жиналу бір басқа да, жариялау екі басқа. Зерттемей, жете танымай, құр ниетім жақсы еді деп жығыла бермейік.

Тегінде, Абай шығармасының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан¹, зерттей алмаудан кендеміз. Және Абай өлеңдері халық ортасына жайылғалы көп заман болды. Содан бері Абайға еліктеп жазған аты белгілі де, белгісіз де, жас та, көрі де, ақын да, жазушы да, еркек те, әйел де көп болған. Абай “жазды” өлең қыпты деп, жазды жырлайтын, екі жастың

кездескенін жырлапты деп, соны айтатын, көңіл сырын айтатын, өмір арманын айтатын, ат пен құсты жыр ететін “өлең шығарғыштар” көп болған. Соның көбі, әсіресе Абай шәкірттерінен, шәкірттерінің айналасынан, молдалардан, талапкер жастардан көп шыққан-ды. Олар да Абайдың лұғатымен сөйлейді², Абайдың алған тақырыбын алады. Өздері және Абай заманына қанық, Абай өміріне өкшелес жүрген өмірдің адамдары. Бұлардың кейбір жолдары, кейбір ырғақтары Абай сөздеріне құсап қалып отыратыны болады. Әсіресе еліктеу деген нәрсе асыл нұсқаға түсі-түгі жағынан құсай бергіш болады. Міне, осындай жерлерде шын менен бұлдырдың арасын айыра алмай, өзіміз де алданып, жұртшылықты да жаңсақ хабарландырып, кейінгі зерттеушіні біржолата бөтен ізге салып, әуре-сарсаң етуіміз мүмкін.

Абай сөзі деген сөз бір-ақ жол болса да, Абайша шықса жарасар, Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық. Жауаптырақ қарайық. Бұл – бір сөз.

Ал Абай жәйін зерттеушілерге өзгеше бағалы, өзі соны және үлкен ғылымдық, тарихтық қасиеті зор бір алуан істер бар. Енді бір кезек көңіл бөлгенде соған бөлсек екен. Ол Абайдың дәуірін танытатын мағлұматтар. Бұған үлкен де, ұсақ та нәрселер кіреді. Бірақ бәрі-бәрі де Абай өлеңдерінің ішіндегі көп-көп өзгеше жолдардың сырын, нәрін, мәні-жөнін танытады.

Мысалы, қоғамдық жағынан ірірек жайларын алсақ, Абай заманындағы құн дауы, жер дауы, жесір дауы, партия, штат таласы, барымта, жүгініс, билік деген сияқты әңгімелер қандай ретпен басталып, қалайша аяқтаушы еді. Осыны құрғақ сөз қылмай, мысал әңгімелермен баян етіп, жазып алу керек. Пәлен жылғы, пәлен қоныстағы, пәлендей іс жөніндегі әңгіме деп жазылу керек.

Осы ретте Абай тұсында болған ас, той, құдалық, ат шабыс, үлкен күрес, айтыс сияқты жайлардан, Абай араласқан кездерден тағы да өте конкретті мысалдар, фактілер жазылу керек.

Салбурын үру³, құс салу, салдық құру, сауық жасау, жау түсіру, ит жүгірту сияқты жайлардың өзінде де заман машығын көрсететін көп жаңалықтар бар.

Абай уақытында өліктің артын күту, қаралы болу, бата оқу, аза салу, ас беру сияқты әдеттер қандай еді. Осылар туралы тағы да айрықша уақиғаларды жазып алу қажет. Сол кездегі құда түсу, киіт кию, ұрын бару, қыз ұзату, ілу жасау, жол-жора, ырым-жырым қандай, – оның да көп суретін Абайға жанасқан фактілермен мысал қып жазып алуға болады.

Абай уақытында үй іші тұрмыс қандай? Көп қатынды, бәйбіше-тоқалды тұрмыстың кескіні қандай, – оны да жазып алу керек.

Онан соң қыстау, көктеу, жайлау, күзеу бар. Осындағы мал баққан көшпелі шаруаның не түрлі өзгешелік мерзім машығы, тәжірибе тәртібі бар, – оларын да мысалдармен жазу керек.

Осыған жалғас сол кездегі қазақтың ауа райын, жыл реңін білудегі, жат-жалаң турасындағы тәжірибелерін де жазу керек. Отамалы, сәуір, қыркүйек, құралай, тоғам, сүмбіле сияқты ай, күн мерзімдерін де ескеру қажет⁴. Күзем, отар, күйек, соғым, неше алуан науқан жөйі жазылса, – ол да керек. Ұсақ белгілерден де талай бағалы мағлұмат жиюға болады.

Фотографиялар қалған жоқ. Ендеше, Абай отыратын жазғы, қысқы үйлердің ішін түгел сипаттау, бар бұйымын түгендеп, қай орында қандай нәрселер тұратынына шейін жазса, – ол да мейлінше қажет. Қысы-жазы киетін тысқы киімдер қандай, әйел не киеді, бала киімі немене, – бұл да тегіс керек. Тіпті, ер-тұрман, қару-сайман, жылқының таңбасы, қойдың ені, үй ішінің ою кестесі, – бұлар да қажет.

Міне, осы айтылған, тағы осыған ұқсаған талай-талай жайларды құрастырсақ, біз Абай заманын көп сынық айнаны жамап барып танығандай, дұрысырақ таныр ек.

Бұндайларды білу арқылы Абайдың көп өлеңінің қазіргі буынға, келер буынға түсініксіз, көмескі көрінетін ерекшеліктерін де жақсы танытар едік.

Біз әлі күнге Абай дәуірі дегенді ғылымдық, конкрет түрде фактілерге толық етіп жазған ешкім жоқ. Жүз жылдық –

осындай күрделі зерттеулерді талап ететін болады. Соған жаңағы жайлардың бәрі-бәрінің айғақтарын жию шарт.

Ол жұмыс және, әсіресе, Абай музейлері үшін аса қажет. Осыдан суреттер, әңгімелер, куәліктер де көп жиналады. Соның бәрі музейден орын алатын асыл бұйымдар болмақшы.

Зерттеушінің көбі енді осыған зер салса екен!

МӘДЕНИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Мұхтар Әуезов, Қалижан Бекхожин

Бұрын ғылым-өнер қазақтың көп татпаған асы еді. Оның білген химиясы құрт қайнатып, ет асу түрінде, оның білген астрономиясы “ай тоғады”, “үркер туды”, “үш арқар таразы көтерілді”, “Есекқырған еңкейдімен” тоқыраушы еді.

Ол білген есеп ғылымы да не саусақ санап, немесе “қоралы қой”, “шұқыр толы жылқы”, “пәлен соқыр” деген сияқты шоғыр есеппен болушы еді. Тарихы ата санау; зат бұйым мәдениеті — “киіз туырлықты қазақ” деген сияқты сөзден тараушы еді.

Жайлап жүрген жер, бағып жүрген мал, ішер ас, киер киім, тұрғын жай — барлығына да ғылым-өнер оншалық қабысқан да, атсалысқан да жоқ еді.

Құба тақыр, сарғылт сахарада сол сахаралардай ұзақ-ұзақ заман жатты. Бұлыңғыр сұрғылт күндерде құлаланып толқып көл жатса, сол айдыңның бетіне көпіршіп, шыпшып шаңбарақ атқан көбіктер шықпаушы еді? Сахаралар жайқынының бетінде домалақ киіз үйлер, жаңағы көл бетінің көбігіндей шығып-басылып тұрып өшіп, бір жиектен бір жиекке көшіп-қонып күн кешті. “Айдалада ақ отау, аузы-мұрыны жоқ отау” — деген жұмбақтай, сол ұзақ сахараның, сол ұзақ ғасырлардың шешілмес бір жұмбағы боп сол киіз үйлер көп кезді.

Сол үйлердің ішінде күмәнді күндер атқарып жұмбақ тағдырлы адам өтті. Атадан нәсіл, нәсілден ұрпақ, ұрпақтан қарға тамырлы халық өсті. Бірақ ғылым-өнер қазынасына қарай қадам баса алмай, жылжи алмай күн кешті. Бұл сахарада тарих мешел боп отырды.

“Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі” деп ата кешкенді кешсе, ата білгенді білсе болды деді. Атадан озса обалдай көрінеді.

Халық өзі сол мешеу замандарын қалың ұйқы басқан заман деп еді... Өнер бар деп аңсай талпынған заманын ояну

деп атап еді. Киіз туырлық астында көп ұйықтағаны рас. Бірақ тыныш ұйықтады ма? Жоқ, жататын төсек жамбасқа тастай батып, басына шеңгел жастанып жатқандай боп, бастығырылып, дөңбекшіп түс көріп ұйықтайды. Ол түсі қиял түсі, ойдың ізі, арман түсі еді. Ізерлеп ойлап, тімтініп те, тебіреніп те қиялдап еді... Өгей дәуірлер, сұм соққылар тізесі қинап басып еді...

Қамшыланған қиялы көптің көкейін тескен талай-талай “көкейкесті” мұңдар айтты¹. Сол мұңды саз бен ұшқыр қиял шартарапқа шарқ ұрды. Қолымен өнерді ұстамаса да, қиялымен тауып табысып отырды... Қалай табысты?

Әңгіме әпсанасы арқылы, қиял ертегісі арқылы, жыр мен дастан, қобыз бен саз, мұңды наз арқылы қабысты. “Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас”, “жер ортасы Көктөбе”, “ку медиен ку далада” алысты жақын етер пырақты қиял етті халық. Алты айлықты алты аттар тұлпар тудырды қиялдан. Халық үшін қарысып, қоғамын алысқа бастаған ерлер туғызды. Сараң, өгей табиғаттың бермесін алып, көнбесін көндіруге де талап етті. Алыстың үнін еститін жер тыңдағыш даналар жеті қат жер астына түсетін. Түскен сайын қазына алып шығатын қиын еңбек сапарларын суреттеді. Ізден, өрле, өнер тап, “жүрген аяққа жөргем ілінеді” деген еді шынымен.

Ең аяғы баланы жұбатқан “Өтірік” деген лақабында да жанды-жансыз дүниенің барлығынан қашықтатпай табыстарға жақындатуға талпынып еді сол қиялмен. Дүниенің сырын біл деп баулып еді. “Талапты ерге нұр жауар” дегенді талайғы мерзімі қып айта бастап еді.

Қанат тауып, аспан өрле, от дариясын өт, сүңгі байлап, су астын жүз, жеті қат жер астына батыл бойла, бөрінде де сыр бар, талабыңа табыс оралар деп еді. Өнерді, өзгеше күнді көксеген еді... Өмірде кенже, өнерден кенде қалғанын сезіп қатты тебіреніп еді. Осылайша бастады да, ғасырлар бойы осы арман, қиялын алтындай ардақтады. Өнердің тұңғыш әсем, жарқын айшығындай болып бұл сахарادا күңіренген күй, шығанға шырқар ән туды. Барлық қуаныш пен талап та, мұң мен шер де, алыс пен тартыс та, кәсіп пен тіршілік те сол әнмен тыныс алды.

Кенжелеп қалған қиын жайын шерменде жыр, шешен сөзбен де көп айтты. Талай буын өкілдері талайдан бергі ділмәр жүйрік, алғыр ақын сол буындардың зар сарынын аңыратты. Арман жырының басы “арайна”-мен басталғандай

дәл екі ғасыр бойында халық қамын айтқан жырдың бәрінің құлақ күйі – өнерсіздік, қараңғылық зары еді.

Міне, надандық ұйқысы сар даланы басып жатқан заманда халық алып “қара қазан, сар баланың қамы үшін” осылайша қиналып, түн ұйқысын төрт бөліп, дөңбекшіп еді. Бұл замандар әні де, жыры да, арман сыры да күрсіну еді. Күрсіну де күңірену еді. Жетпедік, қараңғыда қамалдық, өкінішпен күн өтті! – деп күрсініп еді.

Сол халық өз бойындағы айып шамын өмірі ұмытпады. Мәдениетті ел, өнер-білімді жай көргенде іші күйді. Сол өнер-білімді аңсап, көкірегіне арман жинады. Халықтың осы армандарының сыбызғы қобызындай боп күңіренген “жарғақ құлағы жастыққа тимей” зар қағып өткен ұлдары да болды.

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды... —

деп, білімді елдерді көргенде іші күйді Алтынсарин Ыбырайдың. Ол қазақтың адал ұлы еді. “Есіл жұртым-ай, мәдениетсіз, білімсіз қор болдың-ау” деп, өзі үміт еткен жас қауымға:

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық! —

деп өнер дүкеніне шақырды. Айтып қана қоймайды, ауылдан мектеп те ашты, кітап та шығарды (араб әрпін алмай, ең алғаш орыс әрпімен қазақша кітап шығарған және сол әрпімен қазақ балаларын оқытқан осы Ыбырай еді), оқытушы да болды. Бірақ жалғыздың үні шыға алмай, аз баланы оқытқанмен, бірнеше миллион қазақтың көзі ашыла қоймай, “баяғы ауыл – бір ауыл” боп көше берді.

Сөйтіп, қазақ халқы ғасырлардың ой-шұқырына қонақтап, белес-белесінен желе-бүкеңдеп асқан болды. 19 ғасырдың орта белесінен асқанда қара тобыр жолменен баяғыша маңып бара жатқан жұртына ұлы Абай тап болды. Абай қазақ халқынан шыққан ұлы ақын еді, өз ортасынан иығы асып шығысқа да, батысқа да қарады. Қарады да, мәдениеті өскен, өнерлі-білімді жұрттарды көрді алыстан.

Соны көрді де, ұлы ақын өз халқын өнерге-білімге шақырды. Елінің еркін, жарқын келешегін аңсады.

Атадан қалған қара сүрлеу жолменен аяңдап көшіп кетіп бара жатқан халқын көрді де:

Адасып, алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалмай,
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай... –

деп бір айтты. Бұл сөзі ескерілмеген соң, ұлы ақын өз жұртына жалынды да, кейіді де, сөкті де. Бар арманы – білім, өнер, мәдениет еді. Ең алғаш киіз үйдің түңлігін батыс жақтан ашып, халқының тарихын ол кездегі алыс батысқа, аңғарға бағыттаған Абай еді. Халқының сол күндері үшін қайғырып: “Өстіп жер-дүниедегі жұрттың қоры болып отырғанымыз ба? Жоқ, қазақ ортасында да өнермен өрістерлік күні болар ма екен?” деп ащы арманмен дүниеден қайтты.

Қазақ халқының өнер-білімге деген қиял-арманы тоқ-тамады. Бірақ ол тілек, ол ынта-талабы іске асуына сонау кер заман ырық бермеді! Аш қасқырдай жалақтап кеп ауыз салған сыртқы жау мен іштен жегідей жеген жебірлер қазақ халқының тұрмысын да күйзелтті, ой қазынасын да жұтатты. Қазақтың қалың көпшілігіне мәдениет есіктері тарс бекітулі болды. Жас буынның оқуға түскісі де, білімді болғысы да келді, қалаға барып орысша да оқығысы келді. Бірақ заманасы талабына тосқауыл жасады. Бертінгі заманда қазақтан шыққан бірен-саран оқығандар болса, олар халыққа тегі жат. Ниеті жат таптың баласы еді. Олар оқыды да сол өз табының, Ресей патшасының сойылын соқты. Халықтың жолын тосып, алдынан ор қазды.

Қалың бұқараның арасынан оқыған адамның шыға қоюы ол кезде өте қиын іс еді. Қазақтың бұрынғы тарихынан ондай адамды іздесеңіз, бірен-саранын әрең табасыз. Соның бірі дарынды ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров. Оның өмірі сол кездегі кедей баласына қас тағдырды елестетеді. Өз басының өнер-талабы бойынша, ауылдағы қорлықтан қашып шығып, бақыт іздеді. Ол бақыты білім еді, сол білімді іздеп ол қиырды шарлап бармаған жері болмады. Павлодар, Омбы, Семей, Троицк, Том қалаларының бәріне

де барды. Өз бойына біткен қайсар жігердің, талап-ынтаның арқасында орыс мектебіне оқуға да кірді, қайыршылап жүріп оқыды. Сөйтіп жүрсе де, қалың елінің ол күнгі қорлық тағдырына кектеніп:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылық кегіне
Күн болмағанда кім болам... —

деп, қара түнек заманда қияға қарсы қанат қаққан еді. Заманадан замана озды, қазақ халқы ғасырлардың ұзын сонар белестерінен, аумалы-төкпелі замандардың қаһарлы, қорқынышты кезеңдерінен үдере көшіп өтіп, Ұлы Октябрге жетті.

Тарлан да, тарлан, тарлан тас,
Тарықса шығар көзден жас,
Тар қолтықтан оқ тисе,
Тартып алар қарындас —

деп, тар кезеңге, тұтқиылға түскен шақта, бауырлас орыс еңбекшілері қазақ халқын жарыққа бастап алып шықты. Еркіндік дүниесіне, бақыт дүниесіне қарай жаңадан көш тартты қазақ халқы. Сол көшті бастаған ұлы орыс халқы, жер жүзі еңбекшілерінің қамқоры, данышпан Ленин мен Сталин². Сахарасынан қараңғылық кетіп, көгінен шаттық күні күлген қазақ халқы — осыдан былай қарай бұрынғы қара сүрлеу жолдан шығып, айдай айқынданып жарқырап жатқан жаңа жолға түсті. Тарихтың дана жолына басты. Бұл жол — қазақ халқының ұлы көшін бақытқа да беттетті, мәдениетке де кенелтті. Қазақ халқы бұдан былай керуен аяңымен мимырт көшпеді. Бәйгіге ат қосқандай жосылта дамып, күлаш ұрды. “Көкейімізді тескен мәдениетсіздік едің-ау, бетімізге дақ салған өнер мен білімнің жоқтығы еді — сенің де ызаң өтті-ау” дегендей өнер-білімге лап қойды. Талайға созылған арманын, түсін, игілік түсін іске асыра беттеді. “Қараңғылықтың кегі үшін” халықтың барлық ұлы, қызы өнер-білім қуып, жарысқа түсті. Бұрынғы замандағыдай “өрмелеп шығу емес” ойнақтап шығып, туған сахарасының мәдениет шамшырағы болуға аттанды олар...

Мәдениет, сәулет қаласы

Ауыл, аудандарда оқу орынын тауысқан қазақ балалары жаңадан мектеп іздеп қала-қалаларға беттеді. Ендігі қала революция азат қылған, революция тудырып өсірген буындарды ерекше зор мейіріммен шақырды. Айшықты әсем тудай тартты. Қазақ халқының ендігі ұрпағының өнер-білімге деген ынтасы ерекше еді. Оның ынта-талабы күн ұзаққа көгенделіп келіп, кешке жақын енесіне қарай жамырап жөнелген аш қозы сияқты еді. Революциядан кейін қазақ жастары өнер-білімге осылай жапа-тармағай жөнелген еді.

Қазақстанда жүзден астам аудандық қала, оннан астам облыстық қала бар. Сол қалаға қашан барсаңыз да құмырсқадай қайнап жүрген қазақ балаларын көрер едіңіз. Ол қалалардың әрқайсысында ондаған орта мектептер, техникумдар бар. Бірқатарында жоғары оқу орындары да бар. Жалғыз бұл қалалар емес, революциядан бері қазақ жастары Мәскеу, Ленинград, Ташкен, Қазан, Томск, Омбы, Саратов қалаларына да көп тарап, лек-легімен оқыды. Алайда қазақ балаларының көбірек оқитын жері – өзінің сүйікті астанасы Алматы.

Аспанмен тілдескен асқар Алатаудың төсіне еркелей қонған сол қала! Өлке бойы ірге тауы толған бау-бақша! Бүткіл көшелері бойлай қаз-қатар тұра қалған биік бәйтеректер, аула біткеннің бәрінде бұлбұл қонған гүл бағымен жайқалып тұрған жеміс бақшасы. Құйған қорғасындай жалтырап жатқан тастақ көшелерді бойлай сарқырап ағып жатқан қасқа бұлақ. Жарастықты, жастықты, өнген менен өскенді қостап мың бұтақта сансыз көп бұлбұл сайрайды.

Бұрын қаладан қашатын қазақ бүгін бұл Алматы десе аузынан суы құриды. Ұлан-байтақ сахарасының шартарабынан ағылып кеп Алматыға құйылып кеп жатқан қазақ жұртшылығын, жаңа жас Отан жұртшылығын енді көр! Оның ішінде ақсақалы да, әйелі де, жасы да бар. Жалғыз қазақ емес, барлық ұлт бар.

Алматы – Қазақстан халқының сүйікті мекені, мақтанышы, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының астанасы. Аталы сөзбен айтсақ, қазақтың жаңа жарқын тарихының ту орнаған жері, басты ордасы.

Алматы қаласы – қазақ халқының мәдениет орталығы, өнер-білім кені. Қазақ халқының оқу, білім, мәдени-ағарту

жағынан өскендігін көрсетуге осы Алматы қаласының өзі тұлға болғандай. Мұнда жүз шамалы орта, кішілі мектеп, он бес техникум, он үш жоғары оқу орыны бар. Одан басқа да толып жатқан курстар, өндіріс мамандығын бітіретін орындар да бар. Орталы-кішілі мектептерде оқитын 46912 бала, ВУЗ-да оқитын 12 мыңдай студент бар. Есеп бойынша Алматыда тұратындардың үштен бірі оқушы болып келеді. Бұл қала әсіресе білім, ағарту ордасы. Орта мектептер Қазақстанның қай қаласында болсын жеткілікті. Ал Алматының өте-мөте айырмашылығы – ВУЗ-дардың, оқымыстылардың қаласы. Алматыдағы 13 ВУЗ бен жоғары курстар жыл сайын жүздеген жоғары білімді маман дайындап шығарады. Жыл сайын жүздеген мұғалім-педагогтер, дәрігерлер, зоотехниктер, агрономдар, инженерлер, тағы сол сияқты жас мамандар леклек боп республиканың сахара-даласына, тау саласына, ауыл-қаласына өнер-білім жарығын дамытқалы аттанып жатады. Алматыда 70 шамалы профессор, 200-ге тақау доцент, жүздеген оқытушы мұғалімдер, 500-ге жақын ғылыми қызметкерлер бар. Алматыда театрлар, киноханалар, баспасөз орындары, тағы сондай мәдениет-ағарту орындары толып жатыр.

Бұл салтанатқа Алматы қаласы Совет дәуірінде ғана ие болып отыр. Бұрынғы Верный қаласының сиқын көзге елестетсеңіз, қарағыңыз келмес еді. Ол бір сорлы қаласымақ еді.

Қазір Алматыда 250 000-нан астам халық тұрады. Көше-көшеде, мектептерде, бақша ішінде, зәулім биік үйлерде өнерді, білімді сөз қылған қуанышты, ынталы жастарды көресіз. Орта мектептегі білімді тауысқан қазақ жастары одан әрі де білімді, оқымысты болмақшы. Баяғы замандай “қайда барам, қайда түсем, қайтіп оқимын” деп тарықпайды. Мамандығын таңдап Алматыдағы оқу орындарын аралай бастайды:

- Мен дәрігер болам!
- Мен агроном болам!
- Мен журналист болам!
- Мен инженер болам!
- Мен педагог болам! –

деген сияқты үндерді естисіз жастардың аузынан. Болғысы келсе болады. Бөгеті кеткен, түнек күні біткен. Тек ВУЗ-ын таңдасын да, соның қазынасына қарай қадам бассын.

Білімнің тұңғыш ордасы

Бүгінгі Қазақстан жастарының алдында білім-өнер өрісі ұшан-теңіз. Қай білімді, қай өнерді алам десе, таңдау-талауына шек жоқ. Талай ғылым саласы үлкен-үлкен ВУЗ-дарға орнап, “кел мұндалап” тұр. Ғылым сарайлары бір емес, әлденеше. Туып, бекіп орнағандарына да талай жыл болды. Солардың ішіндегі аға ВУЗ-дың бірі – Абай атындағы Мемлекеттік педагогика институты. Бұл институтты мәдениетті жұртшылықтың бәрі де біледі.

Қазақтың мемлекеттік педагогика институты бұрынғы гимназия тұрған үйде. Бірақ бұл институт баяғы гимназияның орнына құрылған институт емес, ол гимназиядан үй болмаса, іске асатын жұрнақ та қалған жоқ. Мәдениет, оқу-білім жағынан қажеттігі өскен қазақ елінің жоғары білімді адамдарға деген, әсіресе, мұғалімдерге деген мұқтажығы жыл сайын ұлғайып кеп еді. Партия мен үкімет, әсіресе, Сталин жолдастың өзі ұлт-ұлттың мәдениетін³, оқу-ағарту істерін өрістетуге өте-мөте көңіл қойды. Сол назардың арқасында Қазақтың мемлекеттік педагогика институты жасалды. 1928 жылы Орталық партия комитеті мен Союздық Халық Комиссарлары Советі Қазақтың мемлекеттік педагогика институты ашылсын деп қаулы шығарды. Содан бері қарай Қазақтың мемлекеттік педагогика институты жасап келеді. Қазақтың мемлекеттік педагогика институты, қысқаша айтқанда ҚазПИ, Қазақстандағы алғашқы ВУЗ болды⁴. Бұл ВУЗ-дың ашылуы қазақ халқы үшін үлкен игілікті іс еді, өйткені бұл қазақ халқының мәдениет өнер-білімінің жоғарылауына тартылған алғашқы арқалық сияқты еді. Ескіден жұрдай болып келген⁵ қазақ даласы білімпаз адамдарға, әсіресе, мұғалімдерге зар еді. Сол тілеуге ең алғаш жеміс берген осы ҚазПИ. Сондықтан ҚазПИ бізге басқа ВУЗ-дан гөрі алғашқы тұңғышымыздай болып ыстық көрінеді.

Қадірлі адамдарды, мұғалімдерді тәрбиелеп шығаратын өзінің алғашқы өнер-білім ордасына жұртшылық неге сүйсінбесін! Ең алғаш Платонды, Сократты, Архимедті, Руссоны, Ньютонды, Дарвинды және Бальзакты, Толстойды, Пушкинді, тағы сондай әлем данышпандарын қазақша сөйлеткен осы институт болды. Қазақ тілін, қазақ әдебиетін,

қазақ тарихын ғылым есебінде, пән есебінде қатарға қосқан осы институт. Бірақ ең бірінші, ең алғаш ВУЗ-ды құру жұмысы оп-оңай іс бола қойған жоқ. Оқытушы-преподаватель кадрларын құрастыру, оқу-білім жобаларына жол тартып, оған марксизм-ленинизмді арқау ету істері зор еңбекпен орнады. Оқу-ағарту орындарына және ҚазПИ-дің өзіне Қазақстанның мәдениет, білім қызметкерлері жағынан тапшылығын пайдаланып, алғашқы кезде еніп кеткен байшыл ұлтшылдардың да кесірі көп тиіп еді. Бірақ партия мен үкімет халық жауларының бұндай арамдық әрекеттерімен күресе отырып, қазақтың бірінші ВУЗ-ын – советтік ВУЗ етіп жасап шығарды. Бірақ жаулардың арамдық істері тоқтамады, қайта байшыл ұлтшылдардың нелер алаяқтары оқытушы деген атпен ҚазПИ-ге жинала бастады, олар ҚазПИ-ді ұлтшылдықтың медресесіне айналдырмақшы болды. Бірақ онысы болмады. ҚазПИ – өзіміздің ҚазПИ болып қала берді. ҚазПИ-ге партия ісіне берілген, өнер-білімге жанын салған совет жастары көп жиналды. Жас болса да берік болды олар. Байшыл ұлтшылдардың білгірсіген, шешенсіген құсымақтардың тас-талқанын шығарып, күлін көкке ұшырды.

ҚазПИ он бір жыл жасап келеді. Бұл он бір жылдан бергі тарихын тізбектеп айтса, талай томды кітап болар еді. Мыңдаған адам оқып, өсіп шықты, басынан кешкен таңғажайып істері де көп болды. Сөйтіп, ҚазПИ он бір жылдың ішінде Союздағы үлкен ВУЗ-дардың қатарына қосылды. Республикамыздың оқу-ағарту қозғалысында көрнекті орын алып келді, өнер-білімнің үлкен кені болып алды. Қазақ сахарасында жүздеген жас мұғалімдерді өзірлеп берген осы ҚазПИ.

1928 жылы, институт ашылған жылы 124 оқушы болыпты. Оның 76-сы қазақ екен, содан аттатып келіп 1933 жылға келсек, 515 студент, 1939 жылы 501 студент, оның 228 қазақ болған. Бүгінде қазақ ВУЗ-дарында жүздеген қазақ қыздары оқиды. Солардың көп оқитын ВУЗ-ның бірі – ҚазПИ, мысалы: 1938 жылы 32 қыз болса, 1939 жылы 46 қазақ қызы оқыған.

Он бір жылдың ішінде институттың қабырғасы қатып, бұғанасы бекіді. Осындай өз төлдерін өсірумен бекіді.

1928 жылы институт құрылғанда үш қана бөлім бар еді, олар: тіл-әдебиет бөлімі, физика-математика бөлімі, табиғат

тану бөлімі. Қазір институтта бес факультет бар. Бұрынғы үш бөлімнің үстіне тарих, география бөлімдері келіп қосылды. Бұл факультеттердің бәрінде жеке пәндердің кафедралары бар. Сол кафедралардың ішінде бүкіл республикалық маңызы зор кафедралар – тіл, әдебиет, тарих кафедралары. Тіл кафедрасы қазақ тілі ғылымының грамматикасын жасауда, қазақ тілінің тарихын жүйеге салуда үлкен еңбек сіңірді. Кафедраның мүшелері, ҚазПИ-дың оқытушылары – С. Аманжолов, С. Кеңесбаев сияқты жолдастар. Бұл екеуі – филология ғылымының кандидаты, қазақтың соңғы кезде өскен жас оқымыстылары, бұлар жазып шығарған тіл ғылымының оқу кітаптары бүкіл қазақстандық абырой алып, мектептеріміздің тіл жөніндегі сүйеніші болып отыр. Қазақ әдебиеті мен қазақ тарихы жөнінен де әдебиет, тарих кафедраларының да істеген маңызды істері көп.

Институттың үлкен бір табысы – соңғы жылдары жаңадан жақсы-жақсы оқытушылар, профессорлар жинап алды. 1928 жылы 20 шақты ғана оқытушы бар еді. Олардың бірсыпырасы арамдықпен бой тасалап жүрген жат адамдар еді. Соңғы жылдарда сол жат адамдар қуылып, оның орынына жаңа жас оқытушылар кадрлары жиналды. Қазір институтта 75 оқытушы бар. Олардың 21-і қазақтан шыққан оқымыстылар. Оқытушылардың ғылыми дәрежесіне келсек, 7-уі профессор, 15 доцент. Бұлардың ішінде ғылым докторы, ғылым кандидаты деген дәрежеге ие болғандар да бар. Оқытушылардың дені жас кадрлар, олардың көбі кеше ғана оқушы еді, көбі осы ҚазПИ-дің өзін бітіріп шыққандар. Солардың ішінде ғылыми еңбектерімен аты шығып жүрген Толыбеков, Кеңесбаев, Тәжібаев сияқты жас оқымыстылар да бар. Оларды студенттер өздерінің жолдасындай, ағаларындай көреді.

Институтта Маркович, Сильченко, Линчевский сияқты қадірлі оқытушылар да бар. Маркович нағыз ғылымның адамы, нағыз біздің заманның ғалымы, социалистік қоғамның берік бір қайраткері. Линчевский қарт туралы роман жазсаңыз да әңгіме жеткілікті. Бұл – бір бала мінез, ақпейіл қарт. Оның лекциясын көңілденіп қошаметпен тыңдайсыз. Фактіге, дәлелге жүйрік, мысалдауға, салыстыруға шебер Александр Харлампович өзінің жайдарман сөздерімен мәтелдеп, мақалдап кеп үлкен жазушыларды шәкірттеріне шын сүйгізе біледі.

Институтпен бірге жасасып келе жатқан адамның бірі – Сильченко. Бұл кісі әрі әдебиет оқытушысы болып та, әрі институттың оқу ісін басқарушы болып та зор еңбек сіңірген адам. Оқып жүргендер де, институтты бітіріп кеткендер де Сильченко жолдасқа әрқашан разылық білдіріп жүреді.

Институтта әрі оқытушы болып, әрі басшы болып қызмет істеумен бірге Сильченко жолдас қазақ әдебиет тарихын ғылыми зерттеу істерімен де айналысады. Сильченко жолдас ғылыми дәреже алу үшін қазір диссертация қорғауға әзірленіп жатыр.

Институтта осындай қадірлі оқытушылар әлденеше.

ҚазПИ-де құрал-аспап жақтары да жақсы жабдықтаулы. Үлгі боларлықтай тамаша лабораториялар бар. Әсіресе, химия лабораториясын алыңыз, бұндағы құрал-аспаптардың өзі толып жатқан бір жиһаз. Бұл лаборатория құрал-аспап жағынан үлкен қалалардағы ескі ВУЗ-дардың лабораториясынан кем соқпайды. Марксизм-ленинизм кабинеті де салтанатты. Текшеленіп қалаулы тұрған қызылды-жасылды кітаптар, сыртында: Маркс, Энгельс, Ленин және Плеханов, Кант, Фейербах сияқты аттар жазулы. Кабинеттегі екі бөлмеге лықа толып, түн бойы сарылып сабақ пысықтап отырған студенттерді, олармен шұғыл кеңесіп жатқан профессорларды көресіз. Бұл кабинет институттағы ең беделді және барлық студенттерге бірдей “үлкен үй” сияқты кабинет. Онда тарихшы да, әдебиетші де, химик та, математик та отырады. Институт кітапқа бай, кітапханасында 175 мың том кітап бар. Бұлар студенттердің ең жақын досы, ұзын жолға алатын мол азығы.

Институтта сырттан оқытатын бөлім бар, мұнда мың қаралы адам оқиды. Бұлардың көбі ауыл, аудан мұғалімдері, білім дәрежесін жетілдіруге ұмтылған қазақ жастары. ҚазПИ тұрған үйде ҚазПИ-дің інісі сияқты бір оқу орны бар. Ол – мұғалімдер институты. Бұл институт шынында ҚазПИ-ден енші алып шыққан отау институт. ҚазПИ-дің өкше басар жеткіншегі – рабфагі де бар. Оның оқушылары ертең-ақ ҚазПИ-ге кеп төрден орын аламыз деп, құлшынып тұрғандар.

Ғылым ордасының жоғарылағанын, өскенін көрсететін, өзіне сүйеніш болатын бір іс – аспирантурасы. Бұндағы оқитындар ҚазПИ-дің өз тумасы, өз түлектері. Бұлар әзір 20 шақты-ақ кісі, бірақ аз да болса зор үміт күткізетін

талаптылар. Ертең-ақ олар оқымысты, білімпаз адамдар болып шықпақ. Қазірдің өзінде-ақ олардың көбі сол ҚазПИ-ге сабақ береді. Іштерінде Ә. Тоқмағамбетов, Ғ. Мұсабаев, М. Фабдуллин сияқты ғылым зерттеу ісін әлден-ақ бастап, жазған еңбектерімен көзге түсіп жүрген талапты жігіттер де бар.

ҚазПИ – бір білім комбинаты, өрісі, аумағы кең институт. Астана жұртшылығына таныс, меймандос институт. Жазушылар, ғылыми қызметкерлер, пропагандистер, мұғалімдер бұл институтқа тегіс үйір. Әдебиет туралы айтыс, ғылыми конференция, марксизм-ленинизм мәселелеріне баяндама деген сияқты ғылыми мәжілістер көбіне осында өтеді.

Кешегі кезде өнерлі-білімді жастарды арман етіп:

Ойында жоқ бұлардың,
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат
Болам деген бәрінде ой, –

деп Абай сынаған баяғы шәлдірік жастарды енді көре алмайсыз. Мұнда оқитын жастар халқы үшін, жаңа дүниенің игілігі үшін өнер-білімге ынтасын, талабын жұмсайтын саналы жастар⁶.

Солардың ішінде талаптылықтың, білгірліктің, ұғымталдықтың арқасында басқалардан озып кеткен жүйріктер, ертең-ақ білімпаз боламыз деп әлден-ақ білегін сыбанып тұрған білім буындары бар. Бұлар оқуда да, қоғам ісіне де өнегелі, қадірлі жігіттер. Сол қатардан Жармағамбетов, Дайырбеков, Жұбаев, Уваров, Қазықанов, Құлымбетов, Тобылбаев, Тихоновская деген студенттер жуықта зор абыройға ие болып, үлкен қуаныш тапты. Сталин жолдастың атындағы ардақты стипендияны алатын болды бұлар⁷. Бұл абырой, атақ бүкіл институттың қуанышы.

Міне осындай өскелеңдеген өнер-білім, өрге басқан жас қауымның ұл, қыздары арқылы, қазақ сахарасынан ғасырлар қараңғылығын қуып айдап, жойып отыр.

Бір ҚазПИ емес, білім жарық ордасы осындай өршіл табыстарды барлық ВУЗ-дың ұлы дүкенінен таратып отыр. Осындай даңқты білім орны Дәрігерлік институты, Мал дәрігерлік институты, Тау-инженерлердің институты, Ауылшаруашылық институты сияқты сан сала.

Соның бәріне де құр маман емес, ғылым қызметкері, ірі зерттеуші боп пісіп толып келе жатқан қазақтың ұл, қызы лек-лек. Бәрінде де осындай қайнар талап, жайнар табыс, серпін бар. Қазақстанның бүгінгі әрбір ВУЗ-ын алып, революциядан бұрын осы сахарадан шығып, оқу іздеген буындардың көрген-білгенімен салыстырсақ, қаршығаның қанат қағысындай парықты көреміз. Баяғыда медреседе 20 жыл мешеу болып отыратын қалпе, қазірет нені оқыды, нені білді? Халқына қандай жеміс әкелді? Солардың аузын толтырып айтатын Бұқар медресесі, Меке, Медине дәрістері, тіпті Мысырдағы “Әл Әзһары” пәлен ишан, түген дамолладан алған тағылым-тәрбиесі немене еді. Атақты деген Мысыр, Шам, Бұхар, Стамбол медреселерінің бәрін жиса, біздің ҚазПИ-дің жалғыз ғана бір қабырғасында тұрған ғылым кітаптарының беретінін беріп пе еді. Он бес жыл, жиырма жыл бойында зая кеткен өмірдің нәтижесін:

Кітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі.
Мал құмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі... —

деп Абай әйгілеп берген еді.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар, қалан! —

деп сол Абай өз заманының жетпей бұлғақтаған “білмей пістім” деген шала оқыған шолжындарын шенеп еді.

Біздің бүгінгі білім ордаларымыз бен бүгінгі нәрлі, реңді, білімді бекем жастарымызды көрмеген көз су қараңғы болсын да.

Қазақстан халқының білім-өнер жолындағы Октябрьден бергі табысы мен қарқынын алғанда, қандайлық қанжыны ақтарылған жауды алсаң да аузына құм құйылмай ма? ҚазПИ-ді айтқанда тарихымен, табысымен, тәрбиетағылыммен республиканың білім көшін бастап отырған бірді ғана айттық. Бірақ ол білім ордасы бір ғана емес, Ұлы Отанымызда мың сан. Соның бәрі де бүгінгі қазақ халқының

мол қазынасы, ұлы ордасы. Бірі мыңға сүйеніп, мыңы бірге нұр беріп жатқандықтан сол бірдің өзін ғана айттық. Бірақ сол біріміз мол сәулетті социалистік мәдениетіміздің айқын, толық тұлғасы болғандықтан мысал етіп қана айттық.

ҚазПИ-дің жемістері

Қазақ даласы мәдениетке, білімге сусаған, бір шөлейт жер сияқты еді, сол шөлейт сахарада жайқалып өскен гүлдерді көресіз, ол мәдениет гүлдері. Сол гүлдердің ішінде қызғалдақтай бұлғақтаған ВУЗ-дар жемістері сансыз көп.

Қазақстанның шар қиырында мұғалім болып жүрген, мектеп бастығы болып жүрген ҚазПИ жастары толып жатса, сонымен қатар институтта оқытушы, оқу бөлімдерін меңгеруші, партия ұйымдарына пропагандист болып кеткендері тағы бар. Мәдениеттің басқа тарауларына, мемлекеттік басқа жұмыстарға араласып кеткендер де, басшы қызметке жоғарылағандар да көп. Солардың ішінде, ҚазПИ-ді бітіріп шыққан: Әбдіхалықов жолдас – Қазақ ССР-ның Оқу Халық Комиссары болды. Талалаев жолдас ҚК(б)П Шығыс Қазақстан обкомының секретары болып, Қойбағаров жолдас ҚЛКЖС Оңтүстік Қаз. обкомының секретары болып, Артықов жолдас ҚЛКЖС Алматы обкомының секретары болып қызмет істейді. Осы сияқты ауыл-аудандарда, басшы қызметте жүргендер де көп. Көрнекті білім қызметкері болып алғандары да көп. ҚазПИ әсіресе әдебиет-жазушылық істеріне көп кадр қосты. Жаңа жаза бастағандарын айтпағанда, жақсы еңбектермен аты шығып, көрнекті жазушы болып кеткен Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Есмағамбет Ысмайылов, Қажым Жұмалиев, Әли Есмәмбетов, Қадыр Қасанов және Еркімбеков сияқты жолдастар осы ҚазПИ түлектері еді.

ҚазПИ-дің негізгі мұраты – педагог дайындау. Бұл жөнінен ҚазПИ-дің мақтанарлық істері тағы да көп. Республикамызға жыл сайын жоғарғы білімді педагогтар әзірлеп береді. Ол педагогтар ауыл, аудандарындағы мектептеріміздің тұтқасы болып отыр. Солардың ішінде бүкіл Қазақстанға аты шыққан үлгілі әйгілі мұғалімдер де бар. 1939 жылғы 6 майда СССР Ұлы Советі таңдаулы

мұғалімдерге наград берді. Бұл совет мұғалімдерінің мәртебесін жоғары көтеретін аса игілікті іс еді. Сол қуанышқа Қазақстан мұғалімдері де ортақ болды. Қазақстан мұғалімдерінің таңдаулылары осы наградтан тиісті сыбағалар алды. Сол сый-құрмет, наград алғандардың ішінде бұрынғы қарт мұғалім, әрі жазушы Спандияр Көбеев те, Павлодардың жақсы мұғалімі Рахметов те бар еді. Олардың ішінде кәрі, жасы аралас еді. Бұлардың бәрі де қазақтың халық ағарту ісіне көрнекті еңбек сіңіргендер, қайраткерлер. Бұлардың қатарында ҚазПИ-ді бітіргендер де аз емес. “Еңбектегі батырлығы үшін” деген медальді Зағира Куленова, Хан Валиев деген жолдастар алды. Бұл екеуі кеше ғана ҚазПИ-дің студенті еді. ҚазПИ-ді бітіріп мұғалімдік қызметіне араласқанына екі-үш-ақ жыл болған-ды. Сол екі-үш жылдың ішінде еңбек батырлығы айқын болып көзге түсуге жеткен, партия мен үкіметтен алғыс алу мәртебесіне жеткен. Бұл ҚазПИ-ге де үлкен қуаныш емес пе?

Зағира болса еңбек қасиеті арқасында Қазақстандағы таңдаулы адамдардың бірі болып отыр. Халық ағарту ісінің бұл сияқты тамаша адамдары толып жатыр. Олар — республикамыздың алдыңғы қатарлы адамдары, қазақ мәдениетінің белсенді қайраткерлері.

Цифрлар сөйлесе не дейді?

Партия мен үкіметтің басшылығы арқасында, Ленин-Сталиннің ұлттық саясатының жүзеге асуының арқасында Қазақ республикасы өнер-білімі өскен елге айналды. Қазақ халқы 20 жылдың ішінде түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін өркендетіп алды. Бұл 20 жылдағы мәдениет табысы — қазақ халқы талай ғасырлардан көшіп өтсе де, талай шарқ ұрып іздесе де бұрын таба алмаған, бұрын жете алмаған мәдениет еді. Түнек басқан ғасырлардан қазақ халқы өнер-білім туралы, мәдениет туралы ащы арманды ғана ойына сақтап келген еді. Сол арман орындалды, көсегесі көгерді. Бұны фактыдан көріп отырмыз. Сөзді цифрға берейік:

1914—1915 жылдары Қазақстанда барлығы 2011 мектеп болған екен. Оның ішінде орта, орталауы 53 екен. Ол кезде

қазақ мектебі ныспы болмапты. Ал революция орнағаннан кейін мынадай жайды көреміз. 1920—21 жылдары, яки қазақ республикасының жаңа құрылған кезінің өзінде-ақ 2410 мектеп ашылған. Оның ішінде 590 қазақ мектебі. 1927—28 жылы Қазақстанда барлығы 3944 мектеп бар екен. Оның 1527 қазақ мектебі екен. Одан аттап, қазіргі жайға келсек, 1939—40 жылдары Қазақстан 8381 мектепке ие болды. Оның ішінде орта, орталауы 2244, бұлардың 1443 қазақ мектептері. Бастауыш, орта және орталау мектептердегі оқушылар санының өсу жайы мынадай: Қазақстанда 1914—15 жылдары мектепте оқитын балалар саны 105239 екен, ал 1939—40 жылдары мектепте оқитын балалар саны 1132326-ға жеткен. Солардың ішінде 446765 қазақ балалары. Жоғары, орта дәрежелі оқу орындарының хал-жайы мынандай: революциядан бұрын Қазақстанда бірде-бір ВУЗ болмаған, Қазақ республикасы құрылған жылдары да ВУЗ жоқ еді, тек 1927—28 жылы ғана бір ВУЗ ашылды. Бұның өзі де толық мағынасындағы ВУЗ емес, жоғарыдан төмендеу оқу орны бар еді. Оны ағарту институты* дейтін, бұнда сол жылдары 119 студент болған. Ал 1932—33 жылдарға келсек, ВУЗ-дың саны 10 жетті, ондағы оқушылар саны 2659 жетті. Қазір Қазақстанда 19 ВУЗ бар, бұнда 8432 студент оқиды. Революциядан бұрын Қазақстанда техникум сияқты 7 оқу орны болған, онда 302 бала оқыса керек, қазір Қазақстанда 120 техникум бар, онда 26331 бала оқиды. Революциядан бұрын Қазақстанда бірде-бір рабфак жоқ еді. Қазақ республикасы құрылысымен екі рабфак болды, қазір 11 рабфак бар да, оқушысы 2574.

Оқу орындары мен оқушылар санының өсуі осындай. Бұл цифрлар Қазақ республикасында оқу-ағарту ісінің жыл сайын ілгерілеп бара жатқанын көрсетеді. Революциядан бұрын оқу-білімге жұрдай болған қазақ халқы қазір өнерлі, білімді жұрт болып алғанын көрсетеді. Бұл цифрларға үлкендер институты, курстар, сауатсыздықты жою орындары кірмей отыр. Ол орындар да Қазақстандағы оқу-ағарту ісінде келелі орын алды. Партия мен үкімет сауатсыздықты жою мәселесіне соңғы жылдарда аса шұғыл кірісті. Қазақстан халқын жаппай сауатты ел етуге күш салды. Соның

* К а з и н п р о с — Ташкентте ашылып, кейін Қызылордаға көшкен оқу орны.

нәтижесінде қазір, 1939 жылы жүргізілген халық санағы бойынша, Қазақстан халқының 76,3 проценті сауаттанды. Халқының сауаттылығы жағынан Қазақстан Республикасы Союзда 5 орын алды. Республиканың XX жылдық мерекесін бүкіл жұртшылығымыз жаппай сауатты ел болып мерекелемекші. Оқу, білім орындарымен бірге Қазақстанда түрлі мәдени-ағарту орындары да өсіп-өнді. Революциядан бұрын Қазақстанда бірде-бір детсад жоқ еді. Қазір 514 детсад бар, онда 17903 бала тәрбиеленеді. Революциядан бұрын 146 кітапхана бар екен (оның бірде-бірі қазақтікі емес), қазір 3304 кітапхана бар. Революциядан бұрын бірде-бір клуб жоқ екен, қазір 5237 клуб бар, революциядан бұрын 2 музей бар екен, қазір 25 музей бар, революциядан бұрын 2 театр бар екен, қазір 38 театр бар, революциядан бұрын 20 кинотеатр бар екен, қазір 1275 кинотеатр бар. Бұл цифрларға қарағанда революциядан бұрынғы мәдениет-ағарту орындарының көлемі саусақпен санарлықтай аз екенін көреміз, – оның өзі де қазақ халқыныкі емес еді. Олар патша чиновниктері мен даланың көпес-байларының игілігі үшін жасалған орындар еді.

Баспасөзге келсек, революциядан бұрын 11 газет, 3 журнал бар еді. Қазір Қазақстанда 322 газет, 28 журнал шығады. Бұл көрсетілгендердің бәрі әншейін цифр емес, өмір фактылары. Бұл цифрлар қазақ республикасының өнер-білім жағынан, мәдениет-ағарту жағынан өсіп-өркендеген салтанатты ел болғанын көрсетеді. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет жасағандығын көрсетеді.

Бұл табысқа, бұл игілікке қазақ халқы Ленин-Сталиннің кеменгер ұлт саясаты арқасында, халықтардың ұлы көсемі, қазақ халқының жан досы, данышпан Сталиннің аталық қамқорлығының арқасында жетіп отыр⁸.

КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА

Мухтар Ауэзов, Халижан Бекхожин

Годы сна

В дореволюционное время наука и просвещение были недоступны для казахского народа.

Познание казахского народа в области науки сводилось к тому, что он видел и что мог наблюдать долгие годы.

Даже простое исчисление не было доступно в полной мере. Количество скота считали по пальцам, а если слишком большие были табуны, говорили просто: “долина вся заполнена скотом”.

Как выжженные солнцем, оголенные, бескрайние степи, шли однообразные и унылые века. Посмотрите на озеро в бурю. Хмурый день гонит по нему волны, и на поверхности его появляются тысячи белых пузырьков и вновь исчезают в гневной пучине. Точно так же время от времени, как пузырь, вздуется на степи юрта кочевника, постоит некоторое время и вновь исчезнет, гонимая в другие, более приветливые места по серебряным волнам ковья.

В юртах коротал свои годы человек, судьба которого была загадочной, а дни скучны и неприветливы. Жил человек, любил, размножался, и возник таким образом народ, связанный между собою бесчисленным множеством родов.

Кочевал этот народ вдали от сокровищ наук и не мог найти торной дороги к знанию.

Казахи говорили: “Если родится джигит – хорошо, пусть следует по стопам предков; если он узнает то, что знали они, – хорошо, больше не надо”.

Когда же сын своими познаниями обгонял отца – это считалось непростительным грехом.

Далекие времена невзгод и лишений сам народ называл годами беспробудного, кошмарного сна. А годы, когда он впервые вкусил плоды просвещения и науки, названы народом годами пробуждения.

Долго спал народ, с головой укрывшись туырлыком¹. Спокойным ли был этот сон? Нет, покоя не было. Жесткой, как камень, была постель, под головой лежал шенгель, кошмарные виделись сны, и с глухим стоном, беспокойно ворочался степной народ с боку на бок. Сквозь тяжелый сон неустанно работала мысль его, зарождались благие мечты и думы.

Беспощадные удары веков терзали и давили его грудь.

Неугасимая мечта народа выливалась в тяжелый скорбный напев, проникающий в глубины человеческих сердец. Песни скорби летели по степи из конца в конец. В день своего пробуждения народ еще не овладел богатым кладом науки и знаний, но к ним в песнях своих уносился он крылатой мечтой, ибо богата была фантазия народа.

По народным легендам, фантастическим сказкам, песням и эпическим поэмам искал народ дорогу к знанию. Он мечтал о таком небесном коне, который бы далекие пространства сделал малыми; народ мечтал на таком коне прискакать к сердцевине земли. Народная фантазия породила легендарного тулпара, который в шесть прыжков одолевал шестимесячное пространство. Народный эпос воспевал бесстрашных героев, ратававших за счастье народа и в любой момент готовых выступить на защиту его. Народ мечтой стремился отобрать у природы то, что она веками ревностно скрывала от него. Воспевались в поэмах мудрецы, улавливающие неслышимый звук, прокладывающие пути вовнутрь семипластовой земли, чтобы добыть несметные сокровища.

— Изобрети крылья, чтобы парить в небе. Пробеися через огненное море, достань дно у бездонных глубин. Всякое дерзание умножает достижения, — говаривал народ, мечтая о технике и лучших днях на этой огромной земле.

Понимал народ, что он обойден волшебным даром науки, и это глубоко волновало его. Потому-то, как золотые самородки, оберегал он устное творчество, вещавшее о светлых днях пробуждения.

¹ Высушенная кожа.

Как первенец, как светлый серп молодого месяца, зарождался в степи волнующий кюй. В нем все — радости и дерзания, горе и скорбь, борьба и победа — вся жизнь.

О своем тяжелом положении много сложил народ красноречивых изречений и мудрых высказываний.

Свидетели многих людских поколений, даровитые представители своего времени — народные акыны в импровизациях отразили думы и чаяния угнетенного народа. Как правило, все песни акынов начинались с “аройна”¹, на протяжении двух веков темой их была скорбь по науке и знанию.

В страшные годы, когда казахскую степь сковали цепями невежества, народ-титан все же мечтал о целостности домашнего очага, о будущем благе подрастающего поколения. Ни на один миг не забывал народ о своих скудных познаниях в области науки. Он завидовал тем странам и народам, которые культурой и техникой обогнали его и оставили далеко позади. Но он не падал духом. В нем с каждым годом возрастала жажда, накапливались несбывшиеся чаяния. Были у народа такие сыны, которые в эпоху лишений и бедствий вступали в единоборство со временем, звали народ к просвещению, и голоса их звучали настойчиво, неустанно, как сладкие звуки флейты и кобыза.

Народы, познавшие тайну знания,
Воздвигли красивые светлые зданья, —

воскликнул Алтынсарин Ибрай, до глубины души взволнованный при виде больших европейских городов.

Он был честным и верным сыном казахского народа. С горечью говорил он: “О, мой бесценный народ, без знания и культуры ты обречен на горе и страданья!”. Свои надежды он возлагал на молодое подрастающее поколение:

Тянитесь, дети, к знанию с рвением,
То, что познали в мыслях вы,
Нельзя считать успокоеньем.

Неусыпно и постоянно будил он молодежь, звал в прекрасный мир просвещения.

¹ Исторический запев.

Он не ограничился одним красноречием, а сразу приступил к делу. Алтынсарин Ибрай открыл в аулах школы, составил учебники. Он впервые отказался от арабского алфавита, предложив взамен его русской алфавит. Он обучал детей русскому алфавиту. Но Алтынсарин Ибрай, будучи человеком просвещенным, все же был одинок; он обучал десятки ребят, а многие тысячи оставались в плену невежества и темноты. Большинство аулов не знало грамоты и продолжало кочевать по широкой степи.

Итак, основная масса казахского народа оставалась в низинах веков; и только единицам удавалось где бегом, где ползком перевалить хребет познаний.

Была середина XIX века. Народ продолжал кочевать по неясным тропам, испокон веков проложенным далекими предками и последующими поколениями.

Тогда среди казахского народа появился великий Абай. Он был выше своей среды на целую голову и, как зоркий беркут, взглядывался на Восток и Запад. Он знал, что живут там народы с высокой культурой, просвещенные, овладевающие мощной техникой. Поэт звал свой народ к культуре, просвещению, технике. Он верил в то, что будущее будет светлым и радостным. Он первый дерзнул сказать, что для народа стали узки и коротки тропы, проторенные отжившими свой век поколениями. Он обращался к своему современнику с пламенными словами:

Не блуждай, дороги старой не найти,
Выходи на светлые пути!
Без науки, без упорного труда
Даже скот не сможем возрастить.

Одинокий голос поэта, в силу целого ряда причин, не был услышан народом. Тогда великий поэт в целом ряде песен начал умолять народ, чтобы добыть драгоценный плод науки; он обрушил свой гневный голос на тех, кто оставался глух и нем к его призыву.

Его девизом было знание. Он первый открыл тяжелый тундук¹ казахской юрты, и живительные лучи западной культуры хлынули в эту юрту. Столь велик был Абай. Понимая

¹ Кошма, прикрывающая дымоход в юрте.

безысходность и тяжелые переживания порабощенного народа, он гневно вопрошал:

“Неужели мы обречены на вечные страдания и постоянную отсталость от других народов земного шара? Или, наконец, придут для казахского народа чудесные дни, озаренные наукой, образованием?!”

Он – великий поэт – ушел из жизни, лелея мечту о науке, образовании.

И его мечта все же стала мечтой народа. Как ни труден был путь к просвещению, но желание было превыше всего. Для душевных стремлений нет преград! Через многие препятствия шел народ к цели, овладевая наукой. Не раз внешние враги, как голодные шакалы, врывались в казахские степи, нанося опустошения, а богачи, как пиявки, высасывали из народа богатырскую силу. Все это вместе взятое угнетало народную мысль, закрывая на тяжелые замки двери к просвещению.

Молодое поколение тянулось к учебе, как ни скручивала его эпоха кнута и мракобесия. Правда, уже были среди казахов образованные люди, но они принадлежали к имущим классам и по идеологии своей стояли далеко от народа. Получив образование, они превратились в идейных палачей своего народа, послушных приспешников самодержавия. Они рыли на пути духовного развития своей нации глубокие рвы.

И невероятно трудно было получить образование казаху, выходцу из народной гущи. Их были единицы. Один из них – даровитый поэт Султан Махмуд Торайгыров. Его детские годы протекали в нищете и лишениях, как и у других беднейших детей. Только неиссякаемая энергия, настойчивый характер, непреклонная воля позволили ему вырваться из аула и пойти кремнистым путем в поисках счастья. В поисках его он исколесил немало городов. Он побывал в Павлодаре, Омске, Семипалатинске, Троицке, Томске. Ему удалось поступить в русскую школу и, влача нищенское существование, с трудом добывать знания. Но и во время учебы его волновала не столько личная удача, сколько судьба всего казахского народа.

На хмурое небо народа родного
Как яркое солнце взберусь.
Трудна к просвещенью и свету дорога,
Но в царство невежества я не вернусь, –

писал поэт, пускаясь в славный путь против мутного и сильного течения того времени. Он, как молодой сокол, расправил крылья, чтобы достичь сияющих высот человеческой мысли.

За эпохой минула эпоха. Казахский народ позабыл далекие и трудные кочевья, он миновал опасные грозные перевалы эпохи безвременья и пришел к великому Октябрю.

Бурный камень в землю врос.
Много мы пролили слез.
В нас враги пускали стрелы,
Но спасал от смерти росс.

Великий русский народ вывел к свету и знанию свой родной казахский народ, который долгое время томился в мрачной темнице мракобесия и невежества. Казахи под руководством и с помощью русского народа сбросили с себя двойное иго и вышли на свободную дорогу. Многомиллионные народы, слившись воедино, идут по этой дороге, руководимые бессмертными идеями Ленина и Сталина. Ушло в далекое невозвратное прошлое бескультурье народов. Великий Октябрь зажег над ними неугасающее солнце науки. Ярко освещает оно торную широкую дорогу к человеческому счастью – вершинам науки, всестороннему образованию, высотам мировой культуры. Казахский народ, как и все народы нашей родины, идет по новому историческому пути. Он продвигается вперед не робким, предосторожным шагом минувших веков, а как неутомимый в беге степной скакун, спешит к заветной цели. И каждый, кто теперь постигает высокий смысл наук, говорит про себя: “Когда-то нас угнетало бескультурье; недостаток знаний, техническая отсталость клеймили нас. Теперь же мы наверстаем упущенное!”

Осуществилась мечта многих веков; стал явью чудесный сон. Наступила пора истинного процветания. Беспощадно мстя невежеству прошлого, достойные сыны и дочери казахского народа соревнуются в быстрейшем и глубоком овладении наукой. Они не “ползком взбираются” к вершинам культуры, как это было ранее, а единой колонной выступают в боевой поход.

Город красоты и культуры

Казахские дети по окончании школ в аулах и районах, как правило, стремятся в города для дальнейшего повышения своего образования. И города с исключительной сердечностью зовут к себе поколение, освобожденное Октябрем, и юное поколение, воспитанное в годы советской власти. Особенно у казахской молодежи велика тяга к науке.

В Казахстане более сотни районных и свыше десятка областных городов. В каждом из них имеются средние школы и техникумы или же высшие учебные заведения. А сколько ребят и юношей учится в этих городах! Не ограничиваясь учебными заведениями только нашей республики, казахская молодежь едет за знаниями в такие города, как Москва, Ленинград, Ташкент, Казань, Томск, Саратов, Омск и другие. Все же подавляющее большинство казахской молодежи учится в учебных заведениях любимой и родной столицы Алма-Ата.

Этот чудесный, поистине сказочный город раскинулся у склона Ала-Тау, которые вершинами своими упираются в небо. Склоны гор обильно заросли лесом и фруктовыми деревьями. В городе прямые широкие, асфальтированные улицы, затененные с обеих сторон рядами высоких деревьев. Здания — светлые и многоэтажные — выстроились ровными квадратами. В садах заливаются соловьи, и склоняются гибкие ветви под тяжестью вызревших плодов. На клумбах и газонах, благоухая, пылают цветы. По арыкам, тщательно выстланным камнями, течет светлая вода.

И казах, ранее сторонившийся города, кочевавший в стороне от больших селений, ныне всей душой рвется в этот замечательный город. Подобно бесчисленным весенним ручейкам, со всей степи стекаются в Алма-Ата люди разных профессий. Приглядитесь к казахской общественности, и вы увидите среди них убеленных сединами стариков, женщин и боевую радостную молодежь. Это не только казахи, это люди разных национальностей.

Алма-Ата — столица Казахской Советской Социалистической Республики — является крупнейшим культурным центром и центром национальной науки и культуры.

И она, как и другие города республики, может служить ярким примером небывалого расцвета казахского народа.

Здесь около сотни неполных и средних школ, пятнадцать техникумов, девять высших учебных заведений; помимо этого, здесь много разнообразных курсов, производственных учебных комбинатов, научно-исследовательских институтов. В школах города обучается 46 912 детей, в вузах – около 12 тысяч студентов. По последней переписи, один из трех жителей города является учащимся. Таким образом, Алма-Ата можно безошибочно назвать кузницей кадров. Вузы Алма-Ата ежегодно выпускают сотни молодых специалистов с высшим образованием, это – журналисты, педагоги, ветеринары, агрономы, инженеры различных специальностей. Они в большинстве своем едут в степи, чтобы преобразовывать их. В горные долины, в аулы, селенья и города казахской республики несут они пылающие факелы знаний.

Сейчас в Алма-Ата более 70 профессоров, около 200 доцентов, не менее 500 научных работников по различным отраслям народного хозяйства и многосотенная армия преподавателей-педагогов.

В Алма-Ата много типографий, издательств, библиотек и театров и целый ряд других культурно-просветительных организаций.

Обладательницей и хранилищем духовных богатств Алма-Ата стала лишь в эпоху Сталина. Теперешняя столица Алма-Ата насчитывает 245 000 жителей. Улицы ее, обрамленные высокими зданиями, наполнены бурным людским потоком. Молодежь спешит по улицам, весело разговаривая об учебе, науке и искусстве. Заканчивая среднее образование, молодежь не останавливается на перепутье, стараясь получить высшее специальное образование. Ведь в любое учебное заведение открыты двери.

- Я буду врачом!
- Я – агрономом!
- Я стану журналистом!

Вот какими желаниями живет наша советская молодежь. Ее желания вполне реальны и осуществимы. Все преграды с ее пути сметены Великим Октябрем, остается выбрать специальность по своим наклонностям и овладеть наукой.

Старейшая кузница кадров

Среди многочисленных дворцов наук республики главенствующее место занимает старейший вуз – Государственный педагогический институт имени Абая. Общественность Казахстана прекрасно знает, какую огромную роль сыграл этот вуз в области культурного процветания Казахстана. Помещается он в здании бывшей гимназии. Однако от гимназии осталось одно здание – и больше ничего. Возросшая культурная потребность поставила перед республикой необходимую задачу – как можно больше дать людей с высшим образованием, в особенности преподавательского состава. Партия и правительство и лично товарищ Сталин придают большое значение развитию национальной культуры и научно-просветительным мероприятиям. Еще в 1928 году Центральный Комитет партии и Советов Народных Комиссаров Союза вынес постановление об организации этого института. С тех пор работает институт на благо и процветание социалистической науки. КазПИ – вуз, первенец Казахстана. Он заложил прочный фундамент, на котором в дальнейшем возникли другие учебные заведения республики.

Долгие годы скорбила степь о просвещенных людях, в особенности большая нужда ощущалась в народных учителях. КазПИ был призван восполнить этот пробел, удовлетворить потребность народа. Поэтому роль педагогического института особенно велика и более значительна, нежели роль других институтов, хотя они столь же необходимы нашей республике. КазПИ воспитывает и готовит преподавателей. В аудиториях института впервые заговорили по-казахски великие люди – Платон, Сократ, Архимед, Руссо, Ньютон, Дарвин, Бальзак, Толстой, Пушкин и др. В институте изучаются казахский язык, казахская литература и история.

Нелегко было организовать первый вуз. Огромного труда стоило укомплектовать кадры научно-преподавательского персонала и составить программу и учебный план, отвечающие марксистско-ленинским методам воспитания. Пользуясь нехваткой научных работников, в ряды их проникли буржуазные националисты, которые с кафедры института пытались привить молодежи свои контрреволюционные идеи.

Партия и правительство очистили преподавательский состав вуза от вредительских элементов.

Одиннадцать лет существует КазПИ. Если подробно описать его историю, получится солидная книга. Не одну тысячу специалистов выпустил институт за свое малолетнее существование.

В 1928 году, т.е. в год открытия, в институте обучалось 119 студентов, из них 76 казахов. Уже в 1933 году институт насчитывал 515 студентов, в том числе 228 казахов. Следует заметить, что КазПИ один из тех вузов, куда с большой охотой идут девушки. Если в 1928 году их училось 32, то в прошлом году эта цифра возросла до 322.

В момент организации институт имел три факультета — языка и культуры, физико-математический и естествоведческий. Сейчас в КазПИ пять факультетов. Во всех этих факультетах хорошо укомплектованы кафедры по отдельным предметам, имеющим особенное значение в пределах Казахстана. Особенно крупное значение имеют кафедры языка, литературы и истории. Кафедра языка проделала большую научную работу в области лингвистики и систематизации истории казахского языка, а также в создании казахской научной грамматики. Научные работники кафедры товарищи С. Аманжолов и С. Кенесбаев — молодые советские ученые, кандидаты филологических наук. Написанные ими учебники по казахской лингвистике известны всему Казахстану и являются крупнейшим подспорьем в изучении языковедения.

Особенно за последнее время в институте очень хорошо были подобраны преподаватели и профессора. В 1928 году институт имел всего 20 преподавателей, причем некоторые из них оказались людьми чуждыми, и их изгнали из института. Сейчас в КазПИ 75 преподавателей, из которых 21 казахские ученые. По ученым званиям преподавательский состав представляет из себя следующую картину: 7 профессоров, 15 доцентов, некоторые из них имеют степени доктора и кандидата наук. Преподавательский состав в преобладающем большинстве молодые люди, недавно окончившие советские вузы. Немало среди них и бывших воспитанников КазПИ, как, например, товарищи Толыбеков, Кенесбаев, Тажибаев, уже известные своими

научными работами. Они пользуются уважением и авторитетом среди студенчества.

В институте немало прекрасных преподавателей, имена которых с гордостью называют студенты, — это товарищи Маркович, Сильченко, Линчевский.

Тов. Маркович — человек, целиком посвятивший себя науке, подлинный советский ученый. Об одном из сильнейших и старейших преподавателей, тов. Линчевском, студенты говорят с особенной теплотой. Его лекции слушаются с большим наслаждением. Он мастер доказательств и убедительных фактических примеров. Александр Харлампович Линчевский своей образной речью, пересыпанной поговорками и пословицами, умеет заинтересовать студентов и в доходчивой форме подать им самый сложный материал.

Один из старейших работников института, связанный с ним почти со дня его основания, — преподаватель тов. Сильченко. Он проделал колоссальную работу как заведующий учебной частью института и как опытный преподаватель литературы. Студенты, оканчивающие институт, уносят с собой самые лучшие воспоминания о тов. Сильченко. Сейчас он занят кропотливым трудом по научному исследованию казахской литературы и готовится к защите диссертации для получения научной степени.

В институте немало таких преподавателей.

Кабинеты и лаборатории КазПИ хорошо оборудованы соответствующими приборами и экспонатами. Имеются показательные лаборатории, в особенности химическая, оборудование которой представляет огромную ценность. Достаточно сказать, что оборудованием своим она не уступает старейшим вузам страны. Хорошо укомплектован пособиями кабинет марксизма-ленинизма, в библиотеке его имеются труды Маркса, Энгельса, Ленина, Сталина, работы Канта, Фейербаха, Плеханова и других. В аудиториях и кабинетах проходит огромная работа. Даже после занятий до глубокой полночи тут занимаются студенты; тут же постоянно находятся научные работники, которые дают студентам необходимую консультацию. В кабинете марксизма-ленинизма вы встретите не только студентов различных факультетов, изучающих марксизм, но и самих преподавателей института. Библиотека института насчитывает 175 тысяч всевозможных книг. Эти

книги – ближайшие помощники студенчества, неиссякаемые источники науки.

При институте имеется факультет заочного образования, на котором обучается около тысячи студентов. Кто они, эти студенты? Большая часть их преподаватели аульных и районных школ – наша советская молодежь, желающая повысить свое образование.

В здании КазПИ помещается еще одно учебное заведение, являющееся его младшим братом, – это учительский институт, который можно считать вполне самостоятельной единицей. Кроме того, при КазПИ имеется подготовительное отделение наподобие рабфака.

Аспирантура – один из сложнейших участков работы института. Аспиранты – смена и пополнение славной армии работников науки и просвещения, и прежде всего они надежные кадры для самого института.

Сейчас КазПИ имеет двадцать аспирантов; этого, конечно, недостаточно, но по качеству это люди больших дерзаний, и на них возлагаются большие надежды. Через год – другой они станут руководителями кафедр, профессорами, опытными преподавателями. Даже и теперь они ведут преподавательскую практику, как, например, товарищи А. Токмагамбетов, Г. Мусабаев, М. Габдуллин, и приступают к самостоятельной научно-исследовательской работе. Своими первыми работами они уже зарекомендовали себя как способные и талантливые люди.

КазПИ – учебный комбинат больших возможностей, и недаром интеллигенция Казахстана, так же как и студенты, тесно связана с ним. Научные работники, педагоги, пропагандисты, писатели и работники искусств охотно приходят в институт. Дискуссии по вопросам литературы, научные конференции, доклады по марксизму-ленинизму, научные собрания – все эти мероприятия проходят в здании института.

Не увидите вы в стенах института малограмотную, починовничью самолюбивую и хвастливую толпу, которую в свое время зло и уничтожающе высмеял Абай.

Их ум, надменный и пустой,
Займет ли Салтыков, Толстой?

Иль толмачем, иль адвокатом
Выходит в жизнь из них любой.

Теперешняя советская молодежь, заполняющая аудитории КазПИ, прилагает свое усердие и энергию во имя интересов народа и во имя расцвета новой, социалистической культуры.

Среди студенчества есть немало очень одаренных юношей и девушек, которые заметно выделяются и обещают многое. Они, вне всяких сомнений, будут учеными в полном смысле этого слова. Из этой славной плеяды следует назвать студентов: Жармагамбетова, Даирбекова, Жубаева, Уварова, Казаханова, Кулумбетова, Тобылбаева и Тихоновскую. Им присуждены стипендии имени товарища Сталина. Это выдающееся событие было радостью и гордостью всего института.

Вот они, истинные сыны и дочери народа, смело шагающие по дороге просвещения. Большая творческая работа ждет их, развеяна вековая тьма, преграждающая путь к всеильной науке.

Не только Казахский педагогический институт является крупным очагом науки и культуры. Есть в Казахстане целая сеть разнообразных высших и специальных учебных заведений не меньшего значения. Это — медицинский, горно-металлургический, сельскохозяйственный, зоотехнический и ряд других научно-исследовательских институтов.

И во всех институтах учатся десятки тысяч молодых людей, впитывая в себя знания, готовясь стать не только специалистами своего дела, но и научными творческими работниками, могущими вести сложнейшую исследовательскую работу. Из них бьет ключом неиссякаемая энергия, они призваны для смелых открытий, достойных нашей великой героической эпохи.

Что могли получить учащиеся от тогдашних наставников — хальфе, хазретов, ишанов и мулл за свое двадцатилетнее пребывание в медресе?

Какие семена посеяли эти “мудрецы” в народе?

Ничего не стоили их хваленые медресе в Бухаре, лекции в Мекке, вместе с “Аль Азхари” в Каире.

Если мы соберем все знанья, которые можно было получить в Каире, Египте, Бухаре и Стамбуле, и попробуем сравнить с нынешними познаниями советского студента, то легко убедимся — прославленные медресе не могли дать

того, что дают книги, собранные в богатейшей библиотеке КазПИ. Очень метко в своих стихах осмеял Абай бесполезное пятнадцати-двадцатилетнее так называемое “ученье”.

Неправильно книгу читает мулла.
Чалма у него, как осенняя мгла,
Слепы его мысли. Он хочет казаться
Умней и сильнее степного орла.

Или в другом стихотворении:

Не увлекайся, чем попало.
Хоть знаний будет слишком мало,
Клади в фундамент мироздания
Кирпич во что бы то ни стало.

В данном случае Абай высмеивает хвастливых недоучек своей эпохи, думающих о несвершенных делах своих.

Если взять послеоктябрьский бурный темп развития техники и науки у народов Казахстана, то даже враги наши вынуждены замолчать, потому что эти достижения ослепят их.

Мы показали в данном очерке только КазПИ – один из крупнейших вузов в нашей республике. А их, как мы уже говорили, немало. Все они организованы для дальнейшего расцвета культуры народов Казахстана.

Питомцы КазПИ

Степь, истосковавшаяся по культуре, так же как и по воде, наконец-то утолила свою вековую жажду. В степи расцвели благоухающие цветы науки. И самые яркие из них были выращены в приветливых аудиториях Казахского педагогического института.

Питомцы КазПИ разбросаны по самым далеким аулам необъятной степи и там, среди народа, ведут свое скромное, но великое дело. Они обучают ребят грамоте, заведуют полными средними школами, а иные из них преподают в институтах, работают пропагандистами и сеют в народе великие идеи ленинизма. Многие ныне работают на разнообразных

участках культурного фронта, занимают ответственные посты партийных и хозяйственных работников.

Так, например, бывший студент КазПИ тов. Абдыкалыков — ныне нарком просвещения КазССР, тов. Талалаев — секретарь обкома КП(б)К Восточного Казахстана, тов. Артыков — секретарь Алма-Атинского ЛКСМК. А сколько бывших студентов КазПИ выдвинуто на руководящую работу в аулах и районах!

Иные воспитанники КазПИ стали крупными научными работниками и работниками искусств. Особенно большое пополнение дал институт в среду писателей. Если мы не будем пока говорить о молодых, начинающих писателях, и тогда это пополнение будет значительно. Среди них такие известные писатели и поэты, как Таир Жароков, Абдильда Тажибаев, Есмагамбет Исмаилов, Хажим Жумалиев, Али Исмамбетов, Кадыр Хасанов. Эти товарищи в свое время окончили КазПИ, а сейчас плодотворно работают на литературном поприще.

Основная цель КазПИ — дать республике высококвалифицированных педагогов. В этом направлении проделана титаническая работа, институт вправе гордиться ею. Институт ежегодно пополняет ряды педагогов с высшим образованием. Среди них имеются знатные люди, имена которых известны всему Казахстану.

В мае 1939 года Верховный Совет СССР наградил орденами и медалями лучших преподавателей нашей необъятной родины. Это знаменательное событие еще выше подняло звание народного учителя. Общую радость разделили и педагоги Казахстана, лучшие из них также получили награды. Среди награжденных — старейший народный учитель, один из видных писателей республики, Испандиар Кубеев, получивший орден Ленина, и молодой учитель Павлодара тов. Рахметов. Как мы видим, в числе награжденных и старики, и молодежь, вложившие свой труд в дело просвещения казахского народа. Высокую награду получили также бывшие питомцы КазПИ. Медалями “За трудовую отвагу” награждены товарищи Загира Куленова и Хан Валиев. Они только недавно вышли из стен КазПИ и за два—три года практики сумели стать отличными преподавателями.

Таких людей, преданных своему делу, являющихся самоотверженными бойцами на культурном фронте, немало

работает в далеких степных аулах, на железнодорожных станциях и в городах нашей республики.

О чем говорят цифры

Благодаря мудрому руководству партии и правительства, претворяя в жизнь национальную политику Ленина — Сталина, Казахстан стал культурной республикой. За двадцать лет своего славного существования он поднял эту культуру, национальную по форме, социалистическую по содержанию, на небывалую высоту.

Двадцатилетние достижения Казахстана столь велики, что с ними ни в коей мере не могут сравниться все достижения прошлых веков, несмотря на то, что еще задолго до революции казахский народ стремился к науке и знанию. Только в эпоху Сталина сбывлись вековые чаяния народа. Свидетельство этому цифры. Обратимся к ним.

В 1914—1915 годах в Казахстане было 2 011 школ, из них 53 средних и неполных средних. В те годы казахские школы отсутствовали совершенно.

В 1920—1921 годах, т.е. после организации Казахской ССР, было открыто 2 410 школ, из них 590 казахских. В 1927—1928 годах работало 3 944 школы и в 1 527 из них обучали на казахском языке. В нынешнем учебном году в Казахстане уже насчитывается 8 381 школа, из них неполных средних 2 244 и 1 443 казахских школы.

Колоссально выросло количество учащихся в школах. Если в 1914—1915 годах по всей территории нынешнего Казахстана насчитывалось 105 239 учащихся, то сейчас их 1 132 326 человек.

Дореволюционный Казахстан не имел ни одного вуза. Первое высшее учебное заведение основано в 1928 году, и обучалось в нем 119 студентов. Это был педагогический институт. В 1932—1933 годах число вузов уже достигает десяти, в них обучается 2 659 студентов.

Сейчас в Казахстане 19 высших учебных заведений, в них обучается 8 432 студента. Кроме того, имеются 120 техникумов с 26 331 студентом; тогда как до революции на территории нынешнего Казахстана было 7 учебных заведений наподобие ремесленных школ с 302 учащимися. В одиннадцати рабфаках Казахстана ныне обучается 2 574 человека.

Эти показатели являются ярким свидетельством бурного развития учебно-просветительного дела в Казахской республике. Они говорят о том, что казахский народ, абсолютно лишенный знаний до революции, в нашу эпоху стал просвещенным и культурным народом. Мы еще не назвали количества заочных институтов, курсов и ликбезов для взрослых, а они занимают немалое место в учебно-просветительной работе Казахстана.

В последние годы партия и правительство решительно взялись за ликвидацию неграмотности. Двадцатилетие Казахстана армия культурмейцев встречает под боевым лозунгом: превратить Казахстан в республику сплошной грамотности.

Наряду с учебно-просветительными организациями в Казахстане много других культурных учреждений. Организовано 514 детсадов, которые обслуживают 17 903 ребенка. До революции имелось в этих краях 146 библиотек, причем ни одна из них не была казахской. Сейчас в Казахстане 3 304 книгохранилищ-библиотек, в которых собрана литература на казахском и русском языках. 5 237 клубов также являются важнейшими очагами социалистической культуры. До революции в Казахстане было два музея и два театра. Сейчас музеев 25, театров — 38.

В городах, которые впоследствии вошли в состав Казахской республики, до революции насчитывалось около 20 кинотеатров, а сейчас в Казахстане их — 1 275.

До революции на территории нынешнего Казахстана издавалось 11 газет и 3 журнала, тогда как ныне издается 322 газеты и 28 журналов.

Все эти цифры говорят о культурном росте советского Казахстана. Казахский народ отныне может гордиться своей наукой, техникой и общей культурой. Все эти достижения являются результатом мудрой национальной политики Ленина — Сталина, они являются результатом отеческой заботы великого вождя, сердечного друга казахского народа, мудрейшего Иосифа Виссарионовича Сталина.

АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс деген тауды жайлаған Тобықты руының ішінде, 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскембай, үшінші атасы Ырғызбай. Бұлардың барлығы да ру ішінде үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Өскембай – Ырғызбайдың өзге балаларының ішінде ең дәмелісі болды. Сол кездегі Кеңгірбай маңайындағы ағайын-туысқан, іні-баласының бәрінен пысық, епті болыпты. Өскембай Кеңгірбай қартайған кезде атқа мінеді.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде ең алдымен, Кеңгірбайдың көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойын қашаңдау ұстауға тырысқан көрінеді. Рубасылар ортасында сақталып қалған сөздің бәрінде: “Ісің адал болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар” деген сөз бар.

Бірақ осындай болумен қатар, Өскембай елді күшпен, зорлықпен ықтырып аламын деп, асқақ мінезді көп қолданған.

Мысалы, бір уақыт ауылына жүгініске келіп отырған Мәмбетай деген кісіге ашуланып, мұрнын кесіп алғаны... сияқты ісі жаңағы айтқанға дәлел.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған. Құнанбайдың шешесі Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған деседі.

1850 жылы, 72 жасында Өскембай өледі. Зере байынан кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, 90-ға жетіп өледі. Мұның ақын болатын немересі Абайдың бала, бозбала күнінде бәрі Зерені “кәрі әже” дейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болады. Балаларына дұға оқытып, үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі Абай кәрі әженің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа оқу тәрбиесін көрмеген.

Мұның орайына жас күніндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша, батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде ер, мықты найзагер болып та саналған.

Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай кесек мінезді, қатты адам болғанға ұқсайды. Қаттылығы әншейін ғана емес, әке, шеше, жанашыр жақынға да бірқалыпты болған сияқты.

Ел билеп, іс басқаруға келгенде Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Сібір даласы “1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав” бойынша өкірікке бөлініп, “өкіріктік приказ” билейтін болған. Өкіріктің бастығы аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі өкімет чиновнигі болады (елдің көбі мұны майыр дейді). Үшінші мүшесі кіші сұлтан атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай аға сұлтан болады.

Бұрыннан өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес болып жүрген ру жуандары Құнанбайдың аға сұлтан болуын Құсбек, Жамантайдың партиясынан, патша саясатынан дегісі келмей, “Құнанбай басының қасиетінен” деп кеткен сияқты.

Сол кездегі атқамінерлер аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай “қарадан хан болған” деп аталады.

Құнанбай аға сұлтан болған уақытта, өз еліне старшындыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Майбасар тентек, ұрыншақ мінезді, сыйымсыз адам болған. Ел мұны адамшылық, ақыл, мінез жағының қайсысынан болса да басшы болып, ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген.

Майбасар қылығының салдарынан Жігітек деген ру бастығы Бөжей болып, Құнанбайға өкпелі болады. Бірақ бірде аға сұлтан болып жүрген Құнанбай, әрі сырт елдерге атақты, әрі үмітке салмақты болып ап, Жігітекті де, басқаларды да бойымен басып шыға берген. Сонымен алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ замандарға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібір айдатады.

Бұл кезде Абай ержетіп, ел меңгеруге кіріскен еді. Әкесінің Жігітекпен алысқан, Токпамбет үстіндегі, Мұсақұл үстіндегі

төбелестерінде баларақ болса да, ержете бастаған сайын, әкесі мұны ел сөзіне, ел ісіне жұмсай бастайды. Осы Құнанбай ісінің жоғарыда айтылған көп уақиға, көп тартыстары және барлық сол заманның мінездері ақын Абайдың бала күнінен бастап нық байланыса өскен ортасы еді.

Көп басты адамынан айырылған Жігітек талай заманға шейін “көзге қамшы тигендей” болып қалады.

Абай елді меңгеріп алған кезде, Құнанбай біртіндеп кеп ел сөзінен шыққан. Сонымен 72 жасында қажыға барып, қажыдан қайтып келген соң 8-9 жылдан кейін қайтыс болады.

Абай әкесі Құнанбайдың 41 жасында туған. Ақынның өз шешесі – Ұлжан. Тегі Құнанбай көп қатынды болған. Үлкен қатыны қыздай алған – Күнке. Бұдан туған баласы Құдайберді. Екінші әйелі Ұлжан – ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң келінін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі – Айғыз. Одан Қалиолла, Ысмағұл деген балалары болған. “Атадан алтау, анадан төртеу” дейтін Абай өлеңінің мәнісі осы. Төртінші әйелі – Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Күнкенің жасы Құнанбайдан үлкен екен. Берірек келгенде жасы ұлғайып, күйеуін күте алмайтын болған соң, Құнанбай Ұлжанның қолына шыққан. Бірақ Ұлжаннан туған балаларының бәрі бірдей өз шешесінің қолында тәрбиеленбеген. Үлкен баласы Тәңірбердіні жас күнінде Өскембай қолына алып өсіріпті. Ысқақты Құдайбердімен бірге Күнкенің қолында өсірген. Күнке ерте уақыттан бөлек ауыл болып кеткен.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешесінің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ бұлардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Қалиолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасындағы жалғыз баланың қалпында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға “Телғара” деп ат қойыпты. Кейін Абай ер жеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеден қойылған атпен “Телғара” дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертіс тұқымы болады. Ұлжанның әкесімен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңымен даңқы жайылған, белгілі мысқылшыл, тапқыш күлдіргілер болған. Бұл әдет Бертіс, Шаншар руына түгел жайылған мінез. Көрші ел, Шаншардың қулары дегенде, кісіні жазым қылып кететін ит-құсты сөз қылғандай сөйлейді. Жәрмеңке сияқты қалың жиындарда, бір жерде тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдің кісілері: “ойбай, Шаншар келе жатыр!” деп өрттен қашқандай дүркірей қашады екен. Бұл әдет Шаншардың мысқыл, мазаққа ұста болып, тауып айтқыш өткір тілдігінен туған нәрсе. Қандай жанның болса да мінін таппай қоймайды, мінін тауып алса, түңлігін ұшырғандай қылып соқтығады. Сөз табуымен кімнің де болса есін шығарып, есеңгіретіп кетеді.

Осы Шаншардың бұрынғы-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты “қуы” Тонтай болған. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен, бастан-аяқ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда Тонтайлар қалың қазақ ортасының үнемі көңілін көтеріп жүрген, таусылмайтын думаны, ұдайы қызық күлдіргісі. Бүгінгі Европа, Американың Чарли Чаплины, Бестер Китоны сияқты. Осы Тонтайдың інісінен туған әйел бала Ұлжан болады.

Ұлжан сабырлы мінезді кісі болған. Абай балалық шағын сөз қылғанда өз шешесіне қатты ырза болып, Айғызға іші ренжіңкірейді екен. Анау күндестікті көп сыртқа шығарып, білдірмесе де, Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы — өзгемен бірге көп қатынды семьяның зәрін татып өскендігін де сездіреді.

Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталып қалған. Ұлжан да өлерінде қалжың айтқан.

Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: “жазыла, жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас” деп айтты деген сөз, екінің бірі білетін мәтел сөз сияқты болып кеткен.

Осындай тапқыштық және біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік, нағашысы мен шеше жағынан Абайға да

мол келген. Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын жалынды жанды, өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақылмен сөйлегіштік көп пе, жоқ, шанышпа тілді, соқтықпалы, ащы мысқыл, улы күлкіге бой ұрғандық көп пе? Бұл екі ортасын дәл кесіп-пішіп айыру, ұзақ тексеруді керек қылатын шығар. Бірақ, біздің ұғынуымызша, соңғы түрі көп сияқты.

Құнанбай жанның бәріне суық болған қалпында, өзінің балаларына да қатты, зілді болған. Сол қаталдық, зілін, ауыр өмір бұйрығын жас шағында еріксіз орындап, Абай да әке мінезінің ауыртпалығын көп көреді, басынан көп кешеді. Ал Ұлжан мінезді адам болғандықтан орайы келгенде, өзінің бала, бауыр, қайын сияқтыларына мысқыл әзілді айта береді екен. Қалжыңмен жауаптасуды Абайға бала күнінен өзі де еккен сияқты. Осының бір мысалы: Абайды сүндетке 8-9-ға ілініп, ересек болып қалғанда отырғызса керек. Сонда Абай қашып жылап “құдай, бүйткенше қыз қып жаратпаған екенсің!” депті. Ұлжан соған: “Балам-ау, қыз болсаң бала таппас па ең, содан қиын боп па”, – дейді. Абай: “Ә, онысы тағы бар ма еді!” – деп қуанады екен.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның жолынан бөлек өзіне ғана хас, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер шағына шейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан енді қолға түскен азын-аулақ мағлұматтар бойынша Абайдың өз басының өміріне келейік.

Абай жоғарыда айтылғандай екі шешенің тел баласы болып жүрген, кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентектеу де бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері, үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды. Жай өмірде пысық, ширақ емес аңқау болғандықтан, өз шешесінің ауылындағы үлкендері: Құнанбайдың бұл баласынан да Күнкенің қолындағы Ысқақтан көбірек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек.

Абай он жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да біраз оқыған болады. Семейдегі алқашқы берген молдасы Ғабдұлжаппар деген

татар. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттерінің жанында медресе болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның барлығын да араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, түрік оқу, жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болу керек.

Оқушы мен оқытушының да барлық уақыты, түгелімен дін дінгегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша болу керек.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Оқуға өзімен бірге оқыған үлкен, кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітаптан молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін екінші ретте кітапқа қарамай, өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған деседі. Сонымен дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу Абайға өзге балалардан сонағұрлым оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп тімтіруге салынады. Өз бетімен оқитын кітаптары араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары.

Бұларды Абай, бала кезіндегі құлай берілгіш мінезі бойынша барын салып, көп оқыған болу керек. Оқуға кірген соң-ақ, балалық дегенді көп білмей, тез есейіп, ілім құған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған сияқты. Өйткені сол жылдары Абайдың араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, таңдап алған ірі ақындары болған. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай бәйіттерін ұзыннан-ұзақ жаттап алғандары да болған.

Сол бала күнінде жаттаған кей сөздері ұлғайып, көрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Абайдың 30 жасында туған баласы Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді “Пәлен кітаптың пәлен бетінде” деп, жаңылмай жатқа айтып отырушы еді дейді.

Осы сияқты белгілерге қарағанда, Абайдың медреседегі оқуы көбінесе “Мұқтасар” сияқты дін кітаптары болмай,

дені ақын сөздері болу керек. Ерте күннен әңгімелі, өлең сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмартқан талапты жас шәкірт, ақындық өнерін кәдірлейтін мінезді сол балалық шағынан ала шыққан.

Медресенің ауыр тәрбиесінде жүрген жас шәкірттің шын сүйетін жандары – Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Физули сияқты ақындар болған.

Бұлардың сөздерін Абай бері келіп ұлғайған уақытына шейін тастамаған. Әрқашан оқып, әрқашан сүйсініп еске алып отырған.

Медреседе оқып жүрген кездерінде, жаз болып елге қайтқанында қаладан ала қайтатын кітаптары тағы сол ақындар. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған.

Өзі оқымаса да, балаларын оқытып жүрген Құнанбай бір баласы Қалиолланы орысша оқытып, Абайды мұсылманша оқытып жүргенінде, соңғы баласына Сопы Аллаяр сияқты ақындарды көп оқытып, өзі де тыңдай жүреді. Сол кезде Абайдан Ысқақ артық болады дегендерге: “Не күтсендер де осы жаман қарадан күтесіндер ғой” дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен.

Ескіше оқыту тәртібі шынымен “инемен құдық қазғандай” өнімсіз оқу болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп жаңа дүниенің шетін ашқан сияқты. Алдымен ақындарды көп оқу себепті, Абай араб, парсы тілін сол үш жылдың ішінде жақсы біліп шыққан. Мұның белгісі сол заманнан қалған бірен-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз ғана араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, парсы тілдерімен Физули, Аллаяр, Бабырша айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Физули, Шәмси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз бұ һәммәси
Мәдәт бер иә шағири фәрияд!—

деп, өзі кәдірлеген ескі ақындардың әруағына сыйынумен бастайды.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз сияқты.

Абай оқуды тастап, елдің жас бозбаласы, жас жігіт болып жүрген кезінде де, осы ақындардан алған үлгі әсерден түгел айықпай, көкейінде көп сақтап еді. Сол кезде ұнатқан әйеліне өлең жазса әлгі ретпен кітапшалап жазады.

Әлифдек ай юзіңе ғибрат еттім,
Би бәләи дәртінә нисбәт еттім...—

деп, “әліп, бимен” жазған өлеңі, одан соң “юзи раушан, көзі гауһар, лағилдек бет үші әхмәр...” деген өлеңдері жас шағында қиялына қатты әсер етіп, тіл кестесінде өздерінің үлгісіне тартып алған жоғарғы ақындар әсерінен туады.

Абайдың жас күнінен бізге жеткен өлеңдері жоққа тән. Тіпті азғана. Сондықтан бұл туралы ақынның өмірбаянының ішінде ұзақ сөйлеуге орын аздау. Бірен-саран пікір болса ақындық жәйін тексерген мақалада айтылады. Абайдың нағыз ақындық белгісін беріп, өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады. Ол кездегі Абай арабшыламақ, парсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы “Приходский школке” түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады.

Жасы 13-ке толғанда, ерте есейіп, ақыл сезімі ашыла бастаған, өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу, тәрбие беретін мектептің есігі жабылады.

Екі-үш жылдай қырдан гөрі тәуірірек үлгі беретін қалада болғанда, ақын болатын баланың алған жалғыз ғана нәрлі азығы: Шығыс ақындарын тану, солардың сөздерін ынтасы ауып сүйіп, көксеу болады. Осындай дүние есігін енді ғана ашқалы жаңа ғана саңылау көріп келе жатқан уақытта, Абай аздаған біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі.

Оқу, білім, кітап тәрбиесі сияқты нәрселер осы қалғаннан көп уақытқа шейін бұйырмаған ас сияқты болып, Абайдан алыста қалады. 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай ел билеу жұмысына өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысында өзіне серік болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы. Бала болса да сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты сыншы болған Құнанбай, Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген деуге болды.

Баласын оқыта түспей, асығып алған себеп, жоғарыда Құнанбай өмірі туралы айтқан сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай өзі тұстас рубасылардың қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қылып алып, көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізген. Қарсысына шыққан рубасыларды үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, сондағы ішке байланған мұз аналардың көбінің есінен кетпеген. Құнанбайдың өз істері, өз мінездері бір болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де өмірі жүріп жуандап алған Құнанбайдың маңайында да талай сотқар туысқандары болады.

Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, “пәлен ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны” деген атпен, шамасы келгенінше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей берудің үстіне, тіпті Құнанбайдың дос боп жүрген ру басыларын да қажытып алған. Сол Құнанбай қарсысында жүрген адамдар Құнанбайдың өзі ғана емес, жаңағыдай жақыны, өрен-жараны дегеннің барлығына да жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретіндегі өшпендік жөнімен Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертең алысатын жауы есепте біледі. Оны да дұшпан санайды. Осының бір мысалын Абай өзі де айтады екен.

Бір күні жас бала өзен жағасында ойнап жүргенде, анадай жерде келе жатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар әкесімен араз. Бірақ Абай алдарынан көлденең шығады да, қол қусырып тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алса керек. Байсал жақтырмай: “Антұрғанның баласының сәлемін алып неғыласың?” – депті. Бөжей тоқтап, баладан: “Бізді көрсең сәлем бер деген әкеңнің үйретіндісі ме, жоқ өзің бердің бе?” – дейді. Абай: “Үйретінді емес, танып әдейі сәлем берейін, батаңызды алайын дедім” десе керек. Байсал сонда тағы да: “Жетпегірдің баласына тағы не бата беруші ек?” – деп, жүре бермек болады. Бірақ Бөжей жүрмей,

бата берді дейді. Батасында “жалғыз-ақ әкесінің мінезін бермесін” дегенді баса айтқаны Абайдың есінде қалыпты.

Осы бала оқуды тастап әкесіне көмекке келеді. 13 жастағы Абай, әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап, ептеп бастауына керек.

Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің “барып келінде” жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, келісім жасауға да ерік береді.

Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтып, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу, олқы түспеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Жас күнінен-ақ Абай өмірі әлденеше қиқы-жиқы, шиырға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кептейтін, ерекше халдарға ұшыраған.

Өзінің дене қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық сияқты өнерінің барлығын еріксіз осы жолға салған.

Ел кісісімен араласқанда, сөз керек, тапқыштық керек, кезеңді жерге келгенде, айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің тұсында өзгелер не сөйлейді, не істейді. Бұрынғы билер не айтып, не істеген. Өз әкесі қайтеді? Оған қарсы адамар не тәсілде? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тәсіле қарап, толық ұғынып, жете білуге тырысады.

Сонымен, балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел-тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түсетіндей білім алады. Бұл уақыттарда қазақтың ескі ақындары, кемел шешендері, жорықшыл батырлары, ерлері болсын барлығының жәйіндегі әңгімелер Абайға таныс дүние болып қалған.

Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға, ендігі тәрбиеші ұстаз қазақтың халық қазынасы болады. Осылайша ел даналығын танып, соны ерте

қамту, жас талапкерге жаңа зор мектеп болады. Бұл жөніндегі азық білімді ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен ділмәр, ақын, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жәйін баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулат, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың өзін бала күнінен естіп, танып, жаттап, тіпті тамашалап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс, жарыс сияқты өзге де неше алуан сан қазынаны әжеден, анадан, қонақ жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуанның зорлығы, қыздың мұңы сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүю Абайдың негіз іргесін қатал, суық билер ортасында ғана қалдырмай, халық мұрасына бейім етіп жүреді.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзіне соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру, “жақсы” деген шешендерге көп жайылған салт еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт сол білімді орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен сияқты көріне бастайды. Басында балалығының арқасында ел сөзіне қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта бастайды. Бірнеше рет жол көріп, көзі қанған соң елдің “пәлен жақсы, түген жақсы”, айла мен еп болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға, өзінен соншалық артық емес екенін сезеді. Абайдың өзінен үлкен кісілерден өзін кем санамауына себеп болатын тағы бір нәрсе – мұның оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сияқты, оқымаған адамдар болған уақытта, Абай олардың қасында өзін өзгерек көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде, өзінің үш жылдық оқуы дардай көрінген.

Бұған халық ескілігі, қазақ фольклорының мол байлығы қосылған соң, Абай аз заманның ішінде ел ортасындағы шешендік, жүйрік, жарыс сөзде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды.

Абай бұл кездерде үлкен-кішінің ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жәй сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен айтып жіберетіні де болады. Осы күнге шейін бізде Абайдың сөз байлығын, лексиконын тексерген еңбек жоқ. Бірақ қазақшасын оқыған адамның

барлығына Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін тану қиын емес. Сол байлық Абайда бала, жігіт күнінен құралып, өсіп келген байлық. Және шешендік өзі де тапқырлық пен кестелі сөзден, келісімді, ұтымды ойлардан құралғанда – ақындықтың бір ағайыны. Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, “ол кезде Абай ақын емес еді” деу қата болады. Абай сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған, күнде сынға салып, күнде безеп отырған ақын. Онысы және өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған ақындық. Ол, жүйрік шешен, әсем ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қара сөзбен айтылған тапқырлық, алғырлық. Бірақ Абай онда өзін “ақынмын” деп санамаған. Өлеңді де, дәл өлең түрінде, келелі тартыс үстінде аз қолданып, жәй ойын, қалжың, мысқыл түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арнаған сәлем хат, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғанның бізде жиылғаны: “Әліп, бимен” жазылған тілек хат. Сонан соң “Сап-сап, көңілім” деген өлең еді. Ол Сүйіндік қызына айтылған өлең екен. Бозбалалық шағында Абайдың қатты құмар болған әйелінің бірі осы қыз. Мұның ауылына көктемде бір жыл барып түнеп қалғанда, өз ауылымен екі арадағы өзен тасып кетіп, қайда барарын білмей қатты сасады. Қыздың ауылы мен өзеннің бұл жағасында отырған елдің бәрі ол күнде Құнанбаймен қатты жауласып тұрған кезі болады. Көзге көрінсе, кем қойса, сабалуды анық. Сөйтіп сасқалақтағанда Сүйіндік ауылының қызметшісі Ербол деген жігіт мұны бір байталға мінгізіп, өзі өгіз мініп, тасып жатқан өзеннен өткізіп салады. Осы Ербол мен Абай кейін жақын болып, көпке шейін сенісіп, достасып кетеді.

Абай – жас жігіт кезінен бері, тіпті, ұлғайып келген уақытына шейін, өз басынан махаббаттың көп романдарын кешірген адам. Сонда, әсіресе, жақсы көрген әйелдері – тоғай бойындағы Нұркен дегеннің қызы болады. Онымен Семейде Тінібай үйінде кездесіп, бір ай бойы барлық болыстық, партия істерін ұмытып, жүріп алған уақыттары болған. Сыбан ішінде сондайлық жақсы көріскен әйелі – Сабырбай ақынның қызы Қуандық. Бұл өзі де ақын қыз болған. Абай Аягөзге бір топ кісімен бара жатып, сол қыздың ауылына қонады. Абайдың қасында Сүйіндік

баласы Асылбек бар екен. Ол – Қуандықтың жездесі. Сол арқылы қалжындасып отырып, ақыры Қуандық пен Абай айтысып кетеді. Бұлардың айтысын Сабырбай үй сыртында тыңдап тұрады.

Ақын Абай ол кездегі қазақтың барлық басқа ақындарының үлгісімен ауызша айтатын, соған машықтанған ақын болады. Тегінде ақын емес кісі, бұрын ақын аты бар жүйріктермен өлеңмен айтыспайды. Ал Абайдың жаңағы ісі оның бір жер емес, талай жерде, жеңіл айтысқа батыл кірісе жүргенін дәлелдейді. Шешендік айтыстың қатарында ақындық айтыстың ілесе жүргенін сездіреді. Ол тіпті жазушы ақын болған кезінде, бертін уақытта да талай ұсақ өлеңін осылайша қолма-қол суырып сала айтатын. “Көкбайға”, “Қыздарға”, “Қара қатынға”, “Масақбайға” деген сияқты толып жатқан эпиграмма, әзіл өлеңдері жазушы Абай емес, фольклор көлеміндегі Дулат, Шөже сияқты ақын боп жүрген бір кездерін, әсіресе жастық кездерін анық танытады.

Жаңағы айтылған әйелдер сияқты, Абайдың жас күнінде қатты сыйлас болған, кейінде тәтті болып жүріп, әр кезде еске алып отыратын әйелінің бірі – Мұрын Тананың қызы Тұржан сұлу екен. Бұл кейін Сыбан ішіндегі Быжы деген өзбекке тиіп тұрғанда, Абай әдейілеп барып, амандасып қайтып жүрген.

Мінеки, жігіттік шағында осындай өзге көп жастың салтын қолданып, кейде ақындық өнерінің шетін шығара жүрсе де, Абайдың ауған жағы бұлар емес, ел келесіне атсалысқан шешендік пен алғыр, жүйрік билік болады.

Сонымен, ақыл-ойға, шешендік сезімділікке келгенде ерте ержеткен жас жігіт, сол уақытта-ақ өз ортасынан иығы асып, басып оза бастағанын сезгендей болады.

Жалпы ақылмен болжайтын сөздерге келгенде, біреудің айтып тоқтаған жерінің ар жағынан жаңа саңылау тамамын деп талап етеді.

Біреудің “таптым” дегеніне сынмен қарайтын, “жеттім” дегенін қанағат қылмайтын, ар жағынан асырып түсіруге тырысатын талап, Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше мінезі сияқты. Осы пікірдің дұрыстығын дәлелдеу үшін, ел есінде қалған екі-үш мысалды айталық.

Тегінде, Абай өзі жүрген ортада бастығы әкесі боп, барлық ол күндегі “жақсы” дегеннің шама-шарқын тез таниды. Оларда ескі паңдық, надан қара күш болмаса, нағыз

адамгершілік, шыны талант қасиеттің аз екенін таниды. Елдің күйзелуі күшті екенін, халықтың сыншы жыршылары айтқан сөздерден әбден біле бастайды. Бұл жағынан қарағанда өз әкесі бір күш иесі болса, соның қарсысында жуандар да ешбір жағынан абзал, әулие емес екенін біледі. Ұрлық, пара, пәлекорлық оларда да бығып жатады. Жалғыз-ақ баларақ шағында бұның әкесі, өзін бұған танытқанда “сол елдің телісімен, тентегімен алысамын” деп, өз жағын дұрыс қып танытады. Абай бері келгенше осының шынын дәлелдеп тани алмай, әке ығында, еріксіз бағынумен келеді. Бірақ бертін кеп танығанда сол әкесінің достары мен өзіне де сыншы бола бастайды. Соларды ең алдымен, “күштімін” деген жақтары – жүйріктік, шешендік, озғындық жағынан төңкеріп тонамақ боп, соқтыға бастайды.

Сонымен, Абай өз қайратына сенімді көзбен қарап, өз ойына өзі ие бола бастаған соң-ақ, ел ішінде кез келген шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетпесе ырза болмайтын болады.

Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте әкесінің жұмсауымен барып, сөйлескендердің барлығына да осы мінезді істей бастаған.

Абайдың жас жігіт кезінде Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болған. Көп елдің сынынша шешен, жүйрік атанған кісі. Сол Қаратай бір күні Абайдың өзі құрбы жас жігіттерімен жиналып отырған үстіне келіп, жастардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Онда Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: “Сіздің заманыңызда көрші елдің арасында бір қол кісі болып, жиналып алып түн қатып жүрмесеңдер, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан, “өні алып кетті, міні алып кетті” деп, кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?” дегенде, Қаратай дау айтып келіп: “Менің заманым пайғамбарға жақын” депті. Бұған қарсы Абай: “Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Рақым, жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Хазірет Әлінің әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған” депті.

Осы сөзді Қаратай Құнанбайға келіп айтқан соң, әкесі Абай келгенде әдеттегі қаттылық, суықтығына салып, көп сөз айтып ұрсыпты. Абай үндемей тындап алып, сыртқа шығады. Сонда Қаратай келіп: “Бала, қалай, қайсымыз жақсы екенбіз?” дегенде, Абай: “Бәсе, қайсымыз жақсы екенбіз? Біздің тобымызға, ортамызға жалғыз өзің келіп ойдағыңның бәрін айтқанда, түгелімен қол қойып, тыңдағаннан басқамыз жоқ еді. Сендердің ортаңа келсек, қыруар жанды жалғыз шалың ауызға ұрып сөйлетпейді” депті. Осы қағысудың тұсында әке заманы, бала заманының айырмасы ғана айтылып отырған жоқ. Екі буынның біріне-бірі қайшы, қарсы көзқарастары да танылады. Ел мен елді атыстырып, шабыстырған бұрынғы пәле басы “басшы” болыстарды сынаған, жақтырмаған сарын бар. Өзін ел мұңына, ел тілегіне жақын адам сезініп, “сол ел тілегіне бейім болсаң жақсысың, болмаса өзің де жақсы емессің, өзің билеп қалыптаған заманың да жақсы емес” деген саналы жаңа жастың, жаңа адамның аңғары сезіледі. Осылайша бірін сынаудан бастап өз уақытындағы, өзінің ар жағындағы үлкен жүйрік дегеннің әрқайсысына да ұрынып қалып отырады. Бәрінің де шама-шарқын сынап алып отырады.

Жаңағы сияқты біраз сөзбен Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса – Құнанбай тұрғылас адам. Өз ортасының шешен жүйрік деген маңдайалды адамының бірі. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжілісте отырғанда (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек), үйдегі балаларының атын атап, Садуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: “Бір адамға екі бірдей кісінің атын қояды екен! Ол Сағд бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?” – депті.

Осыдан Мұса Абайдың тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, Абайдың бірталай кісінің мәжілісінде кіршіме* ішіп отырғанда үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Абай Мұсаны мәжіліске кіргізуге шақырғанда, ол: “Жоқ, бұл нәрсенің аты кіршімә, тегі ноғайдың “кіршім?” деген сөзінен болса керек. Сондықтан кіріспегенді мақұл көремін” депті. Бұл сөзге Абай: “Менің ойымша, ең әуелі

* К і р ш і м е деген сөздің тегі орыстың қоршма дегенінен шыққан. Ескі орыс тілінде ішкілік орны, қабақ көтер деген мағынада.

бұл сөз ноғайдың тілі емес, парсының “гәршама” — “шамаға қарай” деген сөзінен болуға қисынды. Екінші, әрбір нәрсенің ісіміне қарай жисмин* ала ма, жисмине қарай ісімін ала ма? “Алма” деген — жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба?” — депті.

Осы сияқты жұрттың тапқыр деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойұсынбайтын ізденгіш, өр мінезді қасиетін Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай әлденеше оқталып бір нәрсе айтқысы келіп киліге беріпті. Сонда Құнанбай “тек отыр” деп тоқтатып тастайды. Артынан ел арылып жиыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденендегені үшін наразылық айтады. “Маған біткен саған да біткен екен. Алдыма кісі түсірмеймін деуші едім. Шіркін, Қаратай-ай, Бөжеймен де сол араз қып еді, сені осыған баулыған да сол ғой” депті. Абай көп көзінше әкесімен таласқан кінәсін мойнына алады. Содан кейін Құнанбай:

“Кезі келгенде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын:

Ең әуелі — сен жұрттың бөріне күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге кәдірің болмайды.

Екінші: көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын желбегей жүрген кісінің басына ел үйірмейді. Ел алатын қылық ол емес” депті.

Осыған Абай: “Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бөріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін” дейді. Екінші сөзге: “Қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы “айт” десе өргізіп, “шәйт” десе жусататын заман болған. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап, “шөк” деп дыбыстаған уақытында аңырайып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны ақ қар, көк мұзда, қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы

* Ж и с м и н — заты деген сөз.

ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие болады” депті. Әкесімен осы айтысқан сөзі Абайдың бұрынғы жуандардан біржолата бөлекше, өзгеше зор програмын көрсетеді. Алдымен әкесінен өзгеше болмақ. Бұдан халық мұңын ойлаған, халыққа адал еңбек етем, сонымен халық көпшілігімен қабыса “табысам” деген тілек бар. Осы сөздің артынан ол өзі тұстас рубасының жаңағы әкелерге ұқсаған, солар ортасына ұқсаған мінез-әрекеттерімен алысуға бекінеді. Ең алдымен әкенің ырқынан шығады. Өзін: “елге пайдалы адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана, жақсы адам боламын” деп есептейді. Бұл жөнінде ол өз алдында, осындай ниетпен шыққан басшыны көрген жоқ еді. Өзі тұстастың бәрі де ескіше жуан еді. Сол ортадан үнемі етек бастыны, үнемі қара күштің қарсылығын көрумен күн кешеді. Бірақ олардың кәрісіне де, жасына да бойұсынбайды, ірге бермейді. Менсінбей алысумен кетеді. Кейде надандықтарын мазақ етеді.

Жаңағы сияқты мінездің белгісін Қаракесек Алшымбайға да көрсетіпті. Абай Алшымбай ауылының күйеуі болады. Үлкен әйелі Ділдә – сол Алшымбайдың немере қызы. Ділдәні алғаннан кейін Абай Алшымбайға сәлем бере, амандаса барады. Қайтарда қайны әдет бойынша “қалаған-сұрағаны бар ма” деседі.

Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенді айтады. Мұны Алшымбай бере алмай, батамды алсын дейді.

Абай: “ондай батағөй шал өзімде де бар” деп, Алшымбайға бармай кетіпті. Өз тұсындағы рубасыларымен кездескенде жас Абайдың қолданатын мінезі осы сияқты. Ол көпшілігін менсінбейді, місе қылмайды.

Абай жаңағыдай өз талабын алға қойып шыққан кезде жалғыз Тобықты іші ғана емес, бүкіл қазақ даласының барлығында штат партия таластарынан туатын алыс-жұлыс өте көп еді. Оның түбі патшалық саясатының рубасылары ортасына әдейілеп егіп тұратын әрекеттік айналасынан болатын. Неғұрлым тартыс күшті болса, соғұрлым даланың ісі ру басылар арқылы қалаға кеп сарқатын. Әмір иесі болам дегендер дала мен қалада бірдей алысатын.

Патша үкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрын аға сұлтан, беріде болыс, би, елубасы, старшын деген ортаның өзі де, өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: “Болыс болдым, мінеки”, “Болды да партия”, “Бөтен

елде бар болса”, “Қалың елім, қазағым” деген сияқты көптен көп өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортаның жиренішті, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет-машықтарын – ақын таниды. Патшалықтың парақор ұлық-жандарал, ояз, начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған жаңағы атқамінерлер – қоғамдық тірлікті ылайлаған неше алуан мін мен дертке толы еді. Ең әуелі патшалық заңоны, сот, әкімшілігі қазақ ішінде атқамінер ортасының айла-тәсіл, салт-індетінен түк білмейтін. Бұлар мойындарына құрық түсірмейтін қашаған сияқты боп, олақ заңонды олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы көп атқамінерге машық болған бір мінез өтірік арыз болатын. Өштескен адамнан ең алдымен ауылда, қара күшпен, қолмен есе алуға тырысады, ол болмаса, жауын мықтап жоймақ болса ұлыққа шабады. Онда, “кісі өлтірді”, “ауыл шапты”, “жер өртеді”, “патшаны жамандады” деген сияқты неше алуан жалалар ойлап табу, сол үшін сот алдында жан беру, өтірік куәлар салу – жиі кездесетін іс болатын. Немесе, бір жағынан жаңағыдай арыз беріп, жала жауып қойып, артынан қыр жөнімен табысып, татуласып алып, сол жауын қайта барып сот алдына, жаңада қиялап өздері ақтау, бұрынғы айтқанын қайтару сияқты әдеттер де толып жатады. Өздері парақор, өздері қолдарына ұры ұстағыш, мөр басқыш, приговор бергіш, би, старшын ел басылары да сансыз көп болатын. Ұлықпенен жемтікес болып, парамен “ақты” қара, “қараны” ақ дегізе алатын айлакерлер де мол еді. Сөйтіп, ол күндердің арыз, тартыстарын тексергенде кім кінәлі, кім ақтан күйген екенін айыру тіпті қиын болатын. Көбінесе кінәлі жаза шекпей, кінәсіз ақтай күйетін қалдар да аса көп еді. Әсіресе ел жуандарының тартысы момын елге, көпшілікке сор болушы еді. Әсіресе ел жуандарының тартысы олардың өзі емес, ел шығынымен, ел бейнетімен бітуші еді. Абай ел ісіне араласқанда, басында әке ырқымен кетіп, соның күндестерімен еріксіз жауласатын күнге душар болды. Сол әке мен әке достарының бала басына қалдырған ауыртпалығы зәредей болса да, ол еріксіз сол тағдырына көнуге міндетті болды. Бірақ сол зәрді іше жүре, әділетсізді, қиянатты таныды. Өз ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен жуандар ортасы екенін таныды. Соны жоғарыда әкесімен айтысқан жерде анық білдіреді. Енді құнсыз, залалды мінездермен алысып, тым құрыса пайдалы азамат болғысы

келеді. Бірақ бұның ол жолын ұққан жуан жоқ. Олар өз машығына тартып, Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болды. Солардан бас қорғау ретінде және бір жағынан жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысатын болды.

Сонымен, осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың астар жағы, екінші бір саласы үйез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым пішінінде болады.

Қалайда болса, ел ішінде Абай өз бетіне жүре бастаған соң-ақ, аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ешкімді де шақпайды. Бірақ арыздар бойынша мұны жазаламақ болған ұлық 1872–73 жылдың қысында оны қалаға шақыр-тады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қала-сынан 3-4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден тергеу болса да, Абай бірде-біріне жығылмай ағарып, аман шығады. Біздің қолымызда Абайдың осы жолы тергелген істері қандай-қандай екені туралы мағлұмат жоқ. Бірақ кейін Абайдың өмірбаянын толықтырып, түгел тексеремін деген кісі осы жұмыстарды түгел қарастырып, танысу өте қажет болады.

Сонымен, Абай 79-жылдарға шейін бір жағы әкесінің ығында болса, екінші жағынан сол әкесінің басындағы міндеттерді амалсыз арқалайтын болды. Әкесінің барлық жаулары, барлық талас-тартыстары түгелімен кеп Абайды басады. Ел билейтін кісілік пен “сол кісілік” жолындағы партия майданы бас балуанға Абайдың өзін жырып шығарады.

Бұл жолда алғашқы жекеленіп шығу жаңағы 12 тергеу-ден басталуға керек. Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де, әлденеше халда кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу, бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтыларымен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдіру керек. Әрине, осымен қатар орыс тілін білу, әлсіз жағын ұғыну Абайға жаңа міндет сияқтанады.

Қыр тартысын ұлықпен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуга болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады? Осының бәрі Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді. Ел ортасында жетер өріс, алар нәр болса бәрін таныған, баураған Абай, өзінің ойшыл, жүйрік сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей, ілгері қарай дамуды, жаңа азық, нәр табуды талап етеді. Арыз үшін, ұлық үшін емес, білім-тәлім, тәрбие үшін көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың тілін білу керек. Оқу, зерттеу, іздену керек.

Сонымен, алғаш рет орыстың тілін іздеп, оқу біліміне барынша құмартып көңіл бөлу осы кезден басталады. Бұл уақытқа шейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену жаңағы істің тұсында, сол 27-28 жасынан басталады. Бірақ алғашқы жылдардағы қарастыруда үнемі салынып іздеген іс емес. Қалада болған уақытта оқта-текте қарастырады.

1872—73 жылдардың қысы жаңағыдай боп өтсе де, Абай ел жұмысынан босай алмады. Құр тергеуге ілдіргені болмаса, жаулары да жеңе алмаған. Бұрын дос тұтып жүрген елі әлі де болса мұның қасында қалған.

Бұл уақыттарда Абай қыр жұмысын жалғыз әкесінің ғана нұсқауымен жүргізбейді. Өз жанынан жаңалықтар тауып, өзі сүйген жолдарын да қолдана бастайды.

Абай әкесі қолданған бұрынғы қара күш орнына зорлықтың ешбірін де қолданбайды. Жоғарыда әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Патшалық күшін Құнанбай қолданса да, сонымен қатар қыр жолымен, өз күшімен қол қимылын жұмсау да аса көп болған. Мысалы үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ та болады.

Сонымен Абай 29 жасқа толғанында, қарсысындағы рубасыларды ең алғашқы рет емін-еркін басып, жеңіп алады. Жеңгенінің белгісі өзімен көп алысқан, Оразбай Аққұлы баласының ауылында болған сайлауға жанына туған-туысқандарынан ешкімді ертпей, өзі тапқан достарын қасына алып барып, үйдегі Ысқақ деген інісін болыстыққа сайлап қайтады.

Ысқақтың алғашқы болыс болғаны 1873 жыл, Абай сол Ысқақты ұдайымен үш сайлауда 9 жыл болыс қылады. Осыдан кейін оқта-текте болмаса Құнанбай баласы, Құнан-

бай немерелері болыстықтың үнемі иесі болады да, өзгенің бірде-біріне тимей қояды.

Абай осы кезге дейін өзінің ақын екенін білсін-білмесін, бірақ өз басына ақындық іс екен, жол екен, уақыт бөліп, еңбек қылатын кең өріс екен деп білмеген.

Тегінде, Абайдың жас шағында айтқан ірі өлеңдері өте көп болмау керек, ұсақ жағы көп. Оны да қағазға жазбай, орайы келген жерлерде қалжың сөз ретінде ауызша айта салып, артынан өзі де ескермей, ұмытып қала берген.

Сөйтсе де, қолға түскен бірен-саранның айтылған себептерін қарасақ, көпшілігі біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ аралас өлеңдер. Бұларының бәрі де өлең қылған кісінің көзіне қалжындап, күліп айтқан сөз сияқты. Абайдың ерте баста айта бастаған өлеңі осы тәрізделеді.

Екінші түрлі өлеңдері – қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат өлеңдер, ол жайын жоғарыда айттық.

Одан соң жігіт күнінде Сүгірдің қызына құмар болып, “Ақ етің аппақ екен атқан таңдай” деген бір өлеңі болса керек. Бірақ ол өлеңін түгел білетін кісі кездеспеді.

Күлкімен қалжың қылып айтатын өлеңді Абай бала күнінен бастаған көрінеді. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір ауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл, кішкене Абай болашақ үлкен сатирик Абайды танытқандай. Кейін айтатын қалжың өлеңнің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылдар, әр жерде, кейде ұзақтау болса, кейде бірер ауыз ғана қалжың өлеңдер айта жүріп, Абай жаңағы Ысқақ болыс болған жылдарға келеді. Бұл уақытта бір деген басшы кісі атанып, айтқаны кімге боса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып, күндегі істі інісі бастағанда, өзі елдің сыртқы шеңберін ұстап, үлкен таразысын бағатын кісі болады. Кісілік, билік барлығының тұтқасы Абай болады. Дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын, билік съезін түгелімен өзі атқарып, өзі басқарады.

Осылайша, сырт жағынан қарағанда, біраз тыныштық сияқтанған халмен тіршілік еткен кезінде Абай өзінің, өзге әмірші биден өзгешелік пішінін таныта бастайды. Бұрынғы атқамінердің паракорлық, өз жағына бұрғыштық, әділсіздік мінездерінің бәрінен аулақ, барынша әділ, шыншыл болуға тырысады. Өз ортасына бұл жағынан үлгі, ұстаз

болғысы келеді. Осымен қатар енді ілім-білім өрісін табуға беттейді.

Жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыстың тілін мықтап оқиды. Қалада жатып едәуір тіл білген соң, енді көп кітап оқуға кіріседі.

Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды кітап алады. Кітапты тәртіппен, ретпен оқымаса да, пәлен жақсы, түген жақсы дегендердің сөздеріне, бірі артынан біріне ауысып, құмарлана қадалып оқи береді.

Бір жағы ел сөзі, ел жұмысымен жатса, екіншісі әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін де Семейде қысқы айларда ұзақ уақыт жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды.

Осымен 35-36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербурдан айдалып келген төңкерісшіл, халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис ол кезде жас. Петербур университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі болса керек.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады.

Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, тату адамдардың қалына жетеді.

Михаэлис осы барғаннан Семей облысынан қайта алмай 40 жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, арғынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міні, осы уақыттардың барлығында, алғашқы рет таныс болып алған соң Абаймен ұдайы кездесіп, немесе хатпен хабарласып тұрған. Бергін келе Абайдың ауылына қонаққа да барады. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 80-жылдарда айдалған басқа халықшылдармен де танысқан. Соның ішінде халықшыл адвокат — Гросс, жас доктор — Долгополов сияқтылар болған. Гросс айдалып келген соң, қазақтың ескі жобасы бойынша айтылатын билік — келісім сияқты ескі әдет заңдарын жиып қарастыруға салынған. Сонымен, бұ да Абаймен араласып, қырға шығып 3-4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан. Кейінірек уақытта Абайдың ауылына Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді.

Абайдың қазақтан басқа, ел адамдарымен танысуы жалғыз бұл аталған кісілермен бітпейді. Патшалық үкіметімен араласып, қаторгіге айдалып, Сібірден қашқан Кавказ

адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Шәмілдің баласы, Тәштемірдің баласы деген адамдардың да Абай қолына келіп, ат мініп, пұл алып кетіп жүргендері болған. Тәштемірдің баласын бір жаз бойы қонақ етіп, күтіп аттандырған деседі. Қазан татарынан шығып солдаттықтан қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Кішкене молда деген кісілер елде Абайдың туысқаны сияқты боп, қазақтан қатын алып, біржола қазақ боп тұрып қалғаны да бар. Патшалық үкіметі бұл жөндерде Абайға қырын қарап, ауылына бірнеше рет тінту шығартқан. Ал Долгополовтар шыққанда жасырын полиция арқылы қырда астыртын надзор жасатып қойғаны да бар. Бұл жай — соңғы жылдар Семей архивінен табылған “Долгополов ісі” деген істен әбден анық болып отыр. Абай өзіне білім берер, жаңалық айтар дос іздеген уақытта чиновник төреден іздемей, бергін келе ылғи жаңағыдай адамдарды дос тұтады. Соларды кәдірлейді. Солар арқылы өз мағлұматын зорайтып, осылар ұсынған кітаптарды оқиды. Бұл жағдай Абайдың өздігінен оқып, өсу жолында өзгеше жақсы жағдай болады. Керекті, дұрыс өнімді бағытпен барып, Европа мәдениетінің ең қымбат қазыналарына қол артуына себепші болады.

Осындай өзгеше достардың барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен пайдалы әсер еткен кісі — Михаэлис. Михаэлистің істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай кейінгі уақыттарда “дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис” деп, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандағы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), әр тарау жолдардан мағлұматтары болған мәдениетті адам. Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен ұстаз есебінде бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай, енді Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, фәлсафа, тарих, табиғат ғылымдары, әлеуметшілдік жайындағы кітаптарға шейін тарау-тараумен, жоспармен оқитын болған.

Осы бетпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан — Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писарев, Европа ақындарынан — Гете, Байрон; фәлсафашыл, табиғатшыл, білгіштерінен — Спенсер, Спи-

ноза, Луис, Дарвин, тарихшылдарынан – Дрепер сияқты талайларды оқыған.

Алғашқы кезде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиет пен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып оқып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып шығып, елде де қарастыратын болады.

Әдебиет тұсында жалғыз орыс жазушыларымен тоқтамай, Европаның көпке жайылған романшыларын да оқыған.

Әр-беріден соң сол кітаптарды өз оқуымен қанағат қылмай, маңайындағыларға әңгіме қылып, айтып отыруды әдет қыла бастайды. Со 35-40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласындағы үйездік школға оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп ұзақ оқып кетеді.

Артынан біраз жылдан соң, үшінші баласы – Мағауияны да, әйел баласы – Кұлбаданды да әкеп, орыс школына береді.

Абай енді Семей қаласының үйез, жандарал, судьялар сияқты құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлдем басқаша адамдарды тапты. Ұлықтардан білімді, ой-санасы сонағұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Гросс сияқты зор білімді кісілердің мәжілістерінде болып, өзі де ғылым зергтей бастайды. Абайға жаңа жарық дүниенің шеті енді ашылғандай болады. Сонымен, 1884—85 жылдары, жасы қырыққа таман ілінгенде Абай дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы, ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонағұрлым қырағы, озған кісі болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейінгі Абай елге де құр Құнанбайдың баласы болмай, ең алдымен өзге “жақсы” дегеннің бәрінен білімі, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды. Көптің ұғынып жүрген құр сөз “жақсысы” емес, Абай ең алдымен білгіш, кемел, шешен, жүйрік болып санала бастайды.

Енді өз елімен кейде келісіп, кейде келіспей жүрсе де, сырт елдердің сөз ұғарлық тәуір деген кісілері Абайдың атағын көп естіп, әңгіме-мәжілісіне құмар бола бастайды. Бұлардың ішінде өз ортасындағы басшылық үстемдікті нық ұстап қалам деп, өз уақытындағы әр алуан қоғамдық, шаруашылық жаңалықтарға бойұсынып ойыса бастаған адамдар да бар еді. Абай тегінде білім алып, өзге бұрынғы ескі үлгідегі ру-

басыдан басқаша болғанда, сол ортаның өзін де өзгертіп, түзеткісі келеді. Елге пәле әкелуші емес, қоғамына пайдалы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді. Сол өз ортасы өзінше жаңғырып, өнерленіп, жаңа заманға бұрынғылардан гөрі көбірек үйлесіп, мәдениетке ие болсын деп тырысады. Осындай бағытын ұғар-ау деген адамдарды өз елінен де, басқа елден де тапқысы келеді. Өзіне қосарға алуға тырысады.

Сонымен, көбінің өз тілектері бойынша Абай құда болып, кейбірімен сыйлас, тамыр, дос болады. Жалғыз Семей үйезі емес, Қарқаралы, Өскемен, Аягөз айналасының рубасыларымен де жақындық таба бастайды. Абайдың атағы мен дәрежесі Тобықты емес, сан Тобықтыдай елдерге жете бастайды. Бұрынғы шешендік, зеректік, сыншылдықтың үстіне европаша жақсы, сенімді құрал тауып алған соң, Абаймен қай елдің мақтаған “жақсылары”, атақты шешендері болса да, тіресіп сөйлесіп, пікір таластыруға жарамайтын болып қалады. Қай-қайсысы болса да, сыртқы даңқы зор болғанмен, Абайға келіп кездескенде дүниені болжар білімі, шалымы жоқ болғандықтан, Абайдың қасында білгіштің қасындағы наданның халінде қалып отырады.

Сонымен, Семей қаласында болсын, басқа дуандарда болсын, бірнеше үйез елдердің болыс, билері бас қосқан үлкен съездерде Абай өзімен толық тең түсіп, толық мәжілісте болатын қазақ кісісін көре алмаған.

Бір Тобықты емес, өз туысындағы қазақтың қайсысынан болса да өзінің сонауғұрлым озып кеткендігін сезген. Осыны сезіп, ұғынуының арты, қазақ еліне әмір жүргізуші жуанның барлық жай-күйіне бұрынғыдан да өткір, қатты сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озған ойларды ойлай бастайды.

Абай енді тентек-тебіз, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінездердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін көреді. Сол терістіктерді түзететін тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып, ұстаз бола бастайды.

Сонымен, 40 жасқа толған Абай енді өз ортасының ақылды, ақылшы басшысы болады.

Отыз жасқа шейінгі өмірі өз ырғынан басқарак, әке тізесімен өткен болса, ендігі өмірді, жаңа құрылған негіз, пікір бойынша жаңа мағыналы түрде өткізгісі келеді.

Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына Европа оқығандарына таныс болып, кітап жүзінен алған пікір, тәрбиесі де қосымша себеп болады. Сонымен қатар, ауысып, өзгеріп келе жатқан заман жайындағы өзінің ойлаған ойы, жаңа түсініктері әсіресе себеп болады.

Өз айтуынша, “Отыздың ішінен бастап Европа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп, “күншығысым – күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті” дейді. Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан, соның ағымына ақыл-ойымен терең бойлайтын әдеттер табады. Мәселен, Будданы оқып шыққанның артынан: “Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау” деген сөзі, не болмаса өмір бойы Лермонтовты сүйіп: “Бұл махаббатқа уланған шын ақын, махаббатын улаған ашу” деген сияқты сөздері бұның шығыс, батыс өнерін аса зор бағалай бастағанын көрсетеді.

Осы сияқты өзгерген сана, жаңарған ұғым, бағыт бойынша Абай енді өзі мінеген партия тартысынан айығып, аршылып шығуға тырысады. Бірақ ортасы мен айналасы Абайды бұдан түгел босатпайды. Еркін өзіне билетпейді.

Ерте ояндым, ойландым жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ, –

дейді.

Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме! –

дейді. Ақыл айтады, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де теріп, өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды.

Осыдан соң сыртқы өмір бұның ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне бұны еріксіз көндіріп, ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың ойы мен ісі екіге бөлінеді.

40 жастан асқан соңғы Абай бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі – бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманның ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі – күндегі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмаған, ел меңгеруші Абай.

Абайдың ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айрылады. Заманнан ақыл сезімі артып, озған жалғыздың трагедиясы (қайғысы) туады. Сол қайғысы сыртқа шығатын бір жол болу керек. Абайдың ендігі ұғынуы бойынша, сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз болса, оған өзі ішінде толып жатқан жартылық бар. Ойына жиылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін сырт көзге көрсетіп, іштегі өкінішке тыныс ем етерлік нәрсе, ақындық болады. Сонымен, 1884–86 жылдардан бері қарай Абайдың нағыз өнімді ақындығы басталады.

Енді бұл кездегі Абайға ақындық үлкен қадірлі мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп танылады. Ол – надандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріскен еңбегі. Абайды кейінгі буынға және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға, нағыз кәдірлі Абай етіп көрсететін еңбегі. Ақындықты сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық, надандықпен кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады.

1884–86 жылдардан бастап, Абай осындай өлеңге кіріседі. Бұлайша кірісуіне себеп болған нәрселердің барлығын мәлімдедік.

Бірақ осы жылдарға жаңағы айтылған жәймен қатар, Абайдың ақындық еңбегінде сыртқы өмірдің үлкен бөгеттері тағы араласады.

Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ-мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен, ел ортасындағы жалпы наразылық күшейеді. Ырғызбаймын деу: орынсыз еркелік, орайсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген билет сияқты болады.

Сондай себептер жиылып келіп және рубасылардың тек жүре алмайтын пәле іздегіш мінездері де себепші боп, Абайдың туыстары мен сол ел жуандарының екі арасынан зор тың тартыс туады. Абайдың өз басы кінәсіз болса да, тек отырайын десе де, жау жағы да, өз жағы да еркіне қоймайды. Жақындары пәлені бастап алып, салмағын Абайға әкеп тастайды. Күншіл, кекшіл, арамза атқамінерлер де Абайдың

ақтығына, жазықсыздығына қарамай, арызбен шағым айтса, ылғи пәле басы қып Абайды атайды. Соны сүйейді. Осы мінезді бұрын Абайға жақынмын деп жүрген кісілер алдымен бастайды. Ең алдымен, бұрынғы дос болып жүрген Ербол, Жиренше, Күнту сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішінде Абайдың “Күн ашықта қойнында” дейтін күнсыз, бұзақы ағайындарынан да қосылушы болады.

Кісілік, әкімдік болса оны таласып, алатын да солар. Жаманшылық бұзық мінездерінен ел бөлінгенде пәледен бас сауғалап қашатын да солар. Өз мінездерімен Абай басына пәле әкеп тастайтын да солар. Мысалы, Шыңғысқа ол кезде болыс боп тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Өз қолымен Жігітек ішіндегі көрнекті атқамінерлердің бірі Бұламбай дегенді сабайды. Тоғалақ руынан Мақсытбай дегенді сабайды. Болыстың қатыны кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеуіз ұстатып алып сойғызып жатады. Осындайлар бұларға жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түгелдейді. Сондай кісілер болып жиылып кеп, Абайдан өтініш етіп Ысқақты түсіруді сұрайды. Абай Ысқақ мінезінен өзі де жиреніп, жаңағылардың дегенін істеп, оны орнынан түсіртуге себепші болады. Бірақ оның есебіне басқа біреуі сайланып, Ысқақтардың іс жүзіндегі үстемдігі қайтадан сақталып қалады.

Сондықтан сайлау басынан кете бере өздерінің біреуі сайланбаған, сол үшін өкпелі болған жаңағы Жиренше, Ербол, Абралы, Күнту бастаған бірнеше рубасылар біріне-бірі сыр шешіп, серт байласады. Енді Абайдың қарсысына бұрынғы досымын деген кісілердің өздері басшы боп, шығысатын болады. Келесі сайлауға әзірленеді.

Бірақ, жаңағы сайланған кісілер болсын, өзге ел болсын, қай-қайсы болса да нақ сайлау күніне шейін сырттарымен баяғыша Абайдың ала көңілсіз досы болып жүреді. Не істесе де бірде-бірін Абайға айтпайтын, сездірмейтін болып, барлық дос атаулысы түгелімен анттасып, баталасып алады. Істің бәрін жасырын істейді. Сонымен, ел ішінде партия бары да білінбейді. Бұл айлакер атқамінерлердің ерекше шебер жасаған, кәдімгі жасырын ұйымы болады. Басшылары іс пен сөздің барлығын бірнеше сенімді кісілеріне тапсырып, қалың елге өз ниеттерін, үлкен сырларын шашпай қойған. Елге сенбей бұркеп, тығып ұстаған.

Осымен 1884 жылдың сайлау күні болды.

Бұл сайлаудың алдында Абаймен алысушылар өз жағына әркімді әртүрлі еп, есеппен тартады. Мысалы, Оразбай көпке шейін Абайдан қол үзіп кетпей, мыналардың сырын білсе де өзі қостамай, үндемей жүреді екен. Ол – малға бай да, тартысқа белді адамның бірі. Соны алу үшін Жиренше болыстыққа Оразбайдың екі жақын адамын белгілейді. Бірі құдасы – Күнту, екіншісі құда әрі дос, ниеттесі – Абралы. Осының “бірін болыс, бірін кандидат қоямыз, күш, билік өз қолыңа келеді” деп тартады. Оразбай мұны шырға көріп, басында елікпейді. Абайдың өзiрлiгi бар шығар деп бiледi. Бұған келiп сыр тартып, ел бөлiнбес пе екен, қалай болар екен? – дейдi. Оны Абай тыңдамайды. Ойы тартыс емес. Оразбайдiкiн құр дағдылы пәле iздегiштiк деп бiледi. Оразбай сонан кейiн аналарға қосылып кетедi.

Үйездiң алдында елдiң елубасылары болыс болатын кiсiге тас салар жерде, Оспанмен бiрге шарға түсетiн болып ойда жоқтан Күнту Жоңға баласының аты аталады. Баталасып алған елу басылары түгелiмен тастарын Күнтуға салып жiберiп, бұл күнге шейiн дайындалып келген болысты, төңкерiстiң бетiн Күнту болыс болып шыға келген жерде бiр-ақ ашады. Күнтуға кандидат қылып Абралы баласы Арапты сайлайды. Абай жағының атағынан бiрде-бiр кiсi iлiнбейдi. Бидiң бәрiн де ана жақ өзiнен сайлайды.

Осы оқиға бұдан бұрын елге жанашыр достығым бар, үлгi берер еңбегiм бар, адал, шыншыл ниетiм бар, өзгелердей емес, жаманшылығым жоқ деп келген Абайға үлкен, орынсыз қаза сияқты көрiнедi.

Қаза бөгде бiреудiң болыс боп кеткендiгiнен емес, өйткенi Абайдың ауылында жатып, соның дегенiн iстейтiн сайлаушы үйез Тихонов сайлауды қайтадан бұзбақ болады. Бiрақ бұған Абай көнбей, өзi бекiттiредi. Бұл iс Абайға ең алдымен адамгершiлiк қазасы болған сияқты. Досым деп жүрген кiсiнiң барлығы түгелiмен бiр-ақ сағаттың iшiнде жау екенiн бiлдiрiп, ол жаулықты сыртына шығармастан, iштерiне үлкен еппен жасырып жүрiп кеп, қатты кеткенi, Абайдың досқа сенгiш, таза көңiлiн мазақ қылып кеткен сияқты болады.

Абай осы iстiң тұсында, өмiрдiң де, барлық қиянатшыл достың да бұған қарап бетiн тыржитып тұрған мiнезiн көрген сияқты болады.

Ел iшiндегi iс осыған келiп тiрелген соң, кiтап тәрбиесi, ой тәрбиесiмен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген ниетiнiң

барлығы уақытша еріксіз бөгеліп қалады да, Абай амалсыздан тартыс, жаулықтың ортасында қалады. Бұл уақытта Абай тоқтайын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып, жеңіп алған ел Құнанбай балаларынан есебін алу керек. Жеңгендіктің жемісін теру керек. Одан соң, олардың ұғынуынша, Абай жағы қайта алыспай, кек алмай қоймайды. Сондықтан оны әлсіретіп, біржолата меңдетіп алу керек. Қырда түгел жыға алмасаң, ұлыққа шағып, соның күшімен жаныштау керек. Олай болса, үстінен арыз беріп, әсіресе өздерінің сайлаған болыс, бидің мөрін, приговорын пайдаланып, қылмысты кісі қылып көрсету керек.

Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз партия тартыс болмай қоймайды. Сонымен, Абайдың ендігі алысы, бас қорғаудың алысы болады. Енді ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де, алысу керек болады.

Осымен 1884–86 жылдар түгелімен алыспен өтеді. Бірақ 80-жылдардан кейін Абай бір кісі емес, екі кісі болып бөлінеді дедік. Қайтадан еріксіз алысқа кірсе де, жаңағы жылдардың ішінде Абай бірталай өлең шығарады. 84–85 жылдар “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” деген сияқты бір-екі өлеңді ғана туғызса, 1886 жылы Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, көп үңіле бастағанын білдіреді. Бұл жылда 16-17 өлең шығарады. Абайдың осы күнге шейінгі баспаларында “халық туралы” деп жүрген өлеңдерінің көбі осы жолда өз ортасынан алғашқы рет қатты торыққан көңілінен шыққан сөздері болады. Сол өлеңдерінің ішінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда...—

деген сияқты талай-талай сөздерден Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей болады. Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған, зары да сияқты. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да өз атымен жазбай, ылғи “Көкбай айтқан өлең” деп жүргізеді. Сондықтан зарланып жатқан Көкбайды аяп, кейде:

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды.
Жыламай қайтіп тұрады;

Мынау азған қу заман,
Қалыбында тұрмайды.
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды,
..... болмаған соң,
Жылауына зорлайды, —

дейді. 82-жылдардан бастап, 85—86-жылдардан Абай, Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды.

Бірақ, жоғарғы айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң, Абайдың үстінен арыз, шағым ұлық кеңселеріне ойлағандай-ақ топырлап түсе бастады.

Өз атаған кісісі болыс болған соң, рубасылары осы жолғы қолына тиген әкімшілікті әбден пайдаланады. Сол ретпен өзіне ерген 400 үйін алып, Оразбай Шыңғыс болысынан бөлініп шығып, Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде, болыс боп отырған Құнанбай балалары мөр, приговор бермей, өз ауқымынан шығармайтын. “Түбі” жаулық ойласа басқа болыста отырып андысқан кісіні өз қасынан шығармай қоятын, көп болыс, көп мықты жуанның есебі саясат болатын. Оразбайды бөлек болыс қып жібере қою Күнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар Тобықтының елін билетіп отырмас үшін, өз орталарынан бірер мықтыны аналардың құрығынан ұзатып жіберіп, соған Тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасын сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Күнтудың болыс болуы жеңген жаққа осындайда бір нәтиже береді.

Екінші, сол Күнтудың өзі де Құнанбай баласының қол астына қайта қарап қалмас үшін өзіне ерген Жігітек, Бөкенші руларын алып, көршілес Мұқыр болысына шығуға жол әзірлеп қояды. Кейін мұны түсіретін мезгіл болғанда, Күнту өзіне қажет болатын мөр, приговорды сайлап жүріп, өзі болыстықтан түсісімен Мұқырға шығып кетеді. Бұл Күнту болыс болудың ең соңғы уақиғасы.

Бірақ бұған жетпестен бұрын, ол адам ең әуелі Құнанбай жағынан барлық бұзақылары үшін Абайды жазалауға кіріседі.

Осындай қызу тартыс үстінде “Құнанбай баласынан болыстық кетті” деген дақпырт, ұлық айдатқан Жігітек

адамдарына да жетеді. Сонымен, Бөжей заманынан бери карайғы жаулықты мықтап ұстаған Базаралы қашып келеді. Күнтудың болыстығына сеніп, “қайта ұстатпайды, ұлыққа көрсетпейді” деп бір сеніп, екінші енді орайы келсе, ескі кегін қуып көрмек боп та келеді.

Осы сияқты әр алуан түрде құралып келген уақиғалар алыстың түйінін шиелендіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қозады.

Осындаймен жүргенде, 1885 жылғы Қарамола деген жәрменкеде, ол күндегі әдет бойынша, бірнеше дуан бас қосатын шербешнай (төтенше) съезд болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішінде Абайға жау болып шыққан кісілер, өздерінше іштей тілектес болатын атқамінерлерді басқа елден де тауып алған болады. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жаулары да бар еді. Енді Тобықты іші жіктеліп алғанда солар шұрқырасып келіп, Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып, тобын молайтады.

Шербешнай съезге жиналған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін жандаралдан Абайды жазалауды күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Сонымен, жандарал келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға келгенде: “Партияшыл, ел бүлдіргіш Құнанбаев сенбісің?” дейді. Абай: “Мен” депті. “Неге партия қыласың” дегенде: “Жалғыз мен қылмаймын, дүние түгел партия, жанды-жансыз мақұлықтың барлығы да алыс-тартыспен тіршілік етеді. Тіршілік – күрес. Сіздің өзіңіз де партия қыласыз” дейді.

– Сені ел адамдары неге көп жамандайды, – дегенде:

– Олар көп, мен жалғызбын. Көп – жуан, әрқашан тентек, бұзық. Бұзық көппен алысқан жалғыз жаманатты болмай тұрмайды. Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе? – депті.

Абай өзге ұлықтарға істейтін мінезін осы жандаралға да істеген. Жалпы атқамінерлерше ұлыққа пара беру, жалынған дегенді Абай ешуақытта білген емес. Оны өз тұсындағы дұшпандары да айта алмайды екен. Қай ұлықпен болса да тең сөйлеседі. Елдің тыныштық іздеген тілегін жеткізе

айтады. Және, әсіресе, ешбір ұлық баса алмайтын ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сияқты дау-шар атаулының бәрін де қалай шешіп, қалай аяқтау жолдарын Абай барлық басқа адамнан артық біледі. Сол жолда ел-елге тыныштық тапқызып, мағынасыз құр алыс, бос пәледен құтқарады. Бұл өзінің де іздейтіні. Сондықтан ұлық атаулы бұның ақылына өзі келіп, өз әлсіздігін біліп келіп, амалсыздан қоңсы қонатын. Жаңағы жандаралша Абайға құлшынып, жазалаймын деп келіп, артынан жаңағыдай, мәдениетті түрде өзімен тең сөйлесетін Абайды көргенде еріксіз құралынан айырылып қалатын. Мына жандарал да Қарамола съезінде соны істейді. Абайды сөйлесіп, танып алған соң, еріксіз келіп сол съезге төбе би қып өзі ұсынатын болады. Өзге шағымқор, шенқұмар, парашыл атқамінердің ешнәрсені шеше алмайтынын көреді. Ел арыздары шешілмесе, кеңсеге тағы көп тілектер үйіледі. Сондайлардың себебімен Абайдың билігіне өзі құштар боп, өзге рубасыларға кеп: “Съезді жақсы өткізіндер. Ұрыда ақысы кеткендердің ақысын толық әперіндер. Съезді жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайлаңдар” деп, Абайды шербешнай съездің төбе биі қылып, қайтып кетеді.

Бірақ съезд осылай өтсе де, Күнту болыс болып тұрған уақытта Абаймен ұстасқан ел тартыстан да, арыз-шағымнан да тыйылмаған.

Сонымен, 86-жылы көрсету қатты молайып кеткендіктен, Абайды қарсы жағы жер аудартуға да жақындайды.

Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының Корпус генерал-губернаторы келеді. Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдына да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң, Абайды жер аударуды бекітпекші болады. Бірақ, сол уақытта мұның қасында, Корпустың кеңсесін басқаратын Лосовский деген чиновник бар екен. Бұл бұрын Семей уезіне начальник болып, Абайды жақсы білетін адам еді. Сол араға түсіп, Абайды Корпусқа жолықтырып бетпе-бет сөйлестіріпті. Абай мұнымен де жай арызшы түрінде емес, жаңағы жандаралмен сөйлескендей, оқымысты кісіше еркін, тең сөйлесе керек; дәл не сөйлескені мәлім емес. Бірақ әңгіменің артынан Абайға: “Сен ортаңнан басың асқан адам екенсің” депті дейді.

Осы әңгіменің артынан бұрынғы жер аударылу деген сөз қалады. Аздан соң Күнту өтірік шағымдары үшін болыстықтан түсіп, қызметті басқа кісіге тапсырады.

Бірақ Семейде болып жатқан бұл түрдегі өзгерісті ел білмейді. Абай айдалатын болыпты деген дақпыртқа нанған қарсы жағы осы кезде Абайдың Тәңірберді деген ағасының бір қос жылқысын тиіп алады. Алумен тұрмай, топты жылқыны талап әкетіп, көбін қырып салады. Дәл осы уақытта Күнту болыстықтан түсіп қалады. “Назначениемен” Абай жағынан болыс болады деген хабар келіп, пәле басы атқамінерлердің берекесі кетіп, қатты сасады.

Айдаудан қайтқан Базаралы тегі осы кезде кеп киліксе керек. Абайды әлсіреттік деп, бойына күш кіріп жүрген жуандарға бұл келіп екпін беріп жібереді. Сонымен, Тәңірбердінің мыңға тарта жылқысын тиіп алған бетте, бата қимылдайтын әсіресе Жігітек болады. Шабуылға жігітін мол жіберген ел де сол. Оразбай, Күнту сияқтылардың өз бастары бұл уақиғадан сырт қалады. Жігітек жылқыны алған бетінде пышақ үстінен үлесіп әкетіп, бүтіл Қарауыл өзенінен өрлей, құлай отырған ел жағалай сояды. Бұл іс ол уақытта да ел естімеген ірі іс боп шығады. Күнту, Оразбайлардың өзі де қатты қорқады. Болыстық тағы қолдарынан кетіп қалған. Ендігі тартысқа басшылық ету былай тұрсын, өздері бас сауғалай бастайды. Күнту Мұқыр болысына осы орайда шығады да, Оразбай Құнанбай балаларынан татулық іздеп, бұрынғы кетіп қалған болысынан шығып, Шыңғысқа қайта кеп кіреді. Күнту құдасы болғандықтан, сол ұшырап кетеді деп араға дәнекер болмаққа қайта келеді. Құнанбай балалары бұны жуасып келген күйінде, қайта алуын алады. Бірақ Оразбайдың өз басына тимегенмен, Жігітекті оқшаулау шығарып ап, қатты кек қуады. Алынған жылқыны Жігітек сойып, қырып, жеп қойған еді. Енді соның әр жылқысына екі бестіден төлеу кестіріп, қолма-қол тіздіріп алады. Тәңірбердінің шығынынан кірісі асып түседі. Бірақ, соған орай Жігітек тегіс кедей боп, тұралап тұрып қалады. Сол жылдар көшуге жарамай, қыстау-қыстау басында ошарылып жатақ боп отырып қалған ауылдары көп болады. Сонымен, Күнту болыс болғанның арты сол рубасылардың айдап салған көпшілігіне тағы бір ауыртпалық боп бітеді. Аман қалған, пәлеге бастық болған рубасылардың ұпайы түгел боп аман тұрады да, көпшілік ерін арқалап қалады.

87-жылы келесі сайлау болғанда, қалған Шыңғысқа Оспан болыс болады.

1884 жылдан соң елдің сөзінен безер боп, басын алып қашқан Абай жаңағы уақиғалар тұсында амалсыз кіріссе де, енді бар іс пен сөзді іні, балаға тастап, өзі шамасы келсе кіріспеуге тырысады. Шынымен ел тыныштығын іздейді. Өз басы нәрлі еңбекке берілмек болады. Сондықтан Оспанға екі жақтағы болыстарға өкпелеп шығып кеткен ағайындармен татуласуды тапсырады. 89-жыл шамасында айтқандай ағайынның барлығымен табысады.

Абай ел жұмысын Оспанға тапсырып, өзі бір беткей ілім іздеу жолына, ақындыққа бой ұрады. 80-жылдардан бұрын кітап оқуға кіріскен ақын кітабын ешуақытта да тастамаған еді. Сонымен бірге 86-жылдан кейін, 89-жылға жеткенше тағы да ел жұмысымен, кітаппен қатар өз өлеңдерін де жазып отырған. Рас, 87–88-жылдар көп өлең жазған жоқ. Бірақ дәл 86-жылдай болмады демесек, бұрынғыға қарағанда бұл жылдар да тегін өткен жоқ. Екі жылда жиыны оншақтыдай өлең жазады.

Сонымен, 89-жылға келіп, сыртқы өмірінде әлгідей тыныштық, толас болған соң, мүмкін болғанша бұрынғы арман қылған, мағыналы өмірін бастап көреді. Ең алдымен бұл жылда тағы да кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздердің ішінде бұрынғыша өз ортасының өзі көрген кемшілік-міндерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар. Одан соң Пушкиннің “Онегинін” аудара береді.

Және осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай — ұстаз да, мұның алдына келген, сөз ұғатын, ынталы, талапты жастардың бәрі — шәкірт. Абай іні, бала ағайындарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Өз өмірінде көрген істерінің барлығы жеміссіз болып, ілгері бастырмағандықтан, енді сөз ұғатын жастарды жаңа

жолмен өзі қиял қылған өнер-білімге және адамгершілік үгіттерге қарай жетектеп баулығысы келеді. Бұларға өз өмірін мінеп, басынан атқарған қата жұмыстарының барлығын жасырмай, бүркемей мойнына алып айтып отырып, ендігі жастың ол түрдегі өнімсіз жолдан аулақ болғанын тілейді. Ескі үлгіде қалма, өзгерген заманның жаңа түрлі басшысы болуға өзірлен дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай бастайды. Абай жалғыз өз өсиетін қанағат қылмай, жаңағы жастардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, сол 89-жылы көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды. Осымен 91-жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы өткізген жылдары болады. 90—91-жылдарда жиырма шақты өлең жазады. Сол уақыттарда жас шәкірт болып, әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш мынаны айтады: “Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болады. Бар талапкер жастар болып, сөзін тыңдап, медреседегі шәкірттерше ақиқат олай емес, бұлай деп, бір-бірімізбен дауласып жатушы едік” дейді.

“Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған өлеңдермен бірге және де көп өлеңдеріне ән де шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда бізге: малқұмар, мансапқұмар адам — адам емес деп ұғындырушы еді. Әрдайым сағынып, көксеп, қатты рахаттанатын уақыты: сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға, ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болушы еді. Онда сөзге түсіп отырғанында шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреуі не шаруа айтып, немесе ел арасындағы партияның жайын айтып сөзін бөлсе, кейіп, я ашуланып қалушы еді.

Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса, аза бойы қаза тұрып, жеркенген кісідей болып мазасы кетіп, “есептерің бар болса аулаққа барып есептендер” деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді” дейді.

Осы айтылған сөздердің барлығы жалғыз Абайдың өз баласы емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөздері. Сондай өмір, осындай мағыналы, үлгілі жол Абайдың барлық кейінгі өмірінде айнымай ұстансам деген жолы болады.

Егерде ел ішінің бір қалыпта тұрмайтын тынышсыз, тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып алмаса, Абай 89-жылдан бастап, соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді.

Бірақ ойлаған мақсат, ниеті бұл тұста түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 90-жылға дейін тыныштық болып келіп, дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жауласа бастайды. Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып арасына жүріп көреді. Бірақ екеуі де тоқтаса алмай, жауласып кетеді. Осы жаулық тоқтамайтын болып ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып Тобықтыға жетіп, Тобықтының лаңы басқа сырт елдерге де жаңадан жайыла бастайды. Ол араздықтың түбі тағы да Абайға кеп мықтап соғады.

Тартыс үстінде Оспан Оразбайды жазаға іліндірмек болса керек. Соны білген Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан ел ішінде билер съезін өз дегенінше өткізіп алып, қалаға Оразбайды қуа барады да, ояз кеңсесінің алдынан оны өз арбасына таңып алып, елге әкеледі. Бұрын зорлыққа бойұсынбаймын, көнбеймін деп теріс жүрген Оразбайға мынау істеген іс, “құлақ естіп, көз көрмеген” қорлық жаза болады. Содан ол, енді қайтып Құнанбай баласымен бітіспейтін, кескілескен жау болып, ант етіп кетеді. Оспан бұрыннан елді шошытқан қатал, тентек мінезі бойынша қарсыға шығар-ау деген Оразбайды жаңағыдаймен біржолата шошытып, жаныштап жібермек болады. Бірақ осы істеген істің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстығынан түседі. Орнына кандидаты Арапты қоймай, сол кездегі долынжы би (бұл болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса, уақытша болыстық міндетін атқаратын бірінші би) Шәкен деген інісін болыс қояды. Осы араздық жаулық арты Абайға ең зор дұшпандық, ең салмағы ауыр міндет боп тағы кеп ошарылады. Алдында Абай іс міндеттің бәрін Оспанға тастап, босандым деп қойып еді. Сол Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан үлкен тартыс енді молайып келе жатқанда, 1891 жылы өліп қалады. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі болады. 92-жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімімен уланып, дерттенген жәйін көп жерде сездіреді. Осы өлімнің өзіне арнап та өлең айтады.

Оспан өлген соң, барлық жаудың азабы мен елдің әлегі түгел келіп Абайдың жеке басына түседі. Еңбекке толық,

тыныштық өмір бұзылады. Барлық ішкі қуат сезімімен бұрынғыны барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол әуелгі қалыпқа келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді.

Бірақ қалай да болса кіріспесіне болмайды. Кірісу міндет болып алған. Өсиет көкसेп, мәжілісін іздеген жастарға медресе есігі жабылғандай болады.

Осыдан кейін өлеңдері де бұрынғылар сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық, алыс-жұлыстың үстінде әр жерде жазыла жүреді.

Шынында осы жылдардан соң Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. Жыл сайын жазатын жалпы өлең саны 10-12-нің шамасында болғанда, соның бірталайы аударма болады. Өмірдің аяқ жағына жақындаған сайын өз өлеңінен аударманың саны артық бола береді. Мәселен, 86-жылдан соң ең көп жазған жылы 89-жыл еді. Сондағы барлық өлеңнің саны жиырманың ішінде болса, ішінен бес-алтауы-ақ өзінікі. Қалғандары аударма. 91-жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Осы тартыс бір ел емес, әлденеше түрлі жұмыстардың тұсында бола келіп, 98-жылға шейін созылады. Бұл екі арада, Абай өмірінде болған үлкен өзгерістер – 92-жылы Оспанның үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі болады) Еркежан деген келінін алады. Оспан өлгенде артында қалың дәулет пен үш қатыны қалады. Бірақ ешбіреуінен бала болмаған. Оспанның үш қатынын Тәңірберді, Абай, Ысқақ сияқты үш ағасы алып, ауылдары мен мал-мүліктерін де, келіндері отырған орындарға қарай бөлісіп алады. Көп сыбаға үлкен келін мен Абайға тиісті болады.

Еркежанды Абай өле-өлгенше аса жақсы көрумен кеткен. Мұны алған соң, өзге екі әйеліне көп жуымайды. Қыс болса олардың қыстаулары Еркежан қыстауынан (Жидебайдан) алыс болады. Абай үнемі осы Оспан үйінде, үлкен ауылда орнығып тұрып қалады.

Еркежаннан басқа бұрын Абайдың екі әйелі бар еді. Біреуі – жоғарыда айтылған Алшымбай ауылының қызы Ділдә. Екіншісі – тоқал алған Әйгерім. Алғашқы әйелінен Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия деген балалары болған.

Абай Еркежанды алмай тұрғанда, көбінесе Ділдәнің ауылында болып, кіші әйелінің балаларын сол ауылда өз қасына алып жүріп, Мағауиямен бірге тәрбиелеген.

Әйгерімнің қыстауы Аралтөбеде. Ол Еркежан қыстауынан 70 шақырым жерде болады. Өзі Оспан ауылына орнаған соң, балаларының көбін қысы-жазы өзімен бірге ұстаған. Өз қолында болмаған баласы оқудағы Әбдірахман ғана.

Ол Семейде үйездік оқуды бітірген соң, Түменнің реальный училищесіне барып, соны бітіреді. Содан кейін Петербурға барып, Семейде үйез болған Лосовскийдің мәслихаты бойынша Михайловский артиллерийский школга түскен. Басында Абай Технологический институтқа түс деп жіберген екен. Сабаққа кешігіп келіп, түсе алмайтын болған соң, жаңағы Лосовский айтқан мектепке түсіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, қатты үміт қылған баласының бірі болған.

Бұл жаңағы мектеп бітірумен де қанағат қылмай, енді Әскерлік артиллерия академиясына түсемін деп жүргенде, костоед (құрт ауру) болып, 1895 жылдың ғинуарында қызмет етіп тұрған жері Алматы (Верный) қаласында қайтыс болған.

Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы болған. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында “етек басты көріп” талпынған, білім, мәдениет өзіне алыс болғанда, Абайдың аңсап, іздеп, көп күткен сол баласының келешегі еді. Шынымен көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміт сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері Оспанның өліміне айтқаннан да зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлім де осы кездегі барлық басқа өлеңдеріне қайғы мен өкініштің, қалың арманның уытын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай нағыз қалыптанған ақынның өзі еді. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде, қалыптанып толған сыншы ақылдың, бұның табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне жанына сүйеніш санап, тіршілігін жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң, елмен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтовтай

ақындардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құрғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығы да өз жүрегіне түсінікті, өз халына жанасатын, өз қиялына дәл келетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударады. Өзі шығаратын өлеңдерімен қатар, аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас тынысы сияқты болады.

Осындай болып қалыптанған ішкі өмірдің күйі Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған сарын болады. Әредікте қыс болсын, жаз болсын ел сөзінен қолы босап, аз да болса орнығып отыратын уақыт болса, 89–90-жылдардағыдай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық қылады.

Бұл уақытта жалғыз өсиетін айтпай, шығыс пен батыстағы өзі таныс болған бұрынғы соңғы данышпан ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен өзі оқыған қызықты, шебер романдардың көбін де өз тілі, өз аудармасы, редакциясымен әсем әңгіме қып айтып береді. Абай мектебінен тараған осындайлық жаңа, соны әңгімелердің ішінде, өз уақытына жаңа болған “Мың бір түн”, “Шаһнама”, “Бақтажар”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Көрұғлы сұлтан” сияқтылардан басқа, Европаның да талай романдары болады. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың “Үш мушкетері”, “Он жылдан соңы”, “Король қатын Маргосы”, Пушкин әңгімелері және Батыс Европада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін “Қызыл сақал” деген роман, онан соң Америка, Африкада жабайылар ортасында күн кешкен “жаһанкездер” жайындағы романдар да көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі — ол өзін “Шығыс адамы едім”, “мұсылман едім” деп дін тұсауына бағындырмаған. Жастарға үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетте де Сократ хакім, Аристотель сияқтыларды көп атайды. Ұлттық тар көлемде де қалмайды. Сондықтан өзінің тәрбиесінде болған жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырып бергенде, құлашты тіпті кең жаяды. Көкбай сияқтыларға қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағауияға патшалықпен алысқан

Шәмилдің жайын поэма еткізеді. Және сол Мағауияға “Медғат-Қасым” деген поэмада Африкадағы плантатор мен намыскер ер құлдың алысқанын әңгіме еткізеді. Ақылбайға Кавказдағы “Дағыстан” жәйінен, Африкадағы “Зұлыстар” жәйінен поэма жазғызады. Міне, жастардың ұстазы болған Абай ең алдымен осындай көркем тәрбиеші, аға ақын боп зор қызмет етеді. Бірақ жаңағы атқамінерлер пәлесі тағы да ырық бермейді.

Оразбаймен ұстасқан жаулық 91-жылдан бастап 1897 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауия сияқты балалары, Көкітай сияқты немере інілері жетсе де, Абайдың соңынан ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі, билігі болсын, үлкен шербешнай съездер мен болыстық съездері болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

Жоғарыда біз Абай өмірінің сыртқы өзгерістерін санаған уақытта, көбінесе партиямен алыс-тартысты айттық. Бірақ, соның барлығымен қатар, Абайдың ел ішінде ең үлкен, ең дана, әділ басшы болғанын да еске алу керек.

Карамолада бірнеше елдің бас қосқан съезінде төбе би болған сияқты, Көктұмадағы, Жетісу мен Семей облысының бас қосқан шербешнай съезінде Абай тағы төбе би болған.

Мұндай жерде Абайдың білімі мен жүйріктігіне және көлденеңге айтатын шебер, әділ билігіне талай рет көзі жеткен атқамінерлер іштей жау болып жүрсе де, сырттай ешуақытта қарсылық көрсетпеген. Өз беттерінде ру араларының дау-шарын шеше алмайтын ұлық та бұл сияқты “дала заңына” жетік адамға еріксіз жол беретін болған.

Сол шербешнайда ақылдасатын елдердің қашандағы істерін, қандай істерін қандайлық жол-жобамен қарау керек, соған жалпы ереже жасалады. Осы ережелер көп байлардың ортасына салынып, тексеріліп өткен соң, қаулы болып бекітіледі де, ақыры жұмысты тергейтін “третей билері” түгелімен сол ережені қолданады.

Міні, осындай тәртіппен болатын шербешнайлардың қайсысына барса да, Абай көбінесе төбе би болып, солардың ереже атаулысының барлығын өзі жазып, көптің сынына салып өткеріп отырған. Мәселен, Көктұма съезінде Абай жазған ереже 92 статья еді деседі. Бұл ережелердің барлығы

да қазақ елінің ескіден келе жатқан жол-жоба, әдет-заңына, ескі билік салтына сүйеніп, елдің өз ортасындағы ғұрпына дәлденіп жасалады. Патша үкіметі қазақ елінің ішкі өмірін білмей, жалпы әкімшілік жұмысын ешуақытта жөнге сала алмай қойған соң, жалғыз тапқан шарасы осы болатын. Абай болса елге жаны ашып, ел тыныштығын табу үшін осы істерге араласады. Ол жазып әкеліп ұсынған ережелер дау-шарды бітіруге аса қолайлы болғандықтан қосымшасыз, түзетусіз түгел өтіп отырған.

Осы тұста айтылған ерекшелігінен басқа, Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтіні тағы бір себеп, Абайдың билігі өзге рубасыларының парашыл, бұра тартқыш билігінен басқаша болған. Дәл өз басы өз алдына келген билікке шамасынша әділ болуға тырысқан.

“Басшылық, ұстаздық, ел түзеуші” тез болу жайында ұдайы айтатын тазалықты Абай осы тұста өзі толық орындауға тырысқан.

Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа, дәл өз елінің ортасындағы биліктерінен де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан жау жағы ынтық болады екен. Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен күн кешірген Жігітек ішінің рубасылары да үлкен даудың тұсында алдымен сол Абайға баруға өзі ұмтылады екен. Тіпті дауласқан кісісі Абайдың тілеуіндегі адам болса да соны істейді екен.

Сондай істерге билік айтқанда, Абай әрқашан өзіне жақын кісілерге кесіктің ауыр салмағын баса салып, жау жағына кеңірек қарауға тырысады.

Мінеки, осындаймен 97-жылдарға шейін, Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе, ел ішіне өз түсінігі бойынша, әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үміт болған. Әйтеуір босатпайтын болған соң, “тым болмаса осымен бірдеме істеп болмас па екен” дегендей. Мұндай жолға Абайдың түскені осы соңғы айтылған жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын, 80-жылдардан басталу керек. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады.

Болды да партия
Ел іші жарылды,
Әуремін, мен тыя
Дауың мен шарыңды... —

дейді.

Бірақ 97-жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес. Оразбайдың партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, тағы үлкен ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай не қылса да, бұл тартыс тыйылмайды. Оразбай кегі сондай күшті болған. Үндемей отырайын десе, тыныштықпен отырғызбайды. Еріксіз келіп түрткі салып, соқтығып, ерік алдына қоймай майданға алып шығады.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы болатын елдің басын құрап, сайлау басында партия, тартыс шығарады. Сонымен жауы баратын болған соң ықтиярсыз Абай да барады. Балаларын, інлерін жібергеніне бөтен елдегі достары қанағат қылмай, өзін керек етеді. Осындайдың әлегімен жүріп, 97-жылдың сайлауына келгенде Абайдың үнемі арманы болып, өткізген өмірдің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып бір үлкен үлкен уақиға туады.

Бұл уақиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы үйез келер кезде берісі Тобықты, әрісі барлық Семей үйезінің шеңберінде түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай, жартысы Абай ниетінде жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, дәуірі Тобықты ішінде Абаймен қатар жүре бастаған уақыты болады.

Сонымен Мұқырдың сайлауы жақындаған соң, сол болыстағы Абайдың тілеулестері: “сайлауға өзің жүрмесең, болмайды. Оразбай келіп сүйген адамын болыстыққа сайлап алып, басымызға бөле жаудырады” деп Абайды еркіне қоймай алып барады.

Екі жақ та осы елдің сайлауын бір ірі түйін деп білген болады. Шынында көп алысқан Оразбай бұл болыстың ішінде дендеп тұрады. Абай жақында бұрынғы барлық Қоңыркөкшеден жалғыз ғана аз ғана ру Көкше қалады. Одан басқа Мырза-Жөкең деген ел және бұрын Шыңғыстан, Құнанбай балаларынан қашып осында

шыққан Жігітек, Бөкенші болсын, барлығы да Оразбай ниетінде болады. Мұқырдың осы сайлауға шейін болысы боп келген Әбен де Оразбай досы. Ол мықты, о жар, берік адам болады. Бұлардың басқа Шыңғыстың өз ішінен және тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайдың өзіне қаратып, астыртын тілеулес қып алған адамдары болады. Соның бірі – Абайдың ағасы Тәңірберді, бұл Оразбаймен құда. Және болыс боп тұрған баласы Әзімбай, сыртына шығармай, Абайға білдірмей, іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Сонымен, Мұқырға ояз келіп сайлау болғалы жатқанда, өз елінен Оразбай да аттанады. Ол жолшыбай Тәңірбердінің ауылына қонып отырып: “Абай бұл топқа бармасын, барса бүлік болады” дейді.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады. Оразбайға Әбен: “Елді алатынбыз. Бірақ Абай келеді. Енді тағы алып кетеді” дейді. Оразбай сонда Абайдың аз кісімен келгенін біледі. Және Әбен жағында ел күшінің көп жиылып тұрғанын көреді. Өзінің барлық ыза-кегінің қайтатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен, Абай ұлыққа жолыққанша қол қимылын істеп жіберуді тапсырады.

Айтқанындай, Абай келген жерде, Әбеннің өзі бастаған бір топ кісі бұның үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға таяқ тиеді. Әбендер Абаймен қоса Көкбайды да сабайды. Олар қашып оязға барады. Содан ояздың стражниктері шығып, мылтық атып барып, арашалап алады.

Бұл уақиға ел ішін астан-кестен етеді. Шыңғыстың Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, өз еліне қашып кеткен Оразбайды ұстап ап, өлтірмек те болады. Ашу үстінде әртүрлі ірі жаулықтың жолдарын келісіп қалысады.

Бірақ Абай оның ешбірін де қостамайды. Қол қимылынан елді тоқтатады. Жалғыз-ақ дәл осы күні Оразбайдың Тәңірберді аулына тілдесуге жіберген жансызы сезіліп қалады. Абай осыны білген жерде: “менің жауым бауырымда отыр ғой, бүйткен елде қайтіп тұрам, кетем” деп атына міне, қасына жолдас болған бір жігітті ала құнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа келген Ысқаққа “бұл елде тұрмаймын, жоғаламын” дейді. Бірақ қуғыншылар шылбырына оралып, жетелеп қайта әкеледі. Барлық осы уақиғаның терең тамыры жалғыз партия таласында емес, одан әріде жатыр. Бұл жаңашыл Абайға

ескішіл, діншіл, қараңғы надан феодалдардың өштігін де көрсетеді. Олар үшін Абайдың білімі, әрі өлеңі де жаңа жарық дүниені іздеуіне жат жандық боп көрініп еді. Жуандардың шірік ортасы намысқа дақ салғанда өздерінің қаншалық нәрсіз, құнсыз екенін көрсетіп еді.

Осы уақиға үстінде сол рубасылар ортасының іштей шіри бастағанын Абай жалғыз Тәңірберді мінезі емес, одан да жақын, тіпті өз баласы Ақылбай басынан да көреді. Өзімен өзі боп ойланып басылған соң, біртүрлі жуасып, шөгіп қалады.

Осы жай туралы ел әңгімелерінің айтатыны:

“Мұқыр уақиғасының артынан ағайын-туған, ел-жұрт, бала-бауырлары жиналып, “біз де пәлен-түглен етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ” дескенде, Абай: “барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды. Мен жасымда “қарғағанымды жер қыламын, алғағанымды зор қыламын” деп, ашуға да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғанмын. Мен алғашқы атқа мінгенде, Жігітектің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тең ел еді, солардың қанша жандарының айдалып, байланғанына, бірінің артынан бірі барамын деп, бейнет пен қазаға ұшырауына біздің тұқым себеп болған. Рас, өздерінің ұрлық, зорлығынан да болған шығар. Бірақ Құнанбай тұқымының қатты зерттеп соңына түскенінен де болды. Сол Жігітек қаншалық торғайдай тозса да, бүгін астымда жатып аяғымды шайнауға жарады. Бұл – жаманшылықтан туған жаманшылық деп біліндер. “Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ” деген сөз дұрыс емес. Мен бұл бітімсіздікті қостамаймын!” деп, елді тоқтатты дейді.

Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраттан кеміп, мал-дүниеден тапшылық көрген жоқ-ты. Оразбай істеген іске бұрынғыдай ой түспеген ашулы күн болса, он есе артық іспен, жазамен қарсылық көрсету 97-жылда да қолынан келуші еді.

Бірақ өзі көрген өмірдің жақсылық дегенінің барлығына Оразбай сияқты әншейін қазақтан сонауғұрлым бөтен қарап, Абай жаңағы оқиғаны өзіне жаза санап, іштей әдейі қабыл алған сияқты.

Одан соң сол тұстағы барлық ісі мен мінезі де осы айтқан сөзді дәлелдейді. Өйткені 98—99-жылдың қысында Оразбай Меккеге жүрмек болып, Абайдан ырзалық алып кетемін дегенде, ырзалығын беріп, қош айтысады.

Осыдан соң 99-жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасында меже салып, шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және сол жылғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек жер-қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Бұл оқиға болғанда ел әңгімесі бойынша Жігітек:

“Ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байлап тастаған адамның ойын ойлады. Бірақ Абай сол араз ағайынның бар адамдарын шақырып алып: “қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген. Енді бұрынғы араздық, кекті тастайық” деп, Жігітеппен де шын татуласты дейді.

97-жыл оқиғасының тұсында бұрынғыдай ашуланбай, ашуланғысы келмей, кек аламыз деген жақындарын тоқтатып, өзінің де қатты өзгеруінің тағы бір белгісі, Абай бұл жұмысты ұлыққа да шақпаған. Заң-закон арқылы кек алуды да іздемеген. Және 98—99-жылдың қысынан кейін Семейге біржолта бармайтын болған.

Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолта тыйылмаған, өмірден суынып қажі бастағаны да себеп болған. “Алды үміт, арты өкініш” өмірден енді шын түңілген сияқты.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды кү өмірдің,
Татуды араз, жақынды жат қыларға?—

дейді.

Бірақ Абайдың өз басы осы күйде болғанмен, 97-жыл уақиғасының арты Тобықты ішінде із-түзсіз өшіп қалды, партия, пәле, алыс-жұлыс тыйылуы деп ойлау керек емес. Рубасы, атқамінер атаулыға ол әуе мен су сияқты тыныс болып, қорек ететін талшығы. Сондықтан Абайдың өз бала, інілері де Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Енді солар кекті боп, солар қуғыншы болады. Аналар болса күштерін ел келесін алуға салады. Абай мен Оразбайдың жас кездеріндегі әдіс, тартыс қайта қолданылады. Ел келесін алу деген Тобықтының өз ішінде тілеулес дос-жарды қай жағы көп алады, соның тартысы. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысатын билерді көп алудан білінеді. Биді молайтып басып алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік жазаларымен орындайды. Абайдың

намысын, ісін қуған іні, баласы барды осы шербешнайларға салады. Сол аталған шербешнайлардың барлығын да екі жағы бірдей би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады. Жалпы сол органың құнсыз, шірік, тозған орта екенін парашыл билер ғана емес, сол пара беріп тартысып жүрген жақтардың өз мінездері де жақсы көрсетеді. Мысалы, Мағауия биге жеңген орайда Оразбайдың баласы Медеу мен Абай баласы Мағауияны ояздың тілмашы Омарбек татуластырады да, Абай көрген соққы үшін, жүз түйе айып-құн кеседі. Осының қырық түйесін Медеу Жігітек, Бөкеншіден әпереді. Бір үлесін Әбенге төлетеді. Медеу, Оразбайдың өз бастары аман қалады. Жігітек бұларды өз басын амандап қалды деп өкпелеп шығып, қайта кеп Абаймен табысуды содан шығарады. Ал Абайдың жақындары Абай көрген намыс соққысын малмен емдеп, ырза болысады. Абайдың “ел мінезі” деп рубасылар мінезін, өз ортасының мінезін алып торығып, зарлап жырлауы осы қалдардан туады. Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы әсіресе сол 97-жылдарда және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады. Абай енді жылдан жыл өткен сайын түңіліп, шөге береді. Осы жылдарда Абай өлімді де ойлай бастайды. Сондықтан өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын ерекше еске алып отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілікке ұмытылмайтын: “Өлсем орным қара жерді” жазады.

98-жылы осы өлең жазылған соң ғана, өзінің бұдан бұрын жазған барлық өлеңдерін “жиналсын” деген. Бізге бұл жұмыс қаншалық ғажап көрінсе де, осы 98-жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып жиналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Әрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір ойлармен қозғалып отырғанда, қолына бір табақ қағаз бен қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екен.

Соны қасында отырған балалары, інілері, я жай адамдар болса да, қалтасына салып жүріп кетеді. Содан бірден біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазір де біздің қолымызға Абайдың өз қолымен жазылған жазбасының бірде-бірі де жетпей отыр. Барлығы да жігіттерінің қалтасында, қойны-қоншында жүріп жоғалып біткен. Осы ретіне қарағанда,

“Абай жазған талай өлең ешкімге мәлімсіз болып, біржолата жарық дүние көрмей, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен” деген де күдік туады.

Өйткені жасынан біткен әдет бойынша Абай біреудің оғаш мінезін көргенде ылғи қалжың, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, ағайын, туысқандарын мазақ етіп, солардың мінді мінезін күлкі қылып айтады. Кейде қалжың қылып жазып, өз қолдарына да береді. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Онан соң кейбіреуер Абайдың өзінен жалынып, жалпайып сұрап алып та, жырттып тастайтын болған.

Мысалы, Көкбайға, Қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Онан соң тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, жақын тұрғыластарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары – ана кісілер өкпелер деп жасырып, жоғалтып жібергені де бар сияқты. Осындай өлеңдердің тұрасында еске алатын бір нәрсе: Абай кісі мінін айтып өлең шығарғыш болғанда, осы құралды ешуақта нағыз жауына қарсы жұмсамаған. Өлеңмен мысқыл қылатыны ылғи жақын жүрген атқамінерлер болады. Сондықтан бұлардың Абай сөзін жоқ қылып жіберуі өзгеден сонауғұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты.

90-жылдарынан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да, қара сөзбен айтатын өсиетті көп жазатын болған. Осы жинақта оқушының алдына ұсынылып отырған “Ғақлия” деген өсиеттері соңғы 90-жыл мен 98-жылдың арасында жазылған. 91-жылдардан соң айтпақ болған сөздердің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақытта бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар.

Қалайда болса, Абай соңғы 10-15 жыл ішінде осы сияқты бір жаңа түрді тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Бұл кездері Абай өзін кәдірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отырған ел оқушылары қара сөздер шыға бастаған соң, мұны өлеңінен кем көрмейтін болып алған.

Қайта берірек келгенде ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіріп алып жүргенде ең алдымен қара сөзді тілейтін. Үйде отырып

оқығанда да өлеңін қойып, ылғи ғана қара сөзін оқып, соған көп масаттанатын.

Тегі қара сөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, соларда шашылмай, аман сақталып қалған сияқты.

Өз өлеңдерін 98-жылға шейін жиғысы келмегені Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған. Өлең Лермонтов, Пушкин сөздеріндей болмаса, одан берідегі сөздерді өз сөзі болса да, толық қанағат қылмаған. Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен жалғыз Марабай мен Шөжені ғана “нағыз ақын” дейді екен. Бірақ Абай Махамбет, Мұраттарды ести алмаған сияқты.

Абай әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру көп емес. Жалғыз ғана “Сегіз аяқ” деген өлеңінің басын қайта біртүрлі қылып еді деген сөз бар. Басқа жалпы өлеңдері туралы, “қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді” деп қана айтады екен. Өлең сөзге келгенде азға місе қылмай, қатты сынайтын Абай өз сөздерін сынаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез істеген. Тегінде Абайдың өсиеті, үгіттері, білімді, мағыналы кеңестері мұның маңына өз тұсындағы талапты жастардың талайын жинаған дедік. Солардың ішінде бірталайдың ақын болғысы келгені де бар.

Ақындыққа, өлең шығарып көруге Абайдың іні, балаларының да көбі ұмтылған. Абайдың алды анық “әдебиет мектебі” болды.

Сол жас шәкірт ақынның бәрі де қысқа өлең, өсиет өлең айту Абайдың жолы, дағдысы болғандықтан, өздеріне бөлек бет іздеген сияқты. Сондықтан көпшілігі ұзақ әңгімелі өлең жазады. Ақылбай “Дағыстан”, “Зұлыс” деген поэмаларды; Мағауия “Медғат-Қасым”, “Шәміл”, “Абылай,” “Еңлік-Кебек” поэмаларын жазады. Және Тұрағұл, Көкітай сияқты жастардың Әбдірахман науқасына арнап жазған ұсақ өлеңдері де көп. Бұлары қайғы-уайым өлеңдері.

Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзінде шығып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан күрделі әдебиет ағымын көрсеткен болар еді.

Абай бұл жастардың өлең жазуын өте жылы қабылдаған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын қатты

сынын түгел қояды. Сондықтан өздері ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Хат жаздым “Әзірет Әлі, айдаһарсыз”,
Бізде жоқ “алтын иек, сары ала қыз”,
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз... —

дейді... Алғашқы жолдағы “Әзірет Әлі, айдаһарды” Көкбайға арнаған. Оның діншіл, қыса жазғыш болғандығын жақтырмай айтқан. “Алтын иек, сары ала қызды” Сыбан Әріп деген ақын: “Зайда” деген қысасында, сұлу қызды сипаттаймын деп, “иегі алтын, көзі гауһар” деп түсіне қарамай, асыл тастарды санай берсе керек. Соған айтқан.

Осы сөздер ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ істерінде әсіресе Әріп қатты намыс қылып, кектеніп, Абайдан есесін қайтармақ болып, “Біржан — Сараның” айтысын шығарған деседі. Қалайда болса, осы айтылған мысалдар өлеңші боламын деген жастардың сөзіне Абайдың қатты сынмен қарап, үлкен шарт қоятынын анық көрсетеді.

Абай сөздері көбірек жайыла бастаған соң, Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да мұның жазбаларының ұдайы оқушысы, тыңдаушысы болады. Бұларға ол сөздерді жеткізетін жалғыз жазу ғана емес, қайта көбінесе домбырашы, әнші жігіт болады. Осы жағынан қарағанда Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жаттаушылары, хат білетін арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпақ ел болады. Фольклор мен жазба, баспа әдебиеттің жапсарында шыққан ақынның шығармалары әрі ауызша, әрі жазба әдебиеттің күйін бірдей кешеді.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші, ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса — барлығының да топта, ойын-тойда айтатын өлең жырларының көбі Абай сөздері, Абай өлеңдері болады.

Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді осымен қатар, одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар композиторлық еңбегін де атау керек. Абай өзі жақсы

домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елти сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, —

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі қалды ойлап, толғанып кеп:

Есіткендей болады
Құлағым ескі сыбырды,
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды, —

деген жолдары бұның өз еңбектерінің терең тамырлары сол қазақтың өткен өнер мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сияқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу, мағыналы жырларын арнайды. Ол музыкаға ақын боп қосқан әні. Сонымен қатар Абай музыканың өзіне композитор болып та атсалысады. Абайдан қалған 16-17 ән бар. Бұлардың көбі өзі жазған жаңа уәзін, жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, “Сегіз аяқ”, “Сен мені не етесің”, “Қор болды жаным” сияқты 6, 7, 8 жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды, сіңімді ету үшін қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі осы сияқты өлеңдерін өте даңқты, әйгілі қып әкетеді. Сол сияқты Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне әншейінде ұғымсыз, тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау әндер арқылы аса түсінікті, әсерлі және өте даңқты етіп жібереді. 90-жылдардан бастап Онегин, Татьяна аттары белгілі аттардың бірі болады.

Абайдың композиторлық еңбектерінде де, ақындық еңбегі сияқты, сөзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы қорын пайдалана отырып “сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел” деп, өзіне жаңа мазмұнды, жаңа түрлі өлеңдер жаза бастағаны сияқты, әнде де бұрынғы әннен гөрі өзгерек

түрлер шығарады. Бұрынғы әнді өзі, бұрынғы әдебиеттен сонауғрлым артық бағалағанмен де, ендігі өз әнін жақсы-жаман болса да жаңаша үлгімен айтпақ болады. Шырқауы, айқайы аз, көбінесе құлақ күйге ұқсаған қоңыр баяу әндер. Және әсіресе, не бәйіт, не орыс пен еуропаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әнінен мүлдем басқаша әндер болады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деген нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі үлкен саласы боп саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары, дәлді мәлім болмаса да, әйтеуір жиыны 1886 жыл мен 97-жылдар арасында шықты деседі. Тегі өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де жарыса шығып отыратын сияқты.

Енді ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек, Абай 99-жыл өлеңді едәуір жазады да, осы жылдан соң алғашқы жаза бастаған 80-жылдардағыдай өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4-5, әйтпесе екі-үш өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысына Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көргені – Мағауия, бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт ауруынан төсек тартып жатып алады.

Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының көпшілігінің бақылауынша да, Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне, ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығарам деген баласы осы болатын. Елде отырып Еуропа тәрбиесін алған адамдай ақыл, мінез, адамшылдығы түгелімен мәдениетті кісінің қалыбында болған. Бұл да әкесі сияқтанып, қырда отырып көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған еді.

Ел жұмысына кіріссе әкесінің міндетін өз мойнына алған. Жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Сол Мағауия 1903 жылы қыс бойы төсек тартып ауырып келіп, жазғытұрым қайтыс болады.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Өз сынынша ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені жалғыздық

дертімен құлазытып, жүдетіп тоздыруға айналып еді. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешнәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын емшіге де көрсетпейді де. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен, Мағауияның өлімінен кейін 40 күн отырып, 23 июньде 1904 жылы 60 жасында қайтыс болады. Абайдың сүйегі Жидебайда Еркежан қыстауының жанына қойылады.

Абай жазған кейбір өлеңдердің қай кезде, не себепті айтылғаны туралы түсіндіру

“Кім екен деп келіп ем түйе құған” деген бір ауыз өлеңі ел ішінің бір кәриесінен алынған. Ол кісі, бала жігіт күнінде аулындағы бір әйелді төркініне ертіп барады. Төркіні бір жауыр айғыр береді. Соны алып екеуі қайтып келе жатып, Құнанбай ауылының жолда жатқан түйелерінің арасын аралап өтіп бара жатыпты. Сонда он жасар бала – Абай, ауылдан тайға мініп шауып келіп, әлгілердің аты-жөнін сұрап алып, бұрылып бара жатып осы өлеңді айтқан.

Осы “иүзі раушан” деген өлең және мұның артынан келетін “Физули, Шамси” деп басталатын өлең, тағы “әліпдек ай иүзіңе” деп басталатын өлеңдердің үшеуі де Абайдың жас шәкірт бозбала кезінде жазылған. Бұларда Физули, Фирдоуси, Қожа Хафиз сияқты шағатай, парсы, араб ақындарының тілімен сөйлеп, солардың үлгілерінде өлең жазбақ болып, кейде соларды жәрдемге шақыра жырлайды.

“Аяғыңды аңдып бас, ей, Жақсылық” деген өлеңнің айтылған реті: 1880 жылы Абай “Қоңыркөкше” деген елге назначениемен (атап сайлау) болыс болғанда, “Мырза” деген елдің Жақсылық деген кісісі “борышымды елге бөліп салып, мені құтқар” депті. Борышты болғанда өзінің жарамсыз қылығынан борыштанса керек. Бұл өлең соған айтылған.

“Қансонарда бүркітші шығады аңға” деген өлеңді Абай 1881—1882 жылдарда жазған. Сол кезде қостап салбурынға барып, бүркіт салып жүрген. Сондағы аңшылық суретінің кейбір көрінісін осы өлеңде көрсеткен.

Абайдың бүркітті жақсы көретіндігіне, өзі бүркіт салып, басқаға да салдырып құмарланғандығына дәлелдер

толып жатыр. Абайдың тұсында “Тулақтың кара шолағы” дейтін атақты қыран бүркіті болыпты. Абай оны кісі салып сұратып ала алмапты, кейінірек сол бүркітті Абайға иесінен рұқсатсыз біреу алып келіп береді. Артынан иесі қуып келіп, малға бітпек болады, бес түйе сұрайды, Абай он түйе беріп, иесін ырза қылып, бүркітті алып қалады. Осы бүркітті Абай аз уақыт өте құмартып салып жүреді.

Кейінірек Абайда “Шақырауық” деген бүркіт болады. Бір күні “Шақырауық бүркіт” бір түлкіні жерден іліп, сексен қадамдай жерге көтеріп алып кетеді. Абай бүркіттің қырандығына, күштілігіне ырза болып: “бұл бүркітімді енді ешкімге бермей салып, қызығын көремін” дейді. Қасындағы жолдастарының біреуі бүркітті дәріптеп мақтайды. Осы мақтауды естіген бір танысы “Шақырауық бүркітті” қалап келеді. Абай ешкімнің көңілін қалдырмауға тырысатын мінезді болған сияқты, сол себепті бүркітті әлгі қалаған кісіге беріп жібереді.

Абай Жиренше деген бір құрбылас кісісін бүркіт сынағыш деп естиді екен. Бір күні сол Жиренше Абайдың үйіне келеді. Сонда Абай:

“Сені жұрт бүркітті сынағыш деседі, қандай бүркіт жақсы қыран болады, айтшы!” депті. Сонда Жиренше:

“Дәмеғөй көзденген, Айымқан тұмсықтанған, Зейнеп түстенген бүркіт аң қояды дейсіз бе?” – депті. Сонда Абай: “Бәрекелді, білсең-білгендей екенсің!” депті. Аттары аталған үш әйел Абайдың үш баласының әйелі – келіндері екен.

“Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ” деген өлеңді Абай әуелде Көкбайға жазып берген. Көкбай Кенесары, Наурызбайды өлең қылып, Наурызбайдың “Ақауыз” ат деген атын сипаттағанда, Абай: “Сенің атың шыға шауып, жайылып қалатын болыпты” деп, мына өлеңмен “Ақауыз” атты сипаттамақ болған екен. Бірақ артынан: “Шіркін мес болып кетті ғой!” депті (Бұл туралы толығырақ сөз Көкбайдың естегісінде).

Абай жақсы атты жақсы көрген, оған мысал: Абай тұсында біреудің “Құлаат” деген жақсы аты болған. Абай осы атты бес түйе беріп қалап алыпты. Абайдың тағы бір ерекше мінезі – өзінің сүйгенін біреуден малға жығып алатын болса, өзінен біреу сүйіп қалағанын екі етпей беретін болған. Бұған Абай өмірінен талай мысалдар келтіруге болады.

“Сорлы Көкбай жылайды” деген өлеңді Абай өзіне айтқан. Себебі 86-жылға шейін жазып жүрген өлеңдерінің барлығын бұрын Көкбай айтты деп жазады екен. 86-жылдың аяқ кезінде ғана өлеңдерін өз атынан шығарыпты. Мынау өлеңді сол Көкбай болып шығарып жүрген өз өлеңдерін еске алып айтыпты (Бұл туралы да Көкбай әңгімелерінде толығырақ айтылған).

Бірақ бұл өлең түгел емес, өйткені Көкбайдан басқа білетін кісі жоқ екен. Ол: “бірталай өлең еді, көбі есімде қалмапты” деп толықтыра алмаған.

“Жамантайдың баласы Көжек” деген өлеңді Көжекбай дейтін кісіге айтқан.

Көжекбай 1886 жылы Құнанбай өлгенде Абайға: “Қажының басқа балалары жабдық әкелмей, болыспады” деп Абайдың бауырларын шағыстыра бергенде айтыпты.

“Бөтен елде бар болса, ежеттесің, сыйласың” деген өлеңді де жаңағыдай мінезбен жүргенде сол Көжекбайға айтыпты. Бірақ басы соған арналып басталса да, артын жалпыға бола айтып кеткен. Мұны Көжекбайға айтуының себебі: “Сабырсыз, арсыз, еріншек” деген өлеңді жазып болып оқыса, ылғи қасында жүретін жолдасы Қарасақау деген: “Көжекбай-ақ қалды ғой” депті. Сол сөзден барып “Бөтен елдені” Көжекбайға арнап бастаса керек:

“Назарға” (“Мынау келген Назар ма?”) деген өлеңді Қанай руынан Назар деген кісі бір аттың майын сұрай келгенде айтыпты.

“Қыс” (“Ақ киімді, денелі, ақ сақалды”) деген өлеңді 1884 жылы қатты жұт болып, қар апрельге шейін жатқан екен, сол қысты еске алып отырып, 1888 жылы жазған.

“Күлембайға” (“Уағалайкумуссалам, болыс, мал-жан аман ба?”) деген өлеңді өзінің құрдасы Күлембайға айтқан. Бұл Мұқыр еліне байлығымен болыс болса керек; соны мінездерін қалжың қылып осы өлеңді айтқан.

“Көкбайға” (“Бұралып тұрып, буыны құрып”) дегенді Көкбайдың бір мінезін ұнатпай қалып айтқан екен. Көкбай артынан сұрап алып жыртып тастапты. Сонымен, ерте кезде жарыққа шықпаса да, артынан Көкбайдың өзі айтты (Бұл туралы да Көкбайдың әңгімесінде бірталай сөз бар).

“Болыс болдым мінекей” деген өлеңді де жаңағы Күлембайға: “1888 жылы Бақанас деген жерде болған черезвычайный съездегі түрін көріп айтқан”.

“Біреуден біреу артылса” деген өлеңді Әсет деген ақынға айтқан. Әсет – терісі тар ызақор, өзін-өзі өлденелік көріп отыратын адам екен. Сол мінезіне шығарып айтқан.

“Мәз болады болысың” деген өлеңді: 1890 жылы Семейге барон Таубе деген Ақмола, Семей облыстарының генерал-губернаторы келіп, бірсыпыра болыс-билерге шекпен, қылыш сыйлағанда айтқан. Шекпен алғандардың есі шығып қуанғандарына ыза болып жазыпты – дейді.

“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деген сөздің ішінде бір ауыз өлеңмен Әріп, Көкбай, Шәкәрім үшеуінің үш өлеңін қағытып мысқылдап айтқан (Бұл туралы Абайдың өмірбаянын қара).

“Қараша, желтоқсан мен сол бір екі-ай” деген өлеңді өзінің бір туысқан ағасы Тәңірбердінің ауылын көріп отырып айтқан. Әсіресе, соның ішінде бұрынғы баспаға кірмей қалып, осы жолы қосылған: “Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып” деген жолдан басталатын екі ауыз өлеңді сол ағасы мен жеңгесінің бала асырағанына арнаған.

“Қара қатын дегенде, қара қатын” деген өлеңді Баймағамбет деген көршісінің қатынына қалжың ретінде айтқан.

“Баймағамбетке” (“Ажының жақсы-ақ қызы едім”) дегенді жаңағы қара қатынның атынан Баймағамбетке: “сенің қатының осылай деп айтып отыр” деп қалжың ретінде айтса керек.

“Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске” деген өлеңді 94-жылы болған болыстық съездегі билердің мінезін шенеп жазған.

“Қыздарға” (“Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең”) деген өлеңді Тобықтының Бәкең деген тобынан шыққан Қыздар деген күрдасы, досына айтқан. 1892 жылы Оспан өлген соң, соның үлкен әйелі Еркежанды Абай алып, сол жылы болыстық съез қыла елге шыққан. Сонда Қыздар қалжындап “биыл үлкен үйге кірген соң тойынған екенсің” депті. Жаңағы өлеңді соған ыза болып айтқан. Бұл бірсыпыра өлең екен: Қыздар жалынып сұрап алып, отқа тастап жіберіпті. Бұл өлеңдегі Лекер, Бітімбай, Аталық, Жанқожа дегендер – Бәкең тобынан шыққан, бұрынырақ өткен адамдар. Байұзақ – Қыздардың ағасы. Бірақ мына кезде тұғырдан түскен. Даулыбай – қанды балақ ұры, “Айпар-жайпар” жалмауыз жегіш дегені. Шотқара,

Қыздардың атасымен теңдес Бәкеңнің бір тобы. Айтқожа деген – епті, жұғымды адам, Шотқара тобынан. Досақ – Бәкеңнің ішінде Қыздардың тобы.

“Рақымшалға” (“Сұлу аттың көркі жал”) деген өлеңді өз ауылының бір көршісі Көжекбай дегеннің баласы Рақымшалға арнап айтқан. Рақымшал бос, болжыр жігіт болса керек. Соның бір мінезін кешке дөң басында отырып айтыпты.

“Соры қалың соққы жеген пышанамыз” деген өлеңді “Дала уәлаяты” деген газетке, шет елдің біреуі Абайды сынап: “Әкесіне ас бермеді. Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі, ата жолын қумаса, онан да өлсе игі” деп жазған.

Сол сияқты Оразбаймен жауласып жүргенде, бөтен елдің осындай адамдары Абайды Оразбаймен бірге жаулап, кейбірі приговор да жасасып беріп жүрген. Жанағы өлеңді соларға айтқан.

“Қабидоллаға” (“Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын”) деген өлеңді Абай өз ауылындағы Ғабитханұлы деген жігітке айтқан. Бұл бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына масайып, білімді кісімсініп, қалай болса солай шалқып, сөз таластыра бергенде айтыпты.

“Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?” деген өлеңді 1898 жылы тісі түскенде, назаланып, өмірдің өзгерісіне айтқан.

“Белгілі сөз өлді-өлді” дегенді өзінің кедей көршісі Жаманбала дегеннің баласы өлгенде айтқан.

“Дүтбайға” (“Жылуы жоқ бойының, жылмиғаны неткені”) деген өлеңді Мұқыр болысындағы өзінің жақын досы Дүтбайға айтқан. Ол бір болыс Мұқырдағы Көкшенің бас адамы болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген қызын алып, Абайға күйеу де болған. Бірақ дос, жақын болса да мінездерін ұнатпағандықтан, Абай осылайша өлең қылған.

“Қуанбаңдар жастыққа” деген өлеңнің айтылған реті елде Ысқақ Мақмұтов деген татар болған. Соның балалары Құнанбай балаларынан қыз алып, қыз беріп, құршасқан құда, дос, туысқан болып кеткен. Соның бір-екі немерелері келіп отырғанда Абай осы өлеңді айтқан.

“Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?” деген өлеңді де сол күні, сол жерде қымыз ішіп, қызып отырғандарға арнап жазыпты.

“Сап-сап, көңілім” — Абайдың жігіт шағынан қалған өлеңінің ең көлемді, ең көрнектісі. Бұның толық басылып отырғаны осы. Бұрын бұл өлеңді Абай жас кезінде өзі құмар болған бір әйелі — Сүгірдің қызына айтқан екен деуші еді. Бірақ, соны айтушылардың сөзіне қарағанда, бұл өлең Сүгір қызына емес, Сүйіндік қызына арналған көрінеді. Құнанбай мен Жігітек жаулығының тұсында Абайдың қауіп-қатерге қарамай, бейнетпен барып жолығып жүретін әйел осы. Ерболмен достығы да осы қыз арқылы болған. Және, Тұмабайдың айтуынша, бұл өлеңдегі қыз, Сүйіндік қызы екенін білдіртіп:

Қыз ағасы Әлібек,
Ұстап ап дүре салмай ма? —

деген бір-екі жол да бар екен. Жалғыз-ақ кейінгі айтуында ол жолдар түсіп қалыпты. Біз орнын білмегендіктен ол жолдарды өлең ішіне кірістірмедік.

“Саудаиы-ау, сауды алмады-ау” деген өлеңді бұдан бұрынғы баспада “Мырзақұлға” деп басып едік. Дәлінде ол Мырзақұл емес, соның ағасы Дүйсенқұлға арналған екен. Бұл, Абайдың Жақып деген ағайынының күйеуден қайтып келіп отырған ауру қызын алса керек. Өзі бұрын қатын тастағыш болса керек. Және қатын тастағанда қыз алмай, ылғи байсыз отырған қатынды алады екен. Сондай жайларын мысал етіп айтқан.

“Мына үйде отыр Разақ” деген өлеңді Разақ деген жігітке айтқан. Бұл Абайдың аймағындағы қожалар ауылының жігіті. Ол бір жылы Абай ауылына келіп, Абайдың өз үйіне бармай, өз құрбысы Әбубәкірдікіне қонақ боп отырады. Сонда айтқан өлеңдегі “Үлкен қожа” — Әуез.

“Әкімбай өлгенде” деген өлең — дәлді Әкімбай өліміне айтылған ба, жоқ, басқа бір жақынының өліміне айтылған ба, осы күнге шейін анық емес. Әкімбай өз баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ысқақ асырап алып, соның қолында жүргенде, жас шағында өлген екен. Сөз қисынына қарағанда өзінің “ет бауыр” жақыны туралы айтқан өлең сияқтанғандықтан, айтушылар Әкімбай деп ұйғарды.

“Әзім әңгімесі” деген әңгімелі жырды бұның алдындағы жинақта да басып едік. Қазірде де басып отырмыз. Бас жағындағы біраз өлеңіне қарағанда бұл Абай шығармасы

сияқты емес, әлсіз де, үстірт те көрінеді. Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған сөздерін жиғанда осыны да Абайдікі болуға тиіс деп әкеліп кіргізген еді. Оның дәлелі: осы өлеңді тауып беруші Ырсай ұлы Ысқақ деген Абайдың жақын туысқаны “Әзімді” даусыз Абай сөзі депті. Ысқақ ерте күннен Абай сөзіне ұқыпты болып, көп жинаған туысқанының бірі екен. Ол: “Абай мұны ерте уақытта өлең етіп, бір жазған соң қайта қарамай тастаған еді. Мен сол уақытта жиыстырып алғанмын” дейді екен. Өлеңнің бас жағында кездесетін шикілеу жерлер, ескіріп, жыртылып қалған жазбадан Ысқақтың я шала көшіріп, я шала ұғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан жері болса да ғажап емес.

Абайдың аудармаларына берілген түсініктер

1. Лермонтовтың “Скажи-ка, дядя, ведь не даром” деп басталатын “Бородино” атты өлеңінің аудармасы.

Оригиналда бұл өлең 98 жол, Абай аудармасында 20 жол. Бұл өлеңді Абай түгел аударды ма, аудармады ма, мәлімсіз. Өлеңнің аударылған жерлері жалпы мағына жағынан дәлге жақын болғанмен, бірақ Абай бұл өлеңді сөзбе-сөз аударуды аса құнттамаған көрінеді.

— Да, были люди в наше время,
Не то, что нынешнее племя:
Богатыри — не вы!”

Абай:

Ондағы біздің адамдар,
Сендердей емес балаңдар, —

деп аударды.

2. Лермонтовтың “И скучно, и грустно” деп басталатын өлеңінің аудармасы. Лермонтовта бұл өлең 13, 14 жолдай, Абай тек басқы жолдарын ғана аударған сияқты. Лермонтов өлеңінің кейінгі жолдарын Абай аударды ма, жоқ па, белгісіз.

3. Абай бұл өлеңде “Евгений Онегиннің” бірінші тарауының X, XI шумақтарын (строфаларын) түгел аударыпты, XI шумақтың тек басқы 6 жолы ғана аударылмаған. Пушкин романында әрбір шумақ 14 жолдан болып отырады; Абай сол он төрт жолды шумақты, он төрт жолды сыйғыза аударған көрінеді. Абай оригинал мен аударманың мағынасы, көркемдігі сәйкес келуін ескертіп:

После ей наедине
Давать уроки в тишине-ні –

Ел аулақта оңаша қолына алып,
Көңіліндегі сабағын айтып тынар, –

деп аударды.

4. “Евгений Онегиннің” үшінші тарауындағы XXXI шумаққа жалғас келетін Татьянаның Онегинге жазған хатының жалпы сарынының аудармасы деуге болады. Бұл өлең Пушкинде 79 жол, Абайда 76 жол. Пушкин хаты:

Я к вам пишу – чего же боле?
Что я могу еще сказать? –

деп бастаса, Абай:

Амал жоқ, қайттім білдірмей,
Япыр-ай, қайтіп айтамын, –

деп бастайды, хаттың:

Зачем вы посетили нас?
В глуши забытого селенья
Я никогда б не знала вас,
Не знала б горького мученья, –

деген жерін Абай:

Келмесең егер сен бізге,
Сау болмас па ем әлбетте?

Болмасам ашына мен сізге,
Түспес ем мұндай бейнетке, –

деп аударады. Сүйтіп, Абай аудармасының сөзбе-сөз болуын қадағалап жатпағанмен, оригиналдық ақындық мағынасын айтып беруді құнттаған.

5. Онегиннің Татьянаны жұбатып, бақшада айтқан сөзінің жалпы сарыны, аудармасы деуге болады. Бұл аудармада Пушкин өлеңінің тек ұзын сарыны ғана сақталған көрінеді. Онегиннің торыққандығын Абай:

Тәтті дүние көңілімнен,
Кетті менің, нан маған,
Енді бізге бір өлімнен,
Басқа түк жоқ арнаған, –

деген сөздермен білдіреді. Романда Онегин Татьянаға жалпы торыққандығы туралы айтқанмен, бірақ өлім туралы аузына бір де сөз алмайды.

Мен жаралы жолбарыспын,
Жұрттың атқан оғы өтіп,
Мен сынық жан, жамағанмен
Түзеле алман түрленіп, –

деген сияқты бейне образдар Пушкинде жоқ. Пушкинде бұл өлең 70 жол болса, Абай аудармасында 76 жол.

6. Бұл өлеңді аударма деу қиын. Пушкин романындағы Онегин хаты Абай жазған Онегин хатына тек сарыны жағынан ұқсастығы болмаса, мағына сөз жақтарынан әлдеқайда бөлек. Онегиннен көңілі суыған Татьяна бір князға тиіп қатын болып, сұлулығы, ұстамдылығымен жағымды болып жүрген кезінде Онегин көріп, Татьянаға құмарланып, ғашықтығын білдіріп хат жазады. Бұл хат романның сегізінші тарауының XXXIII шумағынан былай басталады:

Предвижу все: вас оскорбит
Печальной тайны объяснение.

7. Онегин хатына жауап ала алмай, ақырында Татьянаның үйіне жетіп келіп, жалғыз отырған әйелдің аяғын құшақтай,

өксіп құлайды. Сонда Татьяна Онегинге романның сегізінші бөлімінің XXIII–XXIV шумақтарында:

Онегин, я тогда моложе,
Я лучше, кажется, была,
И я любила вас; и что же? —

деп бастап айтқан сөздерінің аудармасы деуге болады.

8. Бұл өлең аударма емес. Абай өз жанынан Онегин туралы жазған. Онегин туралы Пушкинде мұндай өлең жоқ. Бұл өлең Пушкин сарынымен жазылғаны көрінеді.

9. Онегинмен дуэльге жекпе-жек шығар түні Ленский жазған өлеңді (романның алтыншы тарауы, XXI шумағының екінші жолынан кейін басталып, XXII шумақпен бітетін жері) Абай осылайша бастап аударған екен. Бірақ жазбасы да, көшірмесі де табылмады. Мынаны өнге салып айтып жүрген жігіттердің аузынан алдық. Пушкинде бұл өлең ұзағырақ. Абайдың қанша жерін аударғаны мәлім емес. Чайковский операсында Ленский айтатын ария:

Куда, куда вы удалились,
Весны моей златые дни? —

осы сөздермен басталады. Абайдың бұл аудармасы бірінші рет басылып отыр.

10. Романның төртінші тарауындағы Онегиннің бақшада жолығып, Татьянаның жазған хатына өз жайын айтып, ауызша берген жауабының, сөйлеген сөзінің аудармасы. Бұл өлең Абайдың бұрынғы баспаларынан қалып қойып жүрген. Пушкинде Онегин сөзі ұзақ, бес шумақ (XII, XIII, XIV, XV, XVI) өлең, Абай Онегиннің Татьянаға айтқан сөзін түгел аудармай, 70 жолды 44 жолға сыйғызыпты. XII шумақтың:

...Вы ко мне писали,
Не отпирайтесь. Я прочел.
Души доверчивой признанья,
Любви невинной излиянья; —

деп басталатын басқы жолдарын Абай:

Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін,
Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағыналарын.
Жасырмай жастықпенен, нанғыштықпен
Айтыпты шыншыл тілің бар іңкәрін, –

деп аударады. Абай осылай аударып келеді де, Онегиннің сөзіне арнаған шумақтарды түгел аудармаған сияқты, басқа түгел аударма болса, оны біз білмейміз.

11. Бұл өлең Лермонтовтан аударылған болар деген жору бар. Лермонтовтың бөлек өлеңдері, поэмаларында Абай өлеңдерінде айтылған сипат, ұғым кездеспеді. Мүмкін, Абай Лермонтовты өте өзгертіп, өзінше бір сипат бере аударған шығар.

12. Бұл өлең Пушкин, Лермонтов, не Мицкевич сарынымен жазылды ма, болмаса Абай солардың бірінен аударды ма, шынын білуге мүмкіндік болмады.

13. Лермонтовтың “Еврейская мелодия” деген өлеңінің аудармасы. Лермонтов Байроннан аударыпты. Байрон Джордж Гордон (1788–1824) – әдебиетте болған байроншылдық ағымына ең бастан жол салған ағылшынның атақты ақыны. Байроншылдықтың бір белгілері: қоғам тәртібі заң-заңға көнбейтін, ақсүйектерді көзге ілмейтін күшті адамды көксеу. Лермонтов аудармасында бұл шумақ, әрбір шумағы 8 жолдан. Абай өлеңнің басқы сегіз жолын ғана аударған, бізге белгілісі де осы. Өлеңнің соңғы төрт жолынан гөрі басқы төрт жолы дәлірек аударылған. Абай бұл аударманың сөзбе-сөз болуын аса қадағаламаса да, оригиналда кездесетін ұғымдар, бейнелер тапқанын көреміз. “Душа моя мрачна”-ны Абай: “Көңілім менің қараңғы” деп, “И если навек надежды рок унести”-ді “Егер сорым түбінен әкетпесе” деп аударады.

14. “Не верь, не верь себе, мечтатель молодой” деп басталатын Лермонтов өлеңінің аудармасы соңғы төрт жолынан басқасы жолма-жол дәлге жақын аударылған.

15. Бұл өлең (“Ғашықтық іздеп тантыма”) Абай шығармасына бірінші рет кіріп отыр. Бұл жолдар Мұхтардағы Мүрсейіт қолжазбасының 151-бетінде. “Өзің сенбе, жас ойшылдың” аяғына жалғас жазылған екен. Біз сол тәртіпті қолданып сол өлеңнің артынан жібердік. Өлең аударма емес сияқты.

16. Бұл өлең Абайдың қолжазбасында Буниннен делінген, ал 1933 жылғы баспасында Пушкиннен делінген.

Бірақ Буниннің, Пушкиннің қандай шығармаларынан аударылғандығы мәлім емес. Өлеңнің сарынына қарағанда Лермонтовтан аударылған ба деуге болады.

17. Лермонтов “Горные вершины” деп бастайтын өлеңін Гегенің “Вандерес Начлид” деген өлеңінен аударған, Гете Вольфганг (1749–1832) – немістің атақты ақыны. Буын санының дәл келмегендігі болмаса, Абайдың бұл өлеңі жолы – жолына, мағынасы – мағынасына сәйкес келіп, көркемдік жағынан оригиналындай болып шыққан (Лермонтов өлеңіндей) өлеңінің бірі.

18. Лермонтовтың “Молча сижу под окном темницы” деп басталатын “Пленный рыцарь” деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлең Лермонтовта да бес шумақ, әр шумағы төрт жолдан. Лермонтовта өлең жолдары он бір буыннан болса, Абайда да 11 буыннан. Мағына жағынан да дәлге жақын аударған өлеңнің бірі.

19. Бұл өлең қолжабада Лермонтовтан делінген. Лермонтовтан аударылуы ықтимал, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударылғаны мәлімсіз.

20. Бұл өлеңді Лермонтовтың “И скучно, и грустно” деп басталатын өлеңінің ұзын-ырғасының аудармасы деуге болады, өйткені Абай өлеңді өте өзгертіп жібергені көрінеді.

21. Бұл өлең қолжазбаларда Лермонтовтан делінген, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударылғанын анықтауға болмады.

22. Лермонтовтың “Печально я гляжу на наше поколенье” деп басталатын “Альбомға” атты өлеңінің аудармасы. Абай Лермонтовтың бұл өлеңін сөзбе-сөз аудармай, жалпы мазмұнын ғана аударғаны көрінеді.

23. Лермонтовтың:

Нет, я не требую вниманья
На грустный бред души моей, –

деп басталатын “Кинжал” деген өлеңінің аудармасы.

24. Лермонтовтың:

Люблю тебя, булатный мой кинжал,
Товарищ светлый и холодный, –

деп басталатын “Кинжал” атты өлеңінің алғашқы он екі жолының аудармасы, Лермонтовта өлең 16 жол. Аяққы төрт жолын Абай аударды ма, жоқ па, мәлімсіз.

25. Лермонтовтың “Исповедь” деген поэмасының үзіндісі. Лермонтовтың бұл өлеңінің басқа жерлерін Абай аударды ма, аудармады ма, мәлімсіз.

26. Лермонтовтың:

Я не хочу, чтобы свет знал
Мою таинственную повесть, —

деп басталатын өлеңінің аудармасы.

27. Бұл өлең Абайдың бұрынғы баспасының бәрінде де жоқ, бірінші рет жариялануы осы. Академиядағы Мүрсейіт қолжазбасында да бұл өлең жоқ. Мұхтардағы Мүрсейіт қолжазбасының 224-бетінен табылды. Абай бұл өлеңге “Қасиетті дұға” деп ат қойыпты; өлеңінің басқы он екі жолы Лермонтовтың “В минуту жизни трудную” деп басталатын өлеңнің аудармасы (Лермонтов өлеңі де он екі жол); сол өлеңнің:

В минуту жизни трудную
Теснится ль в сердце грусть?
Одну молитву чудную
Твержу я наизусть, —

деген жерін Абай:

Өмірде тепкі жесем жазығым жоқ,
Ешнәрсеге көңілім болмаса тоқ.
Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүреkte жанады шоқ, —

деп аударады. Ал өлеңнің “Ерекше естен кетпес қызық қайда?” деген жерінен бастап, қалған он екі жолы Абайдың өзіне тән өлең көрінеді; Лермонтов өлеңінде айтылған ой, пікірді қосымша өлеңдермен Абайдың өзінше толықтырғаны байқалады.

28. Лермонтовтың “В минуту жизни трудную” деп басталатын “Молитва” деген өлеңінің екінші түрлі аудар-

масы. Бұл өлеңді Абай бірінде “Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ” деп бастаса, бірінде “Өмірде ойға түсіп кем-кетігің” деп бастайды; бұл аудармалардың қайсысы бұрын, қайсысы соң аударылғаны мәлімсіз. “Өмірде ойға түсіп кем-кетігің” 1897 жылы жазылған. “Өмірден тепкі жесем жазығым жоқтың” қай жылы жазылғаны мәлімсіз.

29. Лермонтовтың “Выхожу я один на дорогу” деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлең Лермонтовта да бес шумақ өлең. Абай өлеңнің шумақ ретін, мағынасын дәл беруді құнттаған көрінеді.

30. Лермонтовтың “Дары Терекә” деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлеңді Абай өзгертпекші аударыпты:

Терек воеет, дик и злобен,
Меж утесистых громад,
Буре плач его подобен,
Слезы брызгами летят, —

дегенді Абай:

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып, жол салып, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып, —

деп аударды. Сүйтіп Теректің қаһарлы пішінін Абай өзінше сипаттайды, Лермонтовта жоқ (“Арыстанның жалындай бұйра толқын, айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып”) сипат, бейнелер жасайды.

Лермонтовтың бұл өлеңі 76 жол, төрт бунақты, хореямен жазылған; өлеңнің әрбір жолы 8 буыннан. Абай аудармасында бұл өлең 38 жол. Бұған қарағанда өлеңнің кей жерлері аударылмай қалған сияқты, ал аударылған болса, өлеңнің ондай жерлері бізге мәлімсіз. Лермонтов өлеңінің:

Я привез тебе гостинец
То гостинец не простой,
С поля битвы кабардинец,
Кабардинец удалой.

Он в кольчуге драгоценной,
В налокотниках стальных,
Из Корана стих священный
Писан золотом на них, —

деген жері Абай аудармасында жоқ. Мүмкін, Абай әдейі аудармаған шығар. Бұл бір өз алдына зерттеу керек қылатын мәселе.

Я родился у Казбека,
Вскормлен грудью облаков, —

дегенді Абай:

Кавказдай күзда туған перзентіңмін,
Бұлттың суын ішіп ержеткенмін, —

деп қадағалай аударғанын көреміз.

Видел березу — сломилась она,
Верхушкой к земле прислонилась она, —

деп басталатын романстың аудармасы сияқты.

31. И.А. Крыловтың (1768—1844) “Дуб и трость” деген мысал аудармасы.

32. Бұл өлеңді Абай Крыловтың “Крестьянин в беде” деген өлеңінен аударған, оригиналда өлең 39 жол, Абай өлеңге тыңнан сөз, ұғымдар қосып, өлеңді толықтырып, аясын кеңітіп әкеткен көрінеді, сондықтан Абай аудармасында өлең 56 жол болып шыққан. Өлеңнің қазақтың жалпы ұғымына жатық болу жағы да ескерілген. Мысалы, “Қарны да әбден ашады, ішеріне шай да жоқ” деген ұғым Крыловта жоқ. Абай оригиналдың кей жерлерін өзінше толықтыра аударса, кей жерлерін аударуды қажет деп те таппағанға ұқсайды. Крылов өлеңінде сөз болатын қаза көрген қара шекпеннің құда, көршілері — Климыч, Фома аттары Абай өлеңінде аталмай қалған.

33. Крыловтың “Бедный богач” деген мысалының аудармасы. Абай аудармасының сөзбе-сөз болуын қажет деп таппай, өлеңнің мазмұнын, жүйесін сақтағанмен, бірақ өлеңді өзгертпестігі аударыпты.

34. Крыловтың “Осел и соловей” деген өлеңінің аудармасы. Өлең көркемдік жағынан жатық аударылған. Бұлбұлдың сайрағанын суреттеу Абайда да, Крылов өлеңінің көркем, күшті жері. Крылов өлеңін есектің бұлбұлға тіке жолығуынан бастайды. Абай өлеңіндегі басқы үш жол (тойған есектің сонырқап жүріп, шатқа барып бұлбұлға жолыққаны) Крыловта жоқ сурет. Абай бұлбұл мен есекті кенет жолықтырмай, шаттың ішінде жолықтырады. Сөйтіп, бұлбұл мен есектің жолығуына бір ақындық жағдай туғызып алады. Бұл өлең Крыловта 29 жол болса, Абай аудармасында 28 жол.

35. Крыловтың “Вороненок” деген өлеңінен аударылған. Өлеңінің қысқаша мазмұны: бір қарға қозы іліп алып кеткен бүркітті көріп еліктеп, қозыны кім ілсін деп насаттанып, қошқарға жармасады, тұяғы жабағыға ілініп қалып, босана алмай қолға түседі, қойшылар қанат, құйрығын кесіп, қарғаны балаларға береді. Абай аудармасында осы мазмұн сақталғанымен, өлеңнің кей жерлерін Абай өзінше толықтыра жазған. Аспаннан келіп құйқылжып бүркіт қозыны іліп алып кетті деп қана қоймай, бүркіт қозыны:

Құздағы қиын ұяға,
Екпіні күшті ер үшін,
Еңбек қылды жем үшін,
Ұядағы балаға, —

дейді.

Крыловта мұндай сурет жоқ, бұл Абайдың өз қосымшасы. Крылов бұл өлеңде өз заманындағы теріс қылықтарды көрсетпек болып, нағыз залымдар елді тонап құтылып жүр де, кейбір ақымақтар соларға еліктеп тұтылып жүр деген пікір айтса, Абай қарға сияқты қолдан келмес іске ұмтылғандарды шенеп, “Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл” деген пікірді айтады. Сөйтіп, Абай қарға мен бүркіттің ісінен Крыловтан басқа қорытынды шығарады.

36. Крылов “Стрекоза и муравей” деген өлеңін Лафонтеннен аударған, Крыловтан Абай аударған. Бұл өлең Крыловта 42 жолдай, Абайда 36 жол.

37. Крыловтың “Музыкант” деген өлеңінің аудармасы. Абай оригиналдың мазмұнын сақтағанмен, сол мазмұнды

айтып беруге қолданған сөздерді өзінше алып отырады, не оригиналда бар сөздерді тастап та кетіп отырды. Абай аудармасында “Кто в лес, кто по дрова” деген сөздер жоқ, “Ынтасы даусын білдірмек” деген сөздер Крыловта жоқ.

38. Крыловтың “Пестрые овцы” деген мысалының аудармасы.

39. Абай Крыловтың “Ворона и лисица” деген мысалынан аударған. Крылов Лафонтеннен аударған.

40. Бұл өлең бұдан бұрынғы Абай шығармаларының жинағында жоқ, бірінші рет Абай жинағына кіріп отырғаны осы. Бұл:

Жұрт біледі, күледі,
Сұрқия тілдің жаманын, —

деп бұрынан басылып келе жатқан “Ворона и лисица” деген Крылов мысалының екінші түрлі аудармасына ұқсайды. “Жұрт біледі” дәлірек аударма, “Боктықта талтаңдаптың” аудармаға келмейтін жері көп.

41. Бұл өлең Абайдың өзіне тән өлең секілді.

42. Крыловтың “Лягушка и вол” деген мысалынан аударылған. Бұл мысалды Лафонтеннен аударған.

43. Крыловтың “Слон и моська” деген мысалының аудармасы.

44. Лермонтовтың “Демон” деген поэмасының:

Печальный Демон, дух изгнания,
Летал над грешною землей, —

деп басталатын әуелгі бөлімінен және шайтанның Тама-рамен сөйлескен сөздерінен аударған.

45. Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғандығын білу қиын. Абайдың бұрынғы баспаларында “Лермонтовтан” деп келе жатқан соң, біз де сол жору дұрыс болар дейміз.

46. Бұл өлеңді Абайдың бұрынғы баспаларында “Лермонтовтан” деп келген. Бірақ Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғандығын анықтауға мүмкіндік болмады.

47. Бұл өлең Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғаны белгісіз. Бұрынғы қолжазбасы мен баспаларында Лермонтов өлеңі деп келе жатқан соң, сол мақұл болар дейміз.

48. Лермонтовтың “Парус” деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлеңді Лермонтов төрт бунақты ямбымен жазған. Барлығы 12 жол, әр жолы 8 буыннан. Абай аудармасында бұл өлең 12 жол, бірақ өлең 7 буыннан болып келеді. Соңғы екі жол болмаса, аударма дәлге жақын.

А он, мятежный, просит бури,
Как будто в бурях есть покой-ды, —

Абай:

Қарашы ол бүлік, құдайдан,
Сұрайды дауыл күні-түн, —

деп аударады.

49. Лермонтовтың “Утес” деген өлеңінің аудармасы. Абай аудармасы оригиналда 4 жолды, екі шумақты болып шыққан. Бірақ бұл өлеңдерді сөз, мағына жақтарынан дәлме-дәл деуге болмайды. Абай өлеңіне “қыз” деген сөздің қалай кіргені де түсініксіздеу, оригиналда “қыз” деген сөз жоқ, “із” деген сөз бар. “Но остался влажный след”, — дейді Лермонтов. Оригиналдың бесінші жолындағы “Остался влажный след” деген ұғымды Абай басқы шумақтың 3-жолында “қалды үміт” деген сөздермен айтып бергенге ұқсайды. Абайдың “Ночевала тучка золотая”-ны “қонады бір күн жас бұлт” деп аударғанына қарағанда, оригиналда жоқ “қыз” деген сөзді қолдануы ғажап емес, немесе “із деген” деп, болмаса “іздеген” деп аударуы да мүмкін, бірақ бұл үш жорудың мынасы даусыз деп кесіп айту қиын, толық дерек жоқ, сондықтан бұрынғы баспаларында, Академиядағы Мүрсейіт қолжазбасында “қыз деген” болғандықтан, сол “қыз дегеннің” өзін қалдырдық.

50. Бұл өлеңді бұрынғы қолжазбалар мен баспаларында Лермонтовтан аударған деседі. Бірақ Лермонтовтың қай өлеңінен аударғаны туралы мықты дәлел жоқ, мүмкін Абай басқа бір ақын, жазушылардан аударған шығар, қалайда бұл өлең бөлен өлеңнің аудармасы деуге әзірге дерек жоқ.

51. Лермонтовтың “На буйном пиршестве задумчив он сидел” деп басталатын өлеңінің аудармасы. Бұл аударма — еркін аударма. Өйткені өлеңнің кей жерлерін өзгертіп

және жолдар қосып, аударма түбірінің мазмұнын өзгертіп өкеткен көрінеді.

52. Лермонтовтың “Вадим” деген қара сөзбен жазылған ұзақ әңгімесінің бірінші бөлімінің бірінші, екінші тарауларының жалпы мағынасын түгел аударып, және үшінші тарауының бас жағын Абай осылай аударыпты. Абай өлеңінде оригиналдың тек ұзын-ырғасы ғана бар. Бірінші тарауындағы “Какая странная мысль принять имя раба за два месяца до Пугачева” деген сөздері және сол тараудың “Вадим оборачивался” деген сөздерден кейін басталатын ақыры Абай аудармасында жоқ. Осындай қалып отырған сөздері, ұғымдар аз емес көрінеді. Бұл қалып қойған жерлерді Абай әдейі тастап кетті ме, жоқ па? Ол жері бізге мәлімсіз.

“Вадимнің” бірінші бөлімінің бірінші тарауы “Батар күнге шымылдық көк бұлт кең” деген сөздермен басталса, екінші тарауы “елуге келген шашы бурыл тартқан” деген сөздермен басталады. Сол бөлімнің үшінші тарауы “бай: ер!” деді, артынан ере берді” деген сөздермен басталған көрінеді. Мүрсейіт қолжазбасында бұл өлең тарау-тарауға бөлінбей тұтас жазылған. Біз де өлеңді сол тұтас қалпында жіберуді мақұл көрдік.

Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар

Бұл жинақта Абайдың өмірбаяны бірқыдыру толықталып жазылса да, әлі де соған кірмей қалған қосымша материалдар аз емес. Бұл соңғы материалдар ақын өмірінің үлкен кезең, үлкен іс мінездерін баян етпесе де, оның ұсақ әдет-машықтарын білдіреді. Өмірінің әр кезіндегі әр алуан жайдан айтып өткен бірен-саран пікірлерін білдіреді. Әртүрлі халдан алған әсерін, соның орайына айтқан қалжың, сын, билік сияқты қысқа қайырымды сөздерін де көрсетеді. Және үлкенірек, маңыздырақ уақиғаларға сүйеніп жазылатын өмірбаянының ішіне әдейі кіргізілмеген ұсақ фактілер кіреді. Абайдың аңшылық, сауыққойлық сияқты мінездері, үй іші, қатын-бала мен келімді-кетімді кісіге істейтін кейбір мінез, кейбір айтқан сөздері де осы бөлімге кіреді.

Бұл жолғы толық баспада көздеп отырған мақсатымыз — ақын жайында осы күнге шейін мәлім болған мағлұматтың бәрін жарыққа шығару. Сондықтан жаңағы сияқты үлкенді-кішілі қосымша материалдардың барлығын өз алдына бір бөлім еттік. Бұның ішіндегі сөздер көбінесе Абайды көзі көрген адамдардың айтып берген, естегі сияқты әңгімелерінен тізілді. Оның ішінде Көкбай мен Тұраштың айтқан әңгімелері шамасынша желілі болып айтылған сөздер. Олар Абайды ең алғашқы сөздерін анықтап біле бастаған кезден сөз бастап, беріге қарай жылжиды. Көкбай 1880 жылдан бастап Абайдың жолдасы, досы болған адам. Бірақ өзі сол рубасы ортасының адамы. Абай істеген іс пен мінездің барлығын құптаған, мақұлдаған адам. Өзі атқамінерлігімен қатар жасында ақын, әнші болса, бері келе молдалық та қылған. Сондықтан біз Абайдың дін жайындағы, билігі жайындағы, адамшылық үгіті жайындағы сөздерін келтіргенде, әдейі сол замандастарының Абайды түсінуі, бағалауы қандай болғанын көрсету үшін кіргізіп отырмыз. Абайдың баласы Тұраш дәл осы Көкбай сияқты. Бұл екеуінің ұғымынша да Абайда ешбір олқы мінез жоқ, мін жоқ. Рубасы болған, партияға араласқан, бірақ елге Құнанбай өктемдігін жүргізген деген Абай бұларша тіпті жазықсыз елдің “телісі мен тентегін бағамын, түзеймін” деп, өз басын әуре етіп өткізген Абай ғана болып көрінеді. Шынында Абайдың уағыз, өсиет айтып: “Адам болсаң сен ғана боласың, үміт қылатындарым сендер ғана” дейтін ет-бауыр, жақын жастары да осы Көкбай, Тұраштар болатын. Бұлардың Абайды бағалауы, түсінуі, үлгі етіп көтеруі қандай? Соны көпшілікке білдіру үшін және осымен қатар екеуінің де әңгімелерінің ішінде, әсіресе, Көкбайда ақын өмірінің әр алуан қызықты, ірі фактілерін білдіретін бағалы мағлұматтары бар.

Қосымша материалдардың бір алуанын бергендер: Мадияр Түсіпұлы, Қорамжанұлы Қатпа, Әрхам Ысқақұлы, т.б. Бұлар да Абайды көзі көрген адамдар. Әрқайсысы әр алуан жайда Абаймен кейде дос, кейде араз болып жүрген ауылдардың адамдары. Бұлардың әңгімелері желілі болып құралған, жыл мөлшерімен тізілген, кезегімен келетін әңгімелер емес. Абай жайындағы естігені мен білгенді жеке-жеке үзінді, оқшау-оқшау әңгімеше айтып өткен сөздер. Ақынның өмірбаянына жанасатын материалдардың

бір алуаны осылайша болғанын біз теріс те көрмедік. Сондықтан бұлар айтқан әңгімелер сол айтылған қалпында үзінді-үзінді болып тізіледі. Оның ішінде кейбір адамдардың Абайға айтқан үлкенді-кішілі сөздері болса, олар да көрген қисынына қарай айтыла отырады.

Көкбай әңгімелері

“1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін Абай әр кезде аз-аздап өлең жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын “Көкбай сөздері” деп жүргізді. Кейін Омбыда “Дала уәлаяты” мен “Серке” газеті шыққанда, бірер өлеңді тағы да менің атыммен жіберді. “Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды” деген, “мен” қалып қойып, өзін айтып еді.

Осы қал 85-жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының ең өрістеп баратын жайлауы – Бақанас өзенінің бойы еді. Соған қонғалы келе жаттық.

Көш жүріп кеткен еді. Біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатыр екен.

Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен, үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: “Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой”, – деді.

Мен: “Асса, басында, мен қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз”, – деп қалжыңдадым, сөйтсем сол күні “Жаздыгүн шілде болғанда”-ны жазған екен, оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет, аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: “Сен соғымыңа бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын” деді.

“Жаз” өлеңіндегі Абайдың суреттеген ауылы – өз ауылы. Байдың астындағы аяңшыл – Абайдың Әбдірақметтен алған “аяңшыл, күрең төбел аты”. Айқайшы шалы – сол жылы

өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Күс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары: Ақылбай, Әбдірахман болатын.

Осыдан кейін өлеңді жиі жаза бастады. Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қысты күні мен жазға салым болатын. Кейін 89–90-жылдарда тыныштық алып отырғанда, көп өндерін де бір-ақ қыста, жазға салым шығарды.

Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызығанда ешуақытта басқа бөтен нәрселерге аумай, таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын. Және әрқашан сондайды тыңдап болған соң, сол нәрсенің мағынасы мен жөнін ұғындырып, сын айтатын. Сол ретпен: “Ақбала Боздақты” айтқанымызда, осы жырдың ішіндегі бір-ақ ауыз өлеңін жақсы көрді де: “мынаны шығарған кісі ақын” деді. Тегінде өлең ішінде бірер ауыз дәмді, әдемі сөз табылса, сол үшін қатты риза болып қалушы еді. Жаңағы өлеңде: Ақбала мен Боздақ, тау аралап келе жатса, алдарынан шағылысып жүрген құр, ұйығып жүрген екі түлкі кездесіпті. Сонда Боздақ Ақбалаға:

Бір қораз, бір мекиен талда ойнайды,
Адам түгіл, хайуан мал да ойнайды;
Құдайым бір нәрсеге бастап жүр ме,
Алдымыздан кез келген аң да ойнайды... —

депті.

Абай “осы сөзінен айтушының ақындығы білінеді” деп сынады.

Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: “Ол — қуат, табиғат сыйы, құдай сыйы” деп құрметпен сөйлейтін. “Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай жабайы адам болмайды”, — дейді.

Осы сөздің шындығы бәріміздің көзімізше, ел ішінің бір ақынының тұсында ақталғандай болады.

85-жылдың шамасында Қарамолада болатын шербашнайға Абаймен бірге көп кісі болып келе жаттық. Ішімізде Байкөкше деген ақын да бар еді. Бір мезгілде Байкөкшенің түсіне Абайдың көзі түсті де: “Мына көрінің жыны ұстап келе жатыр екен” деді. Айтқандай сол арада Байкөкше Абайға түнде

көрген түсін айтып, ұзақ өлеңді шұбатып жөнелді. Түсінде Абайдың бірталай қиындық, қауіптен өтіп, мұратына қолы жеткенін көрген екен. Соны айтумен бірге өзінің жоруын да өлеңге қосып Қарамоладан жолы болып, алысқандарын жеңіп қайтатындарын айтты.

Абай ел ортасында өлең шығарып жүретін, “ақынмын” деген жігіттердің кейбіреулеріне кездескенде, солардың өз жанынан шығарған өлеңдерін айтқызып, ықыласпен тыңдайтын уақыттары да болушы еді. Бірақ ол ақындар өзіне өлең шығарып айтсын, басқаны өлең қылсын, сөздерін жай тыңдағаны болмаса, өлеңдеріне орай өлең айтып, айтысқа кіріспейтін. Өзім білгенде мұндай іс бір-ақ рет болды.

Ел ішінің тағы бір съезі болып, Семейдің уезі келгенде, соған тілмаш болып Сыбан Әріп келді. Әріп екеуміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз. Съез болып жатқанда менің бір ақы сұраған арызым болып, соның тез қаралуын тапсырамын деп Әріпке:

Найманша адырайма, кеуіп ісіп,
Ежелден Арғын аға, Найман кішік,
Төбеңмен жүр, тез бітір қызметінді,
Күнде бүйтіп мәлимен ісім түсіп! —

дегенімде, ол:

Асықпа бітірермін қызметінді,
Тапсырған құрбылықпен міндетінді.
Арғынға, Көкше — сенен Қызай жақын,
Ата кумай түзей бер өз бетінді, —

деді. Мен мұның орайына:

Көкше атам — Тобықтының бел баласы,
Бөтен деген білместің бос таласы.
Нарымбайды тәшкендік сарт дейді ғой,
Сол сияқты қазақтың құр жаласы, —

дедім. Әріп:

Тіпті, Тобықты Арғын емес, Көкше тұрсын,
Ата қуып қайтесің өзің жүрсің.
Құдай ақын, теңдесім Алтай-Қарпық,
Құр көңіліңді көтерген кеудең құрсын, —

деді.

Біз осылай сөйлесіп жатқанда, өзіміздің елдің біреулері Абайға барып: “Әріп пен Көкбай айтысып жатыр” депті. Сонан соң біреуі келіп, екеумізді де Абай шақырады деді. Келіп едік: “Не айтыстыңдар?”, “Мынау ананы айтты, мен мынаны айттым” дедім. Абай тыңдады да, әлгі даудың орайына:

Ақсұпы дүниеден ұлсыз кеткен,
Енеден жалшысынан бала біткен.
Өкіреш Найман ұлы болмаған соң,
Атасыз да Найман көп, деп ап кеткен, —

деді.

Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде нәр жұғын болса, дәмді сөзін көріп ырза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін. Кейбіреулеріне өлең қыларлық теманы да беретін сияқты еді.

Бір жылы менің өзіме: “Абылай мен Кенесарының өмір тарихтарын ұзақ әңгіме қылып, айтып беріп, осыны өлең қыл”, — деді. “Абылай да, Кенесары да қазақтың ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалғандай, ұмытылмастық еңбек. Солардың бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып, ел ортасына жаю — жақсы өлеңшінің мендеті. Сен үйіңе барып, орнығып отырып, осыны өлең қылып кел” деді.

Содан келіп, үйге келіп отырысымен өлең қылуға кірісіп, күндіз-түні тыным алмай жаздым да, 5-6 күнде бітіріп, Абайға қарай қайта жүрдім. Абай бұл уақытта үлкен ауылынан, бауырдағы ауылына тоқалынікіне барып, сонда жатыр екен. Кіші ауылы “Аралтөбе” деген жерде. Үлкен ауылы Ділде қыстауы, Ақшоқыда. Біздің ауылдан 70 шақырымдай жерде еді.

Осы жолға қасымдағы атшыммен қысты күнгі аязда салт атпен келе жатып, жазған өлеңімді ойлап көрсем, жатқа айтуға бірде-бірі есте қалмапты. Абайдың барысымен айт дейтіні мәлім. Сондықтан, жол жүріп келе жатып, өз өлеңімді өзім жаттауға кірістім.

Күн суық. Қағазды екі жеңіммен ұстап, атымның басын жолдасыма жетектетіп қойып, жол бойы жаттадым.

Сонымен, кеш болып, ел орынға отыратын кезде кіші ауылға жетіп, Абай отырған үйге сәлем беріп кіріп келдім. Үйде кісі көп екен. Алдарына кешкі шайды жаңа алған екен. Кірген жерімде сәлемімді алмастан: “Абылай келді ме?” – деді.

Тегінде сол 25 жыл жолдас болған уақытымда, анданда қасынан кетіп, қайта келгенімде, сәлем алып, “малжаның аман ба?” – деп амандасып көрген емес. Білгі ғана жаңа көрісіп шыққан кісідей іліп ала әңгімеге кірісетін. Бұл жолы да соны істеді.

Мен сұрағанына “келді” деп едім, “олай болса, айт” деді.

Киімімді шешінбестен отыра қалып айта бастадым. Өлеңді алғашқы айта бастағанымда тымағымның да бауын шешкен жоқ едім. Тегінде “шешінейін, жайланайын” деген сөз Абайдың нашасын кетіріп, ықыласын қайтарып тастайды. Сондықтан өлеңді айта отырып, тымағымды шешіп бір алып қойып, тағы бір әредікте белдігімді тастап, содан өлеңнің желісін үзбей отырып, сыртқы киімді тастап, жүгімнен бірте-бірте барып қана босандым.

Абайдың өмір бойғы әдеті осындай еді. Біреу өзіне келсе, келген жерден “жұмысың не?” – деп сұрайды да, сол арада шаруасын бітіріп, содан кейін өзінің әңгімесіне кетеді. Алғаш сұраған жерде шапшаң айтып жіберген кісі болса риза болып қалады. Басында айтпай, артынан “пәленім бар еді” дегенде ашуланып қалатын. “Бағана неге айтпадың?” – деп ұрсып, тыңдамай да қоятын.

Сол әдеті мәлім болғандықтан, өлеңді әнге салып айтсам да шаршаған, талғанымды білдірмей, желісін үзбей айтып отырдым. Қағазыма да қарағаным жоқ. Білгі жатқа айттым.

Алдарына келген шай ішілмей қалды. Алғашқы самауырын суып кетіп, оны алып барып екінші рет қойып тағы әкелді. О да суып қалды. Абай да, басқа ешкім де ішкен жоқ. Сонымен үшінші самауырын келгенде, Абылай мен Кенесарының жорығын аяқтатып болып, енді Наурызбайға көшіп едім. Бұған келгенде: “Енеңді ұрайын, ашулы тентек, Кененің бағын да осы алып еді.

Енді шайыңды іш!” – деп, Наурызбайдың жайын бұл арада тыңдағысы келмеді.

Осы өлеңдердің ішінде Наурызбайға Меркенің бегі берген Ақауыз аттың тұлғасын сыпаттап едім. Ол атты менің сөзімнен сынады да: “Мұның шыға шауып, жайлап қалатын ат болған екен” деп, сол күндерде “Ақауыз атты” жазамын деп, “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ” деген белгілі ат сынын шығарды. Басында мұны Ақауыз аттың сыпаты деп айтқан соң, мен “Абылай-Кене жырына кіргізейін бе?” деп сұрап едім: “Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой” деп кіргіздіртпеді.

Ұдайы жолдас болған уақытымда: орыс болсын, қазақ болсын, үлкен я кіші болсын, әрқашан мінезінде бояма болмай, шынымен келген кісіні жақтырушы еді. Бойын бағып, қымтырылып “пәлен көрінем, түгілен көрінем” деп қолдан пішін жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын.

Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңінің көбі маңындағы жұрттың осындай мінездерінен туады.

Бір күні осындайдың тұсында, өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем, қолына бір табақ қағаз бен қарындашты алып жазып жатыр екен.

“Не қылса да, өзімді өлең қылып жатыр-ау” деп ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді:

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
 Қисайта тартып мұрынын,
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
 Әр нәрсенің орынын,
Керенау, кердең бір керім,
Жақпайды маған сол жерің! –

деп, өзімді өлең қылып қойыпты. Сонан соң жалынып отырып сұрап алдым да, көзінше жыртып тастадым. Өлеңін

өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалғаны осы еді.

Жалпы өмірдегі мұрат қылған қиялы әділшілік пен дұрыстық болғандықтан, қазақтағы досы өтірігі жоқ, шыншыл кісі болатын.

Өтірік айтпай, шынын айтатын болса, мал ұрлайтын ұрыны болса да сүйоші еді, ұрыдан алатын парасаты шынын айтқаны. Шындыққа, дұрыстыққа құмарлығын билікте анық көрсетіп жүрді. Билікке келгенде Абайдан әділ, таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынғы заманда көрген жоқ деп айта аламын.

Абайдың билігіне, Абай тергеуіне әрқашан ел ішінде шиеленісіп, ұстасып жүрген жаулары құмар болатын. Сондықтан Абай айтқан билікті көбі, әрқашан сол жау жақтарының даулары туралы бола ма деп ойлаймыз.

Өзіміз көріп, өзіміз естіп білген заманда жауына келіп билік айтқызу Абайдан басқа кісінің тұсында болды деп білмейміз. Тобықты ішінің өзге ешбір адамына дәл билік турасында мұндай сенім болған жоқ.

Биліктегі әділдігімен қатар, осыған егіз сияқты бір мінез: Абайдың ерекше мырзалығы, жомарттығы, дүниеқор еместігі болатын. Жақын маңайдағы елде өз атағын есіткен атышулы жүйрік ат, қыран құс, ит сияқты сауық аспаптары болса, Абай қалап та алады; қызыққаны кедейдікі болса сатып та алады. Бір жазда бес түйе беріп, бір бәйге ат алып, бес құлынды бие беріп, екінші ат алғанын көрдім. Солардың екеуін де сұраған екі кісіге өзі қызықтамастан беріп жіберді.

Тобықты іші: “бір досыңнан қызығып алып, бұлдап алған жақсынды, үйіңе жеткізбей бір жақсы көрген адамың алып кетсе, содан қызық не бар деп, Абай айтпап па еді”, – деп аңыз қылысады.

Өзі шаруа басқарып, қырда малдың санын, қалада ақша пұлдың санын ескерген емес. Қыр шаруасында ескерсе, жылқыны ғана ескеріп, жақсыдан айғыр салып, тесе мініліп, ер батып кеткен арықтары болса, сол жағын ғана ескеретін. Малшысына еңбек ақысын толық қылып беріп, мықты малшы салуды ескеретін. Осындай басқа ауыл шаруасына істейтін қамы болушы еді.

Қалада болған уақытта ақшасының барлығын қасындағы атқосшы жігіті ұстайды. Одан “қанша қалды, неге ұстадың?” –

деп сұрамайтын. Жалғыз-ақ “бітіп қалды” дегенде ғана, тыңнан ақша тауып, тағы қалтасына салып береді де, отыра береді.

Ауыл қысы-жазы өте қонақшыл. Әрдайым күндіз-түні басып жатқан неше алуан кісі болады. Солардың ішінде “Абайдың түстігінен жейміз” деп, ас аңдып келетін кедей-кепшікпен бірге ел-елдің басты адамдары, ертекші, құсбегі, домбырашы, әнші, не болмаса тоғызқұмалақ, дойбы ой-нағыш ойыншылары да жатады.

Абай қыстыгүнгі бос уақыттарының бірталайында өзі оқып алған романдарды кейде ертек қылып, маңындағы жұртпен бірге, әсіресе, өзінің ұдайы қасында болатын ертекшісі Баймағамбетке айтып беретін.

Баймағамбет орыс романдарын бір айтқаннан жаңылмай ұғады. Ішіндегі европаша аттарды да жаттап алады. Содан кейін бірнеше күндер өткенде, өзі айтып берген ертекттерін Баймағамбетке қайтып айтқызады да, ешнәрсеге алаңдамастан, бөлінбестен қайтадан түгел тыңдап шығады. Қатесі болса сонда түзеп береді. Содан анау айтып, таратып кете барады.

Осындай әдетпен қатар, Абай қырдың тоғызқұмалақ, дойбы сияқты ойындарына көп уақыт беретін. Әсіресе, көп салынып ойнайтыны тоғызқұмалақ болушы еді. Бұл ойындарға Тобықты ішіндегі ірі ойыншылардың ең ілгергі қатардағы бірі болып саналады. Ойнай-ойнай келе бірден-біреу озып, екшеліп келген соң, Тобықтыда бес-алты-ақ үлкен ойыншы шықты.

Солар: Көрпембай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Мақыштың Смағұлы дегендер еді. Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жиып, көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойын тарқап, әлгі кісілер қайтатын болғанда, дәулеті аз нашарларына соғымдық тай, тайынша, қой, киім сияқты нәрселер беріп қайырады, осы сияқты ел ортасының көңіл сергітетін, қазақ сауықтарының барлығын Абай молынан көріп, толық қызықтады.

Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу; палуан апарып күрестіру; қаршыға, лашын салғызу; жүйрік ат пен мықты жігіт сақтап ұры түсіру; қасқыр соққызу; ақын, әнші, күйшіні сақтап өнерді қызықтау сияқтының барлығын да

өзі де көрді, бала-інілеріне де толық көрсетті. Осындай көп әдеттері маңайының барлығына үлгі болып жайылды.

Қыс бойы елсіз қалатын сыртында бұғы, арқар, киік, түлкі болады. Абай көп кісі, көп жақсы құсбегі, мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап, бірнеше үймен, көп соғым сойып барып, бір ай, екі ай жүріп қайтады.

Бірақ, берірек келгенде аңшылықты қойып, жоғарыда саналған өзге түрлі сауықтарға көбірек ауысты.

Бірақ, бұл істерінің қайсысы болса да, Абайдың жалпы тыңдаушыға айтып отыратын өсиет үгітіне, келелі мәжілісіне, кітап оқып, білім табуына көп бөгет болған жоқ. Бөгет болатын нәрсе болса ел сөзі, ел тартысы болды.

Абай Европа ғалымдарының ірі пәлсапамен жазылған кітаптарын оқығанда, өзінің басындағы ой-пікірлерінің ірге негізін аналарға оңай беріп жіберіп отырған жоқ. Жұртқа өсиет қылып, өз сөзіне мысал қылып сөйлегенде, әрқашан өз ақылының елегінен өткізіп алып айтушы еді. Көп насихатының түп қазығы: адамшылық, ақтық, әдет болса осының барлығын мұсылман дінінің діңгегіне әкеліп, бір шалып кетіп отыратын.

Абай діншіл еді. Бірақ діншілдігі молда-қожа айтып жүрген сыртқы сопы, діншілдік емес-ті. Бергі жерлердегі кітап сөзі, молда сөзі, шарифат жолы дегеннің барлығына сынмен қарап, діннің негізін, мақсат бағытын ғана алып, соны хақиқат діні деп қолданған. Сондықтан сыртымен тақуалық қылып ұдайы намаз оқып, ұдайы ораза тұтып, ұдайы құлшылық қылған да емес. Намазды оқығысы келген кездерде оқиды. Бірақ ондайда қасына ешкімді алмайды; оңаша үйде жалғыз өзі ұзақ уақыттар отырып оқиды.

Онан соң жалпы мұсылманшылық жолындағы үлкен ғұламалар жазған, ірі сөздердің көбін білетін. Бәрінен өз тұсындағы үлкен молдалардың қайсысымен болса да қатар түсерлік мағлұматы бар-ды. Семейге барып жатқан уақытта, Семейдің Камали хазрети сияқты үлкен молдаларымен анда-санда бас қосып мәжіліс те жасап қоятын. Осындай мәжілістер арқылы Семей қаласындағы қазақ, татар молдаларының барлығы да, Абайдың дін мәселесіне әбден жетіктігіне көзі жеткен соң, бұл кісіні өз заманының ғұламасы сияқты да көрген.

Сонымен, кейінгірек жылдарда Семейге миссионер Сергей деген кісі келіп: “Мұсылман дінін қорғаушы молда имандар болса сөйлесемін” деп іздегенде, Семей қаласындағы молда, хазіреттер араларынан бір ауыздан Абайды сайлап шығарады. Сергейден жеңілмей, өз дінінің әбүйірін аман сақтап шығуына мешітке жиылып, дұға қылып, Абайға бата беріп жөнелткен.

Бірақ Сергейдің не мақсатпен сөйлесемін дегенін қала молдалары шала ұғынып, алыпқаштымен ұлғайтып жіберіп, елді де үркітіп, өздері де босқа үріккен ғой деймін. Абай барғанда Сергей дін жайына талас жасамай, бірер нәрселерді сұрап қана, артынан жай әңгімеге кетсе керек. Бұл мәжілісте Абай дін жайынан қаншалық сөйлесіп, қанша таласты, ол арасын мен толық білмеймін. Бірақ артынан өзіміз сұрағанда, азын-аулақ айтқаны:

Сергей: “Мұсылман дінінше құдай күш иесі, қорқытушы, сондықтан құдай жолындағы құлшылық, таза-лықтың барлығы да қорқудан туатын сияқты” деді.

Оған мен: “Біздің құдай “рахыман, рахим”, қуат қана иесі емес, рақым да қылушы: қуаты қара күш бастаған қуат емес, махаббатты бар қуат. Әке мен баланың арасы сияқты. “Әкеше сүйеуші ие дедім” дейді.

Сонан кейін Абай Айса дінінің наным бойынша “үш жүзді құдай” деген ұғымға қарсы дау айтыпты, “бірлігіне үш жүзді болу сыя ма, сол үш сипат бір жүзінде болса, құдайлығына көп бола ма?” десе керек. Бірақ бұл сөзге Сергейдің не айтқанын толық білмеймін. Жалғыз айтқаны: “Сергей дін жайынан аз сөйлесті де, жалпы ғылыми әңгімеге түсіп кетті. Сонан соң мен де дін жайын қайта қозғағам жоқ” деді.

Бұл мәжіліс туралы тағы да бір есімде қалған нәрсе: осы сөйлесетін күні Сергейдің қасында Семейдің көп поптары бар екен. Солардың кейбіреулері бір әредікте мұсылман дінінің ұзақ мәселесі туралы Абаймен дауласқысы келсе керек. Сонда Сергей: “Сендер қойыңдар, Ыбырайым Құнанбаевич сендердің тісің бататын кісі емес деді” дейді.

Абайдың осы Сергеймен сөйлескен сөздерін кейінгі уақытта қаланың жатақтары мен шала молдалары үлкен жырдай қылып, ертек қылып әкетті. Соның ішінде Сергей

“үй” депті, Абай “бүй” депті деген талай ұйқасты сөздер толып жатыр. Бірақ мұның бірде-бірін де біз Абайдың өз аузынан есіткеніміз жоқ” дейді Көкбай.

Тұраш әңгімесінен

Мен бала шағымда әкемді танығанда: жүзі жарқын, ажары сыртында, көзі өткір; ашуы да, қуануы да жылдам, ширақ жанды адам еді. Мәжілісі қызықты. Ойын, сауықшыл, дастарқаны аса мол еді. Бір істі қызықтап отырғанды іздейді. Жай шаруасын ғана істеп отырмайды. Маған десе бала болсын, я үйіндегі қызметкер қатынның да болсын бір тәуір мінезін тауып отырар еді. Сүймеген адамымен ешуақытта жылы ұштаса алмайды. Ондай адамдармен бас қоспақ уақыт еріксіз кез келсе, сол мезгілін абақтыдай көруші еді. Сыпайылық, сыйлық қылып, әдептіленіп, аяғының басынан, аузынан шыққан сөзін санап отыратын адамды жақсы көрмейді. Жарқын жүзбен, ашық көңілмен қытықсыз келетін адамды аңсап, сағынып, ондай адамды көргенде не баласы, немесе туысқаны, бауыры келген кісідей қуанып қалар еді.

Менің бала кезімде әкем қандайлық жылы шыраймен ойнап, қалжыңдап отырса да, қытығына тисе, ашуы тез келгіш болатын. Сондай мінезінен ауылдағылар да, бәйбішелері де айғырмен ойнаған ат секілденіп, қорғаныштары кеуделерінен кетпей, қымсынып жүруші еді.

Өзім білген мезгілден бастап үйде отырғанда бірталай уақыттарын тоғыз құмалақ, дойбы сияқты ойындар алатын. Сонда таңертеңгі шайды ішкен соң бауырына жастығын алып, алдына құмалағын құрғызып, ойынға кіріп кетеді. Күндізгі келген ел арасының бас адамдары да ойынға кіріп кетеді. Құмалақтан кезек тимеген, я құмалақтың ойынына жаттықпаған іні, балалары секілділері өз алдына дойбы, карта сықылды ойынның дүкенін құрады. Сонымен бір шет елдің қабілетті адамы келіп қалмаса, я бір үлкен жұмыс кездесіп қалмаса, ертелі-кешкі тамақтарынан басқаға бұрылмай, ойнап жатысады.

Бері келіп кітапты көп оқитын болған соң, уақытының көбін кітап алатын болды. Бірақ кейбір күндерде я кітапқа, құмарлыққа түсіп кетпесе, біреуге ертек айтқызып, я

өзі айтып отыратын еді. Біреуге айтқызғанда: есітпеген ертегісіндей ынтасын сала тыңдап, бір сөзін қақпай, әбден айтып болған соң, айтушының адасқан жері болса, қайтадан өзі айтып, түзеп беруші еді. Қазақтың ертегілерінде есітпеген, білмеген ертегісі кем шығар. Сонда: “қазақтың ескі ертегісінен, бұрын қай жерлерде жүргені; көршілес, күндес елдері қай жұрттар екені; діні, білімі қандайлық кезде шығарғаны, елдің ескі салты, арманы, кәсіп-қарекеті не екені көрінеді” деуші еді.

Жас кезінде де парсы жұртының: “Ямшид”, “Қаһарман” секілді ертегі кітаптарын көп оқыса керек. Өзім көргенде “Мың бір түннің” кітабын оқып, алғашқы біздің елді “Мың бір түнмен” таныстырған осы кісі.

Орыстың әңгімелі кітаптарын да көп оқып, көп айтып, елді романдармен таныстырғандығынан, біздің ел “Мың бір түнінен” жалығып, романның қызығын күштірек көріп, соған әуестеніңкіреп кетті.

Жалпы жай отырған кезінде, ақылынан гөрі, махаббатын ардақтап, ақылдың суық сынынан қашып, көңіліне билетіп отырғыш еді. Айтпасақ та, не ойлап, неге риза яки неменеге наразы болып жүргенімізді бүлк еткізбей біле қоюшы еді. Көңіл сезіміне билеткіштігінің бір белгісі: жас баланы әлпештеп, шақырғанына бала ұмтылып келсе, қатты қуанып “қаны тартып, біліп тұр” деп рахаттанады. Егер шақырғанына жатырқап: келмей қашса, өкпелеп, ашуланып қалушы еді.

1889 жылы үлкен әйелінен туған Райхан деген қызды ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кетіп, үйде екеуміз-ақ қалдық. Сол жыл, артынан абайлап қарасам, ғылым жолына белсеніп шыққан жылы екен. Сонда таңертеңнен кешке шейін бас алмай орыстың кітаптарын оқиды да, ара-тұра өлең жазып тастайды. Өлең жазарда ширек табақтай ақ қағазды алдына алып, қолында қарындашы, көзі жасаураңқырап (тегінде көзі жасаурағыш еді), әндетіңкіреп, күңіреніп отырады. Сол күңіренудің арасында есітер-есітпес қылып, күбірлеңкіреп келіп, жазып кеткен соң көп ойланып тоқталмайды. Алдыңғы жазғанын көп сызып түзетпейді де.

Кейде бір елден бөлек, ерекше мінез де шығарып отырады. Бір жылы Алдоңғар деген көрі ұрыны, “ұрлығыңды қой” деп қасына көшіріп алып, Мәніке деген жастау әйел

баласын теңіне қосамын деп асырап алған. Шайын қойып, төсегін салып беретін сол Мәніке.

Оңашада Мәнікеге мен қонақтарға сөйлеп-сөйлеп болған соң “Солай ма, Мәніке?” дермін, сен “солай” деп қой деп үйретіп қояды. Кешке сөз ұғар ма дегендей адамдар қонақ болса, қазақтың ойында жоқ ғылымның үлгілі сөздерінен сөйлеп келіп, “осылай ма, Мәніке?” десе, Мәніке “осылай” дейді, “япырм-ай, мынау баланың біліп отырғанын қарашы” деп, қонақтар таңырқап қалады. Мұнысы қазақтың ақыл-шамасына күлгені-ау деймін.

Кейде қонақтарға: “осы сөзімнің жалғанын тапсаңдар, көк бөркімді берейін” дейді. Онысы қонақтың қытығын тарқатып ойнағанының себебі.

Ұлғайған сайын ашуы азайып, жұмсақ тарта береді. Жасы ұлғайған адамның бәрі де жасып, қайрат, ажары кеміп жұмсармағы табиғаттың жолы шығар. Бірақ мына кісі осы жұмсарғандығын ардақтап, өзіне қасиет санады. Сондықтан бұл жұмсармағын бір жағынан өзі еңбек қылып тапты деп білемін. Өз әкесінің қайтпайтын қатты, суық мінезін мін сияқты көріп: “Қорықпақ пен сүймек, от пен су секілді, бір жерге жиылмайды. Адам сүйген адамының ақылын ұғып, содан бәһре алады. Қорқытып, ұрсып айтқан ақыл дарымайды” деуші еді.

Сондықтан көз алдында қандай ойындарды ойнап, күліп шуылдап отырсақ та, бетімізді қақпай, еркелетіп отырады. Егер алдынан қашып, жаман деген адамымен ойнағымыз келгенін білсе, қатты ренжіп, ұрсып: “Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады. Ата-анасынан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе, солардың қайсысын жақсы көрсе содан көп жұғады. Сендердің менен жақсы көріп, барғыларың келіп тұрған жақсы құрбыларың қайсы?” – деп, ондай жаман адамдардың мәжілісінен әйел баласындай қорғаштап, тыйып өсіргісі келді.

Мен білгенде, жалпы қазақтың байларынша – ертемен малын айдап салып, кешке малдың алдынан шығатындары секілді, мал, шаруасы үшін атқа мінбейді. Атқа мінсе ел ішіндегі топқа, кеңеске, ас, той сықылдыға бару үшін мінеді.

Көбінесе үйде отырғандықтан ба, я тыныштығын күтемін дегендіктен бе, әйтеуір еріншектік ертерек иектеп, атқа мінуді әлден көп ерте азайтып, шәу тартты.

Үлкен үйдегі келіні Еркежанды алып, сол үйге кірген соң дәулеттің молы да, ел ортасындағы үйі де сол болып, әмісе сол үйінде отырып, басқа үйіне оқта-текте ғана келетін болды.

Топтағы, биліктегі мінезінен жалғыз айтатыным: я билікке тартысып, я аразымен бас қосқан жерде кінә айтысып, сөзін сарқа сөйлеп, суырылып отырғанын көргенім жоқ. Байлаулы жерінен қысқа, тұжырымды сөзді ақырын айтса, сол тоқтау болып қалушы еді.

Жалпы дүниеқор, сараң еместігінің белгісі: өмірінде орайы қайтпайтын, бір соқпа бөгде кісілерге де көп көмек істеуші еді. Менің бала күнімде Кавказдағы атақты батыр Тәштемірдің баласы Үркітке айдалып барған жерден қашып, қасында екі жолдасы бар, қыстай біздің ауылда қыстап жатып, жаз шыққан соң әкемнен үш жақсы ат мініп кетті. Ол басында Тәштемірдің баласы екенін жасырып жүріпті. Жалғыз-ақ, ауылдағы бір жігітке ашуланып: “сені өлтірмесем Тәштемірден тумай кетейін” депті. Содан кейін Тәштемірдің баласы екені білініпті. Бұл адам туралы сол елдің тағы да Үркіттен қашып келгендерінен әкем сұрағанда айтқаны: “Барған соң, белгілі батырдың баласы тек отыра алмай, батырлықтың жолын ұстанса керек. Сонан соң жау туысқандары терезеден атып өлтіріпті” деді.

Жыл сайын Үркіттен қашқан, көбінесе Кавказдағы Дағыстанның, Түріктің айдалған адамдары бірден, екіден келіп, кейі қыстап, кейі бір-екі ай жатып тынығып, бір-бір атқа мініп кетеді. Осындай ат мініп кеткен қашқындардың менің көзім көргендегісі 15 шамалы.

Өз басының күтіміне өзі істейтін еңбегі аз болып, жан тыныштығын сүйіп, еріншектеу болып кеткені де бар еді. Осы ретте бір жаз бойы қонақ болып жатқан доктор Долгополовтың бір сөзін айтайын.

Бір күні Долгополовқа балаларын сынатып отырып, соның артынан “өзім туралы не айтасың?” депті. Сонда Долгополов:

“Басы алтын адамсың, бірақ үйренген әдет, салтың жаман. Таңертең төсегіңнен тұрғанда біреу келіп, арқаңа шапаныңды жабады. Есікті ашып тысқа шығарады. Қайта келсең, есікті ашып енгізіп, алдына шылапшынды әкеліп,

қолына суды құйып жуындырады. Шай ішсең, шайыңды біреу құяды, ет жесең, етінді біреу жапырақтайды, атқа мінбек болсаң оны ерттеп, қолтығыңнан көтеріп салады. Кешкі төсекке жатарыңда, төсегінді біреу салып, өзіңді шешіндіріп, үстіне көрпенді жауып, орамалыңды бір жағыңа, шақшаңды бір жағыңа тығып қояды. Өзің үшін өзің не қыласың? Әйтеуір бірдеме қылып ұйықтап көресің де!” депті.

Абай жайында Мадияр, Қатпа, Әрхам, т.б. айтқан әңгімелері

Абайдың жігіт шағында аса жақсы көрген әйелінің бірі Керей Сағындықтың қызы екен. Бұл кейін Аржақтағы Әділхан төренің әйелі болады. Абай екеуінің тәттілігі көпке шейін үзілмеген. Бертін келгенде Әділхан өліп, сол әйел жесір қалып, өзге күйеуге тимей отырып, Абайға бір үлкен әдемі өлеңмен сәлем хат жазады. Бұл жесір қалған уақытта Абайдың соны тоқалдыққа аламын, Әділханның “қопасын” қыстау қыламын деген де ниеті болған екен. Оған бір себеп бұрынғы жақындығы болса, соның үстіне жаңағы айтылған хат та қамшы болады. Бізге бұл әйелдің өз аты мәлім болмады. Өйткені көпшілік төре қатыны болғандықтан “ханым” деп, тіпті кәдірлейін дегенде “Бүбі” деп атандырып кетіп, дәл өз атын білуші кейінгі кезде сиреп қапты. Осы әйелдің өлең хаты, ол кездегі әйел аузынан шықты деген сөздердің бір көріктісі болғандықтан, біз тұтас келтірейік:

Ей, мырза, ғарып міскін сөзін тыңда*,
Болса да кем-кетігі жария қылма.
Сайраған бақ ішінде бұлбұл едім,
Кіріфтар бұл кафасқа қылды ұда.

* Бұл хат иесі арабша, түрікше оқыған әйел. Сондықтан сол кездегі бір салт бойынша өлеңінде кітапшылаған сөздер мен жеке сөздер де көп кездеседі. Сонымен қатар қазақ сөздерін де кітапша айтып ұйқастырады. Мұндай жерлерін біз өз жазуынша жібердік. — М.Ә.

Шаһизат көңіл қойдым жарлығыңа!
Кең дүние душар болдым тарлығыңа.
Үжүтке¹ келгенімде-ақ жазған екен,
Хұдайым бұл ғисматпен² зар қылуға.

Әзәлде мұны жазған қаһар фәләк³,
Алладан өтінемін, қылып талап,
“Лә тақнәтну мин рахмә тиллаһи”⁴ деген аят,
Қосылсақ инша-алла құдай қалап.

Сізге жаздым бір намаз ғұсса зардан,
Ренжу көңілімде бар, қайғы да арман.
“Сәһилу фәлә тәнһәр”⁵ деген аят,
Нәзилдүр⁶ хақ рахматы фарманынан⁷.

Зылиха⁸ Жүсіп үшін әйләгән аһ⁹,
Болар ма дертке дәрмен аһ, дариға?
Бәндәнә ғибратларың көбдір Кәрім¹⁰
Қылмасын ақырында хұдай рәсуә.

Хұдая кең дүниені әйләдің тар¹¹,
Шадлықтан халас¹² болып қыламын зар,
Уә бәршә мүбтәләлік¹³ бұ қисматы,
“Лә тақнату” аяттан үмітім бар.

Өкініп өткен іске болмас пайда,
Адамға фиғлы камил жолдас қайда?

¹ Арабша – жаралған, жаралып деген мағынада.

² Арабша – тағдыр, құдайдың бұйрығы.

³ Арабша – бұл тағдыр, жазмыш деген мағына.

⁴ Арабша – құдайдың рақметінен үмітсіз болмаңыз.

⁵ Арабша – сұраңыз, бірақ ренжітпеңіз.

⁶ Арабша – өндірілген, жіберілген.

⁷ Арабша – өмір, бұйрық.

⁸ Жүсіп пайғамбарға ғашық болған қыз.

⁹ Зар болған деген мағынада.

¹⁰ Құдайдың бір аты.

¹¹ Еттің, істедің деген мағынада.

¹² Арабша – құр қалып деген мағынада.

¹³ Арабша – кіріптар болу.

Әуелде раббім¹⁴ жазып қойған болса,
Қылады ғариф пенде нешік айла?

Айтқан сөз түбі қиын шаһизатқа¹⁵,
Тұрамын көңіл бермей ниш тарапқа.
Айналдым атаңыздың әруағынан,
Ғайыпқа бұйырмаңыз жазған хатқа.

Үш жүзден ақылы асқан арыстаным!
Бәндәден фиғлі камил данышпаным,
Мұратым Хаф тауының қақ басында,
Қасымда туғаным жоқ, туысқаным.

Ғашықты ғашық көрсе көңіл тынар,
Айналар ғамкин¹⁶ көңіл көрсе дидар,
Қафаста¹⁷ пенде болған мен бір сабил¹⁸,
Қараңғыдан қолыңнан келсе, құтқар.

Ішінде көп жапалақ сіз бір сұңқар,
“Асылды асыл білер” деген сөз бар:
Миуәсі салбыраған бәйтерексің,
Қонуға бұтағыңа үмітім бар.

Ақ сұңқар сіз ішінде бір топ қарға,
Жәй жатып жар қылмаңыз жалшыларға.
Сайлансаң аға сұлтан тезірек кел,
Білезік ауып кетер шар салғанда.

Сіз үшін мен ризамын айдалуға,
Көңілім бар, бір орынға сайлануға.
Дидарың көзден ғайып тұрған бақыт,
Көлеңкең табылмай тұр айналуға.

Бұл дүние сізден де өтер, бізден де өтер,
Тез ғашық, мұратына жылдам жетер.

¹⁴ Арабша – құдай.

¹⁵ Арабша – асыл зат.

¹⁶ Арабша – қайғылы.

¹⁷ Арабша – қамауда.

¹⁸ Арабша – бұл жерде болмаған деген мағынада.

“Қашан кемеліне келтірем” деп жүргенде,
Бәндәден шолақ дүние өтіп кетер, –

деген. Бұл хаттан әйелдің тимектігін білген соң, Абай “аламынды” шын ойлайды. Бірақ ауыл-ауылдан дос-жары ол ниетін мақұл көрмейді. Бөтен ел ішіндегі біреудің жесірін алып, мал-дүниесімен жіктену деген оңай да емес. Соларды ойлап қайта қобалжыса керек. Осы себептерге қосымша ғып бергі айтушылар тағы бір әңгімені қосады. Онысы: “әйелдің Абайды қызықтырғаны өлең-хаты” деп біліп, Абайдың қатындары Қарасақау деген бір айтқыш адамға “сол өлеңінің мінін тап та, айныт депті” дейді. Қарасақау келіп, оқытып көріп, Абайға: “мынау адамның сенен басқа да жіп таққан адамы бар ғой, “білезік ауып кетер шар салғанда” дегені, сен бірнеше адаммен таласып, шарға түсіп барып аласың дегені ғой. Оның көңілінде бірдің өзі емес, көптің бірі екенсің, ұмтылып қайтесің?” – депті. Абай содан да тоқырапты деседі.

Абай жас уағынан бастап, қырықтар шамасына келгеніне шейін, әр жылы қостап салбурынға* шығып бүркіт салып, арқар, бұғы, киік атқызып, аңшылықты көп қызықтап жүрген. Бәшей, Сыбанбай, Қорғанбай дейтін кісілер Абайдың ұдайы салбурынға ертіп жүріп аң атқызатын мергендері де, Тұрғамбай деген саятшы үнемі Абайдың өз құсын ұстайтын құсбегісі. Тобықтының жазғы жайлауы – Шыңғыстың сырты. Сол өлке қыстыгүні елсіз болады. Аңның көбі сонда жүреді. Салбурынға шыққанда Абай соғымын, ат-тонын, жолдастарын сайлап ап, бірер айға тұтас кетеді. Саятшы інілерін, туысқандарын, көңілдерін алып, бір қос емес, бірнеше қос болып шығады. Кейде түлкі жүретін, ел арасындағы қиын тауларға барып та құс салады. Мұндайда көбірек баратыны Сыбан жеріндегі Арқат тауы. Бір рет сол Арқатқа Жиренше екеуі құс сала барады. Қастарында атақты саятшы жігіт Абылғазы бар және Абайдың құсбегісі Тұрғамбай болады. Абай өзі де құстың сынын, бабын жақсы білген. Бірақ осы сапарда Тұрғамбай екеуі

* Ұзақ уақытқа аңға шығу.

“Сарышолақ” деген құсты Абылғазы, Жиреншеге ақыл салмай, айтқан кеңестері болса тыңдамай, өз беттерімен күйлейміз деп, тарс түлкі алғызбай қояды. Жиренше ақыл айтайын десе, Абай Тұрғамбайдан басқаның бабын тыңдамайды. Бір күні Тұрғамбай Сарышолаққа жем беріп отырғанда, Жиренше Абылғазыдан ақырын “мынау ертең қайтеді?” – деп сұрайды. Абылғазы: алмайды, үстінен шығады дейді. Жиренше мұны өз сөзі қып, жай, өз бетімен “Сарышолақ ертең үстінен шығады, алмайды” дейді. Дегені болады. Кешке Тұрғамбай құсты жемдеп отырғанда Жиренше Абылғазыдан: “енді қайтеді?” – деп сұрайды. Анау: “Енді ұша түсіп жолға қонып қалады”, – дейді. Жиренше мұны да өз бетімен айтып қояды. Тағы дегені болады. Үшінші күні Жиренше: қайтсе алады деп сұрағанда, Абылғазы: “кешке сойылатын қойдың бауыздау қанына байлап, мойын етіне отырғызып, жемсауы арқардың асығындай болып шыққанда, байлап тастаса алады”, – дейді. Тұрғамбай кешке тағы ақ жем бергелі жатады. Абай Жиреншенің айтқаны келе бергенде бұрын ыза болып, егесіп, ақылын тыңдамаса да, енді келіп кеңес сұрайды. Жиренше жаңағыны айтады. Абай сонда: “бұл не білуші еді, анау аузыңды ұрайын айтып отыр ғой, істе соның айтқанын” деп еріксіз мойындайды. Бұл аңшылар ортасының бір алуан бәсекесін білдіреді. Абылғазы өзіне ақыл салмаған соң, Абайды ең болмаса Жиреншеге мойындатып берейін деп әлгіні істейді.

Абай қыран бүркіт, бөйге аттың аса даңқы шығып мұны қызықтырғаны болса, кімдікі болса да я сұрап, я сатып алады. Бірақ сол иесі бермегенде алып қашқызып алғаны да бар. Бір жылы Сыбан Тұлақтың Қарашолақ деген бүркітін сұрап ала алмаған соң, Елеусіз деген ұры туысқанын жіберіп, алып қашқызып алады. Құстың артынан Қамбар, Қартай деген кісілері қуа келіп, Тұлақ он түйе сұрайды. Абай он түйені осы сұрай келген екеуіне төлетіп, құсты алады. Кейін осы Қамбар мен Абай құда болған.

Мұрын ішінде Бұлан дегеннің асы болып, сонда бөйгеден келген “Кедей құла” деген атқа Абай қызығып, алғысы келеді. Ат Молдаш дегендікі екен. Абай бес түйе беріп атты алған жерде, Молдаш баласына ақылдасқан

болып: “ елімізге атымызды алдырдық деп барар ма екеміз, қайтер екеміз?” – дегенде, Абай тағы бір ат бергізеді.

Осындай талай жерде талайдың жүйрігі мен жортақысын беріп те, сұрап та алып жатады. Сонан соң қалап сұраған көңілдесі болса көбінесе беріп те жібереді екен. Бұл бертін келгенге шейін көп қолданған дағдысы. Ол мінезді Абаймен қатар Оспан да жиі істейді екен. Екеуінің осы әдетін, бұлардың маңында көрші боп жүретін бір кедей, мысқылшыл адам Өрімбек деген, қатты күлкі еткен. Бір тойда жаяу бөйге боп, қатындар жарысады. Өрімбектің қатыны озып кетеді. Сонда Өрімбек жалма-жан өз қатынын өзі топтан жетелей үйіне әкеліп тығып тастап, есігін басып отыра қалады. Жұрт аң-таң боп бұған кеп: “бұның не? Бөйгенді ал!” – дейді. Өрімбек ұрыс салып: “шапқамыз да, озғамыз да жоқ, жаным, бөйгең не? Аулақ жүр!” – деп безер болады. Соның артынан жұрт мәнін сұрағанда: “Пәле болды десеңші! Бұны естіген соң ертең Абай мен Оспанның бірі тағы қағып әкеткені ғой! Және онымен қоймай біреуге беріп жібереді десеңші”, – дейді. Жұрт күледі. Осы сөз Абайға барғанда ол: “Қой, мынау күлкі емес. Антұрған таздың (Өрімбек таз екен) мынасы сынау ғой! Етімнен өтіп, сүйегіме жетті ғой мынасы, Оспанға айтшы, осы мінезді қоймаса болмайды екен. Елге жүйрік ат, қыран бүркіт алғыр, тазы дегенді қоймайтын болыппыз ғой. Бізді сынарлық іс екен. Мен қойдым, енді Оспан да қойсын” депті дейді.

Абайдың кейбір кесек терең сөздері ел ішінде мақал, жора болып кеткені толып жатыр. Сондай сөзінің бір-қыдыруын ел кісілерімен бас қосқан жиында, я билік дау үстінде әлдеқалай айтып қап жүрген. Көктұмадағы шербешнай үстінде Абайға амандасамын деп Сұлусарының болысы – Бәйеке, Қалбаның болысы – Бөкен, Шардың болысы – Үсен деген кісілер кеп отырады. Бұлар келгенде Абай ашылып сөйлемей, үндемей отырып қалады. Сонда Бәйеке: “Ыбырай, неге үндемейсің? Сен ұлық болсаң, біз де болыспыз” дейді. Соған Абай: “Ей, Бәйеке-ай! Биік мансап – биік жартас қой, оның басына ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады” депті. Үсен осы жөнде Бәйекені қалжақ етіпті. Сонда анау:

“Сендерге не бітті? Қайта мен арқылы осындай жақсы сөз есіттің” депті.

Абайдың өз інісі Смағұл мен Әзімбай “Қаражырық” деген бір құс жөнінде даулы болады. Әзімбай бұл бүркітін басында Смағұлға тамыр болып беріп, артынан “орайын қайтармадың” деп бұзылады да, алып қашып алады. Сол екеуінің дауына “тамыр болдың айтыс жоқ, қолдан бердің қайтыс жоқ” деп кесік айтыпты.

Қарабас Тоқа деген өзінің бір Мамайымен айтысып, бір құнан даулап Абайға келеді. Абай жауапкер жағын тыңдамастан “құнанын бер”, – дейді. Тоқа сонда: құнанын бергізбей тұра тұрып екінтіге дейін сөзімді тыңдашы дейді де, ұзақ дауды айта береді. Абай намазшамға дейін үндемей тыңдап кеп, аяғында жауапкерге “енді сен құнанды берме!” – дейді.

Тоқа: “Е, неге?” дегенде: “Құнан саған тиген еді, өзің сөзге саттың, бір дауда екі аласың ба?” – дейді. Осыдан ісі Қарабасты Ырғызбай іші қырт атандырып кеткен.

Бір күні бай баласы мен кедей баласын салыстырып отырып Абай “Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген, – дейді. Аз ішсе негізі тойған, – дейді. Кедей баласы көп ішсе, көні кеуіп қалған дейді, аз ішсе шілдесінде шық көрмеген, – дейді. Осы кедей баласының құтылары бар ма?” – депті.

Абай бір нәрсенің жөнінде іліп ала жөнеліп, ұтымды сөйлеп жібергенді үлгі қылады. Өзі кейде өлең, кейде мысқыл, кейде мақал тәрізді сөзбен сондайды көп айтады. Бірқыдыру адамды сондаймен сынап қояды.

Абай Қоңырқөкшеге болыс болып тұрғанда бір күні Байкөкше ақын бұл отырған үйге кіріп келе жатады.

Сонда Абай:

Тақыр жерге қауындап шөп бітеді,
Кей адамға мал мен бас көп бітеді, –

деп, осының аяғын отырғанша айтып жіберші дегенде, Байкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп болғанша жеп бітеді, –

деп отыра кеткен. Осы сияқты әдетпен Қияспай дегенді де сынаған. Қияспай – жарыместеу, дуаналау сыбызғышы. Үстіне киетіні тігулі киім емес, қой терісі болсын, бұл болсын барлығын да ойып, тесіп, бой-бойымен борша-борша қып үстіне іліп жүреді. Оқта-текте қызық сөздер айтып жіберетін, жұртқа думан бола жүретін жұғымды мінездері де көп адам. Соған Абай бір күні:

Үстіндегі киімің,
Киім емес қызыл шу,
Жүрген жерің күнде ду,
Уайым жоқ, қайғы жоқ,
Атадан тусаң, сендей ту, –

деп, аяғын өзің айт дейді. Сонда Қияспай:

Тамағым тоқ, уайымсыз,
Жаным-ау, менің өзім неткен қу!
Әгөй, әгәгөй... –

дейді.

Осындай кем-кетіктер ішінде тағы бір көңіл бөліп, көмек етіңкіреп жүретін кісі Мұқаммараз деген жындылау жас жігіт болады. Соған бір уақытта:

Ауру астан болғанда, дау қарындастан,
Мұқаммараз атандым бала жастан;
Мұқаммараз дейтұғын шайтан аты,
Қандай молда қойды екен аямастан?! –

дейді.

Осындай адамның бірі Еркежан үйінде жүретін Шәукімбай деген болған. Ол Оспан заманынан сол үйдің тезекшісі, қазаншысы болып, ылғи жерошақ басынан кетпейді. Өзі ешкіммен сөйлеспей, жалғыз отырып, бай-бәйбішені қирата боқтап отырады. Абайды: “Көзі бадырайып ап ет жегеннен басқаны білмейді, арамтамақ, тым болмаса балта қайрап беруге де жарамайды” деп боқтайды екен.

Абай өзі шығарған, кейбір түрі және мазмұны өзгелеу өлеңдеріне арнап ән шығарған. Біз білген мөлшерде, мұндай әндерінің өзiргi саны 16.

Ол мыналар:

- 1) Тәңірі қосқан жар едің сен.
- 2) Амал жоқ, қайттым білдірмей.
- 3) Сегіз аяқ.
- 4) Көзімнің қарасы.
- 5) Қор болды жаным.
- 6) Бойы бұлғаң.
- 7) Ішім өлген, сыртым сау.
- 8) Айттым сәлем, Қаламқас.
- 9) Біреу біреуден артылса.
- 10) Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа.
- 11) Өлсем орным қара жер.
- 12) Сен мені нетесің?
- 13) Ата-анаға көз қуаныш.
- 14) Сұрғылт тұман дым бүркіп.
- 15) Сүйсіне алмадым, сүймедім.
- 16) Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...

Бұл әндерінің біразы орысшадан аударылған өлеңдеріменен айтылады. Сондықтан кейбірінде сол Абай кезінде айтылып, таралып жүрген орыс ән-күйлерінің жұғыны болса ғажап емес. Абайдың “мынасы өзімдікі, анасы пәлендікі” деп айтқан сөзін естіген кісі жоқ. Және өлеңіне қосылған әнді өзі домбыраға тартып, ән қосып біреу айтып берген соң, маңайындағы жігіттер қағып алып кетеді. Содан әрі не күйде, қалай тарап, қалай айтылып жүргеніменен Абайдың көп жұмысы болмаған. Бірақ осы ән шығару үлгісі, Абайға қарап өлең шығаруды машық еткен жастың көбіне және әсер етіп, Ақылбай, Мұқамбетжан деген іні-балалары да бірнеше әндер шығарған. Ол жөнінде бұлардың өз арасында бірталай бәсеке де бар екен.

Бір жылы Семейде Таңжарық дегеннің үйінде Мағауия бастаған бірталай жастар мәжіліс құрып отырады. Абай елде екен. Бір уақытта бұлардың үстіне Мұқамбетжан келеді. Әзіл, сауық үстінде бұлар “ән сал” деп Мұқамбетжанға өтініш жасайды. Ол өлең де, ән де шығарып жүретін адам. Сонда Мұқамбетжан домбыраға қосылып, бұрын аналар естіп көрмеген бір өлеңді өзгеше бір жаңа әнмен айтып

береді. Жұрт үндемей тындап болған соң, біреуі “бұл кім әні, өлеңі кімдікі” – деп сұрағанда, Мұқамбетжан: “Абай ағамның жаңадан шығарған өлеңі мен әні” дейді. Бұл өлең соның алдында анау жастар қалада жүргенде Абай шығарған “Өлсем орным қара жер” екен. Сонда жастың бірі Абай шығарды дегенді естігенде: “Уһ, жүрегім жаңа орнына түсті ғой, өзім шығардым деп сала ма деп жаман шошымадым ба?” – депті. Өзі шамалас Мұқамбетжан шығарды дегенге қимаған бөсекелестік белгісі.

Абай жастарға өз үнімен қатар, әсіресе, елдің ескі ән-күйлерін үйренуді көп тапсырған. Өз тұсындағы атақты әншілерден Біржан, Әсет, Мұқа сияқтыларды қонақ етіп, ауылында ұзақ-ұзақ уақыт сақтағаны да бар. Мысалы, Біржаннан ән үйрен деп өзінің тоқалы Әйгерімге де тапсырады. Бұл жасында ірі әнші болған әйел екен. Кейбіреулер Абай оны, әсіресе, әншілігіне қызығып алған деседі. Сол Әйгерім жас шағында Біржаннан ән үйренгенін айтып кеп: “Абайдың айтуынша Біржан ақын емес, әнші еді. Ал әншілігінің ерекшелігі – даусы өте зор еді. Қыстауда отырып салған үні Тізесуға естілетін (бұл екі ара қозы көш жер. — М.Ә.). Өзіме осыдан ән үйрен деп Абай тапсырды. Біржанды жаз бойы қонақ кып сақтады” дейді.

Ән, дауыс сияқтыны Әйгерімге Абайдың өзі де үйреткен екен. Тәңірбердінің Мақұлбай деген баласы өлгенде, Әйгерім Абай үйретіп берген дауысты айтып жүріпті. Кейін Әбдірахман өлгенде келіншегі Мағыш деген келініне де Абай өзі жоқтау өлең шығарып, жазып берді деседі.

Бертінде Әсет, Мұқаны қолына ұстап, балаларына да ән салу, домбыра тартуды, скрипка тартуды үйреттірген. Мұқа Абай өлгенше қасынан кетпейтін жолдасы, әнші, домбырашысы болған. Абай әндерінің көпке тарап, алғашқы ерекшелік қалыптарын көп өзгертпей сақтап қалуына осы өз қасында ән салып, домбыра тартушылардың көп болғандығы себеп болады. Бұл жігіттер Абайдың өзге өлеңдерін де жай үнге салып көп айтпақшы болады. Жалпы Абай шығарған шығармалардың газет, журнал жоқ заманда көпке мәлім болуына да осы адамдар себеп болады.

Бұл кісілер Абайдың өлең сөзі ғана емес, жәй ауыз әсиет, билік шешендіктерін “Абай сүйдеп еді” деп, мәтел, мысал

етіп жая жүрген. Өздеріне Абай сөзін біліп, айтып отыруды ірі білім, жақсы үлгі деп санаған. Осындай кісілер Абайдың айтқан ертек, романдарын да тез ұққыш, көпке жайғыш болады. Абай айтып берген ертегілерді шындап, келістіріп жаюшы бір жағынан Баймағамбет болса, екіншіден, осы жаңағы адамдар да көп айтады. Сонымен бертін уақыттарда Абай айтуынан жайылған ертегі роман едәуір болды. “Мың бір түннен” басқа “Шаһнамадан”, “Рүстем” жәйі, Европа романдарынан Александр Дюманың “Үш мушкетері”, “Жиырма жыл өткеннен соң” дегені және “Он жылдан соң” яки “Виконт де Бражелон” деген романдары, “Король қатын Маргосы” көп айтылушы еді. Орыс романдарынан Пушкин, Лермонтов әңгімелерінен басқа “Петр Великий” деген әңгіме айтылушы еді. Европаның қызық романдарынан “Черный Век – Марта”, орта ғасырдағы инквизиция сотының жайындағы бір әңгіме және Американы отарлауға барған ақ жұрттың адамдарының өмірін көрсететін “Таза жүрек” деген романдар айтылатын.

Өзі айтатын ескілі-жаңалы әңгімелермен қатар кейбір ақын деген жігіттерге тема беріп, соны өлең қыл деп тапсыратынын Көкбай айтады. Оған “Абылай–Кенесары” жәйін жыр қылғызған. Осы сияқты Топай Бейсембай деген ақынға “Қозы Көрпеш – Баян” жәйін “қайта өлең қыл, түзеп айт” деген екен. Кейін Семей үйезіне жайылған “Қозы Көрпеш” Жанақтың “Қозы Көрпеші” делінуші еді. Осының аяғын Бейсембай өзгертіп, Қозыны өлтірмейтін қып, Баян екеуін мұратына жеткізіп шығарады. Абай осылай ет деп айта қоймаса да, ол өзі солай бұрып жіберген көрінеді. Бұның қайта ажарлануына Ақылбай да атсалысыпты деген сөз бар. Бейсембайдың айтуындағы көпке жаққан бір ерекшелік – “Қозы Көрпеш” жырының көп жеріне ән қосып айтады. Сонда: ханымға Сарыбайдың өлімін естірту, “Аңға да кеткен Сары-екем-ау!”, “Қарабай мен Сақау қатын айтысы”, “Ай, Таңсықтың жермен қоштасуы”, “Қодардың жыры” сияқты жерлерінің бәрінде қызықты, әдемі әндер болатын. Жыр айтушы әнші болған кезде (мысалы, Абайдың тағы бір әншісі Әлмағамбет сияқтылар айтқанда) “Қозы Көрпеш” ерекше бір әнді-күйлі жыр болып шығушы еді.

Абайдың бертін келгенде Жігітек ішіндегі қатты кеке-сінді болған кісісі Базаралы еді. Бұл өзі сөзге жүйірік,

тартысқа белді, берік, Абайға тең түсе беретін мығым адам болған. Абай жалпы Жігітекпен ұстасқан жаулығынан басқа Базаралы басына айрықша өш болды. Оның себебі Құнанбайдың тоқалы Нұрғаныммен өсегі болғандықтан деседі. Абай бұны, бір жағынан шет елден жылқы алған айыбы үшін жер аудартып жіберсе де, Құнту болыс боп тұрғанда ол қайта қашып келеді. Ел көпшілігі Базаралының шетке кеткеніне қатты күйзелген болуы керек. Бұны Базаралы қайта келгенде айтқан екі жас ақынның өлеңдерінен байқауға болады. Сол ақынның бірі Абайдың өзі қасында жүрген Көкбай, ол:

Алашқа абұйырың әлі дардай,
Келбетің қырық пұт тартқан қара нардай.
Ішімнен тілеуіңді тілемесем,
Жарияға тұрмын ғой жарай алмай, —

депті.

Екінші ақын — Әріп. Ол Көкбайша Абай жаққа жалтақтамайды. Құнанбай, Абай мінездеріне өзінің бүтіл Сыбан елі боп зығыры қайнаған адам. Абайларға өш. Олардан көресіні көргендерді өзінің мұңдасы есепті санайды. Сондықтан Базаралы қайтып келгенде, бұл Абайларға ащы тиетін, мынаны “хан көтеретін” ерекше бір өтімді шебер өлең айтқан. Сәлем бере келіп отырғанда, Базаралы бір ауыз өлең айтып жібер десе керек, сонда Әріп:

Шығып ең амандасып келмес белге,
Оралып өнеріңмен қайттың елге.
Тілеген ел дұғасы жібермейді,
Айналып аққу құстай қондың көлге.

Жасыңда шепті бұздың жаудан қашпай,
Ер-ақ болып өсіп ең адам баспай.
Балағаз, Базаралы, қатар шықтың,
Бірігіп, тұлпар аттай тізенді ашпай.

Ер едің тұлпар кетпес тақымыңнан,
Қатты бұзар, кетіп ең ақылыңнан;

Тірі сынап секілді жұрт қозғалды,
Кім опа көрер дейсің жақынынан?!

Ақиық қыран едің бұлғын ілген,
Талай құрбың сағынды ойнап-күлген.
Жаманды атылса да кім жоқтайды,
Ердікі қиын екен алаш білген.

Бар екен кей мінезің жел ескендей,
Әржақтан мал алушең ел көшкендей*.
Тұлпар ең арда күрең жауға түспес,
Үстіңе сегіз жігіт мінгескендей.

Бермедің жегенінді иесіне,
Қой бердің сан жуанның түйесіне.
Жасында үйірсек деп естуші едім,
Шауыпсың өш айғырдың биесіне.

Үркіттің барып қайттың көбесіне,
Бақ қонған бір ер едің денесіне.
Кеудең керген кегінді қайтып алып,
Жемде тұрған шауыпсың енесіне.

Арғы атаң би Кеңгірбай, әкең Қаумен,
Себеп боп елді таптың денің саумен.
Жеті қойлық бестімен орай болдың,
Алысқан зеңгір едің-ау талай таумен, —

дейді.

Осыдан қайтқан бетінде Базаралы Тәңірбердінің қосын шауып алатын үлкен тартыс, ұлы дүбірге араласады. Ол уақиға Абайдың өмірбаянында айтылған. Жалғыз-ақ Абаймен бұрын ұстасып жүрген Оразбай, Күнту, Жиреншелер бұл істің пәлесінен қорқып, бұғып қалып, Жігітекті жалғыз тастап, тіпті Құнанбай балаларына жағынуға айналып кетеді. Сонда мол пәленің ортасында жалғыз қалған Жігітектің сөзін ұстап, дауын айтатын жалғыз Базаралының өзі ғана болады.

* Жасында Базаралының өзі де батыр атанып, жорықшы, жортуылшы болса керек, соны айтады.

Жігітек пен Құнанбай баласының жаңағы қос шабуыл жөніндегі дауы тағы да көп арыз, көп шағымға сайған. Сонымен Семейде тағы бір чрезвычайно боп, осы іске билік айтуға 61 би отырады. Бидің көбі Ертіс-Тоғай бойының адамдары екен. Жүгініске бір жағынан Абай, екінші жағынан Базаралы түседі. Екеуінің дауын тындап алған соң билер әдет бойынша бұларды шығарып жіберіп, өзара екшеседі. Сол билер үйінен шығып, енді байлауын күтіп отырғанда Базаралы Абайға қалжыңдап: “Мына жалпақ төбелер (Семей уезінде Тоғай бойы мен Ертіс маңын жайлаған елдердің тымағының үлгісі жалпақ төбелеу келеді, соны айтқан) темекісін тарта түсіп, екеуімізге кебісін күзеттірді-ау” деп күліп қояды. Артынан билерге келгенде: “Мына Құнанбай баласының аты, асы, ақшасы да мол. Бірақ, білсеңдер, мен сендерге осыдан да көп бердім” дейді. Аналар: “Не бердің?” – дегенде: “Осы Құнанбай баласы құдайдан тудымекен, әлде қайтті екен деп тіксініп жүр едіңдер. Дәл өз алдыңа әкеліп бір жүгіндіріп бердім, ол бергенім емес пе?” – дейді. Бірақ Жігітекті сорлатып, Тәңірбердіден шыққан жылқы басына екі бестіден кесетін осы билер.

Семейдің ояз, жандаралы бертін келіп, Абайды таныңқырай бастаған уақында, бұны патшалыққа қарсы ниеті бар, саяси сенімсіз адам емес пе екен деп те қағыстырған көрінеді. Оның бір белгісі 1885 жылы Долгополов жандаралдан Абай ауылына баруға рұқсат сұраған уағында сезілген. Жандарал бұған рұқсат етумен бірге Семейдің оязы мен полиция бастығына қағаз түсіріп, артынан бақылау жасаңдар дейді. Аналар артынан “Долгополов Құнанбай ауылына кетті, тапсырылған ісіңіз орындалды” деп жауап қайырады. Долгополов болсын, Абайлар болсын ол жылы жазда ел ішінде астыртын бақылауда болған сияқты.

Екінші, осы жөндегі бір елеулі факты 1902 жылы Абайдың ауылына Семей қаласынан бір үлкен тексеру келеді. Бастығы Семейдің оязы Наброцкий болып, қасына пристав, урядниктерді, жәй стражниктерді ертіп, көп қарулы топ болып келіп, Абай ауылын қоршап тұрып

үлкен тінту жасайды. Абайдың өзі отырған үйін, әсіресе, қадағалай тінтіп кеп, ақыры оның өзінің өн бойын да тінтеді. Содан Абай “іздегенің не?” – деп сұраған соң, аналар керек қылған қағазын айтады. Абай сонан соң Еркежанға: сенің қалтаңда еді ғой, бер мыналарға дейді. Еркежан шығарып береді. Сөйтсе, поштамен келген бір хат екен. Семейде оны оқып көріп, жіберген екен. Абай ұлыққа көз қылғаны ма, жоқ шыны ма, әйтеуір сол хат жазушы жөнінде: “бұрын бір хат жазып еді, жауап бермеп ем. Менің ұлықпен теріс емес екенімді білмейді. Қоймай жаза береді. Өзі арабшылап жазады. Не қылған шайқы адам екенін білмеймін, қоймайды” депті. Қисынына қарағанда бұл хатты жазушы Мәшһүр Көпеев болу керек. Ол 1905 жылдың алдындағы қамдану жөнімен Абайға саяси мазмұнды хат жазып, тамырын ұстап көрейін деген болу керек. Бірақ Абай бір жағынан хатына жауап қайырмайды және тінту келгенде әлгіні айтады. Хаттың дәл мазмұнын кейінде де ешкімге шешіп айтпаған.

1904 жылы көктемде Абайдың Мағауия деген баласы өлді. Соның өлімінің үстінде Абай қатты толғанып отырып: “Мағаштың өлімі ерлік пен ездікті сынайтын өлім ғой!” дейді. Осы жайды баласының артынан тесіле ойлап, көңіл күйі ғып алған сияқты болады. Күннен күн өткен сайын сөзден де, ас пен күтімнен де қаперсіз болып, өзі де ұсына береді. Бұл уақыттарда “пәлен депті” деген жартымды сөз қалған жоқ. Жалғыз-ақ алғаш Мағауия өлген күндерде ат қойып, жылап кеп, көрісіп жатқан көптің ішінде Дәулеткелді деген адам Мағауияны жоқтаймын деп, “бергішім-ай, бергішім-ай” деп жылап келе жатса керек. Сонда Абай жылау үстінде: “келе ғой, алғышым-ай, қайт дейсің-ай!” деп көрісіпті дейді. Осыдан басқа ешбір сөзі естілмеді. Сонымен, Мағауияның қырқы жақындаған кезде бұл төсек тартып жатпаса да астан, ұйқыдан, сөз дегеннен мүлдем тыйылып қалады. Кейбіреулер: “Есінен айрылған емес пе екен?” дейді. Жақындары Абайдың өзінен де күдер үзе бастайды. Сонда Тәңірберді деген ағасы келіп: “Қарағым, сенің үндемей кеткенің не? Бөтен дүниелік болайын дедің бе?” – деп жылайды. Сонда: “Ез күнде өледі, ер бір-ақ өледі” депті дейді. Аз күнде өзі де өледі.

Мұсылманкүл Жиреншиннің әңгімесі

Абай үйіне барғанда үлкен демей, кіші демей, төре-қарасына қарамай, баламен болса да бар көңілімен шешіліп, ескі әңгімелерді айтып отырушы еді. Ондай әңгіме айтып отырғанда біреу көлденең бірдеме айтып, әңгіменің шырықын бұзса, әбден ренжіп қалатын. Барған адамды мейлінше күтетін. Қонаққа қол ашықтығы, ренжімейтіні ол кісіге бөлек біткен мінез сықылды еді.

Келген қонақ шаруасын қолма-қол айтып қалса, оны өте жақсы көретін еді. Ал ескі әңгіме, ертеке айтқан адамды жалықпай тыңдап, арасында бір жерін теріс айтса, оны түзетіп отыратын.

Жас күнімде өз әкеммен еріп, Абайдікіне бара беруші едім, Абайдың өз аузынан естіген әңгімелерім өте көп – олар қазақтың атақты батырлары, ақылды адамдары жайында; Иран, Араб, Қытай, Иунан, Рум жұрттарының жайынан, батыс еуропа халықтары жайынан, адам сүйсінерлік жақсылық, ерлік жөнінде, я жан түршігерлік айуандық жөнінде, я болмаса бір елдің мінез-құлқын мысал ету, бұрынғы өткен ғалымдар жөнінде, ғылым, өнер, төңіректің төрт бұрышының хабарын сол кісіден есітуші едік.

Болмаса оқымаған біз Аристотель, Сократ, Абуғали-Сина сықылдылардың, Ескендір, Ақсақ Темір, Шыңғыс, Абылай жайындағы әңгімелерді қайдан білейік. Тіпті адам жоқта өз әйелімен, я ауылдағы бала-шағамен әңгіме құрып жадырап отырушы еді. Бірақ Абайдан естіген әңгімелердің мыңнан бірі ғана есте қалыпты. Сол есте қалғандарым – Абайдың Абылай және Ағанас пен Құнанбай туралы айтқандары.

Абылай туралы айтқаны

I

Абылай әкесінен кішкене күнінде жетім қалған екен. Абылай Ұлы жүз Төле бидің қолында малшы болыпты. Абылай басына үлкен сеңсең тымақ киіп, түйе жаяды, үсті-

басы далба-дұлба, қалай болса солай жүреді екен, сонда Төле би мұның аты Сабалақ болсын депті.

Бір күні Төле би ауылдан келе жатса, Сабалақ төрт тағандап ұйықтап жатыр екен. Сонда Төле би жолдастарына айтыпты: “мынау Сабалақ қалай ұйықтап жатыр, мұны білдіңдер ме” депті. Жолдастары “би, біз қайдан білейік” депті. Төле би “бұл төрт ру елді билейді екен” депті. Сонан Төле кешке келгеннен кейін Сабалақты түйеден шығарып, жылқы бақтырыпты.

Бір күні Төле би мал сойып, Сабалақты сынауға, “малдың басын пісіріп Сабалаққа беріндер, қайтер екен” деп, 3-4 адам жібереді. Барса, Сабалақ алдарынан шығып сәлем береді. “Біз саған Төле берген басты жесін деп әкелдік” деп басты береді. Абылай аттан түсіп шапанын жайып, аналарға “өле жегенше бөле же деген, жасың үлкен ағасың, келіндер” дейді, аналар аттарынан түседі. Сабалақ қолын жуып, пышағын алып бір құлағын біріне, бір құлағын біріне, екі көзін ойып екеуіне беріп, тілін өзі жейді. Басты жеп болғаннан кейін аналар Төле биге қайтып келеді. Сабалақтың жасы 18-ге келген екен.

Сол уақытта қазақ, қалмақ соғысуға жиналыпты. Мен де осы соғысқа ерсем екен деп Төле биден Сабалақ рұқсат сұрайды. Төле би “балам, қой, бір жерде өліп қаларсың”, – деп рұқсат бермепті. Абылай “ата, барам” деп болмапты. “Жарайды, балам, барсаң бар”, – деп батасын беріпті. Сабалақты бір бәйге атқа мінгізіп, қазақтың көп қолына қосып қоя беріпті.

Қазақ қалмақ екеуі беттесіп соғысқа келіпті. Қазақтың батыры Қанжығалы қарт Бөгембай батыр жасы 80-ге келген екен. Қалмақтан жекпе-жекке бір қасқа атты батыр шығыпты. Қазақтан оған қарсы ешкім шықпапты. Сонан кейін Бөгембай мынаған ешкім бармадыңдар ма деп, өзі шапанын киіп, белсеніп майданға шығуға айналады. Бұл кезде Сабалақ тұра шауып, Бөкең жетіп келіп, “мен барайын, ата” деп, Бөкең бетіне қарап тұрып: “барсаң бар, балам” деп батасын беріп, астындағы аты мен қолындағы қияқ найзасын беріпті. Сонда Сабалақ “Абылай! Абылай” деп ұран шақырып, жауға қарсы шауыпты. Екеуі де найзаны тіке салысыпты. Найзамен екеуі бірін-бірі ала алмай, ат үстінен жағаласып қанжарласыпты. Сол жерде Абылай қалмақтың батырын жағасынан ұстап, аттың үстінен жұлып

өкетіп, бастан қанжарымен бір салып шауып, басын кесіп алып, “Абылайлап” ұран салып жауға кіріп кетіпті.

Қалмақтар мұны көрген соң қаша жөнеліпті. Қашқан қалмақтарды жау қашты деп, қазақтар қиратып салыпты.

Қазақты бастап келген Шақшақұлы Жәнібек батыр мен Абылайдың атасымен бірге туысқан Әбілмәмбет хан екен. Соғыс біткен соң жаңағы қалмақтың батырын жыққан бала қайда депті Жәнібек пен Әбілмәмбет. Бір батыр Абылайды ертіп келіп, “міні, қалмақтың батырын жыққан бала, міні” депті.

Абылайдың өз аты Әбілмансүр еді, жауға “Абылайлап” ұран шақырғаннан “Абылай” атанып кетіпті.

II

Бір күні Абылай өз әскерімен жорыққа шыққан екен. Абылайдың жолдасы Уақ руынан шыққан Өтеген батыр екен. Өтеген батырды жауды шалып кел деп жіберсе, Өтеген қалмақтың күзетшілерімен кездесіп қалады. Сол жерде соғысып кетіпті. Арлы-берлі алысып жүргенде Өтеген батырдың атының аяғы жер ошаққа түсіп, аты жығылыпты. Өтеген батыр қалмақтың күзетшісінің қолына түсіп қалыпты. Абылайдың келерін естіп Қалдан хан отыз мың әскер жіберген екен. Өтегеннің қалмақтың қолына түскенін Абылай білмей қалып, өзі бір жерге әскерімен демалып, ұйықтап жатқанында қалмақтың отыз мың әскері келіп, Абылайдың аттарын тиіп алып, өзін байлап қолға түсірген. Абылайды қолға түсіріп, Түркістандағы Қалдан ханға алып келіпті, Қалдан әскеріне өмір қылып, Абылайды кісендеп қояды.

Бұрынғы бір соғыста Қалдан ханның жиені Шарыш деген батырды майданда Абылайдың өзі өлтірген екен. Абылай Қалдан ханның қолында екі-үш ай тұтқында жатып қалады. Сонан кейін Орта жүздің, Ұлы жүздің қазақтары жиналып, ішінде Төле би, Келтен, Қараменде деген бидің баласы және Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлар жиналып, қалың қолмен Тәшкенді билеп тұрған Қалдан ханға келіпті. Қалдан хан олармен сөйлесуге рұқсат еткеннен кейін, араға елші салып Абылайды босатуды талап етеді. Бірақ Қалдан хан бірден босатам демейді, Абылайдың өзінен жауап алам депті.

Қалдан хан әуелі Өтеген батырды алып кел, одан соң Абылайды алып кел деп бұйырады. Аяғы кісендеулі Өтегенді алып келеді, Өтегеннен кейін Абылайды алып келеді, Абылай еңкеймей босағаға келіп түрегеп тұрыпты, сонда Өтеген батыр қазақтан шыққан ханымыз едің, кел менің беліме отыр деп, еңкейіп төрт тағандап тұрады. Сонда Абылай келіп, Өтегеннің беліне отырыпты. Қалдан “Абылай, менің Шарыштай батырымды өлтіріп ең, енді соның орнына өлтірсем, арманың бар ма?” – дейді. Абылай “ өлтіргенің дұрыс, бірақ менің үш арманым бар” депті. “ Үш арманың не, айтшы” депті Қалдан. “Мен Шарыпты өлтірсем қан майданда жекпе-жекте күшім асып өлтірдім. Мені қапылыста ұйықтап жатқанда ұстап алдыңдар. Менің қан майданда айқасып өлсем, арманым жоқ болар еді. Бұл – бірінші арманым. Екінші арманым – қазақ деген ел басы қосылмаған, буыны қатпаған ел еді, мен кетсем басы қосылмай быт-шыт болып кетеді ғой депті, үшінші арманым – үш атадан жалғыз едім, мен өліп кетсем, артымда тұяғым қалмай кетеді ғой, менің арманым өз өлімім емес, осы айтқандарым” – дегенде, Қалдан хан уәзірлеріне қарап қалмақшылап: менің Әмірсанам да жалғыз еді-ау деп айтыпты. Сол сөзді айтқанда Абылай Қалдан ханға: “құлдық тақсыр” деп ишарат қылыпты.

“Мен сені әлі босатқаным жоқ, маған неге құлдық деп айтасың” деп, Қалдан Абылайға қарағанда, Абылай: “Мен өзіңізден де қалмақтың тіліне жүйрік едім, жалғыз балаң Әмірсанаңызбен тең қылып мені аузыңызға алдыңыз, ол мені босатқаның деп ойлап тұрмын” депті. Сонда Қалдан хан төмен қарап күліп жіберіп, қасындағы орындыққа шақырып алады.

Бағанағы Өтеген батырдың кісенін алып тастайды. Абылайды үш күн күтіп, баласы Әмірсанамен бармақ ұстастырып, енді бұдан былай қазақ баласымен кектес болмаңдар депті. Абылай ханға өзінің қызын беріп, онан кейін Мамыт деген баланы асырап, бала қыл деп сыйға беріпті.

Қалдан Абылайға кетерде бір мақал айтыпты. “Елің мал баға ма, жоқ егін сала ма, қандай қарекет қылады?” – депті. Абылай “біз егін салуды білмейміз.” Қалдан айтыпты “елің орнығып, ел болып отыруы қиын екен, жер емшегін емген ел ел болады. Жалғыз мал емшегін емген ел – ел болмайды – деген сөз бар еді. Түбі жер емшегін емсе, ел болады ғой” депті.

Осымен Абылай екі кісі алып, еліне қайтыпты.

III

Абылай өзі Ұлы жүзді мекен қылып сонда тұрып қалған. Абылай ханның жасы 73-ке келгенде ауырып қайтыс болыпты.

Абылай ауырып, нашарлап жатқанда, Бұхар жырау олеңмен қоштасқан екен. Сонда Бұхар жырау айтыпты:

Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,
Қарусыз мал бақтырған ханым-ай,
Үш жүздің баласынан үш кісі айтсам,
Қалар да мекен жаның-ай, —

деп, Абылайдың бетінен сүйген екен.

Сонда Абылай: “Сен Бұхар жыраумысың?” — деп көзін ашты, жылы сөзбен қол беріп амандасты.

Құнанбай мен Ағанас батыр туралы

Құнанбай Ағанас батырдың қызын алғаннан кейін Салпаңқұлақ деген бәйге атын Өскенбай би сұратыпты. Құнанбай атасы Ағанас батырдың үйіне келіпті. Құнанбайдың қайтатын мезгілінде Ағанас айтыпты: “Балам, не қалайсың? Алып кет!” — деп. Сонда Құнанбайдың жолдасы Салпаңқұлақ атты сұратыпты. Ағанас:

“Өскенбай қарадан хан болып туып еді, Салпаңқұлақ қарабайырдан тұлпар туып еді, екі сертпен берем, ал, балам, — депті. — Бірінші, түнде жауға мініп шықпа, басы қатты еді, жазым боларсың, — депті. — Ендігі серт: бәйгеге қосқанда камшымен ұрып тартпа, желкесінің кежірі бар, тұрып қалушы еді”, — депті. Ертеңінде атты жетектетіп қоя беріпті.

“Аз уақыт өтті, бір күні жылқыға жау тиді, бағанағы сөз қаперімде жоқ, белдеудегі Салпаңқұлаққа міне шаптым, — депті Құнанбай, — келсем, жау жылқыны айдап жіберіп, жол тосып, жасанып тұрған екен. Салпаңқұлақ бой берместен келіп жауға кіріп кетіпті.

Өзім білмей қалдым, қабырғамнан біреу найзамен салып кетіпті. Жығылып қалыппын, сүйтсем, Барақ төренің төлеңгіті Қарақалпақ Қазбек деген батыр екен. Сол жығылып жатқанымда, Ағанас батырдың айтқан сөзі есіме түсті, үйге қайтып бір айдай жатып, әрең оңалдым”, — депті Құнанбай.

Абайдың ата-тегі туралы

Мәдениетті қоғамның ортасында болып өткен адам жайында ілгерінді-кейінді замандарда жазылатын тарихи сөздің бәрі сол адамның өз уақытынан қалған хаттар, естегілер, неше алуан документтер сияқтыдан құралады. Бұған қосымша болып әлгі адамның өзі жазған хаттар, өзі қалдырған күнделік-дүниеліктер жәрдем етеді. Ондай мағлұматтар болған уақытта пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күнде істелген іс, сөйлеген сөздің барлығының да жылы, ізі суымайды. Көмескі, бұлдыр, екіұдай сөзге айналмай дәл қалпында сақталады. Біз бұрын Абай жайында дәл бұндай күйіндегі, төрт аяғы түгел, толық документтер болмаса да, соған ұқсаған азды-көпті материалдар табылар деп есептеуші едік. Бұл ретте сенген қордың бірі – Абай кезінен қалған Семей, Омбы архивтері еді. Онан соң Абаймен араласы болған Михаэлис, Долгополов сияқты адамдардың істері табылар, Абаймен жазысқан ерсілі-қарсылы хаттары шығып қалар деп сеніп едік.

Сол ретпен соңғы толық жинақты әзірлеу жолында СССР Ғылым академиясы қазақстандық филиалының инициативасымен Семей архиві, Алматы архиві жағалай қаралып шықты. Бірақ әлі күнге Абайдың дәл өз басына байланысты болған істердің ізін таба алмадық. Бірен-сарандап тапқан Құнанбай заманының істері мен Долгополов жайындағы мағлұматтар ғана бар. Оны тиісті жерінде осы сөздің ішінде келтіреміз.

Міне, Абайдың өмірбаянына азды-көпті жаңасы бар дерлік жаңадан табылған документ ретіндегі материалдардың жәйі осындай. Бірақ, осымен қатар, документ те, жазба белгі де емес, жәй ауызша айтылған ұзақ сүре сөз, үзінді, естегі сияқты бір топ қосымша, тың әңгімелер жиылды.

Бұрын Абайдың өмірі жайындағы барлық сөздерді айтып берушілер Абайдың інісі, баласы, я жолдасы болған Кәкітай, Көкбай сияқтылар ғана еді. Соңғы кезде Абайды көзі көрген, кәрі құлақты адамдардың ішінен естіген, білгендерін іріктеп, бүкпей айтарлық көлденең адамның біразымен әңгімелесілді. Бұлардың ішінде Жігітек Мадияр Түсіпұлы деген шал болды. Құнанбай заманында Ырғызбай тұқымынан көп зорлық көріп келіп, бертінде Абаймен тату болып жақындасқан – Торғай деген елдің

бірлі-жарым адамдары болды. Және Абай ауылында басында қозышы, қойшы боп қызмет еткен, бергін келе Абайдың дос жақыны боп жүрген Қатпа Қорамжанұлы да болды.

Әрине, бұлардың да айтатыны документ емес, ерте кездерден бері көп ауыздан өткен, әртүрлі болып өзгерген ұзын сүре сөз сияқты мағлұматтар. Бірақ солай болса да, біз бұрынғы Абайдың ет баурынан шыққан жақындарының сөздеріне мыналар көп жаңалықтар жасар дедік. Соны уақиғалар қосар дедік. Осы үмітіміз көп жерлерде орындалғандай болды. Қазірде Құнанбайдың да, Абайдың да бұрын белгісіз болған көп-көп іс мінездерін білдік. Міні, Абайдың өзі мен тегін зерттеуге соңғы жылдар қосқан жаңалықтың жалпы жәйі осындай.

Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскембай, үшінші атасы Ырғызбай болсын – барлығы да Тобықты руынан ішіне үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Өз заманының жуан сіңір феодалы, рубасы, биі, ел ішінде ата тегі мен өмір иесі болып келген нағыз үстем тап өкілдері болады.

Ақынның үшінші атасы Ырғызбай 1750 жылдарда, Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай сырғып ауған жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан, соның атымен аталыпты. Ырғызбай – Айдос баласы. Айдостың өзге балаларының ішінде Көтібақ, Торғай дегені, онан соң Айдостың туысқаны Жігітектің баласы Кеңгірбай дегені – барлығы да жаңағы жолдағы өзен, сулардың атымен аталған адамдар. Көтімалды өзен жағасында – Көтібақ, Торғай өзенінің жағасында – Торғай, Кеңгір өзенінің жағасында – Кеңгірбай туыпты.

Ырғызбай ержеткен кезде Тобықты осы күнгі Шыңғыс тауының батыс шетіне келіп ілініпті. Бұл кезде Тобықтының басшысы да, әкімі де Кеңгірбай би (жалған аты Қабекен) болған.

Ырғызбай не би, не батыр сияқты болып, арнаулы бір өнермен ел алдына жарқырап шыққан кісі емес. Бірақ сөйтсе де, әке-шешесінің дәме қылғаны осы баласы болу керек. Өйткені шешесі айтты деген бір сөзде:

Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым.

Әрі де кетпес, бері де кетпес Торғайым,
Сірә де оңбас Тоғайым...

Бұл сөзге қарағанда Ырғызбайдың шешесінде ақындықтың бір шағым қуы болуға керек. Мүмкін бұдан басқа айтқан сөздері де көп шығар. Бірақ біздің құлағымызға тигені осы ғана. Ал Айдосты өз ортасы “шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос” деп бағалайды екен.

Ырғызбай тұсындағы Тобықтының ру басшысы Кеңгірбай дедік. Сол Кеңгірбайдың ағайын ортасында сүйеніш етіп, көмекші қылып алған інісі Ырғызбай болыпты. Сондықтан ол анда-санда ел ортасының құн дауы сияқты келелі сөздеріне де кірісіп жүргенге ұқсайды. Кеңгірбай аса жемқор, парашыл бидің бірі болған. Мұның соңынан ертіп, баулып жүрген жақыны Ырғызбай да сондай дағдыдан аулақ болмаса керек. Ел есінде қалған әңгімеде байын кісі өлтіріп, еселі құнын ала алмаған бір жесір қатынның жоқтауының ішінде:

Мойны-басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға;
Параға алған сары атан,
Тігілгей еді қараңа... —

деген сөз жаңағы айтқанға дәлел. Осы Ырғызбайдың төрт баласының бірі — Өскембай. Бұл — ақынның үлкен әкесі.

Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең дәмелісі болудың үстіне, сол кездегі Кеңгірбай маңайындағы ағайын-туысқанның бәрінен де пысық, епті болыпты. Өскембай Кеңгірбай қартайған кезде атқа мінеді.

Өзі Ырғызбай сияқты Кеңгірбайдың жақсы көрген інісінің баласы болғандықтан, оның үстіне қалған елге әмірші бола аларлық шеберліктері білінген соң, Кеңгірбай қартайып, өлерінде Тобықтыға би болуға осы Өскембайға бата бермекші болады. Кеңгірбайдың өз балалары мен өз туысқандары құр бұзар тентек болып, Кеңгірбайдың өзінің де тілін алмайтын болған. Осы туралы Кеңгірбайға Құнту ақын айтты деген мынадай сөз бар:

Алпыс асып, жетпіске бағындың сен,
Бұрынғы өткен құрбыңды сағындың сен;

Жұрт тілінді алады таласындай,
Інің менен балаңа не қылдың сен?.. –

дейді.

Кеңгірбай Өскембайға бата берерде ағайын ішінде тағы бір ақылдас кісісі Көтібақпен кеңескенде, о да Өскембайды ылайық көріпті. Бұл кезде Өскембай рубасылар ортасының түгел дәме қылған жігіті болуға керек. Өйткені сол кезде Алпыс ақын айтты деген бір сөзде:

Кер асқақтың кемелі Кеңгірбайым,
Салаң құйрық, салпы етек Борамбайым,
Ізі, жолы еліне құтты болсын,
Бесті айғырдай сақылдап Өскембайым, –

дейді.

Әрі рубасылары көтеріп, әрі өзі дәме қылған соң, Кеңгірбай шақырып алып, Өскембайға бата бермек болады. Сонда жас жігіт өз туысқанының аздығын айтып, “төрт сояу атанып едім ғой, Еркеңе бата берсеңізші” депті. Оған Кеңгірбай: “Ой, шіркін, мен өз баламды өзім көрмей тұрмын ба? Менің батам қонса, тұсыңнан кісі оята алмас” деп, зілді, жуан болуды өсиет қылып, тапсырып кетеді.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде ең алдымен Кеңгірбайдың көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойын қашаңдау ұстауға тырысқан көрінеді. Рубасылар ортасында сақталып қалған сөздің бірінде “ісің адал болса Өскембайға бар, арам болса Ералыға бар” деген сөз бар.

Бірақ осындай тәсілмен қатар кей кезде Өскембайда шектен шығып кететін ашу да бар болған. Елді жуан күш, үлкен сөзбен ықтырып аламын деп, кейде жәйін мінезді болып кетуі де бар. Мысалы, Өскембай бір уақыт ауылына жүгініске келіп отырған Мәмбетай деген кісіге ашуланып барып, мұрнын кесіп алған дейді.

Ол кезде үлкен рубасылардың бір дағдысы: екі ру ел арасындағы дауға “ара ағайын” деп көлденең елдің биіне билік айтқызатын әдет бар. Мұндай билік сол көлденең елдің биіне атақ, даңқ әперетін, күш бітіретін іс болады. Сондықтан ондай істер ел-елдің билерінің арасында алма-кезек боп, “сыйға – сый” есебінде орайласып отырады. Бастас билер бірінің шашбауын бірі көтеріп, жалпы феодалдық, билік

үстемдігін сақтауда бұны үлкен тәсіл еткен. Осындай ретте өзге себептерге қосымша болып, Өскембайдың параға жығыла бермейтіндігі жәрдем етеді. Сонымен мұның алдына Тобықты ішінің істерінен басқа, өзге көрші елдердің сөздері де келіп, бітім тауып жүретін болған. Бұл жәй Өскембайдың жалпы салмағын арттырып, өз елінің ішінде аса күшейтіп жібергенге ұқсайды. Бірақ бұл айтқанға қарап, Өскембай елден тіпті түк алмаған деуге болмайды. Кейінгі әңгімешілердің айтуынша, Өскембай бері келіп ұлғайған уақытта ауылы мен үйі ағайын ортасының жиын үйі болды дейді. Сонда ел “бидің сыбағасы” деп асын да, сыйын да әкеліп жататын болса керек. Әрине, ол заманның биі арнаулы қаржы алмаса да, “ел үшін істедім” деген қызметін текке істеген жоқ. Бірінің есебін бірімен орайластыру Өскембайда да болуға керек. Сол орайда жаңағы “сыбаға” деген нәрсе ол заманның салтын ойлағанда айрықша еске алатын іс болады.

Өскембай орта жасқа келгенде баласы Құнанбай ержетіп, сол атқа мінген. Бұл 1804 жылы туған. Өскембайдың айттырып алған бәйбішесі Зереден басқа тоқалдары, күң қатындары да көп болған. Зереден туған балалары Құнанбай, Құттымұқамбет және Тайбала деген қыз болған. Құттымұқамбет жас кезінде өледі. Сонымен Құнанбай “бидің жалғызы” есептелген. Шешесі Зере кісі ренжітпейтін, жұмсақ мінезді әйел болған деседі.

Сол Зеренің қолында бұлар асырап алған бала Бостамбек те өседі. Біз Семей архивін қарастырған уақытта Өскембайдың осы Бостамбек деген баласының жөнінен бір үлкен мәлімет таптық. Бұл іс 1835 жылы “Омбының облыстық сотының” тізімінде болған және “Аягөздің сыртқы өкіріктік приказынан” өткен жұмыс екен. Сол архив материалдары Өскембай, Құнанбай жөнінен және сол замандағы ел аралары, ел мінеземелері жөнінен едәуір фактілердің бетін ашады. Сол себепті біз бұл жерде Бостамбек ісіне көбірек тоқтаймыз.

Бұл істің тергеуі әуелі елден бастап, артынан Аягөздің өкірігінде тоқталып, содан 1835 жылдың аяғында, декабрьдің 12-нен 30-на дейін 18 күн бойында Омбының облыстық сотында тексерілген екен. Істің мазмұны Матай мен Тобықтының ел шабысқан жаулығын баян етеді. Сондықтан әуелі бұл істің өзіне көшпестен бұрын, бұл уақиғаның алдында сол екі елдің арасында ертерек кезде шиеленісіп келген біраз жайларды айтып өтейік. Тобықты Кеңгірбай тұсында Арқаның

көп жерін кезіп кеп, Шыңғыс тауына орнайды. Шыңғыстың бұрынғы иесі Матай болады. Сол Матайды Кеңгірбай тұсында Тобықты рубасылары алғашқы ірге тепкен жерінен тайдырмақ болады. Бұның арты көп шабуыл болған. Қазақ оқушысының көпшілігіне мәлім болған “Ендік – Кебек” уақиғасы дәл осы алғашқы талас-тартыстың кезін көрсетуші еді. Ол заманда ел билеген бектер өз үстемдігін жүргізу үшін ру-руды бір-біріне айдап сала берген. Және сол тартыстары бергі замандарға шейін айықпай, желісі үзілмей келе берген. Өйткені Өскембай тұсында осы біз айтқалы отырған уақиға шықса, Құнанбай ұлғайып келген кезге Найман мен Тобықтының жер дауы тағы да үлкен сүргін, ұлы дүбір сөз болды. Бұның кей ұшқыны тіпті Абай ержеткен кезге дейін де жетеді. Өскембай мен әсіресе Құнанбайдың жер жайындағы зорлығы жалғыз Тобықты емес, тіпті көршілес Найман (Сыбан, Матай), Керей, Уаққа да жеткен. Кейін Абай заманына көп-көп пәле тастаған. Абайдың өмір бойына таусылмаған “ата жаулығы” деген ескі “жаулықтың” көп тамыры сол Өскембай заманында жатады.

Жаңағы айтқан Омбы сотының ісіне даугер Өскембай, Құнанбай және Өскембайдың туысқаны Мырзатайдың берген жауаптары бар. Іс ретіне қарағанда даугер жақтың сөз иесі – старшын Құнанбай, мұның айтуынша, уақиға былай болады.

1835 жылдың жазында Өскембай ауылы жайлауда отырғанда, бір түнде бұлардың жылқысына жау тиеді. Жау саны жүздей кісі. Ол келген Садыр-Матай болысының қазақтары және Ресей қол астына ол кезде қарамаған Қаптайғай, Матай болады. Бұрын Кеңгірбай мен Өскембайдан көп уақыт есе ала алмай келген Матай бұл жолы Найманның бірнеше сыбайлас руының басын қоса келген болу керек. Құнанбайдың жауабына қарағанда, бұл жақ та күтініп жүрген сияқты. Өйткені сол түнде Өскембайдың 1300 қаралы жылқысын бағып жүрген жігіт саны отыз екен. Соғыс үстінде Матай қаша ұрыс салып жүріп, андаусызда қалың ел Өскембай ауылының үстінен шығады. Бұның ауылында қонақ болып жатқан жүргінші – казак-орыстар бар екен. Солар мылтық атып, айбар қылады. Және жиі отырған елдің көп қолы “аттанға” шабады. Сонымен, бұл түнде Матайдың соңына түскен қуғын жылқыны айырып алады. Бірақ осы түнде қуғыншы жағынан Мырзатай баласы Әзмұқамбет деген жігіт өледі (соғыста сол көзінен найза шаншылып, содан өлген).

Матай бұл түні жылқы ала алмайды. Бірақ ертеңінде түнде сол ауылға тағы шабуыл жасайды. Өскембайларға соншалық кекті, ызалы боп келгенін көрсетеді. Екінші түндегі соғыста “аттанға” Құнанбайдың өзі де шауып, Матай алып кеткен жылқының соңынан қалмай қуады. Тобықты жігіттеріне “жылқыны түгел айырып алмай тоқтама” деген болу керек. Қалмай ұрысып отырып, мың қаралы жылқыны тағы да түп-тұтас айырып алады. Және Матай жағынан Қожамберді Жапалақ баласы дегенді түсіріп алады. Бірақ бұның орайына осы түнде Матайлар енді Өскембайдың Бостамбек деген баласын өлтіріп кетеді. Бұған тиген Жұбаныш дегеннің найзасы.

Осымен өзге Матай Ресей қол астына қарамаған ел болып, ұлыққа жауап бермей кетеді. Барлық Матайдан осы шабуылдың жалғыз жауапкері болып Құнанбай қолына түскен Қожамберді қалады. Омбы сотының ісінде жаңағы үлкен іс бойынша айыпкер боп тергелетін жалғыз адам да осы Қожамберді. Бұл әуелі Құнанбай ауылында кісендеулі, керегеге таңулы күйде бір ай жатады. Содан кейін Қарқаралыдан тергеу шығып, заседатель Кузнецов жауап алғанда, Қожамберді әуелі Матай болып, Тобықтыдан жылқы ала келгенін мойнына алады. Бірақ артынан Аягөз приказына барып қосымша тергеуге ілінгенде алқашқы жауаптың барлығынан танады. “Өскембай аулына жау тиген, тимегенін білмеймін, өзім үш кісі боп жоқ қарап келе жатқан жолаушы едім, Құнанбай ұстап алды. Аяғыма кісен салып, етімді отқа күйдіріп, “жалған жауап бер” деген соң, Кузнецовқа солардың “бұйырған сөзін айттым” дейді. Аягөз дәрігері қарағанда, шынында, Қожамбердінің денесінде отқа күйдіргеннің белгілері бар болып шығады. Тегі бұл істегі Қожамбердінің жауаптары сол Өскембай, Құнанбай заманында патшалық сотының алдындағы қазақ жауапкерінің ерекше әдеттерін айқын көрсетеді. Қожамберді соңғы жауабында: “ең әуелі көп Тобықтының ішінде жалғыз болдым, маған сүйеу боларлық Аягөз жағының бірде-бір кісісі болмады” дейді. Екінші, ол кезде жалған айтуының бір себебі: “шыныңды айт деп үгіттеген молда да болмады” дейді. Сонымен, Қожамберді сотты адастырып, жауапты неше алуан шатқалаң, бытқылға салады. Екінші жағынан, сол кезде Тобықтымен тағы да өз бетімен ұстасып жүрген Арғын болысының қазағы Сары Айдарбекұлы деген мұның

соңғы жауаптарын қостап ант ішеді. Осындаймен барып, сот Матай-Тобықтының шабуылынан ешнәрсені ұға алмайды да, Қожамбердінің соңғы жауабы бойынша оны ақтауға бейімдейді.

Тегі құн дауының арты сотпен емес, ел ішінде ескі жолмен шешілген болу керек.

Құнанбай ауылында байлауда жатып, артынан Аягөз абақтысында болған Қожамберді сот алдында әлгідей бірде жауынгер, бірде жылаулар, бірде өтірік аңқау монтаны боп көрінгенмен, расында, сол шабуылдың нағыз көрнекті жортушысының бірі болған. Елінің дәмелі ері сияқты көрінеді. Өйткені Құнанбай ауылында тұтқында жатып, көресіні көріп, тергеуші ұлықтан да соққы жеп жүрсе де, Қожамберді жасымайды. Бір жағынан ұлықтарға жоғарыдағы сияқты “ақпын, саумын” деген “ақбезердің” жауабын бере жүріп, Қожамберді өз жәйін, ауыр күйін дәйімі өлең етіп жатады. Бұл жағынан қарасак, сот қағазындағы Қожамбердіге нағыз Қожамбердінің он екі де бір нұсқасы келмейді. Жауапқа жазылып жатқан шын сөз емес және не жазылып жатса да есеп емес. Бұның ықпай, бүркенбей айтатын шыны өлеңінде:

Мінген атым астымда құла жорға,
Өзім болмай шығып ем осы жолға,
Қырық бес жігіт ішінде қолға түстім,
Амал, айла болар ма қалың сорға...—

деп бастап кеп:

Ұлық көпір қояды артын таққа,
Және бізді сабайды жаққа-жаққа.
Туар айдың соңында бізді айдайды,
Қарындасым, сәлем де Бауырсаққа.

Бұл қылығың, Бөлкебай, жарамайды,
Жүйрік қылған арбанды қарамайды.
Қаз мойынын қазақтың мінуші еді,
Енді ат қып мінерсің қарағайды, —

деп, ертең ұлықтың өзімен алысудан таймайтынын айта отырып:

Қысырақтың үйірі ақтан керше,
Енді маған құдайым иман берсе,
Мені алған Тобықты сені де алар,
Қарамай-ақ, Серікбай, жүре берші...

дейді.

Бұнда сол жорықтың басшысы, Құнанбаймен алысушы Серікбай болғанын айтады. Өскембайды жауламаққа бұларды елден алып шыққан да сол Серікбай екен:

Келді де қу Серікбай жылқыны алды,
Теп-тек жатқан еліме бүлік салды.

Құс төсектің үстінде жатқан басым,
Аяқ-қолым шегелеп байлап салды, —

дегенінен көрінеді.

Тегі осы ру арасының жанжалын үдетуші Тобықтыда Өскембай болса, Матайда сол Серікбай болуға лайық. Осылардың жұртты бір-біріне айдап салып қоздырып жіберген себебінен, Қожамбердінің күні ел ішіндегі Құнанбайға, қаладағы Бөлкебайға түседі. Соларға бірде өтініш айтса, бірде ашынып кеп, қатты мысқыл, мазақ аралас егес айтады.

Айналайын Бөлкебай, шын берейін,
Сомым әзір жоқ еді, соң берейін,
Бір несие аузымнан сөз шығыпты,
Атым менен айыбына тон берейін.

Айтамын айт дегенде, Бөлкебай хан,
Хан болғанда жегенің қап-қара нан.
Азар болса мал менен бас аларсың,
Ұрайын шын ененді, шықты ғой жан! —

дегені соған дәлел.

Ұлық алғашқы тергеуде Қожамбердіні ақтауға бейімделсе де, артынан Өскембай, Құнанбай қағаздары бойынша абақтыда ұстап қап, бұл бірнеше жыл тұтқында болады.

Мінеки, ақын Абайдың дәл өзінің өміріне жанасы болмаса да, сол кездегі қоғамдық жайларға айғақ болатын бір документті біз әдейі осылайша таратып айтып, толығырақ көрсеттік.

Осы уақиғадан кейін 13-14 жыл өткен соң, 1850 жылы 72 жасында Өскембай өледі. Бәйбішесі Зере байынан кейін көп жасаған. Ол бергін келіп, 90-ға жетіп өледі. Абайдың бала күнінде ауылының бәрі Зерені “кәрі әже” дейді екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болып немерелеріне дұға оқытып үшкірте береді. Сонда немересі Абай, кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіргенде, “құлағым тәуір болып қалды” деп разы болады екен.

Құнанбай әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа, оқу тәрбиесін көрмеген. Жасындағы барлық оқуы “әптиектің” ежесін білумен тоқтайды. Сонымен хатты да танымай қалады.

Мұның орайына жас күніндегі өмірі батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Қолға найза ұстап, астына жүйрік мініп жауға шапқыш, жау түсіргіш жігіт болған. Жасынан қайратты, шыдамды болғандықтан, бұл жолдағы талабы да далаға кетпеген сияқты. Тобықтының өзі құрбы жас жігітінің ішінде ер, найзагер болып та саналған.

Сонымен, алыс жаққа аттанатын қартаң батырлармен бірге екі рет Құнанбай да ере кетіп, екі үлкен жорықта болыпты.

Құнанбайдың жас кезінде Тума Тоқпақ деген елден Көгібақ жылқы алып, соның арты шабынды болып, Тобықтыдан Тума Тоқпақ барымта әкетеді. Соны қуа барған қолдың ішінде Құнанбай да болып, үлкен ұрыста тұтқынға түсіп қалады. Бұл сапарда Құнанбай көп бөгелсе керек. Өйткені үйде қалған жақыны көп тілеу тілегендіктен: “Әкесінің мойнына салған бұршағы, шешесінің басына киген күндігі биттеп кеткенде зорға келіпті” дейді.

Құнанбай жасынан-ақ ауыр мінезді, қатты адам болған.

Жігіттіктің ең алғашқы қызу кезі өткен соң, ол әкесінің жолымен ел ісіне кіріседі.

Сонда жоғарғы айтқан мінездері кейінгі өмірінде де толық сақталғанға ұқсайды.

Елді бағындыру саясаты, дін тарату жолындағы зорлықтары – барлығы да жаңағы айтылғандай ауыр мінезінің белгісін көрсетеді.

Қаттылық пен қайрат жұмсап іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен салмақты болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде қазақ даласы “1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав” бойынша өкірікке бөлініп, “өкіріктік

приказ” билейтін болған. Өкірік бастығы – аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі патшалық чиновнигі болады (Елдің көбі мұны майыр дейді). Үшінші мүшесі “кіші сұлтан ” аталады.

Кейін Семей үйезіне қарайтын Тобықты Құнанбай тұсындағы Қарқаралы өкірігіне қараған. Приказ шыққаннан бергі салт бойынша бұл өкіріктің аға сұлтаны ылғи төре тұқымынан болып келген еді. Құнанбай тұсында аға сұлтан болған төрелер Бөкей тұқымынан – Құсбек, Жамантай; Абылай тұқымынан – Шалғымбай деген төрелер болған.

Құнанбай Тобықтының бас кісісі болып өрлеп келе жатқан уақытта, қазақ ортасында төре мен қараның жігі ашылып қалған уақыт болады. Бұл хан тұқымы әмірші мен рубасы бектердің билік үшін тартысқан таласы. Феодал тобының ішінде әкімшілік үшін алысқан әміршілердің жігі. Әрбір елдің Құнанбай сияқты басты жуандары “Төре қазақтың әрекесін тілейді, берекесін тілемейді” деп тартыстың әр алуан тәсілін іздей бастаған кездері болады. Төренің сол рубасылардың қолдауымен жуан шығып жүргенін сезе бастайды. Оның үстіне әуелде хан мен төрені ұстаған патша үкіметі сол хан, төреге қарсы шыққан қалың бұқара қозғалысын (Сырым, Исатай уақиғасында) көріп алып, енді қалың елді ұстау үшін рубасыларын қолға ұстау керек деген саясатқа ауған кез болады. Осында екі жақты себептермен әр рудың Құнанбай сияқты жуандары төрені сөз қыла бастайды. Бұл турада көп рулардың, көп басшылардың ынтымағы болуға да мүмкін. Сонымен, рубасылар ортасында: “Қазақ әрекелі болса оңбайды, төре берекелі болса оңбайды” деген төреге қарсы қозғалыс белгісі білінеді.

Осы кезде Қарқаралының аға сұлтаны болып тұрған Құсбек төре мен бұрынғы аға сұлтан болған Жамантайдың партиясы басталады. Сайлау жақындайды. Ол кезде приказ сайлауына тас салуға жарайтын екі түрлі сайлаушылар болған. Бірі – пәлен сомадай алым төлейтін ауқаттылар, екіншісі – төре тұқымдары болады. Төренің 25 жасқа жеткені түгелімен тас салу правосына ие. Жаңағы сайлауда Жамантай сұлтан бола алмайды, Құсбек те жеңіліп, Құнанбай аға сұлтан болады.

Құнанбай осы сайлаудан кейін сол орында қанша уақыт болғаны белгісіз. Қалай да болса Қарқаралы өкірігінде ең алғаш төре еместен сұлтан болған Құнанбай, сондықтан бұл оқиға Құнанбайдың даңқын көпке жайып жіберген.

Сол кездегі ел аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай “Қарадан хан болған” деп аталады.

Оның мысалын мына сияқты бірер сөзден байқауға болады. Сыбан Кеңесбай деген рубасы Жарқымбай деген баласына өзі өлерде өсиет айтқан: “Төремен ел болма, екінші, ел арасында сөз болса Сабырбайға ақылдаспай іс қылма, басыңа ұлық орманнан іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай істеме” депті дейді. Осылайша Құнанбай жігінде болып, соның шашбауын көтеріп, даңқын зорайтушылар әр жерде болған. Сондай таптың бір тілшісі Балта ақын.

Ол 1850 жылдарда Өскембай өліп, соған Құнанбай Көкшетауға барып ас бергенде:

Атың шыққан Үрімнің қақпасындай,
Айтқан сөзің кілемнің тақтасындай.
Кешегі өтіп кеткен би Өсекем,
Алтынын тастап кеткен ат басындай.

Үш жүзді жиып ас бердің,
Келістіріп сәйкесін.
Арғынның өзін биледің,
Алшысы мен тәйкесін,
Келсең-келде кез болдың,
Кейи де беріп қайтесің! —

деп дәріптейді.

Осы сияқты дақпырттың барлығы сырт елге Құнанбайдың атағын зорайтып, өз еліне айдынын арттырып, өмірін екі қылғызбайтын дәрежеге жетті. Аға сұлтан болған бетінде Құнанбай көзге түсерлік жаңалық істеді ме, жоқ па? Бұл туралы көрнекті ештеме білінбейді. “Қара болды” деген ат болмаса елге жүргізген билікте, барлық істеген істің әдіс-саясатында жаңалық болмайды. Оны күтуге де керек емес. Қайта көп жерде Құнанбайдан Құсбек белгілі ел ортасына молырақ із қалдырды деуге болады. Өйткені Құсбек ұрыны қатты тыйған. Ел ортасында жан беруді тоқтатқан, өз бетін қатты ұстаған кісі болған деседі.

Бұған орай Құнанбай “жаңалығын” айтсақ, ол діндарлығы ғана болады, бұл ел ішінен зекет жиғызып, молда ұстатып, намаз оқу, ораза ұстауды жайған. Осымен бірге өз балаларын оқыту, ағайындарының балаларын оқытқызу сияқты бірен-саран ісі бар.

Діндарлығы болса көп уақытта ұсақ фанатизм түрінде болған. Мысалы, насыбай атқан кісінің танауын тілу сияқты істер соған айғақ. Және дінді ел ішіндегі кейбір қатал билігіне құрал қылып пайдаланатын әдісі де бар. Сыбан ішінде Барак деген төреге бір жиында насыбайды тастасайшы дегенде, ол “менің насыбайымды көргенше, еліңдегі келініңмен жүрген Қодарды көрсеңші” депті. Қодар деген бір момын адам жөнінде өсек таратып жүрген де сол атқамінерлер болады. Құнанбай еліне қайтқанда Қодардың ақ-қарасын тексермейді. Елді айдындырамын деп қара күшке салады. Тобықтының басшы кісілерін жиып алып, Борсақ ішіндегі Қодарды келінімен алғызып, “шариғат жолымен хукім қылады” да, мойындарынан қосақтап түйеге асқызыпты. Сонда келіні өліп, Қодар өлмей, шалажансар күйде жатады. Құнанбай оның өлімін жалғыз өз мойнына алмас үшін, Тобықтының қырық атасының ұлынан қырық жанды шығартып, сол араға “бұ да шариғат бұйрығы” деп қырық кесек атқызады. Қодарды сол көп рубасылардың қолымен өлтірмеді. Сонымен, әмір Құнанбайдікі болса да, өлтіруші Тобықты жиыны атанып, Қодар жәй сөз де болмай қалады.

Дін жолындағы іс осы болса, Құнанбайдың ел билеу жолындағы, әсіресе Тобықтыны билеудегі ісі, оның мінез тұлғасын жаңағыдан көрі де толығырақ көрсетеді.

Құнанбай аға сұлтан болған уақытта, өз еліне старшындыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Майбасар тентек, ұрыншақ, сыйымсыз адам еді. Ел мұны адамшылық, ақыл-мінезі жағынан ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген.

Сол Майбасарды старшын сайлаған соң, Құнанбай әкесіне ас берем деп Көкшетауға кеткенде, елде ұлық болып қалған інісі әуелде жұрттың күткен күдігінің үстінен шығып, ел ішін бүлдіре бастаған. Тілегенінше алым алу, жазықсыз кісіні жазалау, дүре соғу, көлденеңнен терісін айтқан кісі болса көшке салып, көңілін қалдыру сияқты істер шектен асып, көбейіп кеткен. Бірақ рубасылар наразылықтарын ішіне сақтап, Құнанбайдың келгенін күткен.

Бірақ Құнанбай көптің үмітін ақтамайды да, көп рубасылар өкпелі болады. Наразының басы – Жігітек Бөжей. Осымен ағайын ортасы шиеленісіп, араздыққа бет алып жүргенде, Құнанбай бір болымсыз істі сылтау етіп, өкпе ұстап жүрген Жігітекті жасытып, ықтырып жібермек болып,

баса қимыл істейді. Жігітек ішіне көп кісімен аттанып келіп, Бөжейді бастық қылып, барлық ірі кісілерін ұстатып байлатып алып, тегіс дүре соққызады. Бұл оқиғаны толық жазып отырған себебіміз, осы істен бастап Құнанбай өмірінде де, кейін ел кісісі болып әкесінің орнын басатын ақын Абай өмірінде де ұзақ заманға созылған үлкен алыс-жұлыс, ірі араздықтың басы басталады. Ең әуелі Майбасардың старшын сайлануы үстінде бір кикілжің туған. Құнанбай аға сұлтан болып старшындық орнын босататын болған соң, ендігі Тобықты ішіндегі ұлықтық Бөжейге ауысатын сияқтанады. Сонда Майбасар Бөжейге: “Осы жолғы саған түскелі тұрған олжаны маған қи” деп қолқаланады. Бөжей бұған береді де, Майбасар старшын болады. Осы беруді кейінгі айтушылар екі түрлі шешеді. Біреулердің айтуынша, “Бөжей Майбасарды Құнанбайдан ажыратып, өзіндік қылып алмақ үшін берген” дейді. Екіншілер “Құнанбай Майбасармен жөнді болмай жүріп, осы старшындықпен өзіне қайтарып алмақ болды” дейді.

Майбасарға қарсы болған рубасы көпшілігі кейін Бөжейге старшындықты қайта сұратады.

Оған Құнанбай: “басында өзің бердің, енді аламын десең, өзің сұрап, өзің ал” дейді. Ол сұрамайды. Майбасар орнында қалады да, Құнанбайдың атарманы болып, жоғарыдағы көпшілік наразылығын туғызады.

Бұл кезде Тобықты ішінде Құнанбайдан басқа Көтібақ Байсал, Жігітек Бөжей, Түсіп, Көкше Қаратай, Торғай, Құлыншақ деген рубасшылар болған. Алғаш Жігітек пен Құнанбай шекіскенде бір жақта Жігітек жалғыз болып, өзге рулар Құнанбай жағында болады. Бұл тартыстың кезінде ел ішінде екі үлкен төбелес болған. Біріншісі “Тоқпамбеттегі ұрыс” дейді. Онда сол барлық өзге рубасыларын артынан ергіп алған Құнанбай Бөжей ауылының үстіне келіп, Тоқпамбет деген жерде ұрысады. Саны аз, шамасы жоқ Жігітек жеңіліп қалып, басты адамдары қораға тығылады. Бұлардың ішінде Бөжей де бар екен. Құнанбай барлығын қорадан суыртып алып, дүре салғызып жүргенде, біреулер Бөжейді де алып шығады. Құнанбай оны да дүреле деп бұйырады. Сонда Құнанбай жағындағы Пұшарбай деген кісі Бөжейдің үстіне жығылып ұрғызбай, араша тілейді. Құнанбай: “ендеше, өзін де соғыңдар” дейді. Бұған Пұшарбайдың жақыны Байсал намыс қылады. Құнанбай онан сайын ерегесіп, арашашы

Пұшарбайды да ұрғызып жібереді. Сонда Байсал бастаған бір топ адам Құнанбайды тастап, Жігітек жаққа шығып кетеді. Бірақ жеңіп алған Құнанбай Бөжейлерді байлап әкетеді.

Осыдан соң Құнанбай мінезінен Байсалша сескеніп, түңілген ел Жігітек жаққа шыға береді. Сөйтіп, алғашқыдан саны молая түскен соң, қарсы жақ та қол қимылын істемек болады. Осымен “Мұсақұлдағы төбелес” деген екінші үлкен төбелес шығады. Бұнда қол қимылына Құнанбай жағы деңдей алмайды. Осындай соғыс, шабуыл арты екі жағының да арыз жаудырып, Қарқаралыдағы ұлыққа шапқылауына әкеліп соғады. Қарқаралы арғындарының ішінен Тәттімбет, Баймұрын дегендер Құнанбайды “татулас” деп бітім сұрайды. Бірақ аямасқа бекініп алған Құнанбай: “Бөжейлердің бойын кездегіп, үстіне көк шекпенді кигізіп айдатқанша бітпеймін” дейді. Бұны естіген Бөжей: “Көк шекпенді біздің мырза пішкен жок, тәңірім пішкен, кімнің киерін көреміз” деп, қарсылықты мықты ұстанады.

Содан осы жаулық арылмай, аяқталмай, бірде салқындап, бірде үдеп созыла береді. Бір рет солғындаған әредігінде ара ағайын Құнанбай мен Бөжейді татуластырған болады. Табысу тұрақты болсын деп, екеуіне сол заманның осындайдағы тағы бір шарасы есебінде “біріңнен бірің бала алыс” дейді. Ондайдағы көпке жайылған әдет, қыз алысып құда болу ғой. Бұлар оны істей алмайды. Өйткені аталары жақын ағайын. Бірақ сонда да бала алысады және алысатыны қыз. Бұл жерде оны бауырға салып, асырауға алады.

Осы ретпен Құнанбай өзінің Айғыз деген қатынынан туған бір қызын Бөжейге береді. Ол ауырып өледі. Бұл алысқанмен, татуласамыз дегенмен, Құнанбайдың жуандық зорлығы бәсеңдемейті. Сонымен, аз уақыт ішінде татулық тағы бұзылып, бұрынғыша тағы жұлысып кетеді.

Сөйтіп жүргенде Бөжей өледі. Осы кездегі араздық екі жақтың қатын-баласының арасына шейін нық жайлағанға ұқсайды. Өйткені Құнанбай Бөжейге бата оқи барғанда, Бөжейдің үш қызы дауыс айтып отырып, Құнанбайға:

Шұбарлығың жыландай,
Жүйріктігің құландай,
Арғы да атаң Ырғызбай,
Айыпқа бердің бір қызды-ай...—

деп кінәлайды.

Сонда Құнанбай жағынан барған Сары апаң деген әйел отыра қалып дауыспен айтысқа кірісіп:

Мына да қарлар не дейді?
Жақсыдан жаман көбейді,
Жақсының қалған сарқыты ед,
Ұрлап та көмдің Бөжейді, —

деп, Бөжейдің жаназасына Құнанбайларды шақырмағанды кінә қып сөйлей жөнеледі.

Бөжей өлгенмен Құнанбай, Жігітек жаулығы басылмайды. Мұсақұлдағы үлкен төбелес арты мол арыз болып, ұлық қолына жиылған. Ондағы ел шабу, дүние талау, адам жаралау сияқты үлкен істің бәрі жиылып келіп, Құнанбайдың да аяғын шырмай бастайды. Және сол кезде Қарқаралы қазағының ішінде де Құнанбайды тентек санап, айыптаушы адамдар көбейеді. Бір жағы Тобықты арызы, екінші жағынан сол адамдардың қағазы қосылып ұласып келіп, ақыры Құнанбай тергеу ретімен Омбыға кететін болады. Жұрт бұны айдалады деп дәме қылады, солай шошиды.

Сонымен Омбыға кетер алдында Жігітекке өзі жалынышты болып, “артымнан арыз бергізбе, мал-дүниеден тілегеніңді ал” дейді. Бұл кезде Жігітек сөзіне ие болып қалған Байдалы “арыз бергізбеймін” дейді. Бірақ соның орайына бұрын Құнанбайдың елден тартып алған көп қыстауларынан он бес қыстау алады.

Омбыға барғанмен, Құнанбай айдалып кетпейді. Әлдеқандай түрменен ұлықпен келісіп, істерінің бәрін тоқтатып еліне қайтады. Келісімен Құнанбай бұрынғы ант-аман, серт-уәденің бәрін ұмытып, өзі кетерде жау санап кеткен елдерін бықырт тигендей қылады. Жігітекке өзі берген 15 қыстаудан он төртін қайта тартып алады. Бұның мінезінен түңіліп, бұрын Байсалша Жігітек жағына шығып кеткен жақын елі Торғай еді. Соны қатты жазалайды.

Бұл рудың басты адамдары Құлыншақ балалары екен. Соларға істеген жазасы Құнанбайдың кектенген адамынан ешбір қаталдықты ірікпейтінін көрсетеді. Ең әуелі мыналардың ауылын шауып алады. Наданбай, Сыбанбай деген екі адамын шетке айдатады. Садырбай дегенін Қарқаралының абақтысына салғызады. Бұлардың артында қалған қатын-баласына да жаза тартқызып, бастарын бір араға

біріктірмейтін етеді. Әрқайсысының үйін жалғыз-жалғыздан бөліп апарып, Құнанбайдың өз ауылдарының шет-шетіне қондырады. Бұнысы жауының артын тоздырып жіберемін деген саясат еді.

Бертін келе Құнанбай қарсысында жалғыз Жігітек болмай, өзге ұсақ, Торғай сияқты рулар да Жігітекке көш қосқан дедік. Олардың қосылуына себеп болатын Құнанбайдың ел ортасындағы екінші бір үлкен ісі тағы бар. Ол – Тобықты ортасында бұл қолданған жер саясаты.

Құнанбайдың өз елімен алысқан жаулығынан басқа көпке шейін ізі жойылмаған бір жұмыс осы жер турасында. Ертерек заманда Кеңгірбай, Ырғызбай тұсында Шыңғыс тауына келіп, Матайды күншығысқа қарай сырып жіберіп, қоныс алып орналасқан Тобықты рулары соңынан үлкен аударысқа түскен. Бұл аударысты жасаушы – Құнанбай. Ол әуелі жалпы Тобықтының жер шегін молайтуға күш салады. Сонымен, Шыңғыстың солтүстігінде күзеуі, оңтүстігінде (сыртында) жайлауы болған.

Тобықты, екі шетіндегі Уақ пен Керейді меншікті жерлерінен жылжытып тықсыра бастап, жылдан жыл өткен сайын жер өрісін молайта берген. Бұны істеуші Құнанбай. Көп жерді өзі көшіп жүріп алған. Жазғытұрым ерте жүріп, малы аз кедей ел Уақ жеріне келіп, құдық пен қонысты меншіктеп, жазды күні Керейге барып, жыл сайын оның жерінен де сондай сыбаға алып отырған.

Анау Бостамбек өлімінің тұсында болған Матай, Тобықты арасындағы жер жанжалының арты да осы Құнанбайдың жуандап, күшейген кезінде кеп аяқтайды. Матайдан бұрын қыстау алып, дегенін істеп келген Тобықты жуандары енді кеп Керей, Уақ жерін алумен қатар, Найман жерінен де өріс пен жайлау алады.

Найман мен Тобықтының жер дауын бері келген уақытта Құнанбай ұлық алдына салады. Ол екі елдің үлкен жиынын жасайды. Екі жақ би, даугер шығарысып жүгініске отырады.

Найман биі Қисық деген шешен, мықты берік адам екен. Құнанбай бұған қарсы шешен болмаса да ожар, өр кеуде Доғал дегенді би қып сайлайды да, өзі даугер болып сөйлейді. Екінші жақтан патша ұлығына көз қылып, Тобықтының Бәйіт деген адамына сол талас жерде тұрған бір ескі молаға күнде барып, құран оқи беруді тапсырады.

Бәйіт күн сайын қасына бір топ кісі ертіп барып, молаға “атам бейіті еді” деп, құран оқып қайтып жүреді. Құнанбай жер Наймандікі болса да қатар аққан Қос, Құндызды деген екі өзеннің Құндыздысы біздің жаққа қарай ағады. Қос – сендер жаққа ағады, осы бөлік болсын деп, өз дегенін істейді. Матаймен ертеден келе жатқан іргелі дауды тағы да молырақ жер алумен аяқтатады.

Ал Тобықтының өзі ішіне келгенде өз руы мен өзіне жақын руларды өзгеден гөрі құйқалырақ жерге орналастыруға тырысқан. Сонымен, бұрын орналасып алған ұсақ рулардың көбін алғашқы ірге тепкен жерлерінен шетке қағып, қоныс аудартады. Олардың орындарына өзі қалаған жақын елдерін орналастырады. Осы ретпен талай ру өз орнын екіншіге беріп, өздері Құнанбай көрсеткен жерлерден жаңа күзеу, жайлау, қыстау алысқан.

Құнанбайдың ұзақ жылға белгіленген қалыпты жоспары болған. Құнанбайдың алғашқы жоспары бойынша ата қыстауынан көшірілуге белгіленген елдің бірі Жуантаяқ деген ру екен. Өз дегенін істемек болып, соларды көшіре келгенде, Құнанбай Жуантаяқтан бір сұлу қыз көреді. Айғыз деген сұлу екен. Бұның ауылын көшірмей қалдырып, сол Айғызды өзі тоқалдыққа алады. Әрі ру ішіндегі әмірші, әрі жер иесі үлкен алпауыт-феодалдың жуандық, зорлығынан аман қалған кейбір ел болса, осылайша парамен жан сауғалап қалған. Бірде старшын, аға сұлтан болып жүрген Құнанбай әрі сырт елдерге атақты, әрі үкіметке салмақты болып ап, Жігітекті бойымен басып жыға берген.

Сонымен, алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ заманға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібір айдатады. Бұл кезде Абай ержете бастаған еді. Әкесінің Жігітекпен алысқан Токпамбет үстіндегі, Мұсақұл үстіндегі төбелестерінде баларақ болса да, мынау тұста Абай ержетіп қалған еді.

Құнанбай ісінің жоғарыда айтылған көп уақиға, көп тартыстары және барлық сол заманның мінездері ақын Абайдың бала күнінен бастап тегіс көріп, нық байланыса өскен ортасы болатын.

Құнанбаймен алысып жүргенде көп адамынан айырылған Жігітек талай заманға шейін “көзге қамшы тигендей” болып қалады.

Құнанбай 72 жасында қажыға барып, қажыдан қайтып келген соң 8-9 жыл өмірін ылғи діншілдік, құлшылықпен өткізген.

Құнанбайдың атағын көтере сөйлейтін рубасылары мен дін таратушы қожа-молда мұны мақтағанда Қарқаралыда мешіт салғызды, Меккеде қазақ қажылары түсіп жүретін “Тәкие” үй салғызды деп айтады.

Құнанбай шешендік сөзге, дау, кеңеске көп елден жүйрік болған. Өз тұсындағы Орта жүздің билерінің алдыңғы қатарындағы кісісі саналған. Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернияларда ел аузында қалған билер жайындағы ескілікте Құнанбай аты көп аталады.

Тобықты ортасында Құнанбай айтты деген сөздердің ішінде едәуір ойшыл адам айтарлық, терең сөздердің мына сияқтысы бар:

1. Құл мен қожа майданда теңеледі; жас пен кәрі білімде теңеледі; бай мен кедей жомарттықта теңеледі; жақсы мен жаман өлгенде теңеледі.

2. Адамның қай мінезі өнері болса, сол мінезі айыбы болады.

3. Кісі айыбын айтпақтан оңай жоқ, өз айыбыңды өзің айтқаннан ауыр жоқ.

4. Өткен істен оңай жоқ.

5. Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі, көзбен көрген — шын, құлақпен естіген — өтірік.

6. Жарлы кісі жаманар, жаманар да қуанар; жаман кісі жалынар, жалынар да жұбанар.

7. Арымнан жаным садаға, жанымнан малым садаға — деген сияқты.

Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу де қиын болар еді. Бірі әке, бірі бала болғанда бұлар, әсіресе, бір тарихи дәуірде, бірыңғай қоғамдық, таптық жағдайда тіршілік еткен адамдар. Екеуінің сыртқы әдісі, жолдары басқа-басқа болса да, түпкілігі бір. Құнанбай жайындағы материалдар көбінесе Абайды тануға да жәрдем етеді.

Пьесапар





Ш Е К А Р А Д А

Үш актылы, он бір суретті пьеса



Қатысушы адамдар

- Мұрат – райком секретары.
Хадиша – әйелі, дәрігер.
Ганшин Александр
Иванович – отряд начальнигі.
Сейіт – райисполком председателі.
Нияз – МТС директоры, ұйғыр.
Смайыл – Нияздың орынбасары.
Омар – комсомол, аудан қызметкері.
Ажар – “Жігер” колхозының председателі.
Жарқын
Садық
Асан
Сәрсек
Жұматай
Сүйрік
Балтабек – колхоздың бұрынғы бастығы.
Сәт – колхозшы, акын.
Роман
Степан } трактористер.
Жомарт – Қытайдан қашып келген жігіт.
Зипа – әйелі.
Қонай – колхоз жылқышысы.
Жауһар – Нияздың қызы.
Байназар – кулак.
Торқа – оның әйелі.
Біреу.
Пограничниктер, колхозшылар,
аудан қызметкерлері.

I АКТ

Бірінші сурет

Шекара заставында Мұрат, Ганшин, Хадиша.

М ұ р а т (*бинокльмен қарап*). Тоқтай қал! Мынауың не қылған серуен?

Г а н ш и н. Ие, арғы бетте бір оқиға болғанға ұқсайды.

М ұ р а т. Өзі бір үлкен шабуыл ғой.

Х а д и ш а (*о да қарап*). Артындағы шаңның молын байқаймысың?

Г а н ш и н. Алдындағы қашқын, артындағылар қуғыншылар, ә?

Х а д и ш а. Қашқын екеу ғой.

М ұ р а т. Қысқасы, бұл тегі сыртқы ел драмасының бір сахнасы ғой өзі.

Г а н ш и н. Қысқасы, біздің шекараның жолдас Мұраттай жаңа келген, жаңа секретарді қарсы алғаны осы ғой.

М ұ р а т. Рақмет. Тек бұл сауығың қымбатқа түсіп жүрмесін, Александр Иванович.

Х а д и ш а. Шекара мына өзен ғой. Қашқындар тақап қалды.

М ұ р а т. Біздің кісілерді қара.

Х а д и ш а. Қайдан шыға қалды? Қуғын іркілді.

К о м е н д а н т (*Ганшинге рапорт беріп*). Жолдас начальник, арғы беттен бізге қарай екі нарушитель қашып шықты. Біздің жағадан атылған мылтық даусымен қуғыншылар іркіліп қап тұр.

Г а н ш и н. Нарушительдер мұнда жіберілсін. Қосымша нұсқау сол орында күтілсін. (*Комендант кетеді. Мұратқа.*) Істің үлкенін әуелі “Жігер” колхозынан бастайын дейсіз, ә?

М ұ р а т. Күштің үлкенін алдымен соған саламыз.

Г а н ш и н. Дәл шекарадағы ең мол колхоз. Бірақ ауыр колхоз.

М ұ р а т. Ие?

Г а н ш и н. Тегі ауданыңыздың большевиктік басшылықты күтіп тұрған істері көп.

М ұ р а т. Өздері және ауыр істер, солай ма?

Г а н ш и н. Сонысын сезе, біле тұра әдейі сұранып келдім.

Х а д и ш а. Япыр-ай, сіздер әуелі мынаның не екенін ойласаңыздаршы.

Г а н ш и н. Е, ол шекараның күндегі белгілі кәсібі ғой. (*Мұратқа.*) Мұндағы бұрынғы басшылық... Я, аудан сезімтал аудан. Е, мынаның бірі әйел ме еді?

Жомарт, Зипа, пограничник.

П о г р а н и ч н и к. Жолдас начальник, арғы беттен бізге қарай өткен нарушительдер, тінтуде бойларынан құрал табылған жоқ.

Г а н ш и н. Сіздер кімсіздер?

Ж о м а р т. А, құдай ақсарбас, я, аппақ қожам, я қожа Пәуеден жолымды қыла гөр. Жер дегенде жалғыз сенгенім сен едің, кеңестің елі. Панаңды, панаңды сұраймын, тақсырларым.

З и п а. Ағатайлар, мұсылманның балалары екенсің...

Г а н ш и н. Қай русыңдар?

Ж о м а р т. Мынау Керей қызы еді. Үш қатын үстіне шалға берем деп елі зорлық етті.

Г а н ш и н. Қай Керей? Қай уанның елі?

Ж о м а р т. Жабай уанының елі?

Г а н ш и н. Өзің қай русың?

Ж о м а р т. Мен сол Керей ішіне сіңген азын атаның баласы едім. Түбім Қызай. Мына кісімен көңіл қосып ек, құштарым еді. Ол жақта дегенімізге жетер болмадық. Сонан соң сеніп қашқан елім сендерсің, әкетайларым.

Г а н ш и н. Қуғыншылар кім?

Ж о м а р т. Исі Керей боп соңымызға түсіп тұр.

П о г р а н и ч н и к (*келін*). Жолдас начальник, қуғыншылар кісімізді бер деп кетпей, тарамай тұр.

Ж о м а р т (*Ганшинге*). Сауға, тақсырым, бір шыбын жаным сауға болсын.

З и п а. Пана бола гөр, ағатай.

Г а н ш и н. Хадиша, мына кісінің жарасын қараңызшы. Оқ тиіп пе еді?

Ж о м а р т. Білмеймін. Қолым садаға, жаным... жаным қала ма, тақсырым-ау?

Х а д и ш а (*қаран*). Оқ емес қой.

Ж о м а р т. Сойыл тиген ғой.

К о м е н д а н т (*келін*). Жолдас начальник, қуғыншылар қайтарындар деп жабысып тұр, не бұйырасыз?

Ж о м а р т. Тақсырларым, берер болсаң көз алдына апар да атып таста. Ақыретте тәңір алдында бір тамшы қанымызды да сенің мойныңа жүктемейік, тақсырым.

Г а н ш и н (*Мұратқа*). Мәселе түсінікті ғой деймін.

М ұ р а т. Мәселе ашық. Бергізбе!

Г а н ш и н. Болды. (*Комендантқа.*) Бар да, шекарадан тез тарасын, кейін барып сөйлессін де.

Х а д и ш а (*Мұратқа*). Сен сыртқы ел драмасы деп пе едің? Тауып айтылған екен!

Г а н ш и н. Ендеше, сыртқы ел драмасының шымылдығы осымен түсе тұрсын. (*Комендантқа.*) Кісілер берілмейді деп хабар етілсін.

Ж о м а р т. Уа, жортқанда жолың болсын, айналайын большевигім.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Колхоздың шеті. Жол үсті.

С ө т (*жалғыз әндетін*).

Желпінген ақ селеулі ескек желім,

Шалқыған кең жайқындай мұнар белім.

Көктемдей жаңа күнде көгертеді,

Ен дала, еңбек елі иең сенің.

Жомарт, Зипа шығады.

Аласа бойлы жатаған,
Қытайдан қашқан қашаған.
Кезуменен кетпек пе ең?
Мекенің қайда атаған?

Ж о м а р т (*жорғақтан*). Айналайын тіліңнен,
айналайын, ақыным. Көмек етші мына қарындасыңмен
екеумізге, колхозға орналастыршы. Қайда болса да қанағат.
Тіпті босағадан озбайын. Мына қарындасың, қарындасың
да соны тілейді. Зипа, айтсаңшы, бақырым-ау, сен де.

С ө т. Рас па? Солай ма?

З и п а. Солай еді.

С ө т. Зипа! Зипа, шын, Зипа! (*Сүйсіне қарайды, Жомарт
қошеметпен күледі.*)

Қызық екен осы ағам,
Зипадай шырын жеңгеме,
Бермей бұрын төрімді,
Неге ұсынам босағам?

Ж о м а р т. Уа, тілің бұлбұл екен ғой, тілесен күшің
дүлдүл ғой, ақыным. Ендеше, мына тәтті жеңге екеумізге
назарың сал, пана бол. Тіледік сенен, ұстадық білегіңнен,
Зипа?

З и п а. Ақын құрбым, қонақ қақы, шын тіледік.

С ө т.

Аласа бойлы жатаған,
Қытайдан қашқан қашаған.
...Мөлтілдеген мойыл көз,
Сай-сүйегім босаған.
Лебі дем-дем тартады,
Жақсы еді неткен жасаған.
(*Keticеді.*)

Б а й н а з а р (*Торқаға*). Бас, бас аяғыңды жылдам!

Т о р қ а. Не деді? Қалай қаш дейді?

Б а й н а з а р. Шекара, шекараға тақап барындар да,
қас қарайып түн бола бергенде тартып кетіңдер дейді.

Т о р қ а. Аналар ше? Сызбеп пе? Қумас па екен?

Б а й н а з а р. Білсе қумақ түгіл құрытар да... Ал
далдалдап тарта бер, жүр... жүр... бас...

Т о р қ а. Шекарасы алыс па өзі? Қанша қалды?

Б а й н а з а р. Уа, мынау түр, тиіп түр... Ұш, жаның барында, үш деймін енді жылдам ... жүр!

Жарқын жүгіре шығады.

Ж а р қ ы н. Тоқта! Ә, Байназар бай, Торқа бәйбіше, тоқта, тоқта... Қайда барасың, түге?

Б а й н а з а р. Шырағым, мен жазамды тартып болдым ғой.

Т о р қ а. Ел аралап күн көрейік те.

Ж а р қ ы н. Ел десең мына жақта... Мына бетің ел емес, шет қой!

Б а й н а з а р. Шетің не, Жарқын-ау, жарықтығым-ау!

Ж а р қ ы н. Жоқ, бұл шекара, бұнда бөгде кісі оқшау жүрмес болар. Мына жерде шекаралық отряд, Ганшин бар... Жүр, жүріндер, сонда барамыз. Беттерің өзі де солай екен. Жүріндер, өзім таныс қылайын.

Б а й н а з а р. Әй, Жарқын, бармаймын отрядқа, апарма онда... Онда мен жазамды өтеген кісімін, не ақысы бар менде отрядтың?

Т о р қ а. Бармаймын! Ауданға жібер. Апарма отрядқа. Қайда, қайда! Әлгі өзге колхозшы, уа, Балтабек, Садық, Асан, қайдасың, түге!

Ж а р қ ы н. Жоқ, алдымен отрядқа мәлімденесің. Жүр, жүр былай.

Б а л т а б е к (*Жұматайды ерте шығып*). Әй, мынау ана бишараларды тағы отрядқа әкеткелі жатыр ғой.

Ж а р қ ы н. Жүр, жүріндер отрядқа!

Б а й н а з а р. Ал, жарайды, қайтейін енді.

Б а л т а б е к (*Жұматайға*). Әлгі Садық, Асан қайда, жүрші соларға білдірейік... Мынау Жарқынның ісін солар да көрсін, өз көзімен көрсін... (*Кетіседі.*) Садық! Ай, Асан!

Ж а р қ ы н (*Балтабектерге айналып*). Ай, батырағым, сенікі не? Айдалып кеткен байға сенің қимаң неге қышыды?

Б а й н а з а р. Отрядқа апарса өзім де біттім, өзгенің де сырын ашқаным ғой. Ерікке қоя ма. Қой, қой, бүйткенше мен кетсем сыр ашылмасын...

Ж а р қ ы н. Жүр, жүріндер.

Б а й н а з а р. Қазір, тоқташы... Тым болмаса нәрсемді жинап алайыншы... *(Сахнадан шыға береді, өзіне пышақ салады.)*

Ж а р қ ы н. Өй-өй, мынау қайтеді!.. Өй, мынау бауыздалып қалды ғой.

Торқа, Садық, Жарқын, Сәт.

Т о р қ а. Ойбай-ай, сұмдық-ай! Құдай-ай, ку құдай, тағы не күйге ұшырадым.

С а д ы қ. Түсірші арбадан, түсірші деймін.

С ә т. Не боп қалды, шұнақ-ау?

С а д ы қ. Бауыздап жіберді өзін-өзі.

С ә т. Е, қайта басқан қарт бураның шөккен жері осы де.

Ж а р қ ы н. Е, өзін-өзі бауыздағаны несі мұның?

Т о р қ а. Жоғал әрі көзімнен, қыршыныңнан қиылғыр. Ақыретте екі қолы жағаңда, Жарқын.

А с а н. Шошытып, отрядқа ала жөнеліп...

А ж а р. Одан неге шошиды?

Ж а р қ ы н. Шошыса түбі шикі болғаны.

Ж о м а р т *(Сәтке)*. Бәсе десеңші, осы шын азамат, шын сабаз дәл осы Жарқын ба деп тұрмын!

Ж ұ м а т а й. Тағы тергелем, тағы айдалам деп шошыды ғой.

Б а л т а б е к. Бұның обалы сенде, сенің мойнында, Жарқын.

А с а н. Түбі шикі.

А ж а р. Сандалма, түге. Әй, білдің бе?

А с а н. Сен де қалжырай берме, қатын, білдің бе?

А ж а р. Өй, Асан! Андамай сөйлеген ауырмай өледі.

Баяғыда мына Торқаның борсыған сорпасы мен быршыған іркітіне табынған күнде итаршы болуымыз жеткен, сандалма!

Ж о м а р т. Өй, жолың болсын, тіпті сөз-ақ емес пе?

Б а л т а б е к. Ал, мынаның өлімін қайтесің?

Ж а р қ ы н. Ажар, мыналардың мына жұмысын мен тура партияның алдына саламын.

Б а л т а б е к. Иә, сөйтіп кісі өлімі үстінде тағы абырой-олжа табамын де.

А ж а р. Ой, бастық, колхоз бастық, сен неғыл деп қоса қыңыратқып тұрсың осы.

Б а л т а б е к. Тәйт әрі, осындағы барып тұрған жікшіл осы Ажар, Жарқын, сендерсің, тіпті. *(Сейіт шығады.)*

Ж а р қ ы н. Адыра қал! Қара мұны, шетінен шолақ итше дінкілдеп.

А с а н. Әй, сенен келген керді көріп алайын, келші осы. *(Жарқынмен жағаласады.)*

А ж а р. Тәйт әрі, Асан. Тоқта былай, тарт қолыңды.

А с а н. Жоғал арман! *(Ұмтылады.)*

С ы д ы қ. Ұр итті, жатқыз. *(Қоса ұмтылады.)* Ұста, жіберме. *(Омар, Сәрсек шығады.)*

С е й і т. Тоқта! Қысқарт! *(Келе жатқан машина даусы.)*

С а д ы қ. Әй, мынау кім? Анау Ганшиннің машинасы ғой! Әй, Асан, тоқта! Александр ғой. *(Мұрат, Ганшин, Хадиша.)*

Г а н ш и н. Иә, бұл немене?

М ұ р а т. Хадиша, мынау адам қанға боялып жатыр ғой. Қарашы сен! Иә, бұл не хал?

Ж а р қ ы н. Кеше кешке ауданнан келе жатсам колхозға қарай ана Байназар мен қатыны келеді. Мына Торқа айдалып кеткен болатын. Содан бұл шекараға келіп жүрген жүрісін де сезікті көріп, жай-жапсарын погранотряд айырсын деп және солай алып жүрмекші ем. Сол екі арада Байназар, жанында пышағы бар екен, жалма-жан өзін-өзі орып жібергені. Ал содан бері мыналар біржолата құтырып, мені бауыздарман болды, мінекей.

С а д ы қ. Болдың ба? Сен айтқан соң бәрін неге айтпайсың!

Г а н ш и н. Өзің айтшы ендеше?

С а д ы қ. Колхоз Қытай емес...

А ж а р. Әй, жүзің күйгір, байдың құйыршығы боп.

А с а н. Әй, енді жетті сенікі, тарт тіліңді.

Ж а р қ ы н. Уау, мөй-ау!

М ұ р а т. Ей, жігіттер, қызбаңдар, сендердің аттарың кім осы? *(Садыққа.)* Сенің атың кім?

С а д ы қ. Садық.

М ұ р а т. Е, Садық сен бе едің? *(Жарқынға.)* Сенің атың кім?

Ж а р қ ы н. Жарқын. Мынау Асан, анау соның үй жолдасы Ажар.

М ұ р а т. Иә, “Жігер” колхозы, сендер әмісе осылай жігерлімісіңдер? Жоқ, жігер жұмсайтын орын таба алмай, осыған ұрынып жүрмісіңдер? Керіс пен шатаққа ұжымдарың қалай берік еді?

С ә т.

Көп күттірген Мұратым,
Тусып тұр колхоз даласы,
Басшылыққа құштармыз
Еңбекшінің баласы,
Жалғыз-ақ шикі, дүмбілез
Бұл жиынның арасы.
Бірліктен безіп кер кетіп,
Біріне бірі сайлаған
Шашынан көп жаласы,
Ұят та болса айтайын,
Пай-пай, шырықты бұзды ғой
Белсендінің баласы.

Ж ұ м а т а й. Уай, қой, қойсаңшы әрмен.

А ж а р. Е, несі бар, айтсын, айт бәсе.

М ұ р а т. Уай, ақын аға, басып айтпай, ашып айттың-
ау деймін. Түйін тастадың ғой. Шынды айттың-ау.

С ә р с е к. Сөйлей-сөйлей шешен боларсың.

Ж ұ м а т а й. Әлде көпке кесел боларсың.

С ә т. Айтарсың, тоғай араласаң үйші боларсың.

А ж а р. Ел қыдырсаң сыншы боларсың.

С ә р с е к. Ей, шырағым, ерінбесең етікші боларсың.

Ж ұ м а т а й. Ұялмасаң өлеңші боларсың дегенді де
ескер. *(Балтабектер күледі.)*

С ә т.

Өлеңім өзек жарған шыным еді,
Басшыма сақтап жүрген сыным еді.
Егіннің жоспарынан жалтағы бар –
Жұматай сол себептен қырын еді.

(Жарқындар күледі.)

Ерінбеген етікшілік мін бе екен?

Өрлей шапса өлеңшілік сын ба екен?

Жанары жоқ, жатыпішер сорлыны айт,

Өнер алды өршілде емей, кімде екен?

М ұ р а т. Ә, бәле, бәрекелде. Е, мынау өнерлі ел ғой.
Тепсе темір үзейін деп тұрған колхоз ғой.

А ж а р. Тепсе үзер еді-ау, жалғыз-ақ тепкісі келмей тұрғаны болмаса.

М ұ р а т. Не дейді! О не деген дүдәмал? Сейіт, Омар, не бітірдіңдер? Жоспар жайын білдіріп пе едіңдер?

С е й і т. Білдіріп ек, соның біраз түйіткілі болып тұр.

О м а р. Анау Сәттің тұспалдап тұрғаны сол ғой.

М ұ р а т. Е, ендеше несі бар екен, айтсын. *(Халыққа.)* Әй, жолдастар, мына бірінші апрель егіске шығатын күн. Сын күн. Соған жаппай әзірлік керек. Сендер анау Балқыбектің бес жүз гектар тыңын айырасындар. Не әзірлігін бар, не айтасың? *(Үн жоқ.)* Иә, неге үндемейсіңдер? *(Үн жоқ.)* Қарсымысындар әлде? *(Үн жоқ.)* Қарсы болсаңдар оларыңды айт.

А ж а р. Уа, көрмей тұрмысың, жолдас Мұрат-ау.

М ұ р а т. Кім қарсы?

А ж а р. Осы тұрған ақсақал, қарасақалдың бәрі қарысып тұрған жоқ па?

Ж ұ м а т а й. Уай, Ажар, басқа шауып, төске өрлемей, кой арман әрі.

М ұ р а т. Иә, сонымен сіз қарсымысыз?

Ж ұ м а т а й. Иә, қарсымын.

С ө т. Анау қадірлі Сәрсек те қарсы.

М ұ р а т. Рас па? Ә, Сәрсекен сіз бе едіңіз, иә, сөйтіп сіз қарсымысыз?

С ө р с е к. Қарсымын, шырағым Мұрат. Қарсы боп тұрмын.

С е й і т. Міне, өстіп қыңыратып тұр шетінен. Ырық бермейді, тіпті.

Б а л т а б е к. Шекара деп сипай-сылай әбден құтырып алған бұл ел өзі.

М ұ р а т *(Ниязға)*. Ал, Нияз, МТС бастығы, сенің де арылып болғаның осы ма?

Н и я з. Сенбейді. МТС көмек етеді дегенге тіпті сенбейді.

С ө р с е к. Сенбеймін, алдымен сол МТС-қа сенбейміз. Қарсылығымызда дәлел бар. Соны айтпақпын.

М ұ р а т. Ә, ендеше шынға келіседі екеміз. Айт, толып тұрған тракторы бар. Саған көмекке жасалған МТС. Не жазығы бар бұның.

С ә р с е к. Бәсе, осы МТС құрылғалы үш жыл болды. Тіреліп тұрған тракторы бар, тұнып тұрған өлке бар. Бірақ төстіктей жер жырттып берді ме екен, айтсыншы кәне?

Ж ұ м а т а й. Балқыбектің тыңына, егінші етем деп екі жылдай салып келеді аудан.

А с а н. Басында МТС көмек етеді деп жоспарды береді-береді де, егіс үстінде тракторы бүлінеді, бастығы былығыады...

С ә р с е к. Жоспарды құшақтап біз қаламыз, атаған көмегін бермей МТС кетеді.

Ж ұ м а т а й. Тыңды айыртпай таңды айыртатын болды мүлдем. Малды колхоз ек, көліктен де жұрдай болдық.

А с а н. Еккен егін, су тегін, шығымы жоқ қып-қызыл шығын.

С а д ы қ. Біресе шықпай қалады, біресе піспей қалады.

Ж ұ м а т а й. Тіпті болмаса үсіп кетеді.

А с а н. Тұқымның бабын таппай ол құртты.

С а д ы қ. Қазір екі жүз үйдің қақ жартысында сауын да жоқ.

С ә р с е к. Ал, міне, Мұрат шырағым, жұмыс істемейік деп пе едік? Балқыбекті баурамайық деп пе едік? Бірақ асырмайтын асу боп құртқан жоқ па Балқыбек бізді. Бай колхоз, бар колхоз едік, осы соңғы жылдар шөмитіп тұр бізді.

М ұ р а т. Жә, колхоз бастығы, сен не айтасың? Бұл елдің бұнысы шыны ма?

Б а л т а б е к. Не дейін, жолдас Мұрат, көптің асып та айтатын, басып та айтатын жері бар ғой!

М ұ р а т. Е, солай де, Ажар, Жарқын, сендер не дейсіңдер?

А ж а р. Елдің бұнысы шыны. Бірақ қажымайық, қайрат табайық деймін.

Ж а р қ ы н. Еңбегінде еңбек жоқ, егестен жеміс дәметкен ел боп тұрмыз да.

М ұ р а т. Жә, Сейіт, Омар, сендер не дейсіңдер?

О м а р. Босаңсымау керек қой.

Б а л т а б е к. Ырқына да жібере бермеңіз-ау!

С е й і т. Өзіне салса тұқырта беретін де әдет қой.

М ұ р а т (*көпке*). Егін ексе шықпайды. Мал өсірсе індет шырмайды. Адамын ауру иектейді. Аузында асы, қолында сауыны жоқ. Тракторы, машинасы тілде бар да, істе жоқ. Не жазығы бар бұл елдің?

С ә р с е к. Бәсе, осы жасықты жанып-жанып тасқа салатын, болаттың суын табатын партия қайда?

Ж а р қ ы н. Осы өзің тапшы, жаным, есебін.

Б а л т а б е к. Е, сен керісті қоярсың сонда, Жарқын.

М ұ р а т. Иә, бастық келесі келіспесе, керіс жеңбей қайтушы еді? Жоқ, әлде жаны ашымастың қасында басым ауырмасынның кебі ме? Сен өзің, бастық бола-бола қажығанбысың деймін?

С е й і т. Ол ұсынысыңа құп дегеннен басқамыз жоқ.

Д а у ы с т а р. Өй, мынау Смайыл ғой.

— Ал, Смайыл келеді.

— Келіпті ғой... мал әкеп пе екен?

— Әкепті, айдап келеді дейді.

Смайыл келеді.

С е й і т. Жә, әкелдің бе?

М ұ р а т. Қанша сиыр әкелдіңіз?

С м а й ы л. Қиталаса жүріп екі жүз сиыр алдым ғой әйтеуір.

М ұ р а т. Жә, қаншасы сауулы сиыр?

С м а й ы л. Жолдас Мұрат, Мұратсыз ғой? Екі жүзі де сауулы. Әдейі барды салғаным сол ғой, мына егіс науқанының алдында.

М ұ р а т (*Сейітпен ақылдасып алып, көпке*). Жә, ендеше осы сиырдың дәл қақ жартысын, жүз сауулы сиырын, “Жігер” колхозы, саған берейік. Сауынсыз үйің болмасын. Мақұл ғой, ә? (*Жұрт ырза болады.*)

С м а й ы л. Е, тәйір, оның мақұл болмасы бар ма “Жігерге”.

М ұ р а т. Ал, онан соң анау Балқыбекті қордалы байлық Балқыбегі етеміз. Тауда түлігің, егісте егінің шайқалып тұрған ел етеміз. Бірінші апрель ойын емес, шынымен сын күн. Ең алдымен МТС-қа, мына МТС директоры, Нияз, саған сын. Бар тракторыңның ремонту бітіп, барлық күшіңмен осы колхоздарға көмекке шығуға міндеттісің. Ол бір, екінші сол, бұл күн саған да сын, “Жігер” колхозы! Және сын болғанда қандай сын, мәймөңкелейтін түгі жоқ. Сол жаңағы барлық үлкен егіс, үлкен тауды аударатын, меңгеретін срогің 15-ақ күн.

Д а у ы с т а р. Не дейді? Ойбай-ау, қайтіп, қалайша?

М ұ р а т. Сол, солайша. 15 күннің ішінде барлық егіс тамам боп біту керек. Бұл өлке, бұл аудан бүгінге шейін бүйтіп егіп көрген жоқсың ғой, солай ма?

Д а у ы с т а р. Көрген де, естіген де емеспіз.

М ұ р а т. Міне, партияның ауданға, МТС-қа, колхозға беріп отырған нұсқауы осы. Осыны дәл осы тұрған бәріміз бұлжытпай ада қыламыз, орындаймыз. Кәне, жүріңдер енді, жарыса-жарыса болдық. Сол әзірлікті кеңесеміз. Кәне бері тартыңдар.

Д а у ы с т а р. Мейлі енді.

— Болсын енді.

— Көреміз енді. (*Kemisedi.*)

С ә р с е к (*Жұматайға*). Жайнап тұрған отты жас екен. Тек жолы болса игі еді бақырымның.

Ж ұ м а т а й. Сәрсек, бұл Ажар деген ақтарыла берсін. Әйтеуір кеңесіп, шыңдап алмай оңай көнбе.

С ә р с е к. Есте болсын. Бірақ Балтабекке сен де ырық бере берме. (*Kemisedi.*)

Т о р қ а (*жылап шығады*). Құрыдым ғой! Тентіреп кеттім ғой! (*Жомарт, Зипа.*)

Ж о м а р т. Немене, бишара, байың қайтыс болды ма?

Т о р қ а. Тілеуім құрыды ғой! Қолымда нәр де жоқ.

Ж о м а р т. Мә, бақыр, мынаны талшық қыл. Құдай есіркесін. (*Ақша береді.*)

З и п а. Жомарт-ау, бұл кім еді, жаным-ау?

Ж о м а р т. Ешкім де емес. Білмеймін де. Бұл да біздей бақыр ғой. Садақа әшейін.

Т о р қ а. Жолың болсын, қарағым. Сен кім едің? Тым құрмаса атыңды білейінші.

Ж о м а р т. Білмей-ақ қой! Баяғыда байыңнан бір жақсылық көрген адам едім.

Т о р қ а. Айналдым айналайын, садағаң кетейін.

Ж о м а р т. Саған қылған Жарқын ғой?

Т о р қ а. Сол қуарған. Құдай орайын келтірер, қолында өлермін. Жағасына жармасып өлермін, бөлем.

Ж о м а р т. Тиме Жарқынға. Тілімді ал. Сүйей жүрермін бақырым, жаным ашып айтамын. (*Айналып қарап.*) Зипа, сүйемелдеп былай жөнелтіп жіберші мүсәпірді.

Зипа мен Торқа кетеді.

Б і р е у (*шығып*). Байназар не болды?

Ж о м а р т. Өліміне киліктім.

Б і р е у. Қатыны ше?

Ж о м а р т. Мұнда қалады.

Б і р е у. Ә, дұрыс, ендеше бұйрық сол, соны керекке жарат.

Ж о м а р т. Мақұл, тағы не бұйырасың?

Б і р е у. Смайыл жәйі. Қолынан іс келетін, өндіріп кететін кісі екен. Ірі де жырынды екен. Сыр алдырмай кетті. Шаруаны өрлетіп, абырой-атақ алып кететін сияқты. Өрісіне жіберме. Көз айырмай бақ, болмай бара жатса қыбын табасың.

Ж о м а р т. Жоқ, Смайыл қайта өрісіне жетсін. Сол қажет. Оны маған билетсең қайтеді?

Б і р е у. Ойланамын. Байлауымды кейін айтам. Ал, өзге қимылдарың немене?

Ж о м а р т. Бір қимыл... Белсендіні ақсату.

Б і р е у. Көр тіккенің кім?

Ж о м а р т. Ең әуелі Жарқын мен Ажар. Ебін тауып, екеуінің де топшыларын үзіп-үзіп тастау қажет көрінеді.

Б і р е у. Дұрыс, қостаймын. Орында осыны.

Ж о м а р т. Істей көремін, сол!

Б і р е у. Бар. (*Анау кете береді, Зипа шығады.*)

З и п а. Мынау кім, Жомарт-ау?

Б і р е у. Құдай қайыр! Ей, ағалар! Ей, апалар. (*Кетеді.*)

Ж о м а р т. Е, бір қайыршы ма, мүсәпір. Мынау ел мен жолдың жөнін сұрап тұрмын.

Кетеді. Балтабек, Қонай.

Б а л т а б е к. Мені орнымнан алатын болды.

Қ о н а й. Кімді бастық қояды екен колхозға?

Б а л т а б е к. Ажар деседі. Жақсы күнде аға ең. Жаман күн туса, қырын кетпе демекпін. Балтабек, Қонай бір әке, бір шешенің баласы ек.

Қ о н а й. Өзің немене жорамалдап тұрсың, түге?

Б а л т а б е к. Тоқта. Мына Мұрат енді үш жерге күш салғалы жатыр. Бірі осы “Жігер” колхозы, екіншісі МТС.

О да бұрын қырсыққан ит қыңыр жүгіредінің кебін киген жер еді ғой?

Қ о н а й. Үшінші не екен?

Б а л т а б е к. Үшіншісі конезавод, сенің конезаводың. Ұқтың ба? Ал колхоздан кетсем, менің барқадар табам деген жерім де сол сенің жылқы совхозың-заводың болатын. Ондағы сенетінім сен екенді білесің ғой?

Қ о н а й. Өй, өзің не жағалатып тұрсың, жаным, осы?

Б а л т а б е к. Екеумізге сенің сол заводың арқылы бір береке оралайын деп тұр.

Қ о н а й. Е, бақырым, онда соныңды айтсайшы.

Б а л т а б е к. Жалғыз-ақ демің ішінде болсын. Қала берсе қатыныңа да айтпайсың.

Қ о н а й. Е, о не сұмдығың?

Б а л т а б е к. Жасырын.

Қ о н а й. А? Өзі жоспардың жөні ме?

Б а л т а б е к. Жоспарға қарсы.

Қ о н а й. Уа, Балтабек, тілеуімізді құртайын деп пе ен, не деп тұрсың?

Б а л т а б е к. Үндеме, түбі қайыр.

Қ о н а й. Кімге қайыр?

Б а л т а б е к. Бұл жолмен жүрген кісі де аз емес деседі. Бұнда да көп бар.

Қ о н а й. Балтабек, қай ботқаны былғайтыныңды білмедім. Бірақ, күндердің күні боп бір былғың шығатын болса бар ма, інім екен демеймін, тап төбенді өзім оям. Қашан айтып ең деп жүрме, білдің бе?

Б а л т а б е к. Бар ендеше, мынау былық екен де, қазір айт. Құдай ұрған жарымес, бар, айт деймін.

Қ о н а й. Тоба, тоба... Шырмадым, шырмадым да былғадым десеңші онда.

Б а л т а б е к. Жок, түк те былғағам жоқ, шырмайтыным да жоқ. Бірақ бір дер кезі соғады. Қолыңа мол береке оралады. Сонда қашан естіп ем деп жүрме. Қалт етпей әзір бол. Одан беріде сені мен көргем жоқ, мені сен көрген жоқсың. Тас түйін. Өзі ішінде жатсын да қалсын, болды.

Қ о н а й. Ойпыр-ай, бәтір-ай...

Б а л т а б е к. Енді үн қатпа! Ұқтың, ұқтың да ішіңе тықтың. Жап енді!..

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Үшінші сурет

Аудан орталығында Мұрат, Сейіт, Хадиша, Смайылдарға Сәт,
Жомарт, Зипа кездеседі.

Ж о м а р т. Ассалаумағалайкум, иә алдияр, ағалар!

М ұ р а т. Иә, шаруаңыз не еді? Ә, Сәт, есен бе?

Ж о м а р т. Ағатай-ау, қонақ бір күн қонса ырыс, үш күн қонса жұт қой. Басқа пана, ауызға нәр боларлық бір орынға іліксек деп ек. Мына жеңгең екеуміз де соны тілеп жүрміз.

М ұ р а т. Менің сіздерге айтар орным жоқ. Иә, Сәт, сен ше?

С ә т. Өзім деген кісіге өзегімді беруші ем ғой, өзіміз деп келіп тұр ғой!

М ұ р а т (*өте берін*). Тұу, ақын-ай! Орналастырам деп өктеп тұр екенсің-ау. (*Кете береді.*)

С ә т (*Сейіт пен Хадишаларды тоқтатып*).

Пана қып бізді қорғалап,

Кекіліктей жорғалап,

Құралай көзді қарындас,

Тәтті бір сөзі сорғалап,

Асыла тілек етіпті,

Мен де тұрмын қолдап-ақ.

С е й і т. Ә, солай ма еді? Немене, өзің бұны жете танып па ең? Күмәнсіз кісі ғой, солай ма?

С ә т.

Күмән жоқ, жылаулар ғой көзбен көрдім,

Көрдім де болысам деп сертім бердім.

Қарқ болса қашып шығып құтырып па,

Қайт қылма, ел деп келген бетін ердің.

С е й і т. Ал, әне, ақын да салыпты ғой, сендер не дейсіңдер, Хадиша, Смайыл?

З и п а. Смайыл?! Смайыл дей ме, ой мына кісіні? Япыр-ай, ә?

Х а д и ш а. Иә, Смайыл болса қайтушы еді? Неге таң қалдыңыз?

Ж о м а р т. Жеңеше-ау, бұндағы азаматтың атына қанық қой ол жақ.

Х а д и ш а. Оны кім деп естіп едіңіз?

С ә т. Е, төңірі, естиді де. Ана Ганшин, Сейіт, Нияз бәріне де қанық екен ғой, тіпті.

Х а д и ш а. А, солай ма, болар.

С е й і т. Рас-ау, Хадиша! Тіпті осы кісі сенің қолың.

Х а д и ш а. Маған бір көмекші әйел керек еді.

С е й і т. Ендеше мен маслихат етем, алшы осыны.

С ә т. Менің де қолқам сол болсын, Хадиша, алы-ңызшы.

С м а й ы л. Е, өзін Сәт сәтімен әкелген ендеше.

Х а д и ш а. Ал, сізді мен алсам не дер едіңіз?

З и п а. Апатай, не де болса панаңа алсаң екен.

(Кетіседі.)

Мұрат бір топ колхозшы арасында.

М ұ р а т. Алған сиырдың сүтті болды ма? Қалай екен, Сәрсек?

С ә р с е к. Е, шүкір, сүт бар.

М ұ р а т. Сүйрік, сенің сиырың бұзаулаған сиыр ма еді?

Ж ұ м а т а й. Бұзаулаған ғой. Осы күнде біз де жаман емеспіз.

С ү й р і к. Көрген сайын жәй-күйімізді сұрап тұрады өзі. Біртүрлі.

М ұ р а т. Жақсы. Бүгін бірінші апрель! Ал мына егіске “Жігердің” әзірлігі жаман емес... Ажар!

А ж а р. Әнім жаңа түзелейін деді ғой, жолдас Мұрат-ау.

М ұ р а т. Бәсе, әнеугі әндерің жаман еді-ау, Жұматтай, ә?

Н и я з *(шетке қарап, қолын бұлғап)*. Ал, жолдастар, ертең Балқыбектің тыңына мынау әнге басып отырып шығамыз.

М ұ р а т. Ал, көріңдер, бірінші апрельге МТС әзірлігі де жаман емес.

Н и я з. Төстабандар түсетін шын әншінің, зор әншінің өнін тыңдап көр әне! *(Трактор үні шығады.)*

Д а у ы с т а р. Ойбай, әннің төресі, шыны мұнда екен ғой.

— Ой, жанбауыр шөгелің!

— Ой, жануар, мынау неткен дүлділ еді.

С ү й р і к. Әне, бір тобы тағы шықты.

Ж ұ м а т а й. Ол совхоз жерін жыртытын тракторлар!

К о л х о з ш ы. Жарқын, сенің бригадаң ба өзі?

Ж а р қ ы н. Біздің тракторлар... Анау алдыңғы топ “Жігердікі”, соған көмекке барады.

Ж о м а р т (*Торқаға*). Жарқыныңды көрдің бе, жарқырап тұрғанын!

Т о р қ а (*жындылау*). И-і-і-и, жіберші, жібер.

Ж о м а р т (*сүйреп, оңашалап*). Қой, тиме! (*Жарқының қатыны баласын арқалап жүреді, соны көрсетіп.*) Әне! Бүкіл Байсалдан қалған жалғыз Байназар еді. Ғайып болды. Исі Байсал құрыды ғой. Олар жоқ. Енді мына Жарқын көгереді, өне ұрпағы. (*Алып жерге ұр деген ишарат жасайды. Торқа байпаңдап, құтырынып, Жақынның қатынының артынан кетеді.*)

Д а у ы с т а р. Мынау Роман, біздің Салық бригадасына баратын трактор.

– Нешеу болды өзі, жаным-ау?

– Бөлем енді шыдап көрсінші Балқыбек!

С ә р с е к. Үндеме, тек жолы болсын жортарымның.

С ә т (*әндеміп*).

Уа, тас қияға сермеген,
Асқар асқан елді көр,
Таспадай тыңы тілінген,
Топырағы торқа белді көр,
Құт қонады колхозым,
Қуанышты енді көр.

Д а у ы с т а р. Уа, дегенің болсын, ақыным.

– Әй, тілің бұлбұл, Сәтім-ай!

З и п а. Ақын құрбым, қуанышың қандай еді, қайырлы болсын.

С ә т. Қайырлы болсын, сенің оң шырайыңмен бірге болсын, Зипатай.

З и п а. Япырм-ай, соны аңдып тұр ма едіңіз.

С ә т. Мен тойға ұласса екен деп айтамын.

Қ о н а й (*оқшауырақ*). Аңғал арап ақ айғыр, ақалтеке торы айғыр, қазақы қоңыр қара айғыр... Әй, жоқ, күйім жоқ. Бір жағы міне, бірінші апрель асқар ас дейді. Тағы бір жағы асқар асарда белден бас дейді. Мен қайдамын? Әй, Балтабек-ай, екіұдай қып құрттың-ау!

С м а й ы л. Уай, колхозшы? Өздерің осы мынау алдыңғы трактордың үстіндегі кім екенін аңғардыңдар ма?

Д а у ы с т а р. Өй, мынау кім осы?

– Бәсе, осы кім? Қазақ қой?

С т е п а н (*мастау*). Вот ду... чудақ казак, дейсің, Асан десеші. Мына Ажардікі Асан. Үйреткен, ал ол, ол десеңші...

Д а у ы с т а р. Уай, ел болдың деген осы да.

– Ойбай, жаратқан-ай. Асан мынаған мінген соң егінші болмаған неміз қалды?

– Бәсе, өзіміздей-ақ талтиған таз емес пе еді осы да, ә? (*Тарс еткен дауыс естіледі.*)

Д а у ы с т а р. Ойбай, сұмдық. Өргеніп барады ғой, өрт, өрт, өрт! Өй, анау, анау. Асан не болды өзі?

Р о м а н. Бұра алмады. Әлде тормозы бұзылған ба? Бензин алам деп анау май құйған бакке кеп соқты. Өне енді, барлық трактордың майы рәсуа болды. Атылып кетті.

С т е п а н. Қап, егіске арналған барлық май кетті-ау, енді қайттік?

Р о м а н. Неге отырғыздың сен Асанды, үйретіп болмай!

С т е п а н. Апыр-ай, бұған не болды, көрсетіп-ақ ем ғой.

Р о м а н. Көрсетіп ем... Он күнде үйретеді... Өтірік айтасың деп айтпап па ем, өтірікші демагог.

С т е п а н. Роман, қалжырама! Сен шовинист, шовиниссың. Осындайды пайдаланып қазақ колхозшысын тракторға жолатпайын дейсің ғой, білем сені.

Р о м а н. Бүлдірдің, демагог Степан, бүлдірдің сен.

С т е п а н. Мен емес, ерте үйреттірмей бүлдірткен сен. Бүгінгі күн тракторге мінгіз Асанды деп, жұрттың бәрі тапсырғаны қайда, райисполком тапсырғаны қайда?

Н и я з (*Мұратпен бірге шығып*). Степан, Роман, жүгірші, мынау не шатақ?

М ұ р а т. Нияз, бұ не қылған ойындарың?

С м а й ы л. Ойпыр-ай, жаңа ғана бір қабағым ашыла ма деп ем!

Н и я з. Колхозшыға жақсы көрініс болсын деп әдейі...

М ұ р а т. Өй, көріністерің бар болсын, түге. (*Кетіседі.*)

Б а л т а б е к. Е, Ажар бір жарға ұрындырады демеп пе ем Асанды, сорлы-ай, сорлы. (*Кетеді.*)

С м а й ы л (*ашулы, Сейітке*). Іші қостамап еді Нияздың. Сондықтан шала үйретіп, шығара салғаны ғой Асанды.

С е й і т (*ашулы*). Қайда әлгі Нияз? Шақыр! Келтір мұнда. Әй, Нияз! (*Нияз шығады, қасында Жауһар.*) Бұ не? Мынау не кырсық! Не пәленз?

Н и я з. Жолдас председатель.

С е й і т. Керегі жоқ сөзіңнің.

Н и я з. Мінгіз, білгіз деген өздерің емес пе ең?

С е й і т. Бәсе, мінгіз, білдір демеп пе ек! Мынау халықтың қалың талабының үстінде сен не бүлдіріп тұрсың, сен МТС-тің директоры!

Р о м а н. Міне, бұл нағыз барып тұрған зиянкестік.

С е й і т. Бәсе, зиянкестік. Бүлдірдің, әдейі істедіндер.

Н и я з. Жолдас председатель, сіз не деп барасыз осы? Ойлап айтыңыз, Нияз ондай кісі емес.

С е й і т. Жоқ. Жауаптылық сенде. Мен сені жауапқа тартам!

Н и я з. Ендеше аямаңыз, көріп алармын.

С е й і т. Не дейсің, не деп егесесің? (*Мұрат шығады.*)

Ж а у һ а р. Не дейді мына кісі саған, әке? Сен бе едің сондай кісі! Жоқ, жолдас, бекер айтасың, менің әкем ондай емес.

С е й і т. Қой, шырағым! Нияз, сен жауаптысың, құтылмайсың!

Н и я з. Айтқаныңыз мақұл, тартыңыз жауапқа.

Ж а у һ а р. Жоқ, менің әкем жауапты емес.

Н и я з. Жоқ, тарт, тартсын жауабын.

С е й і т. Ендеше тартыласың. Қабырғанды қаусатып тұрып, жауап алғанды көрерсің ендеше.

М ұ р а т. Қой, Сейіт. Ашуды қой да, артық сөзді доғар.

С е й і т. Немене, не қалды енді? Бар жақсы өзірлік қайда кетті?

М ұ р а т. Ешқайда кеткен жоқ. Үркітпе жұртты.

С е й і т. Үркітпеймін, жауапқа тартқызамын.

М ұ р а т. Нияз жауапқа тартылмайды. Нияз ойыншық емес, адам. Біздің адам, оп-оңай жау таппайсың! Қаптама.

С е й і т. Алғыз, ал арестке ендеше ана Асанды. Алдымен ұсталатын сол, ал арестовать! (*Жөнеледі.*)

Б а л т а б е к (*Ажар, Жарқынға*). Ал, Ажар, сенің екпінің Асанға тепкі болды ма?

А ж а р. Не дейсің? Немене, табашымысың?

Б а л т а б е к. Уай, көз алдымда боп тұр ғой, көрме деп пе ең?

Ж а р қ ы н. Ендеше, ондайыңа жаситын кісі Ажар емес.

Б а л т а б е к. Әрине, бұның зор болғаны, оған сор болғанында кімнің жұмысы бар?

А ж а р. Не дейді мынау? Асанның күйігін жырлап тұрған жоқ, мені шырмап тұр ғой! Ер болсаң ішінді ақтара түсші, кәнекей?

Б а л т а б е к. Әдияғал, тапқан екенсің дұшпаныңды... Тракторды тырайтқан сендер емес, мен ғой, тегі. (*Кетеді.*)

А ж а р. Жарқын, не қылды, не бүлдірді, қалай бүлдірді бұ құрғыр, жүр, жүрші Мұратқа!

Ж а р қ ы н. Бәсе, осы Сейіттікі ашу мен күйік үстіндегі ұшқарлық болмаса игі еді?

Кетіседі, екінші жақтан бір шу шығады, қатындар шуы.

Д а у ы с т а р. Ойбай, жалғызым, не болдым, ұста, ұста қуды! Өлтірді, кісі өлтірді. Жарқын, ойбай сорлы Жарқын, балаңды өлтірді, балаң өлді, Жарқын.

Қатындар жүгіріп кетеді. Жомарт Торқаны қуып келеді. Жарқынның қатыны бірге келеді.

Ж о м а р т (*Торқаны алып соғып*). Қураған-ай, қураған! Қулақ қатын!

Т о р қ а. Ой, ой, Жо-жо... Жом...

Ж о м а р т (*буындырып*). Өлтір, өлтір өзін! (*Тізерлен буындырып жатып өз пышағын Торқаға салып жіберіп, артынан Жарқынның қатынына пышақты ұстатып.*) Сал, сал мына пышақты өкпесіне. Неге тұрсың, не деп тұрсың, бақыты күйген сорлы, сал, сал, е-е, жат, бәлем, жауыз.

Тұрады, кемпір өліп қалған, жұрт шығады.

Ж а р қ ы н. Не дейді, не дейсіңдер?

Б і р қ а т ы н. Жаңа емшектегі балаңды арқалап қатының келе жатыр еді. Мына Торқа, Байназардың жынды

катыны Торқа, баланы қатыныңның арқасынан жұлып алып, тасқа басымен бір қойып өлтіріп кетті. Тілеуің кесілді ғой, ойбай!

С е й і т (*шығып*). Әй, мынау не сұмдық, не пәле тағы да? Ұсталды ма, қайда өзі, ол қатын.

Д а у ы с т а р. Ұсталды ғой міне.

– Ой, бұ неғып қан болып жатыр?

– Ойбай, бұ да өлген ғой.

– Бұ, қалайша, бұны кім өлтірді?

Ж о м а р т. Ойбай, өзіне өзі пышақ салып жіберді ғой күзғын. Міне, мына кісі екеуіміздің көзімізше пышақ салды ғой өзіне. (*Мұраттар шығады.*)

С ә р с е к. Ойпыр-ай, мынау неткен сұмдық еді, жаным Мұрат-ай, пәле ғой. Бұл бір қырсық қой.

Ж а р қ ы н (*баласын құшақтап*). Жалғызым-ай, түбің күйгір дұшпан-ай! Қас дұшпан-ай.

Садық, Ажар, Хадиша, Омарлар шулап шығады.

М ұ р а т. Жә, тоқтат, Жарқын, берші, мына Хадишаға берші баланы.

Ж а р қ ы н. Несін береді? Мына миын көрсеңші, біттім ғой!

Х а д и ш а (*алып қарап*). Қап, не дейін, не істейін, жаным-ай, кішкентай қошақаным-ай!

Ж а р қ ы н. Ойпыр-ай, Мұрат ағатайым-ай, мынау кемпір құртты ғой. Тап жауының құртқаны ғой мені.

М ұ р а т. Сабыр қыл, Жарқын. Жау бұл кемпір ғана болмас. Тегін болмас, түбіне шейін қазармыз, жетерміз түбіне. Мен әрдайым жаныңдамын. Барлық күшім сенің осы қазаңның жолында, ұқтың ба? Бұл сенің ғана күйігің емес, партияның, табыңның да күйігі деп біл.

С а д ы қ. Жаным, Жарқыным-ай, дау еместі дау біліп, іс еместі іс деп біліп қаңғығанның бірі мен едім. Мынау кішкентай қозының өлімі қабырғамды қаусатты да, көзімді ашты ғой. Қайғыда серігің, қайратта сыңарың болайық. Мына жолдас Мұрат барды айтты ғой, бір жолдан шығайықшы, бауырым!

А ж а р. Осыны мына нәрестенің өлімі үстіндегі серт етейікші!

Ж а р қ ы н. Ендеше, осы жаулықтың түп тамырын ашпасам ба, дүниеде тірі жүрмейін. Міне, менің партияға берген сертім. (*Мұратқа.*) Менің қынаптағы қылышым деп біл, партия! Жау жасытам дейтін шығар, адыра қал!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ІІ АКТ

Төртінші сурет

Хатшы газет оқып отыр. Омар кіреді.

О м а р. Мұрат осында ма?
Х а т ш ы. Иә, Ганшинде.

Нияз, Ажар, Жарқын, Садық кіреді.

Ж а р қ ы н. Мұрат босап па екен?
Х а т ш ы. Жоқ, босаған жоқ.
О м а р. Әлі Ганшин бе?
Н и я з. Кіммен сөйлесіп отыр?
О м а р. Ганшинмен.
Ж а р қ ы н. Ұзақ сөз ғой.
А ж а р. Оңаша сөз ғой.
О м а р. Иә, аяғын тосқан мақұл болар.

Сейіт кіреді.

С е й і т. Е, жиылдыңдар ма? Ал Мұрат не, ол қайда?
Х а т ш ы. Мұнда. Сөйлесіп отыр.
С е й і т. Кіммен?
Х а т ш ы. Ганшинмен.
С е й і т. Ә, Ганшин бе? (*Барып есікті аша береді.*)
Г а н ш и н (*көріп, түрегеліп, бері шыға бере*). Ал, мен жүрейін, Мұрат.
М ұ р а т. Құп, Александр, сол!
Г а н ш и н. Бұдан былай көбінше қайдан табыласың?

М ұ р а т. Мені Жарқын бригадасы мен “Жігердің” бірінен табасың.

С е й і т (*Ганшин кеткен соң*). Немене бұл? Қазір міне түн ортасы, сағат үш. (*Күлін.*) Жеті түнде неғып бөрліктіріп жүрсің?

М ұ р а т. Ә? Сен немене, ұйқының жоқшысымысың? Ұйқы, тыныштық, тыныштық, ұйқы. Осы әншейінде шекара дейміз де, керек жерде, дер кезде сол шекарада ұйықтаймыз да жатамыз-ау, жолдастар, ә? Бұ тау арқасындағы ел осы, ұйқымыз қалың болса керек біздің. Бөрідей бөксерге тиіп жатқан жаулық, қастық та бар. Оған да мызғымаймыз-ау! Жә, осы шекара ма, жоқ па?

С е й і т (*күлін.*) Ойбай, сен тереңге кетейін деген екенсің, ал қойдык.

М ұ р а т. Ендеше, ертең ел алғаш рет, тегіс егіске шығады. Таңертең тағы найқалып, халықты күттіріп отырамыз ба? Қазір колхоздар мен бригадалардың бөріне жетеміз де, ертемен елмен бірге аяққа басамыз.

С е й і т. Ал, мақұл!

М ұ р а т. Екінші, колхоз қайда жатса сонда жатып, нені ішсе соны ішеміз. Сойыс, түстік, тоқ, тыныштық бітті. Оның шырқы бұзылды. Аудан басшылығы сүт үстінде қаймақ болу жетті. (*Кекетін.*) Еңбекті өзі істейді, ал біздей ерлер сере түскен, семіз серке болып күн кешеді.

С е й і т. Ойпыр-ай, тұқырттың ғой мүлде. (*Күліседі.*)

М ұ р а т. Ал, Жарқын, сен қалайсың? Көңлің қалай?

Ж а р қ ы н. Көңілді не дейін? Бірақ, мынаны партия тапсырды. Осы істің үстінде партия сенімін ақтап шығам. Ал ішті, ананы сұрамай-ақ қой!

М ұ р а т. Неге сұрамаймын! Шыныңды айт, алаң емессің бе?

Ж а р қ ы н. Ол бір іште оқ өтіп кеткен жер ғой. Жүректің түкпірінде қату боп шөгіп жатты ғой. Бірақ бар қажырымды отанның тапсырған міндетіне саламын.

М ұ р а т. Болды. Дұрыс. Сен осылайша көзіңнің жасын жұтып жүріп, отан деп өзеурегенде, өзге басы аманның бәрі, мына тұрғанның бәрі тартынып, іркіліп көрсін. Садық, не дейсің?

С а д ы қ. Мұндай күй, мұндай күнге келіп тұрып іркіліп қалсам, менің де өлгенім артық та. Сөзім сол-ақ.

Ж а р қ ы н. Ендеше менің жарам егісті емдесін. Егіс, табыс менің жарамды емдесін. Әзіргі жұмылғанымыз осы ғой.

Н и я з. Әуелі соны емдеп алып, осыдан жолымыз болсыншы.

М ұ р а т. Жетті, болды. Одан арғысы...

Ж а р қ ы н. Бәсе, одан арғысы...

А ж а р. Көрерміз.

М ұ р а т. Көріп алармыз.

Ж а р қ ы н. Көріп алармыз.

М ұ р а т. Міне, көрдіңдер ме, түсіндіңдер ме? Ендеше осы Жарқынның ішінде не жатқанын жадында тұт, ұмытпа.

Өзгелер кетеді. Мұрат, Ажар, Сейіт қалады.

А ж а р. Екеуінен бір-ақ сөз сұраймын. Анау Асан кінәлі боп шықты ма, жоқ па?

С е й і т. Немене, байың ғой, ара түспек пе ең?

А ж а р. Арам болса, байым түгіл әкем болса да омағатсын. Ал, адал болса шықсын деймін.

С е й і т. Шыққанына қуанасың ғой?

А ж а р. Құр шыққанына қуанбаспын, адалдығына қуанармын.

С е й і т. Ол кінәлі болу керек. Ел алдында қандай үлкен компанияның қадірін түсірді? Ойлаймысың, не деп тұрсың? Босамайды.

Ажар шығады.

М ұ р а т. Асанның босауы керек, босайды.

С е й і т. Неге? Не үшін?

М ұ р а т. Ол үлкен іс, үлкен зиянкестік. Терең тамыры болар, онысы және ашылар. Бұндайға кінәлі шабақ болмас, шортан болар.

С е й і т. Көзге шабақ көрінгенмен, шортан емес екенін кім біліпті. Қырағылық қайда?

М ұ р а т. Жалғыз бір қараңғы колхозшыны шетке байлап, шығара қуып не барқадар табамыз? Қырағылығыңның бары сол ғана ма?

С е й і т. Мұрат, осы екеуміз ұғыса жүру керек еді.

М ұ р а т. О не сөз, не қыл дейсің?

С е й і т. Мен райисполком председателімін. Менің де авторитетімді сақтау керек болар.

М ұ р а т. Қой, қолқа салыспайық. Ол лайықсыз. Авторитетті қолдан жасаспаймыз, іспен жасасамыз. Сол-ақ.

С е й і т. Ендеше тағы бір сөз. Сен Ажар мен Жарқынға көп сенесің. Сақтандырайын, бұлар жік дегеннен бастары босамай келген адамдар. Өзі бұл жер шекара. Сақтана сенгейсің, бұныма не дейсің?

М ұ р а т. Болсын, жарайды. Бірақ, ол екеуін де істен сынаймын.

С е й і т. Сына, бәсе, сынай жүргейсің.

М ұ р а т. Сейіт, олар ғана емес. Сені де істен сынаймын.

С е й і т. Мен сыналып болғамын. Сен жас қызметкерсің, мені орталықта да білетін кісілер аз емес.

М ұ р а т. Бәсе, мен жаңа, жас қызметкермін. Сондықтан өзім сынап болмай, ешкімге де алдын ала жапырылмаспын. Осыным лайық емес пе? Басқа маслихаттар бермесін, солай емес пе? Сол. (*Үндеспейді, Сейіт кетеді.*) Ажар, Ажар, мұнда келші. (*Ажар келеді.*) Асан кінәсіз боп шықты. Асан босайды, таңертең үйінде болады. Тракторге қайта мінеді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Бесінші сурет

Көшпелі амбулатория, Хадиша, Зипа.

Х а д и ш а. Перерыв, перерыв, ал бөгелмей, тез-тез жөнелтейік.

Колхозшылар шығады.

К о л х о з ш ы. Пай-пай, жағада Жарқынның бригадасы да кірісіп жатыр-ау.

С ә т. Жұлқына кіріседі. Бірақ біз де осал емеспіз. Садық та қалыспай-ақ келеді.

К о л х о з ш ы ә й е л. Енді бізден бұрын тұрып, бұрын кірісуге бәсекелесіп апты.

К о л х о з ш ы. Садық бүгін соны көріп асықтырып, жарылып кете жаздамады ма?

Х а д и ш а. Бәсе, олар кеше де, бүгін де бұрын бастады.

К о л х о з ш ы ә й е л. Оны қайдан көрдің, Хадиша апа-ау?

З и п а. Бәлі, құс ұйқы екен ғой бұл кісі, мүлдем.

К о л х о з ш ы л а р. Жарқынның тобын Мұраттың өзі бастап жүр ғой.

– Бізді Сейіт пен Омар да сүйреп-ақ келеді-ау.

– Социалистік жарыстың өзі базар, қызық, рақат думан екен-ау.

– Бәле, райком, райисполком өздері қыза кірісіп алған жоқ па?

– Шіркін, тракторларды айтсаңшы!

Роман, Жомарт.

– Уа, Роман, кел, кел.

С ә р с е к. Айналайын Романым, Балқыбекті балқыттың ғой сен!

Х а д и ш а. Роман, көрдің бе, колхозшыны қалай қуанттың? Жақсы.

Р о м а н. Жолдастар, жалғыз Роман емес, мына Жомартты да айтыңдар.

К о л х о з ш ы л а р. Я, бұ Жомарт та тракторшы боп барады.

Ж о м а р т. Тәңірі, Қытайдан қашқанда мен кеңестің елі де, ері де болам деп келмедім бе?

С ә р с е к. Ә, бұныға тіпті, әбден ырзамын, шырағым.

Х а д и ш а (*Романға*). Немене, Жомарт шынымен жақсы боп келе ме?

Р о м а н. Шек қылмаңыз. Шын ударниктің бірі.

Х а д и ш а. Япырм-ай, ә.

Кетіседі. Жомарт тығылады.

С ә т (*Зипаға*). Зипатай, көрдің бе әне, Жомарт та далада қалмайтын болыпты. Енді сөзіңнің ұшығына шықсам екен!

З и п а. Түу, науқан үстінде несіне алаң боласыз?

С ә т. Сен сүйдім, сендікпін десең, мен еңбек үстінде еңсем көтеріліп еселеп-еселеп самғамас па едім. Және жеңіл-желпі емес. Ұзағынан сүйіндір дедім ғой.

З и п а. Ұзағын айтасыз, Жомартты қайтесіз?

С ә т. Өз теңі табылмай ма?

Жомарт шыға қалады.

Ж о м а р т. Жә, бұл сөзде мені де ортаға алсаңдар не етер еді? Ақын аға, ақын ағасы... Жаты емес, жақын ағасы екен-ау? Ал, сөйлейік, неге дағдардық? (*Құбылып.*) Жә, достар, ендеше саспайық. Шығар жол іздейік, табылар. Ақын, сен Зипаны Жомарттан мүлдем алам деме. Нысапы кара жерге отырмам дегенің қайда барсаң да қабыл емес. Ал, Зипа, сен де шалқайма, көңіл аула! (*Зипа шошиды. Жомарт қатал түрде.*) Сөзді қой. Адам болғанымыз кімнің арқасы. Қарызы бар. Және бұдан былай да пана болады. Екеумізге пана керек, дос керек. Сәт абыройлы кісі. Жә, сол, өң шырайларыңды бересіңдер. Бірақ, мені жылатып тұрсыңдар ғой. Ақын, жалғыз-ақ сол қарызыңды ұмытпа. (*Кетеді.*)

З и п а (*Хадиша шыққан*). Ойпыр-ай, не деді? Не деген сұмдық?

С ә т. Жаным-ай, бұның кім еді? Екеумізді қосты да, ортамызға жылан тастап кеткендей болды-ау, Зипа, жөніңді айтшы, Зипа. Осы мен кімді қорғап, кімге ара түсіп жүрмін. Жөніңді айтшы, жаным!

З и п а. Сәт-ау, о не дегенің? Оның не жазығы бар? Қайтсын о байғұс, енді не десін? Құрысын, құрып қалсын, жер қып кетті-ау. Өлімнен ұят күшті деген осы екен-ау, осы ма еді?

Х а д и ш а. Осы сенің күйеуің қалай адам өзі, ә?

З и п а (*өзгеріп.*) Не қалайын сұрайсың?

Х а д и ш а. Мен саған сырлас болайық, шынды айтысалық деп едім-ау!

З и п а. Ендеше мен қолыңдамын ғой, апатай-ау!

Х а д и ш а. Іріккенің бар ғой.

З и п а. Не дейін? Апа... жоқ, жоқ (*қиналып*), сізден іріккен түгім жоқ.

Х а д и ш а. Осы Жомартты көптен білуші ме ең, жоқ жақында таныс па ең?

З и п а. Оның несін сұрайсыз?

Х а д и ш а. Тағы саудаласайын дедің бе? Неге қашқалақтай бересің?

З и п а. Қолқаң ол болса айтайын, апа. Дәл осылай кетерден үш-ақ күн бұрын таныдым.

Х а д и ш а. Бұған неге ойыстың?

З и п а. Шалға тимеймін деп, ит пен құстың кіміне болса да тигелі жүргенімде осы оралды.

Х а д и ш а. Бұл оралғы салысымен осылай әкетем деді ме?

З и п а. Жоқ, еліне, Қытайға әкетем деп еді. Солай жөнеліп те едік. Бірақ, алдымыздан қуғын шықты деп естіп, осылай кеттік қой. Жомартта жазық жоқ, ол емес.

Х а д и ш а. Ә? Солай ма?

Сәрсек, Садық, Смайыл, Сейіт, Нияз, Жомарт.

С ә р с е к (*Садықпен бірге келе жатып*). Кім шығарды бұл жаңа тұқым дегенді, тағы үсіп кетеді ғой!

С м а й ы л. Әй, тәйір, сендер өнеугүні Балқыбекке трактор жүрмейді деп те сәуегейлік қылғансыңдар. Бүгін өне Балқыбектің оңы-солы, өнебойы қарс айрылып, таспадай тілініп қалғанын көрсеңші.

С ә р с е к. Қап, Смайыл-ай, осы елге сенің еткен еңбегің бар екені рас еді. Бірақ, тап осы тұста адаспаса игі едің, шырағым.

С м а й ы л. Адаспаймын.

С ә р с е к. Тым болмаса Мұратпен де бір тіл қатпадым-ау.

С м а й ы л (*Сейітке*). Сөзін қара. Райсполком емес, райкоммен ғана сөйлескісі келеді-ау.

С е й і т. Әй, шал, қой енді. Одан да бөгелмей іске басыңдар.

С м а й ы л. Е, бәсе, шатақты доғарсандаршы, шалым-ау! (*Жомарт Садыққа.*) Бар, сол тұқымды септіріңдер.

Балтабек шығады. Жомарт онымен оңашалау сөзде.

Ж о м а р т (*Балтабекке*). Немене, сенімді ме?

Б а л т а б е к. Үндеме, сенімді.

Ж о м а р т. Неменесі сенімді?

Б а л т а б е к. Үситіні сенімді. Үндеме, қараңғыда там сүзеді Ажардың колхозы, бар, себе бер.

С ә р с е к. Қап, қап, болмас. Тек осының түбі қайырлы болсын. (*Кетіседі. Балтабек, Жомарт.*)

Ж о м а р т. Әй, Қонайды қайттің? Ойыстырдың ба?

Б а л т а б е к. Ойыспай жүр, үркіп жүр. Өзім бағып жүрген совхоз жылқысына қайтып қастық етем дейді.

Ж о м а р т. Шын ба? Арылып болдың ба?

Б а л т а б е к. Арылып жүрмін, болмай жүр.

Ж о м а р т. Жақының, ағаң, бағаң зор-ақ екен ағаңа.

Б а л т а б е к. Аянғаным жоқ.

Ж о м а р т. Жә, жетті. Ендеше жақсы болмақ, мақтан алмақ қой. Ал, дәл соның өзіне қараған жылқы, дәл өз тобының ішіне ауру араласады, оны қайтеді?

Б а л т а б е к. Не дейсің? Қалайша?

Ж о м а р т. Асыл жылқысы былғанады. Төрт-бес күн болды, МТС-тың подсобныйында екі жылқы жамандатып қалған екен. Сол орайда МТС бастығының біреуі подсобныйға барған-ды. Жалғыз-ақ жамандат жайын білмеген. Ал ол жерде жылқыны совхоз жеріне жаюға рұқсат сұралыпты. Өзге жер тозды, оты қашты депті. Сонымен рұқсатын алып ап, ауруларды дәл Қонайдың анау аңғыл арап ересек жылқысының тап ортасына апарып жайып жүр. Ұқтың ба?.. Сонымен жақында Қонай қонжияды. Жалғыз ғана емес, МТС бастығы да шатқаяқтайды.

Б а л т а б е к. Ойпыр-ай, не дейсің? Ал барған бастық Смайыл ма? Бастықтың орынбасары ғой, Орай соныкі ғой?

Ж о м а р т. Жоқ, ол емес.

Б а л т а б е к. Енді қайсы?

Ж о м а р т. Оны басқа бір орынға сақтау керек болды. Нияз барған, міне енді Қонай жылқысынан індет шыққан күнді анды. Сонда сасып, қысылып есі шыққанда осының бәрі өзіңнен, көнбеген кесіріңнен деп жағалат. Көнбесең бұдан да үлкен отқа түсесің де, осыны да сездір... Білдің бе, бар!

Кетіседі. Хадиша, Зипа шығады, қастарында ауру Жұматай, Балтабек және бірнеше колхозшы.

К о л х о з ш ы. Шырағым, мынау перерывке дейін зорға шыдадым.

Ж ұ м а т а й. Осы араға өкпемді әрең сүйреп келдім.

Х а д и ш а (*жақындап, иықтарын қаран*). Кеше екеуіне де егіліп еді ғой. (*Қаран.*) Е-е, сол күдігім рас болды. Белгісі шығыпты ғой. Екеуіндікі бір ауру. Ажар! Ә, Ажар, мұнда келші.

Ажар, Сүйрік, Сәрсек, Жомарт, Омар шығады.

А ж а р. Мыналардың аурулары не екен?

Х а д и ш а. Осы біздің колхозшылардың қолындағы сауын малының іш тастағаны бар ма екен, білемісің?

А ж а р. Жоқ болар, жоқ қой. Солай емес пе?

С ә р с е к. Тастаған-тастамағанын кім білсін. Қолымыздағының бәрі әнеугі Смайыл сатып әкеп таратқан малы ғой. Қасында еріп келген бұзауы жоқ, қайдан білейік.

Х а д и ш а. Сондай ауру малдың сүті осы ауруды туғызады, жұмыс үстінде сусыннан айыру да қиын. Бірақ енді тез қам істеп, тез сақтық етпесек мынау елдің бәрі ауру болуға мүмкін.

Ж ұ м а т а й. Жаным-ау, осыны шын айтамысың? Бү не дегенің?

С ү й р і к. Ойбай-ай, сорыма болайын.

Б а л т а б е к. Уа, өйдегенше құрттым десеңші.

Ж ұ м а т а й. Сиырымды алатын болсаң ендеше қамқорлығыңа рақмет.

Мұрат, Ганшин шығады. Сәрсек айтып жатады.

Б а л т а б е к. Е, бұл бір сылтау ғой.

Д а у ы с т а р. Уа, көнбейміз...

— Бермейміз.

А ж а р. Уа, қойыңдар әрі, немене, сонша шулап, сандырақтап.

Д а у ы с т а р. Жоғал әрі.

— Күйдірме енді.

— Бүлдірме елді, білдің бе!

М ұ р а т (*жақындап*). Әй, тоқтаңдар. Бұл немене? Не десіп тұрсыңдар өздерің? Хадиша, сен немене, не қып тулатып тұрсың мынау елді.

Х а д и ш а. Мен ғылым жолын, медицинаның дегенін істеуге міндеттімін.

М ұ р а т. Е, сөйтіп жауаптылықты ада қылғаның мынау ғой, аулақ жүр ендеше былай.

Г а н ш и н. Жолдастар, сабыр. Бүйткенше шығар жолды айту керек қой. Мұрат, Хадиша, Ажар, біз ақылдасып жұртты ақтан айырмаудың жолын шешейік. Сол шешілсе өзгенің бәрі ашық мәселе ғой. (*Колхозшыларға.*) Жолдастар, сендер өз сиырымның ғана сүтін ішем дегендейсіңдер ғой? Осы ақ болса болады емес пе?

Д а у ы с т а р. Е, соқырдың тілегені екі көзі де!

– Ақ болса болады.

– Тек ақтан айырмашы осы.

М ұ р а т. Ендеше, ақтан ауыздарың арылмайды. Ал одан өзгені қалай шешуді бізге беріңдер.

Д а у ы с т а р. Е, сөйдесеңші тым құрмаса.

– Е, бәсе, тіпті.

Г а н ш и н. Міне саған сүттің бунты керек болса? Хадиша жолдас, бұ қалай, ө?

Х а д и ш а. Япыр-ау, Александр Иванович, ойласып білсеңдерші, мына халық сорлады ғой. Улады ғой. Бұл зор зиянның бір түрі ғой тағы да.

М ұ р а т. Жетті енді паника.

Г а н ш и н. А, не дейсің, Хадиша.

Х а д и ш а. Мұрат, тоқташы, ұғысайықшы.

М ұ р а т. Өй, ұғысқаның бар болсын. Сөйлеме. (*Хадиша кетеді. Ганишинге.*) Мәселе ашық, не сөз бар? Зиянкестік нәтижесі, көрдің бе?

Г а н ш и н. Иә, жә, шаруа жолында ел ұғымы нығайып болды ма осы?

М ұ р а т. Ел жұмылды, дегеніне жетеді, бірақ ендігі пәле басқада жатыр.

Г а н ш и н. Бәсе. Пәле адамда.

М ұ р а т. Қас ойлаған адамда жатыр. Ендігі біздің күш, көптің күші, барлық күш жау ініне тор салып суырып алуға арналсын.

Г а н ш и н. Я, мезгіл жетті. Жау ұяларын табайық.

М ұ р а т. Жау бар, табу қажет. Барды салайық, табайық, тап соны. (*Қоштасады, Ганишин кетеді. Мұрат, Смайыл.*) Жә, сен сатып әкелген сиырдың дерт ала келгені қалай?

С м а й ы л (*күлін*). Онда әдейі дерттісін сатып алайын дегенім шығар.

М ұ р а т. Нәтижені қайтесің?

С м а й ы л. Нәтиже болса, осы аудан колхозшысын тегіс мал мен аққа молықтырдық. Егіс жоспарын 125 процент орындаған күнге жеттік. Оны не дейміз?

М ұ р а т. Ол партия мен Советтің және қалың колхозшының тапқан нәтижесі болар, жігітім.

С м а й ы л. Осы сиырлардың көрер көзге дімкәсі, нашары болды ма?

М ұ р а т. Көрер көзге солай, ал іші не болып шықты?

С м а й ы л. Ішіне мен кіріп шығыппын ба? Ішінде, сүтінде не дерттің жатқанын қайдан білейін?

М ұ р а т. Тәжірибең қайда? Кебенек тиген ешкі, маңқа болған жылқыдан аудан шаруасына тиген кесірді білмеуші ме ең? Мұнда саған не болды?

С м а й ы л. Бұл жолы асығыс болғанын қайтесің.

М ұ р а т. Бәрібір. Бұндайдың сен екеумізге бір зауалы болады, шырағым.

С м а й ы л. Жарайды, не дейін. Ал міне, мынаны көрші.

Сәрсек, Ажар бастаған колхозшылар тобы. Арасында Хадиша, Омар, Садық, Жұматай, Сүйрік.

С ә р с е к. Айналайын Мұрат-ай! Әнеугіде қатты айтқанда қамымды жеп айтқан екенсің ғой. Қолыңды әкелші, қарағым. Ел болайын дедім ғой.

С а д ы қ. Бүгін 14 апрель. Егіс басталғанға 13-ақ күн болды. 125 процент.

М ұ р а т. Құр өзіңді айтпай, мына Жарқынмен салыстыра айт.

Ж а р қ ы н. О жағына батылы бармай тұр ғой, білдің бе?

С а д ы қ. Е, бес процент артық орындағаның рас. Ондық қисының да бар.

С ү й р і к. Өй, сөзіңе болайын. Жете алмадық десеңші одан да.

С а д ы қ. Қой деймін. Тек түр дегенім қайда, Сүйрік-ау.

С ү й р і к. Ойбай, шұнағына болайын, айтам, неге айтпаймын? Табысты айтумен бірге кемшілікті де айт дейді, кайтесің ал.

С ә р с е к. Бәрежелде, жарқыным, сен алдымен жарқырап тұрсың, неге мақтамайын?

М ұ р а т (көпке). Егісті бітірулерің мақтан екені рас. Бірақ, егіс біткенмен есеп біткен жоқ, есебіміз кетіп жатқан жау бар. Жаулық бар. Осы егіске өзірлік үстінде дәл егістің өз үстінде жау жотасы аз көрінеді ме?

Ертіп кетеді. Нияз, Асан, Роман шығады.

Н и я з. Анау Степанды біз орнынан шығарып отырмыз. Әзірге бірінші кінәсі ішкіштік.

Р о м а н. Тапсырылған міндетке жауапсыздық. Ондай адамның өзі болғаны керек емес.

А с а н. Бері келіп тракторды таныған соң байқадым. Әнеугі салғырттығы тіпті шын қастыққа бергісіз ғой. Бірақ әдейі деуге аузым бармайды. Оны айтпаймын.

Р о м а н. Асан қазір мықты тракторист боп алды.

Н и я з. Степанды жоқтатпайды ғой, солай ма? Сенімді ме?

Р о м а н. Шәк жоқ. Жігіт боп алды.

Степан шығады, мас.

С т е п а н. А мені, мені уволить... уволить қылғансың, директор. А мен қандай кісі?

Р о м а н. Бар, бар, қандай кісі екенінді таныта алмаған соң шығарды, кайтесің.

С т е п а н. Таныта алмаған, жоқ... Мен қайғылы кісі, сондықтан ішетін кісі... Мен... мен, жолдас директор, өзімді Совет өкіметіне әлі танытамын, танытатын кісі. Әлі сен де танысың. “Степан!” дейсің, дейсің әлі!

Кетіседі. Қонай Мұрат, Смайылды ерте шығады. Ниязды тоқтатады.

Қ о н а й. Бері келіп құлақ салыңдаршы, азаматтарым-ай, мен бір сорға ұшырадым ғой.

С м а й ы л. О не, Қонай?

Қ о н а й. Тап бес күн ішінде он атым жамандат боп шықты. Бүгін дәрігер айтып отыр. Осыдан он-ақ күн бұрын тағы бір әдейі қаратып ем, сап-сау еді. Мынау ылғи ақал- теке арғымақ, бір топты жеке баққызушы ем. Келді ғой пәле!

М ұ р а т. Қайда баққызушы ең? Жұққан ғой? Қайдан жұғып отыр?

Қ о н а й. Бәсе, айналайын, мінеки тауып айттың. Жайылыстан жұғып отыр. Дәрігер әкеп тексеріп шығып ем. Тап мына Нияз, Смайыл, сендердің подсобниктеріңде жамандат болған үш жылқы бар екен ғой. Сорым бар басым. Не көріп жүр едіңдер?

С м а й ы л. Не дейді, бәтір-ау, онда сенің жылқыңның не ақысы бар?

Қ о н а й. Сол жылқыларың соңғы күндері ылғи түнде біздің жерге барып жайылады екен ғой.

М ұ р а т. Кім жайдырып жүр ол жерге?

С м а й ы л. Нияз-ау, бізде жамандат бар ма еді?

Н и я з. Мен білген жоқ едім.

С е й і т. Ал, бұлардың жеріне жай деген қайсысың? Кімге бұйрық етіп ең?

С м а й ы л. Мен егіске айналғалы тіпті подсобныйға барған да жоқ едім. Нияз, осы әнеукүні сен барып келмеп пе ең?

М ұ р а т. Нияз жаңа адам. Сен не қарап қалдың, Смайыл?

С м а й ы л. Мен егіс қарап қалдым. Не қарушы ем?

Н и я з. Смайыл емес, менен болды ғой.

С е й і т (*Хадишаға*). Смайылға тиген тіпті орынсыз ғой, Хадиша-ау, тіпті обалы керек емес пе бишараның.

М ұ р а т. Жалғыз сенен емес, мынадан да бар, неге айтып жібермейді саған?

С м а й ы л. Есектің күші адал, сүті арам десеңші өйткенше.

М ұ р а т. Олай деме, шырақ, біздің досымыз есек болмайды. Саналы деп дос етеміз. Ол түгіл, қасымызды да күр есек қана демейміз.

Қ о н а й. Ойпыр-ай, жолдас Мұрат-ай, бәрінен де мен күйдім ғой, мені айтсаңшы...

М ұ р а т (*оқшауырақ алып*). Иә, рас, саған салмақ түседі, Қонай, сенің атың Қонай ғой, сен осы конезаводтың мақтаулы жылқышысы едің-ау!

Қ о н а й. Мақтаулысын қайтейін. Құрыдым ғой...

М ұ р а т. Е, сотты болдым деп қорқамысың?

Қ о н а й. Жоқ, Мұрат, тергелем деп қорықпайым, адал еңбегім арам терге айналғанын қайтейін?

М ұ р а т. А? Сен шынды айттың-ау, дұрыс айттың.

Қ о н а й. Сені іздегенім осы еді. Айтып өлейін дегенім осы ғана еді.

М ұ р а т. Ендеше, сені оп-оңай су түбіне батыра салады деме, сен құрай емессің. Қолдан Қонай жасап ала аламыз ба, оп-оңай ма? Жасаған ағатың болса өзің түзеп көр, тағы сынайық деп айта алмайды деймісің?

Қ о н а й. Айналайын, айналайын-ай, тіпті жаным жаңа сая табайын деді-ау мына сөзіңнен. Ендеше мен қайтейін, не істейін, өзің айтып берші, сонымды да, өзің айтшы!

М ұ р а т. Олай болса, мынау іс қастың ісі болар.

Қ о н а й. Япыр-ай... Ә? Не дейсің, айналайын-ау?

М ұ р а т. Қастық болса, және бірден совет малын торыса, екіншіден сені де, дәл осы тұрған Қонайды да қадаған қастық болмасын.

Қ о н а й. Япыр-ай... Не дейсің, қалқам-ау... е-е..

М ұ р а т. Өзге жылқышының тобына килікпей сенің жылқыңа не ғып ілігіп отыр? Осы бір жағы сені де түйреген оқ емес пе екен? Ал міне ойлан, ізден, бұл істің тамырын қазып, аршып ақтаруға бір жағынан өзінді қосайық. Дәл сен білген жерде, сені тартайын деп жүрген жылым жоқ па екен. Осыны алдымен өзің іздесіп, барлық былық болса өзің тауып көрсең қайтеді?

Қ о н а й. Болды, Мұрат. Нар тәуекел! Жібер, мені де жіберіп көрші, айналайын...

М ұ р а т. Кәне ендеше, Нияз, қазір мына Қонаймен барып, бар жылқышыны тексеріп, кімнен болған, неден болғанын айырып келіндер. Осы екеуің өздерің ретте, өздерің кіріс! Колхозшылар қайда, олар не біледі екен? Жарқын! Сәрсеке!

С м а й ы л. Немене, Степан, кеттің бе?

С т е п а н *(мас күйінен айыға қап)*. Кеткенім жоқ.

Ж о м а р т. Советке Степанды танытпай кетпейді бұл!
Ұқтың ба?

С м а й ы л *(Жомартқа)*. Өзің ше? Жіті басып
өндіремісің, жоқ па?

Ж о м а р т. Үндеме, саспа! Теріп жүрміз ғой тәңіріңнің
берген нәрін, теріп жүрміз де.

С м а й ы л. Е, тер, тер! Балтабек не дейді?

Б а л т а б е к. Балтабек не десін. Қонайдан қолай
таппадым дейді де.

Ж о м а р т. Шырғаға келмей шарықтап тұр ма?

С м а й ы л. Халықты үйіріп әкетіп үгітті асырды ғой
мына Мұрат.

Ж о м а р т. Босаңсыма, түңілме, білдің бе?

С м а й ы л. Қонайға осы бір жамандат не етер екен?

Ж о м а р т. Ала көкек неме ғой. Дәме қылсаң басқадан
дәмеленсеңші.

Б а л т а б е к. Жылқышымен құдалық сөйлескелі
жүрмін.

С м а й ы л *(сақтандыра)*. Биттей бір ақаулы жерің
болса аман қалады екем деме. Мына Мұрат, ашпай қоятын
емес қой.

Ж о м а р т. Кісінің санында емес, нәрінде ғой. Асықпай
іздет.

С м а й ы л. Солай деймісің? Ендеше бұл ұсынысыңды
мен ойланайын. Түбінде өзің шешесің ғой. *(Балтабекке.)*
Үш күннен соң, базар күні аудан басында маған жолық.
Ұқтың ба? *(Степанға.)* Ал, Степан, қатыныңа қадірлі күйеу
боп баруға жараймысың, жоқ па?

С т е п а н. Жараймын, тек күніңді айтшы!

Ж о м а р т *(Смайылға)*. Асықпа, шарықтасын сондай
күнге қат-қабаты дәмді де.

С м а й ы л *(Степанға)*. Қатыныңның сағынуы шегіне
жетсін дейді Жомарт, білдің бе.

Ж о м а р т. Кейде запойм ішіп жібер. Сен түлкінің
қалай қашатынын білемісің? Басқан ізін, құйрығын бұлаң-
дата, көміп кетіп отырады.

С т е п а н. Ал, өзің, өзің ше?

Ж о м а р т (қатайып). Мені сынама, білдің бе? Сөз қылма. (Келе жатқан колхозшыларды көріп қалып.) Бісмиллаһи, аллауакпар, я аппақ қожам! Кәпір, мынау біржолата ләйліп бітіпті ғой өзі. (Степан мас бола қалады.)

С т е п а н. Ме... менікі кәпір ме? Кет! Кет! Қытайдікі қатын жылайды... Аяқ мынандай. Неге сондай? Значит сенікі кәпір. (Күледі.)

Ж о м а р т. Иә, қожай бәуәдін сырқынды немені қарашы, мас та болса қарсылығы қалмайды я пәруәрдігәр.

Мұрат шығады. Мыналар кетеді. Мұраттың қасында Ажар, Жарқын, Сәрсек, Жұматай.

М ұ р а т. Анау Асанның тракторын бүлініп, трактор майының өртенуі, Жарқынның баласы өлуі, жұрттың дертті сиырдың сүтінен ауыруы, мынау жылқы дерті бар. Осының бәрі ұштасып, ұласып жатқан дерт... Ендігі күндіз-түнің, бар күшің осы жаудың жаулығын бағумен, соны ашумен болсын деймін.

Ж а р қ ы н. Отан алдындағы міндет, енді міне, осыны талап етеді, ендігі осыда, бәсе.

Ж ұ м а т а й. Ал, енді ізін-түсін айтшы тым болмаса сол жаудың?

С ә р с е к. Бәсе, соны ғана сездіріндерші.

М ұ р а т. Оны ашпақ керек. Шекаранды және өз араңды, ішінді аңдып бақыла. Жау бар, жау анық. Бірақ сол жаулар кім? Соны табуға партия мен үкіметке жәрдемдес бол. Қайда, кәнеки, қайда сол жау?

А ж а р. Қайда бәсе. Жау бар, бұл анық.

Ж а р қ ы н. Жау бар, ол даусыз, ұясын, ұясын ізде.

М ұ р а т. Бұл жаулық тегі өзіне шебер-шебер әдістер жасап алған, жымын білдірмейтін, жылан жүрісті жаулық.

А ж а р. Ендеше, ендігі күшіміз, барлық отанды сүйген жігерлі күшіміз соған, соған жұмсалсын. Колхоз елі, шекара колхозының қажырлы елі, жауыңды тап, тап жауыңды!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Алтыншы сурет

Түн дала. От. Колхозшылардың даладағы бір түні.
Ортада Мұрат, Ганшин, Хадиша, Сәрсек, Омарлар.

С ә р с е к. Еңбек ақталатын сияқты. Үмітім зор, несін айтасың.

М ұ р а т (*Ганишинге*). Көрдің бе, Александр, Жігерің қалай, сенің подшефный колхозың осы жолы жігіт бола ма деймін?

Г а н ш и н. Болады. Болмайтын несі бар, бәсе? Солай емес пе, Сәрсек?

С ә р с е к. Ал ендеше, бүгін түн ешқайда бармай мына колхозшының бір тыныққан, демалыс түнінде екеуің де бірге болыңдар.

М ұ р а т. Мақұл, өзі қандай бір әдемі, рақат түн еді.

Г а н ш и н. Иә, сұлу түн.

М ұ р а т. Жұлдызды аспан, қалғыған жым-жырт дала. Желпіген қоңыр салқын.

Г а н ш и н. Е, өзің ақынсың ғой, ну тағы, көне қоса түсші.

М ұ р а т. Үндеме, күлме. Еткен еңбектің бір әдемі өтесіні сияқты бір әдемі түн. Сирек түн.

С ә р с е к. Бәсе, көптен бері көрмегендей бір аңсап қалыппыз-ау өзі. Шыны рақат.

М ұ р а т. Солай ма, ендеше оның рас болса, бас әніңе. Әй, жолдастар, келіңдер бүгінгі түнде, мынау оттың айналасында мынандай бір әдемі тыныс алуға түнде көңілденіп тұрып, бір сауық-сайран жасайықшы.

Д а у ы с т а р. Уа, келіңіз.

— Бәсе, осы неге отырмыз?

— Уай, ән, би, гармон!

Г а н ш и н. Ал, Жауһар, сен би билеп жібер.

Х а д и ш а. Роман! Роман! Пожалуйста, баяныңмен бізге бір әдемі тура гопак сияқты тасқын күйлер тартып беріңіз.

М ұ р а т. Ал, кел, бір көңіл көтерейік. Қызық сауықты келістіре білуші еді ғой осы тұрған ел. Сәт, көне әуелі сен басташы. (*Сәт ән айтады.*) О, жүрек толқыны. Түн — сүйіспендік түні дейді. (*Орысша.*) О, ночь любви.

Х а д и ш а. Жақсы айтады, о, ночь любви.
О м а р. Бәрежелде, айтсаң солай айт. О, ночь любви.
С ә р с е к. Ал, Роман келді. Уа, айналайын Романым,
бас, соқ. Уа, бас, соқ.
Р о м а н. Не айтайын, Сәрсек?
С ә р с е к. Уа, барды тарт. Барыңды сал. Дәл мына, мен
екеш кәрі Сәрсек мен де ырғып түсетіндей күйлер соқ.
С ө т. Бәсе, сондайды... Айтты ғой жаңа Хадиша.
Х а д и ш а. Ал, Жауһар... Шық ортаға, Жауһар!
Ж а у һ а р. Хадиша апа. Давай ендеше кавалеріңізді
өкеліңіз.
Х а д и ш а. Өзің, өзің баста.
Ж а у һ а р. Мен бе? Ну, мен ендеше пожалуыста,
пожалуыста, кавалеріңіз шықсын, Хадиша апа, ну Мұрат
аға, әйда, әйда, әйда әссә... әссә, Мұрат аға!

Соқтырып Омар билеп кетеді. Күлкі. Жарқын, Нияз, Смайыл
шығады.

Ж а р қ ы н. Достар-ау, мәз-мәйрам көрінесің,
колхозыңа келген қырсықты білсеңші!
С ә р с е к. Не дейсің, Жарқын-ау?
Д а у ы с т а р. Не дейді? Қырсығы не тағы да?
Ж а р қ ы н. Ана Балқыбектің аяқ тұсына еккен жаңа
тұқымның барлық егіні үсіп кетіпті.
М ұ р а т. Не дейді? Қанша гектар еді?
С а д ы қ. Ойбай, көп жер еді. Бестің бірі еді ғой,
ойпыр-ай.
Ж ү м а т а й. Жаным-ау, бұ неткен қырсық?
С ә р с е к. Қарағым Мұрат, Александр, осы қырағылық
дегенді көп айтып едіңдер, текке айтпаған екенсіңдер ғой.
Шыдай-шыдай келіп ем, көзім жетейін деді ғой. Осы
тұқымды екпейік деп құдайдың зарын қылмап па ем? Тақ
осы егіннің жаласы кімге? Смайыл, бір шыбындай жаның
бар, айтшы, айтып көрші, кәнекей.
С а д ы қ. Бәсе, осы тұрған азаматтар, айтыңдаршы енді,
мына Сәрсек не деп еді, сендер не деп едіңдер?
С м а й ы л. Рас, Сәрсек екпейік деп еді. Біз болмап
ек. Кінәлі біз болдық. Не сөздігі бар.
М ұ р а т. Бізің кім?

С м а й ы л. Бізiң – мына райисполком председатели Сейiт, МТС бастығы Нияз және агрономдар және мына мен деймiн.

С ә р с е к. Не десең о де. Отқа жақынның қолы күйедi. Көсеу кiмдiкi болса, қол соныкi. Менiң бiлгенiм Смайыл. Кiнәләйтiн кiсiм де тақ сенсiң, Смайыл.

С м а й ы л. Бұл араға Смайыл деп, пәлен деп, салғыласудың қажетi де, пайдасы да жоқ, жолдастар, бiлдiндер ме?

М ұ р а т. А, сен солай деймiсiң? Ендеше, Нияз, Омар, Сәрсек, Садық, Жарқын – бесеуiң қазiр барып сол үсiген егiннiң барлығын аралап, қай тұқымның егiнi екенiн анықтап акт жасап, ауданға әкелiндер. Бүгiн кешке ауданда тексеремiз. Бар, тарай берiндер. Сейiт, Александр, мұнда қалындар. *(Өзге жұрт кетедi.)* Жә, Сейiт, кiм кiнәлi бұған, жауап бер?

С е й i т. Кiмдi кiнәлайын? Бiреу әдейi қастық еттi деймiсiң?

М ұ р а т. Қастық етпей не еттi? Әлi де ақтамақ-пысың?

С е й i т. Ендеше, совещаниеге бастық болған мен, қастық еттi дейтiнiң мен болармын?

М ұ р а т. Сейiт, мынау қастық iс. Қаскөй жоқ дейтiн болсаң өзiң өз басыңмен жауаптысың.

С е й i т. Мұрат, мен де сендей партия мүшесiмiн.

М ұ р а т. Кiмнiң кiм екенi iсте сыналсын дескемiз.

С е й i т. Иә, сонда менi жат демекпiсiң, кiм деп сөйлеп тұрсың?

М ұ р а т. Ешбiр партия мүшесiнiң аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ. Өйтiп алшандаған еркелiктi кiм бердi саған? Кiмдi өртеп, ненi күйретiп, ненi күйдiрiп отырғаныңды көремисiң.

С е й i т. Мен өртеушi емес. Мен ауданды аяққа бастырушы.

М ұ р а т. Доғар ол сөздi.

С е й i т. Болысқаның Нияз ғой.

М ұ р а т. Нияз жазықсыз болса неге болыспаймын?

С е й i т. Сен менi Ниязға сатқан екенсiң. Көрiп алармыз Ниязыңды да.

М ұ р а т. Беталды жабысып, текке соқтықпа Ниязға.

С е й i т. Сен неге маған соқтығасың, жазығым не?

М ұ р а т. Менің саған істеген коммунистігім сол. Шынымды өзіңнің бетіңе айтамын. Бүгін райкомда ең алдымен сенің басыңның мәселесі қойылады.

С е й і т. Мұрат, тоқтат, жетті енді.

М ұ р а т. Жетті? Не демек боласың? Жеткеннің әкесін енді көрерсің.

С е й і т. Көзіңді ашып қара, өйте берсең мен алынбаспын, алдымен сен ұшарсың.

М ұ р а т. Ә, сенгенің бар ғой, соған сүйеніп шолжындап жүрсің ғой. Жоқ, жолдас, оның да шегі бар.

С е й і т. Ганшин, не дейді мына Мұрат, мынау зорлық, бұл жікшілдік, зорлық қой. *(Ганшин үндемейді.)* Оңай көнбеспін, көріп-ақ алармын ендеше сені де. *(Кетіп қалады.)*

М ұ р а т. Қазір райкомның мәжілісінде ең алдымен бұның партиялық мәселесі қойылады, екінші, облыс алдында бұны орнынан алу әңгімесі қойылады. Және әсіресе мынау колхоз қазасы үшін сотқа беретін, шындап тексеретін болады. Не айтар екен. Мәжіліске сен де жүр, сен де бол, көзіңмен көр, мақұл ма?

Г а н ш и н. Бол, ендеше жүр. *(Кеміседі.)*

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Жетінші сурет

Қараңғы түн. Дала. Хадиша, Зипа, Жомарт жолдан адасып жүр.

Х а д и ш а. Ойпыр-ай уақыт өтіп барады. Мұрат телефон соққалы міне бір жарым сағат болды. *(Жомартқа.)* Тап, тап деймін жолды. Сені не қара басты?

Ж о м а р т. Құдай қара бастырды ғой бәсе, мен сорлыны. Иә аруақ, иә құдай, демей гөр, иә аппақ қожам!

Х а д и ш а. Ой, сыйынғаның бар болсын, жолды тап, кешіктік қой, енді қайттім, бәтір-ау?

Ж о м а р т. Өзі немене болыпты дейді Мұрат.

Х а д и ш а. Доғар сөзді. Жолды тап шапшаң!

Ж о м а р т. Ойбай, апатай, жөнелейін, іздейін, іздейін мен бақыр, мен бақырың. *(Кетеді.)*

З и п а. Апатай-ау, не қыпты дейді? Нияз өлген бе, өзі немене?

Х а д и ш а. Кім өлгені белгісіз, әйтеуір қырып кетіпті дейді.

З и п а. Құдай-ау бұ неткен сұмдық? Қырған кім, апатай-ау?

Х а д и ш а. Мәлім емес.

З и п а. Алда, көрінде өкіргір-ай, кім екен. *(Шығып кетіседі.)*

Ж о м а р т *(қайта оралды, бас бағып келе жатқан Біреу кездеседі)*. Жә, жер тығыз, қысқа айт, немене?

Б і р е у. Нияз қызы жарадар боп қапты, өлмепті. Егер есін жиса, кісі атын атап сырды ашып жібереді. Не қылсаң да дәрігерді – ана Хадишаны соған жеткізбей қақпалап әкетесің осы түнде.

Ж о м а р т. Е, адасып-ақ жүрміз ғой. Кешіккенімізге бірнеше сағат болды.

Б і р е у. Жоқ, жеткіліксіз...

Ж о м а р т. Енді қайт дейсің?

Б і р е у. Дәрігердің өзін де қамту керек.

Ж о м а р т. О кімге керек?

Б і р е у. Қой, доғар бақасты. Айтқанды істе. Нияздың қызы кімге керек еді? Сол сияқты.

Ж о м а р т. Мақұл. Кім орындайды бірақ?

Б і р е у. Мен.

Ж о м а р т. Болсын. *(Екі айырылып кетеді.)*

Х а д и ш а. Ойпырым-ай, мынау не деген қараңғы, түсі суық түн еді? Әлгі қайда жоқ боп кетті? Зипа! Зипа! Зипа деймін.

З и п а. Сұбыханалла. Апатай, шошыма, шошымашы. Неге қорықтың, апатай-ау?

Х а д и ш а. Япыр-ай, қатты шошып қалғанымды қарашы.

З и п а. О не көрінді?

Х а д и ш а. Жә, тоқта, болды. Не көрінді ғой дейсің?

З и п а. Енді не?

Х а д и ш а. Осыдан тап 17 жыл бұрын 11 жасымда әкем, шешем, ауылдан, барлығынан жұрдай болып айырылып, үш

күн, үш түн жапан түзде, жалғыз адасып, өлім аузынан қалып ем. 16-шы жыл еді. Елді әскер қырып, басы аманның бәрі босып кетіп, мен тау, тас ішінде жалғыз адасып қалған едім. Содан әке-шешеден дерексіз айрылып ем. Үш күн бірдей, осындай тастай қараңғы, ауыр дауылды түндер еді.

З и п а. Жаным-ай, не дейсің, апатай-ау?

Х а д и ш а. Әлім әбден біткен жерде бір үлкен жолдың үстіне кеп жығылыппын. Содан кейін ауыма су тамызып отырған бір жүргіншілердің ортасында көзімді аштым. Кедей орыстың үй іші, қалаға көшіп барады екен, солар апарып приютқа беріп, содан өсіп адам болып ем. Мынау түн қайдағыны еске түсіргенін көрдің бе? Жә, қайда әлгі Жомарт?

З и п а. Апатай-ай, сен әлі сондай ма едің? Сондайдан шығып жетіп пе едің? Япыр-ай, сондағы атың да Хадиша ма еді, жоқ, әлде кейін қойды ма?

Х а д и ш а. Мені шешемнің Хатша дейтіні есімде еді.

З и п а. Хатша? Не дейсіз, апатай-ау, бауырым-ау?

Х а д и ш а. Кейін мұғалім кітапша болсын деп Хадиша деп жазып, солай атандырып кетіп еді.

З и п а. Ойпыр-ау, тәңір-ау, сол ма едің? Я, рас-ау, жетімді, сорлыны да ер қылғаны, ел қылғаны осы-ау!

Х а д и ш а. Жә, әлгі қайда жоқ боп кетті, бәтір-ау!

З и п а (*айғайлан*). Жомарт, Жомарт. Уа, қайдасың, қуарған қу Жомарт! (*Жомарт шығады.*)

Х а д и ш а. Таптың ба?

Ж о м а р т. Басым қаңғырып, сорлы болдым ғой, сорлы басым.

З и п а (*жақындап*). Жомарт, жетті, жетті, сандалма, тап жаның барында.

Ж о м а р т. Ойбай, әзірейілімсінбеші, әрмен, түге.

Х а д и ш а. Не дейсің әй, сен! (*Жақындап қадалып.*) Осы сен кімсің, ә? Елмісің әлде жауымсың?

Ж о м а р т (*аяғын құшақтай ап*). Апатай, не дедің, қысылғаның ба бұ, не дегенің, мен сорлыға!

З и п а. Осыдан таппасаң менен жақсылық көрмейсің, білдің бе?

Ж о м а р т. Жол деген итіңді аяп түр деймісің мен сорлы. (*Кетеді.*)

Х а д и ш а. Мынау есінен айырылған ғой өзі, тегі. Енді қайттім, бәтір-ау? *(Біреу баспағын, мылтық кезей береді.)*

З и п а. Ойбай... Бұл кім еді? *(Хадишаны өз бойымен тасалай береді.)*

Х а д и ш а *(мылтығын суырып, ата беріп)*. Стой!

Ж о м а р т. Жоғал! *(Атып жібереді. Біреу құлап түседі.)*

З и п а. Иә құдай! Апатай-ай, жаның қалды-ау. Жомарт-ай, садағаң кетейін, құтқардың-ау.

Ж о м а р т. Мен Қытайдан қашқанда кеңес үшін, кеңес адамы үшін жанымды саламын деп қашпап па едім.

Х а д и ш а. Жомарт. Рахмет. Ал бұ кім? *(Дауыс естіледі.)* Хадиша, уа қайдасың, Хадиша?

Ж о м а р т. Иә, сәт, дауыс естіледі. *(Айқайлан.)* Мұнда, мұнда, мұндамыз. Бері, бері кел.

А ж а р *(дауыс)*. Хадиша, Хадишатайым. Хадиша-ау, қайда жүрсің ойбай-ау? *(Шығады.)* Ойбай ғана Хадиша-ау, қайда жүрсің? Қырғынға ұшыраған Нияз жайын естідің бе? Не дәтің шыдап тұр, Хадиша-ау, ә?

Х а д и ш а. Ажар-ау, адасып, сандалып тұрғанымызды көрмеймісің? Баста, басташы тезірек.

А ж а р. Мынау кім өзі?

Ж о м а р т. Бір сұм, ұры, тонамақшы бопты!

А ж а р. Ой, мынау да тегін емес қой өзі, бәтір-ау? Хадиша, жүр, жүрші жылдам.

З и п а. Қайдан ғана жеттің? Жолың болар, апатайым-ау! Қайдан ғана жеттің?

А ж а р. Мұрат сені іздеп тауып, тез жеткіз деген жоқ па? Содан шапқылап бармаған жерім бар ма? Қайдан ғана кетіп қап ең, байғұс бала-ау, ә?

Х а д и ш а. Мынау көрші колхозда қатыным ауырып жатыр деп, Смайыл шақырып кетіп еді.

А ж а р. Ал Смайылдың өзі қайда? Ол неге бастамаған?

Х а д и ш а. Оның қатыны қатты науқас деп содан шақыртып кетті ғой.

Ж о м а р т. Ал, Ажар, өз арбаңа мінгізіп, ал шабыңдар, шапшы жылдам. Мен де артыңнан жетейін... *(Кетеді.)*

Х а д и ш а. Жүрейік, ал, Ажар, Нияздікінде не болған?

А ж а р. Әйелін өлтіріп, қызы Жауһарды да өлімші қып кетіпті. Тым құрмаса соны, соның ғана жанын алып қалшы. Жүр, жүрші тез. *(Жөнеледі.)*

Ж о м а р т (*қайта оралып, Біреуге кеп*). Тұр, түрегел.
Шын өлдім деп пе едің?

Б і р е у. Тапқан екенсің?

Ж о м а р т. Сен де қара айдаһардан мықтап оқыған-
сың, ә?

Б і р е у. Үндеме! Енді тезінен конезаводқа жетемін,
сонда болам, сондағы іске араласамын. Ал, сен өз жолыңмен
істе, жөнел!

Ж о м а р т. Құп, жөнелдім.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Сегізінші сурет

Нияздың үйі, ауыз бөлмесі. Зипада ақ киім, төргі бөлмеге кіріп- шығып
жүреді. Нияз, Омар.

Н и я з. Ей, ғазиз балам, ғарып балам. (*Зипаға.*) Не
дейді Хадиша? Жаны қала ма? Айтсайшы!

З и п а. Ағатайым-ау, біле алмадым, қарап жатыр.

О м а р. Есін жиды ма, тілге келді ме?

З и п а. Жоқ, әзір бір қалыпта.

Н и я з. Бір ғана өлтірушінің, жауыздың атын айтса.
Көрер ем әттең...

О м а р. Сабыр қылшы, Нияз.

А ж а р. Мұрат барлық колхозшыларды атқа мінгізді.
Ауданды тегіс дүрк тұрғызды ғой!

О м а р. Ұстаймын деп құлшынды ғой барлық елің.
Сенің ғана қазақ емес қой.

Н и я з. Менікі емес. Бұл үлкен жаулық, үлкен кектің
сарыны ғой. Мен 21-жылы Қытай шегіне барып, Кеңес
үкіметіне қарай үлкен шабуыл жасауға әзірленіп отырған
ақтың зор офицерін өлтіріп келгенмін. Мынау дәл соның
орайы.

О м а р. Не дейсіз, Нияз-ау, сол екен ғой ендеше,
бәсе.

А ж а р. Неге тегін болсын.

Н и я з. Бірақ мына әйелім, мына Жауһарым, жалғызымның не жазығы бар еді!

О м а р. Кімді аяйын деді дейсің?

А ж а р. Өзіңді торымады деймісің? *(Хадиша шығады.)*
Немене, Хадиша?

Н и я з. Не дедің, айтшы, айтып өлтірші.

Х а д и ш а. Қан көп кетіпті. Басқа кісінің қанын құямын. Шошыма, Нияз, барымды аямаспын. Жалғыз-ақ... Жалғыз-ақ...

Н и я з. Немене? Қан ба? Ал, менің қанымды, менің жалғыз шырағыма менің өз қанымды ал... Жүрек қанымды ал.

Х а д и ш а. Жоқ, жоқ, тоқташы.

З и п а. Апатай, күйігіңе күйігімді, қаныңа қанымды қосып табысқаным болсын, тілеймін, менің қанымды ал.

Х а д и ш а. Болды, жас адам дұрыс, жұр.

Зипаны ертіп кетеді, Смайыл кіреді.

С м а й ы л. Нияз-ай, не күйге ұшырадың, жарықтығым-ау, не болды?

А ж а р. Не болсын? Жайратты міне. Қатын өлген. Асыл бала Жауһар әне өлім үстінде. Сенің Хадишаны сонша бөгегенің не әлі, осы?

С м а й ы л. Не дейсің, жаным-ау, мен қашан бөгедім? Мұрат телефон соққасын әл үстінде жатқан әйелімді де көрсетпей лезде жөнелтпедім бе?

А ж а р. Өзің неге бірге ере шықпадың? Адасқанын, кешіккенін білдің бе?

С м а й ы л. Жерді біледі ғой деп әлгі Жомарт деген итпен жіберіп, өзім әйелімнің халін біліп қана шығайын деп ем.

О м а р. Жомарт қайда?

С м а й ы л. Құдай төбеңнен ұрғыр, мүлде басы айналып адасып кетіп алғашқы шыққан жерге, сол колхозға қайта бармады ма? Соны ести сала атқа мініп шауып ем, өзім бастап барайын деп, әйтеуір жетіпсіңдер. Япыр-ай, кім болды, енді бұл қаскүнем жауыз?

Н и я з. Не дейін? Кім дейін?

С м а й ы л. Қылды ғой бұл қаскөйлер, тегін емес қой, ұясы бар ғой мына қастықтың.

Мұрат, Ганшин кіреді.

М ұ р а т. Немене, жаны бар ма Жауһардың?
О м а р. Екі талай.
М ұ р а т. Не шара істеп жатыр?
Г а н ш и н. Хадиша не дейді?
О м а р. Қан құйып жатыр, әлі мәлім емес.
М ұ р а т. Кішкентай үміт болса екен. Сол болса қазір алып жөнелеміз.
Н и я з. Не дейді? Қайда, қайда алып?
Г а н ш и н. Аэроплан әзір тұр. Облыстық қалаға ұшырамыз. Соған келдік.
А ж а р. Қай аэроплан? Бар ма еді?
Г а н ш и н. Бар. Жауһар үшін бәрі бар.
Н и я з. Бәрі бар болса жау бар ма?
Г а н ш и н. Табылды, ұсталып отыр.
Н и я з. Не дейсің?
О м а р. О кім екен, Александр?
Г а н ш и н. Шекарада ұсталды.
С м а й ы л. Ойпыр-ай, кім екен о жауыз?
Н и я з. Кім ол? Айт, айтшы, Мұрат.
Г а н ш и н. Кейін білесің, Нияз!
М ұ р а т. Япыр-ай, Хадиша жөнін айтса екен тым құрмаса.

Хадиша шығады.

Х а д и ш а. Жолдастар, Жауһардаң жаны қалды. Жазылады.
Н и я з. Құлдық, жан бауырым, Хадишам, алтыным.
М ұ р а т. Есін жиды ма?
О м а р. Кісі атын атады ма?
Х а д и ш а. Атады.
Д а у ы с т а р. Не деді? Кім деді?
Х а д и ш а. Степан.
Г а н ш и н. Степан?!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

III АКТ

Тоғызыншы сурет

Егін басында. Сәрсек, Жұматай, Асан, Сүйрік, Смайыл, Жомарт, Омар.
Бұлар ортада.

С ә р с е к. Қуарған жау, осы тағы колхозшының көңілін қалдырам ба деді ғой.

Ж ұ м а т а й. Нияздың үйін қырып, қанатын қырқам ба деп отыр ғой.

С ә р с е к. Бәлем жау көріп алармын, осы ұстағаным ұстаған партияның білегінен. Енді жігімді жазып, жолымды айырып көрші партиямнан.

С а д ы қ (*Омарға*). Әзірмісің дейді ғой партия, әзірмін.

А с а н. Сақпысың, берікпісің дейді ғой, берікпіз.

С м а й ы л. Уа, ендеше жолың болсын, колхозшым.

Ж ұ м а т а й. Уа, дегенің болсын, Смайылым.

Ажар келеді.

А ж а р. Жолдастар, жаудың алды ұсталғанмен арты әлі қою жатыр екен. Тамыры терең екен. Оның қолы құтыра бастады. Бүгін түнде конезаводтан қызыл әскерге ремонтқа берілгелі отырған 400 жылқы жоқ болып отыр.

С м а й ы л. Не дейді, сұмдық-ау, мынау бір ұйым ғой.

Ж о м а р т. Мынауың бір обыр ғой. Сақтай гөр, я, аппақ қожам.

А ж а р. Екінші, бүгін шекарадан он кісі қарулы жау ұсталыпты. Түсіндің бе, түге!

С ә р с е к. Түсінбей қайтемін. Нияздың үйін ғана қыру бір атой, белгі десеңші онда.

А ж а р. Бәсе, осы жолда біз де сыналатын жөн келді. Жаңағы он кісілік жауды отрядқа білдіріп, бірге ұстасқан Жарқын екен.

С м а й ы л. Уай, ерім. Не деген ер еді мына Жарқын.

Ж о м а р т. Баласының кегін қайырыпты ғой, бәтір-ау.

С а д ы қ. Ендеше жау ұстауда, отан қорғауда әзірлікті біз де көрсетеміз.

Д а у ы с т а р. Көрсетеміз, біз де өзiрмiз.

С м а й ы л. Анау жоғалған жылқы шекарадан өткен жоқ қой. Осы маңдағы жаудың қайда тығылатынын менен артық білетін жерге жетік кісі жоқ. Ал міне мен қазір погранотрядқа, Ганшинге көмекке барамын. Таппай қоймаспын, бөлем.

Ж о м а р т. Ағатай, мені де қасыңа ал. Қасыңа алшы осы.

А ж а р (*Смайылға*). Солай деймісің? Жарайды, ниетіңе ырзамыз. Ендеше погранотрядқа мен сенімен бірге барамын... Садық, сен де бірге жүр. Ал өзгелерің не істейтінін білдің ғой? Мұрат пен Александрдан хабар күтіндер. Кәне, жүр, Смайыл.

С м а й ы л (*бөгеліп барып*). Жүр, жүр. Жарайды, жүре ғой. Жүр, Жомарт. (*Кетіседі.*)

С ә р с е к (*телефон шылдырлайды. Сәрсек тыңдайды*). Иә, мен ғой, қарағым Мұрат, айналайын, сенбісің? Толғанып, ширығып отырмыз. Немді аяушы ем? Тапсыршы, былай бар де, былайша килік те, біз қостай білуші ек қой. Партия мен колхоздың бір бас, бір тас болған қайратын бұнда жұмсамай қайда жұмсаймын? Айт, Омар деймісің? Омар мұнда, мінеки ортамызда. (*Омарға береді.*)

О м а р. Құп. (*Сөйлесіп болады.*)

А с а н. Ал не деді, не бұйырды Мұрат!

Ж ү м а т а й. Кәне, тапсырмасын айтшы Мұраттың.

С ү й р і к. Атыңнан айналайын, қарағым, Мұратым, басташы тағы бір.

О м а р. Жолдастар, Ендеше бар күшіміз Отан қорғау, Отан шегін қорғау ісіне, мынау шекарадағы қызыл сақшы отрядына көмекші болу ісіне жұмсалады. Біз барлық асу мен шатқал, қойнау мен өткелдің барлығынан тосқауыл жасаймыз. Айқын жау, жасырын жау барлығын сүземіз. Міне, партия дабылы. Өзірмісің, о не дейсің?

Д а у ы с т а р. Басташы ендеше, Омар.

— Қиынын айтшы сол міндеттің?

— Қарасын ғана көрсетші.

С ә р с е к. Жүр ендеше, алдымен өзім ерем. Басшым — партиям, сақшың мен. Өлексесін өз отына өртейін, отанымнан отын тартпайтын өктем кім? Көрсетші көзіме.

Бұл ашу менің ашуым емес, ел ашуы, сел ашуы. Қарсыма шыдап көрсінші. Тарт отрядқа қарай!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Оныншы сурет

Хадиша, Зипа пәтерінде, колхозда.

Ж о м а р т (*асығыс кіріп*). Зипа, а, Зипа. Бол тез. Жүреміз, әзірлен.

З и п а. Не дейсің, жаным-ау, қайда?

Ж о м а р т. Ауыр нәрсе алма. Салт атқа сиярлық, киерлік қана ал, бол!

З и п а. Айт-үйт жоқ бұл қай жол, қай жүріс?

Ж о м а р т. Сұрама, жолда айтармын.

З и п а. Хадиша апама жөнімді айтпай және сенен жөнді білмей қалай кетем?

Ж о м а р т. Қысқарт. Ашпа аузыңды ешкімге. Иең мен, өлген жерде өлесің. Бол қазір.

З и п а. Жөнімді айтпасаң кетпеймін.

Ж о м а р т. Жөнімді айтпай әкетемін. Ермес болсаң антымды білуші ме ең, жайратып кетем тіке. Бол. Боламысың, жоқ па? (*Хадиша, Сәт кіреді.*)

Х а д и ш а. О не, Зипа? Не десіп тұрсыңдар?

Ж о м а р т (*шұғыл өзгеріп*). Хадишатай, қуатым, Қытайдан соққы көріп, зығыр жеп келгенімде аузыма нәр, басыма пана болдың, алғыс айтам. Енді мына қазір Алматыға бір көлік жүргелі тұр екен, өлмес күнімізді көріп, оқуға, өнер табуға, сол Алматыға кетуге байладым.

Х а д и ш а. Зипа, сен не дейсің?

З и п а. Кетпеймін деймін.

Х а д и ш а. Неге?

З и п а. Сенбеймін.

Ж о м а р т. Не дейсің өй, сен? Не дейсің, азғын қатын, ө?

Х а д и ш а. Алматыға оқуға кетем деп тұр, өтірік пе онысы?

З и п а. Бұл бір құбыл. Әлде шын, әлде жын. Ермеймін. Япыр-ай, құтылдым ба? Құтылсам екен, құтқарсаң екен, апатай!

Ж о м а р т. А, жетесіз жақын, некесіз қатын, жау жақын ба едің? Жайратайын ендеше. Талақ, талақсың сен! *(Мылтық суырып, тап береді.)*

З и п а. Ойбай, құтқар, апатай!

С ө т. Қысқарт, енді жетті.

Х а д и ш а *(араға түсіп)*. Тарт, қысқарт енді!

З и п а. Талақ сенсің, көк талақ. Сорыма жабысқан қу талақ! Апатай, тыңда, біл ендеше міне... Менің ең жақыным сенсің. Мен сенің бауырыңмын. *(Хадиша, Жомарт таң қалады.)* Сен жасыңда адасып айырылған ауылдың қызымын мен. Таптым сені. Сенің қасыңда өлем. Мынаны, мынау құбылды қасыңнан кетіріп, кетіріп бұны.

Ж о м а р т. Хадиша, қатынымнан айырып па едің мені? Жә, жетті, жүр, жаның барында...

З и п а. Жүрмеймін, аулақ менен.

С ө т. Зипа саған жоқ.

Ж о м а р т. Ә, солай ма еді? Жоқ қып кетейін ендеше сені де, сендерді де. Жомартты танымай жүрсіңдер ғой, мә! *(Ата береді.)*

Х а д и ш а. Мә болса, мә! *(Атып жібереді. Жомарт кұлап түседі. Хадиша жақындап үстіне барады. Бұл жақындап келгенде шап беріп мылтығынан ұстап, атып тұрып, жұлып алады.)*

Ж о м а р т. Түр бәрің де, тапжылмаңдар! *(Аналар тұрып қалады. Зипаға пышақ сала береді. Сәт тап беріп бас салады, алысады...)*

С ө т. Тоқта, жетті! Ойнап жүрген шығарсың? *(Хадиша телефонға ұмтылады.)*

Х а д и ш а. Погранотряд! Ганшин қайда? Александр Иванович! Александр!

Г а н ш и н *(кіріп кеп)*. А, мен мінекей, әміріңдемін, жолдас Хадиша... А, мұнда ма еді?

Х а д и ш а. Александр Иванович!

Г а н ш и н *(Жомарттың мылтығын жұлып алып)*. Стой!

З и п а *(Сәтке)*. Қуатым, бауырым! Ағатайларым! Менен шет жайылған күні өлесің, өлтіремін деп ант етіп

еді. Міне сайқал, сырқынды сайқал, Александр, апатай!
Көзін жоғалт көпірдің, дұшпан, дұшпан!

С ө т. Алтыным, досым екенсің, өзім екенсің-ау.
Ерте танысам етті, ерте құтқарсам етті мен мұндар. Өзі де
адасқан, анау итті дос деп, елді де адастырған мен мұндар!
(Қонай, Балтабек кіреді.)

Қ о н а й. Александр, жеттім бе, ойбай, жаным,
Александр-ау, мені тыңдасаңшы енді бір.

Г а н ш и н. Немене, Қонай, не хабар?

Қ о н а й. Мұратқа, алдымен Мұратқа барып, барды
айтып ем. Ақыл берді де, енді тезінен Александрға жет,
барынды баян ет деді. Міне, түнде жылқы жоғалғаннан
бері қарай менің іздегенім мынау, мынау ғана болатын.
Мынау “Жігер” колхозының бұрынғы бастығы, менімен бір
әкеден, бір шешеден бірге туған ұяласым, қазіргі дұшпаным,
Байназар байдың құйыршығы, тап мына тұрған Балтабек.
Сөйле. Ақтар ішек-қарыныңды. Жаның барында ақтар
шапшаң. Болмаса өзім ақтарам қазір.

Б а л т а б е к. Жә, өрекіме. Сұраса мына Александр
өзі сұрасын.

Г а н ш и н (Қонайға). Бұны неге алып жүрсің?

Қ о н а й. Бәсе, неге алдап жүрмін? Айт, ей, шап-
шаң.

Б а л т а б е к. Нені айтып тұрсың?

Қ о н а й. Ой, жүзің күйгір. Жалтарайын деймісің?
Жалтарып кетші көнекей.

Б а л т а б е к. Жөніңді айтшы өзің?

Қ о н а й. Соноу көктемде, Байназар өлгенде әлгі
Жомарт бері өткеннен кейін маған не қоңырсыттың?
Білемісің? Жылқы совхозын айналдырайық деп қалай
шырғаладың? Өй, жүзің күйгір, қайтіп қана бетіме қарап
тұрсың сен менің.

Б а л т а б е к. Жә, болды олай болса, сен аузыңды
жап, білдің бе? Александр, өзің тыңда. Мен бір өрмекшінің
ауындай торға шырмалған иттің. Мені апарған жылан жаңа
ұсталған сияқты. Енді айттым. Тыңда, тыңдап өлтір мені,
Александр.

Г а н ш и н. Жә, болды, бастадың, кезінде айтасың,
доғар.(Жарқын кіреді, әскер Балтабекті алып кетеді.)
Немене, Жарқын?

Ж а р қ ы н. Үш жылқышы жоқ боп шықты. Сырттан кім қосылғаны мәлім емес.

Г а н ш и н. Мәлім. Өз кісілерің әзір ме?

Ж а р қ ы н. Бәрі де әзір, ат үстінде. Мұрат, сенен бұйрық алып, бар деген тау саласына бір сағат ішінде жетіп болындар деді.

Г а н ш и н. “Жігер” колхозы жөнелді ме?

Ж а р қ ы н. Олар бұйырған орындарына жетіпті. Маған беретін приказынды айт.

Г а н ш и н. Бар күшің мобилизовать етілді ме?

Ж а р қ ы н. Бар кісім, бар күшім әмірінде.

Қ о н а й. Иә, сәт, терең тамыр, үлкен түбірді ғана бір ұстасаң екен. Бүгін не, бүгін бәлем үлкен шортан ұсталмаса аңғал арап ақ айғыр, ақалтеке торы айғыр, еңбекшінің адал малы, сенің терің мен сорыңда.

Ж а р қ ы н. Бар жарамды емдейтін күнге жеттім ғой.

Г а н ш и н. Ендеше жараң емделер. Үлкен шортандар ұсталғанын көрдiңдер, Жарқын, Қонай, мін атыңа! Бүгінгі түн сын түні болындар!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Он бірінші сурет

Ганшин кабинетінде. Ганшин, Балтабек.

Б а л т а б е к. Қор болдым ғой, су түбіне кеттім ғой мен.

Г а н ш и н. Сенің қолыңдағы ең соңғы тұтқа осы. Ашсаң да, жапсаң да өз мейлің. Өзің үшін, түсіндің бе?

Б а л т а б е к. Әкелші ендеше сол иттерді. Сөйлетші менің алдымда.

Ганшин часовойға белгі жасайды. Ол Степанды алып кіреді. Бұның түсі түксиген.

Г а н ш и н. Жөніңді айт, сен кімсің?

С т е п а н. Мен Степан.
Г а н ш и н. Барың сол ма?
С т е п а н. Тракторшымын.
Г а н ш и н. Нияздың үй ішін неге өлтірдің?
С т е п а н. Қызметтен шығарды. Орынсыз қалдым.
Ішкілікке салынып бұзылып кеттім. Кекті болдым. Содан қалай өлтіргенімді білмей де қалдым.
Г а н ш и н. Қытайға неге қаштың?
С т е п а н. Есімді жия алмай, шошығаннан қаштым.
(Ганишин Балтабекке қарайды.)
Б а л т а б е к. Уа, Степан, сандалма, жөніңе көш.
С т е п а н *(Балтабекті танып)*. Балтабек!
Б а л т а б е к. Ия, мен Балтабек, білдің ғой. Бұрын Дутовтың досы, бүгінде Құлжаның кулагы. Қатын, балаң әлі сонда. Бұл жаққа әдейі кісі өлтіру үшін, алдымен Ниязды өлтіріп қайту үшін өткенсің. Сол жұмысты бітірген күні кетпексің. Не сандырақтайсың. *(Степанда үн жоқ.)*
Г а н ш и н. Мынаған не дейсің?
С т е п а н. Өтірік.
Г а н ш и н. Басқа мамандық алмай, тракторшы болып келгенің қалай?
С т е п а н. Тракторшы ең құнды кісі.
Г а н ш и н. Нияздың үйін ерте қырмай, бұған дейін неге создың?
С т е п а н. Әлдеқашан бітіріп кетуші ем, жібермейді.
Г а н ш и н. Кім?
С т е п а н. Бұйрық.
Г а н ш и н. Кім бұйрығы?
С т е п а н. Бас әміршінікі.
Г а н ш и н. Ол кім?
С т е п а н. Кім екенін мен білмеймін.
Г а н ш и н. Ниязды өлтірмей, қатын, баласын неге өлтірдің?
С т е п а н. Үйінде болмады.
Г а н ш и н. Бұйрық неге бұрын өлтірмей, кеш өлтір деді?
С т е п а н. Бір өлім емес, көп қазаны бір-ақ жабамыз. Соған мезгіл жетсін, әзірлік молайсын, кісі қосылсын. Аудан үлкен науқанға кіріссін. Сол кезде тұтас қимылдың белгісі Нияздың үйін қырудан басталсын деген...

Б а л т а б е к. Сенің өзің ішкіш емессің. Ішкіш боп күр көлгірсіп жүргенсің, оны да айт.

Г а н ш и н. Рас па?

С т е п а н. Рас.

Г а н ш и н (*қызыл әскерге*). Бара тұрсын. Ананы әкел. (*Степанды әкетіп, Жомартты кіргізеді.*) Кәне, шын атыңды айт.

Ж о м а р т. Жомарт қой.

Г а н ш и н. Бұл жаққа неге өттің?

Ж о м а р т. Мына Балтабек айтқан шығар, Балтабек.

Г а н ш и н. Өзің де айт!

Ж о м а р т. Ендеше, Байназар бай бар ғой, анау Торканың байы, соны арғы бетке алып кеткелі кеп ем.

Г а н ш и н. Сол-ақ па?

Ж о м а р т. Сол, барым сол!

Г а н ш и н (*Балтабекке*). Сен айтшы, сол ғана ма еді?

Б а л т а б е к. Ол шының емес, қалғанын айт!

Ж о м а р т. Е, білсең сен айт ендеше.

Б а л т а б е к. Олай болса, Байназар мен мені салып, “Жігер” колхозын бір түнде түгел көшіріп алып кетпек едің.

Г а н ш и н. Жә, оны кім тапсырды? Сені кім жіберді?

Ж о м а р т. Осы жақтан қашып барған байлар тапсырып, солар жіберді. Мен бір сәлем әкелуші ғана едім.

Г а н ш и н. Барың осы ма?

Ж о м а р т. Осы, осыдан басқа қылмысым жоқ.

Г а н ш и н (*Балтабекке*). Барың осы ма?

Б а л т а б е к. Мен білгеннің үлкендері осы.

Ж о м а р т. Мен бір хабаршы. Тұрған бойым осы. Одан артық не шығушы еді, тақсырларым-ау.

Г а н ш и н. Тоқтат тақсырларыңды! Енді артистік жетті, білдің бе? Жомарт ролі бітті. Қазір бар шыныңмен өзің майданға шығасың, кәне, шын атыңды айт.

Ж о м а р т. Тақсыр-ау, мені кім деп тұрсың? Тақсыр-ау? Жомарт болып істеген жаманшылығым аз боп тұр ма? Тағы кім үшін күй дейсің, алдияр тақсырым-ау? (*Жығылып бас имекші болады.*)

Г а н ш и н. Тұр, мынау сенің етігіңнің табанынан шыққан қағаздар. Міне, танысың ғой. (*Қағаздарды аударыстырып отырып.*) Бұдан біздің шекаралық үш заставаның сьемкасы

және мына камендатураның, одан соң ауданның жаңа орталығының және тағы конезавод жерлерінің съемкалары. Мынау асулар. Әскери топография жолымен жасалған съемка. Шыныңды айт сен кадет корпусында оқып па ең? Жоқ, прапорщик школында болып па ең?

Ж о м а р т. Ойбай, сорлы басым-ай, не дедің? Нені айтып кеттің, тақсырым-ау.

Г а н ш и н. Ақымақ көрініп құтылмақсың ғой. Айтамысың шын атыңды, жоқ мен айтайын ба?

Ж о м а р т. Міне құдай, міне құран, шын атым Жомарт.

Г а н ш и н (*стольнан сурет алып*). Ендеше міне, Семей алашордасының Анненков, Колчакпен қосыла құрған алаш полкі бар ма еді? Мынау соның командирі Бектемисов, ал мынау тұрған сол полковниктің жас адъютанты, он тоғызыншы жыл аяғында шетке қашып кеткен ақ офицер, бүгінгі жапон шпионы – Түсіп Тоқсарин мына тұрған сен емеспісің? Бет-аузың көсе, аз ажымың болмаса, түсің тіпті өзгермеген. Солай емес пе? Енді не дейсің?

Ж о м а р т. Олай болса, не дейтініңді өзің айт, жазанды айт.

Г а н ш и н. Жарқынның баласын сен өлтірттің ғой?

Ж о м а р т. Емеурін жасаған мен едім.

Г а н ш и н. Зипаны неге әкелдің? Оны қайдан ілдің?

Ж о м а р т. Ол бір байға бармаймын деп бұзылып жүрген кедей қызы екен. Осылай кетерден үш күн бұрын Қытайға өкетем деп үйіріп алдым да, бері алып өттім. Бедел, бедел үшін керек болды.

Г а н ш и н. Бұл арадан өз керегіңе кісі алуды сен меңгердің бе, басқа кісі биледі ме?

Ж о м а р т. Мен қатынас жасаушымын. Ананы билеген әмірші.

Г а н ш и н. Кісі өлтіруді кім белгілеп отырды?

Ж о м а р т. О да әмірші.

Г а н ш и н. Әмірші кім?

Ж о м а р т. Оны өздерің табарсыңдар.

Г а н ш и н. Сен айтпаймысың?

Ж о м а р т. Білмеймін.

Г а н ш и н. Білесің.

Ж о м а р т. Білмеймін, айтарым да жоқ.

Г а н ш и н (*белгі жасайды, Біреуді кіргізеді. Жомартқа.*)
Мына кісі кім?

Ж о м а р т. Мен білмейтін кісі, танымаймын.

Г а н ш и н (*Біреуге*). Сіз танысыз ба мына кісіні?

Б і р е у. Жоқ, танымаймын.

Г а н ш и н. Көргеніңіз жоқ па?

Б і р е у. Көріп тұрғаным осы.

Г а н ш и н. 1919 жылы, Семей қаласын еске түсіріп көрсеніздер қайтеді?

Б і р е у. Ұзақ жылдар екен, ұмытып қаппын.

Г а н ш и н. Әлде ұзақ жылдар ұмыттырған шығар. Сіз Токиодан бізге қарай шыққалы төрт ай он жеті күн бопты ғой.

Б і р е у. Бұл мен түсінбейтін жұмбақ.

Г а н ш и н. Жә, ойынды қояйық... Мына отырған кісінің Жомарт аты біткен. Сізге мәлім адъютант, штаб капитаны Тоқсарин. Ал, сіз осы офицердің сол күннен бері начальнигі (*қатты*), полковник Бектемисов! (*Суретті жарқ еткізін.*) Полковник Бектемисов, кәне, әлде енді де білмейтін шығарсың? (*Аналарда үн жоқ, бастары төмен түседі.*)

Г а н ш и н. Апар! (*Екеуін екі бөлек алып кетеді. Смайылды алып келеді.*) Сені қай жерде ұстады осы?

С м а й ы л. Тұйықтың тұсында, шекарада ұстады.

Г а н ш и н. Кімдер ұстады?

С м а й ы л. Несін сұрайсың? Сенің баулыған Омарың, сенің атқа мінгізген колхозшыларың, “Жігер” колхозы ұстатты. Солар қамады да, мына Ганшиндер кеп ұстады.

Г а н ш и н. Атысып түстің ғой?

С м а й ы л. Е, атыспай аянушы ма ем?

Г а н ш и н. Кебенек келген ешкі, күл болған қой, маңқа жылқы және мынау бруцеллез болған сиырларды өткіздіру сенің әрекетің бе, жоқ шеттен алған бұйрығың ба? Жалтарма. Есінде болсын, бар жайың мәлім.

С м а й ы л. Зиян ету бұйрығы жоғарыдан. Мына жолдарды қолданған менмін.

Г а н ш и н. “Жігер” колхозына жүз гектар үсіген бидай еккізген сенсің ғой?

С м а й ы л. Мен.

Г а н ш и н. Конезаводтың жеріне маңқа жылқыларды жайғызушы тағы сен ғой? Ашылды. Сенсің, солай емес пе?

С м а й ы л. Мен.

Г а н ш и н. Соңғы алысқан талаптарың не еді?

С м а й ы л. Соңғы алысқанымыз жаңа секретарь. Мұраттың програмы болды. Колхозын отырықшы, егінші, халқын большевик етпекші боп келді. Осыдан ел тауанын қайтару үшін әрбір үлкен қимыл үстінде бір-бір үлкен оқ атып отырдық. Бірақ болмай кернеп бара жатты. Дегеніне жетуге айналды. Және бізді, әсіресе мені ашпай қоймайтын болдыңдар.

Г а н ш и н. Сыртқа қашудағы пландарың немене еді?

С м а й ы л. Сезікке түскендер шетке шыға тұрып, орнына тың кісілер ауыспақ еді.

Г а н ш и н. Жә, осы істің бәрінің шын басшысы сен емессің ғой. Басқа бастық бар ғой, шын бастық кім, соны айт?

С м а й ы л. Ондай жоқ.

Г а н ш и н. Жоқ емес, бар.

С м а й ы л. Жоқ деймін.

Г а н ш и н. Айтпайсың ғой? *(Смайыл үндемейді.)* Бірақ сол басшыңды ұстап алып беттестіргенде не дейсің? *(Үндемейді.)* Ә, үндемейсің? Ендеше бар, бара тұр!

Смайылды алып кетеді.

Г о л о с а. Говорили, что из нас не выйдут земледельцы, а мы и оседлыми, и хлеборобами стали. Вон и деревня выстроена. Думал, останутся темными, смотри, какая у нас школа выстроена.

С а р с е к. Враг лютый, я справлюсь с тобой, недаром теперь я крепко держусь за руку с партией! Попробуй теперь нас разъединить и раздвоить наши дороги.

С а д ы к. В мирные дни мы земледельцы, а в беспокойные — мы победители! “Готов ли ты?— спрашивает партия. — Готовы,— скажем мы”.

А с а н. “Зорок и крепок ты? — спрашивает она. — Мы скажем: крепкие!”.

С м а и л. Тогда будьте вы счастливы, колхозники наши!

Ж у м а т а й. Спасибо тебе, Смаил.

Входит Ажар.

А ж а р. Товарищи, часть врагов поймана, но сила их, оказывается, позади, глубокие у него корни, видите,

он действует еще бешеной: сегодня ночью исчез табун в четыреста голов отборных ремонтных коней конезавода.

С м а и л. Что за ужас? Это ведь организация!

Ж о м а р т. Это чудовище, спаси ты нас, святой Аппа-Хожам!

А ж а р. Еще сегодня на границе поймано двенадцать вооруженных нарушителей, казахи и калмыки. Вы поняли?

С а р с е к. Как не понять! Значит, убийство семьи Нияза только сигнал.

А ж а р. Именно. Но что теперь делать нам? Чем и как оправдать доверие партии к нам?

С а р с е к. Чем оправдать! Соберем силы, вооружимся.

А ж а р. Раз настали такие дни, мы превратимся в армию, защищающую наши границы.

С а д ы к. Что мы бережем, для чего сидим на границе?

А ж а р. Так вот, настали дни испытания и для нас. Этих нарушителей, оказывается, заметил и помог погранотряду поймать Жаркын. Пограничники пропустили их, чтоб захватить на нашей территории, а Жаркын, находясь в поле со своей бригадой, заметил их и, посадив на коней свою бригаду, окружил их в лесах Туйюка, и тут догнали пограничники и поймали их.

С м а и л. Ну герой же этот Жаркын!

Ж о м а р т. Значит, он отомстил за смерть своего сына.

С а д ы к. Так и мы покажем, как ловить врагов, как защищать родину!

Г о л о с а. Покажем! И мы готовы!

С м а и л. Не думайте, что я отстану от вас, колхозники. Дай бог удачи. Этот исчезнувший табун не успел перейти границу еще, нет никого, кто бы знал лучше меня все трудные дебри гор и ущелий. Вот я сейчас еду в отряд, в помощь Ганшину, обнаружу я их.

Ж о м а р т. Брат мой, возьми и меня, давно я мечтаю сделать большое полезное дело для Советов. Возьми же меня с собой.

А ж а р (*Смаилу*). Ты так хочешь? Ладно. Мы довольны тобой. В погранотряд я поеду вместе с тобой. Садык, езжай и ты! А остальные поняли, что будете делать? Ждите распоряжений Мурата, Александра. Ну, Смаил, поехали!

С м а и л (*чуть задержавшись*). Ладно, поехали, иди и ты, Жомарт.

Уходят.

С а р с е к (*снимает телефонную трубку*). Да, это ты дорогой мой Мурат? Да вот, сидим в нетерпении. Чего мне жалеть, дай только поручение. Скажи, “езжайте туда и покажите себя”. Ну разве ты не умел вести нас, а мы не умели идти за тобой?! Где нам показать нашу спаянность партией! Омар, говоришь? Омар тут, среди нас. (*Передает трубку ему.*)

О м а р. Да, я. Хоп! Ладно. Да. Хоп! Да, да. (*Повесил трубку*).

А с а н. Что поручил Мурат?

Ж у м а т а й. Ну-ка, передай нам поручение нашего Мурата.

С у й р и к. Родной наш Мурат, пусть же поведет он еще раз.

О м а р. Товарищи, тогда все мы положим на защиту нашей Родины, на защиту нашей границы и все до единого пойдем в помощь пограничному отряду. Мы займем все перевалы и ущелья и будем там поджидать врага. Там обнаружим и явных, и тайных наших врагов. Вот сигнал партии. Готовы ли вы?

Г о л о с а.

- Веди поскорее, Омар!
- Скажи самое трудное из поручений.
- Покажи-ка только этого врага!

С а р с е к. Идем. Первым иду я сам. Ведет партия, а на страже я! Сожжем его труп на его же враждебном огне, покажи только на глаза. Это гнев не только мой, а гнев народа, гнев с силой потока. Кто посмеет устоять! Идемте в отряд.

З А Н А В Е С

Картина десятая

В колхозе. На квартире Хадиши и Зийпы.

Ж о м а р т (*вбегая*). Зийпа, ну Зийпа, готовься скорее, едем, поскорее.

З и й п а. Что это значит, куда?

Ж о м а р т. Тяжелых вещей не бери. Возьми что можно везти верхом, на коне.

З и й п а. Что это за дорога ни с того, ни с сего?

Ж о м а р т. Не спрашивай, узнаешь дорогой.

З и й п а. Куда я уйду, зачем я уйду, ничего не говоря Хадише и не узнав твоей цели?

Ж о м а р т. Молчи, не раскрывай рта, я твой хозяин, умрешь там, где умру я! Ну, живее!

З и й п а. Не расскажешь, не уйду.

Ж о м а р т. Уведу, не рассказывая ни о чем. Не пойдешь, так помни же мою клятву, я уничтожу тебя! Ну? Идешь или нет?

Входят Хадиша, Сат.

Х а д и ш а. Что такое, Зийпа? О чем это вы?

Ж о м а р т (*быстро переменявшись*). Хадиша, дорогая, опора моя, в дни, когда я пришел, преследуемый из Китая, ты стала защитой, дала пропитание. Я молюсь на тебя. Но вот сейчас отправляется транспорт в Алма-Ата, а я решил искать себе счастья через учение и решил вот ехать.

Х а д и ш а. А что ты скажешь, Зийпа?

З и й п а. Я говорю, не уйду.

Х а д и ш а. Почему?

З и й п а. Не доверяю.

Ж о м а р т. Что ты сказала? Что сказала, коварная жена, а?

Х а д и ш а. Он хочет ехать учиться, разве это неправда?

З и й п а. Это оборотень. Может, правда, может и обман. Не пойду с ним. Господи, когда я избавлюсь! Апа, спасла бы меня.

Ж о м а р т. А, неверная жена, жена, враг, значит, ты? Уничтожу я тебя! Отвергаю я тебя! Отвергнутая! *(Вынимает револьвер, бросается.)*

З и й п а. Ойбай, спаси, апа!

С а т. Отойди прочь, довольно!

Х а д и ш а *(перегораживая дорогу)*. Довольно, хватит с тебя!

З и й п а. Отвергнутый – ты, ты негодный! Несчастье и зло мое! Апа, родная, выслушай, узнай же – самый близкий мне человек, это ты. Я сестра твоя. Я из того же аула, который потеряла ты в детстве, но нашла я тебя, умру около тебя. Гони, гони прочь от себя этого дьявола!

Ж о м а р т. Хадиша, ты разъединила меня с женой? Ну, довольно, иди пока жива!

З и й п а. Не пойду. Уходи от меня.

С а т. Зийпы уже нет для тебя.

Ж о м а р т. А, вот как? Так уничтожу я тебя и вас. Вы не знали Жомарта! Ну получайте, на! *(Хочет стрелять.)*

Х а д и ш а. На, так на!

Выстрелила. Жомарт падает, Хадиша подходит к нему.

Жомарт быстро выхватывает у ней револьвер.

Ж о м а р т. Стойте все!

Все остановились, бросается с ножом на Зийпу, но налетел на него

Сат, свалил.

Лежи вот! Ни с места! *(Выскочил за дверь, закрыл ее снаружи.)*

С а т. Стой, довольно! Игрушки тебе!

Х а д и ш а *(бросается к телефону)*. Погранотряд! Где Ганшин Александр Иванович? Александр Иванович! Ганшин! Александр!

Г а н ш и н *(войдя)*. А, вот, что прикажете Хадиша? А, он здесь.

Х а д и ш а. Александр Иванович!

Г а н ш и н *(выхватив револьвер Жомарта)*. Стой! *(Жомарт арестован.)*

З и й п а. Родные, дорогие! Братья! Была его клятва убить в тот же день, когда я отойду. Вот злобный, коварный он! Александр... Уничтожьте его, враг, враг он!

С а т. Дорогая, ты была другом, была своею. Почему я не узнал тебя раньше, не спас раньше? Я это, негодный, поверил собаке. Заблуждался сам, и помешал другим. Родимая моя, свет мой! Какой же недостойный я. Потеряна, потеряна ты для меня. *(В слезах падает над ней.)*

З и й п а *(ее поддерживает Хадиша)*. В страхе, в цепи держал он меня, обещал убить в тот же день, когда отойду. И вот... гонись за ним, пресеки ему дорогу, злобный коварный он враг. Не все я знаю, но чувствую, враг, враг он. Ловите, апа, уничтожьте его.

С а т. Милая, ты была другом, была своей. Но почему же я не знал об этом раньше? Я негодный!

Х а д и ш а. Ловите, ловите, Александр Иванович, поскорее Жомарта!

Г а н ш и н. Жомарт и так уже пойман, Хадиша.

Входят Конай, Балтабек.

К о н а й. Александр, наконец я вижу тебя. Выслушай теперь меня.

Г а н ш и н. Что, Конай? Какие новости?

К о н а й. Был сразу у Мурата, высказал все. А он дал совет и приказал быстрее доскакать до тебя и вот... Как исчез табун ночью, я все рыскал в поисках вот этого, его одного. Это бывший председатель колхоза, мой родной брат и мой заклятый враг, ставленник Байназара, вот этот Балтабек. *(К Балтабеку.)* Ну, говори, открой, что в твоих кишках, выводи сейчас же наружу, иначе я сам распотрошу.

Б а л т а б е к. Довольно быть дураком! Пусть опросит сам Александр.

Г а н ш и н *(Конаю)*. Чего ты хочешь от него?

К о н а й *(Балтабеку)*. Да, чего я хочу? Скажи сейчас же.

Б а л т а б е к. О чем говоришь.

К о н а й. Лучше бы сгорело это твое лицо на огне, хочешь отпираться? Попробуй увильнуть.

Б а л т а б е к. Ну, говори толком.

К о н а й. А какую ты речь заводил со мной в начале весны, после смерти Байназара, когда Жомарт перешел сюда, помнишь? Что предлагал насчет конесовхоза? Лучше со стыда сгореть бы тебе! Как только можешь смотреть мне в глаза?

Б а л т а б е к. Ну так довольно, закрой глотку. Александр, выслушай сам. Я действительно собака. Запутался в сетях, но сейчас увидел, как раздавлена эта змея, обворожившая меня. Выслушай, убей, но выслушай.

Г а н ш и н. Довольно, ты начал, остальное скажешь потом.

Выходит Жаркын, уводят Балтабека.

Г а н ш и н. Что, Жаркын?

Ж а р к ы н. Исчезло три табунщика. Кто еще со стороны, пока неизвестно.

Г а н ш и н. Известно. А готовы твои люди?

Ж а р к ы н. Все готовы, уже на конях. Мурат приказал взять поручение от тебя и быть в течение часа в указанном тобою месте.

Г а н ш и н. А колхозники “Жигера” отправились?

Ж а р к ы н. Они уже в названных тобою местах. Что прикажешь мне?

Г а н ш и н. Мобилизованы все твои силы?

Ж а р к ы н. Все силы, все люди в твоём распоряжении.

К о н а й. Дай бог добраться до глубоких, самых больших корней. Пусть будет вашим несчастьем, вашим страданием дорогое честное достояние родного народа, — белые кони англо-арабы, гнедые скакуны-ахалтекинцы, если только сегодня не будет поймана хищная шука!

Ж а р к ы н. Дожил до дня, когда должен излечить все мои раны.

Г а н ш и н. Так рана будет излечена. Конай, Жаркын, садитесь на коней и помогите поймать самых крупных шуков. Сегодняшняя ночь — ночь испытания, будьте готовы!

З А Н А В Е С

Картина одиннадцатая

Кабинет Ганшина. Ганшин, Балтабек.

Б а л т а б е к. Погиб я, пошел ко дну.

Г а н ш и н. Это последняя дверь перед тобой. Открыть или закрыть — воля твоя, сделаешь ради себя. Понял?

Б а л т а б е к. Ну приведи тогда этих собак и заставь говорить передо мной.

Ганшин делает знак, вводят Степана.

Г а н ш и н. Скажи правду, кто ты?

С т е п а н. Я Степан.

Г а н ш и н. Это все?

С т е п а н. Тракторист.

Г а н ш и н. Зачем вырезал семью Нияза?

С т е п а н. Уволен со службы, остался безработным, запил, испортился, затаил месть, дальше не помню, как совершил все.

Г а н ш и н. Зачем бежал в Китай?

С т е п а н. Не смог опомниться, бежал из боязни.

Ганшин смотрит на Балтабека.

Б а л т а б е к. Эй, Степан, ты не колеси, говори правду.

С т е п а н (*узнав Балтабека*). Балтабек?

Б а л т а б е к. Да, я Балтабек. И ты понял теперь? Друг Дутова, сегодняшний кулак в Кульдже, твоя семья до сих пор там. Сюда перешел убить человека, в первую очередь Нияза. Покончив с ним, ты должен был уйти. Кого хочешь обмануть?

Степан молчит.

Г а н ш и н. Что скажешь на это?

С т е п а н. Ложь.

Г а н ш и н. Кто твои сообщники здесь, кроме Балтабека? Не уклоняйся, говори сам, мы их знаем, только хотим знать, говоришь ты правду или нет.

С т е п а н. Я был связан и знал только одного Жомарта.

Г а н ш и н. Почему не избрал другую специальность, а пришел трактористом?

С т е п а н. Это самый нужный человек и незаметный, еще много пьют, легко узнать секреты от них.

Г а н ш и н. Почему не раньше, а теперь вырезал семью Нияза?

С т е п а н. Давно бы исполнил — не пускали.

Г а н ш и н. Кто?

С т е п а н. Не было распоряжения.

Г а н ш и н. Чьего?

С т е п а н. Главного.

Г а н ш и н. А кто он?

С т е п а н. Кто он, я не знаю.

Г а н ш и н. Кто знает?

С т е п а н. Разве Жомарт, но мне неизвестно, тайна.

Г а н ш и н. Почему убил не Нияза, а вырезал его семью?

С т е п а н. Его не было дома.

Г а н ш и н. Почему распоряжение было дано на вчерашний день?

С т е п а н. Было решено обрушить не одно, а несколько событий, только требовалось время, нужна была подготовка, подыскивали людей, ждали, когда район примется за большое дело, и с убийства Нияза должны были начать и другие дела.

Б а л т а б е к. Ты сам не пьяница, а только представлялся таким. Скажи и об этом.

Г а н ш и н. Это правда?

С т е п а н. Правда.

Г а н ш и н (*красноармейцу*). Отведите, приведите другого.

Уводят Степана, ввели Жомарта.

Ну, скажи свое настоящее имя.

Ж о м а р т. Жомарт.

Г а н ш и н. Зачем пришел к нам?

Ж о м а р т. Наверно, сказал этот Балтабек.

Г а н ш и н. Скажи и сам.

Ж о м а р т. Так я пришел увести Байназара, мужа той самой Торки, на ту сторону.

Г а н ш и н. Это все?

Ж о м а р т. Это все, все.

Г а н ш и н (*Балтабеку*). Как по твоему – это все?

Б а л т а б е к. Это не все у тебя, говори и об остальном.

Ж о м а р т. Знаешь, так расскажи ты.

Б а л т а б е к. Ты еще хотел через Байназара и через меня уговорить всех колхозников “Жигера” откочевать в одну ночь за границу.

Г а н ш и н. Ну, это чье поручение? Кто тебя послал сюда?

Ж о м а р т. Послали баи, бежавшие отсюда. Я только их привет привез сюда.

Г а н ш и н. Это все?

Ж о м а р т. Это все мое преступление.

Г а н ш и н (*Балтабеку*). Как по-твоему?

Б а л т а б е к. Из всего, что известно мне, это самое главное.

Ж о м а р т. Я только посыльный. Вот я весь перед тобой. На что я еще могу быть способным, таксыр мой.

Г а н ш и н. Оставь свой “таксыр”, теперь довольно быть артистом, понял? Роль Жомарта окончена. Сейчас ты со всей своей правдой выступишь таким, каким ты есть. Ну, скажи настоящее имя?

Ж о м а р т. За кого же принимаешь меня, таксыр мой! Разве мало я сделал, будучи Жомартом? За кого же еще хочешь меня наказать господин, таксыр мой? (*Хочет обнять его ноги.*)

Г а н ш и н. Вставай! Эти бумаги найдены в твоей подошве, ты их узнаешь? (*Перелистывая бумаги.*) Здесь съемки наших трех застав и этой комендатуры. Еще тут план нового районного центра и всех земель конезавода. А тут перевалы. Съемка сделана по всем правилам военной топографии. Расскажи, ты окончил кадетский корпус или школу прапорщиков?

Ж о м а р т. О, бедная моя голова! Что ты наговорил, таксыр мой?

Г а н ш и н. Хочешь избавиться, прикинувшись дурачком! Ну, назовешь свое имя, или сказать мне?

Ж о м а р т. Вот бог, вот Коран, настоящее мое имя Жомарт!

Г а н ш и н (*достает из стола фотографическую карточку*). Тогда вот. Был алашский полк, сформированный Семипалатинской Алашордой совместно с Анненковым и Колчаком, вот тут командир этого полка, полковник Тохтамышев, а вот этот рядом с ним – молодой адъютант его, бежавший в 19-м году за границу, белый офицер, сегодняшний шпион японской разведки Тусуп Токсарин, кто же иначе, как не ты? Лицо безбородое, только немного новых морщин, а так изменился очень мало. Не правда ли? Что скажешь теперь?

Ж о м а р т. Так скажи об остальном сам, назови свое наказание.

Г а н ш и н. Это ты организовал убийство сына Жаркына?

Ж о м а р т. Толкнул на это я.

Г а н ш и н. Зачем привез Зийпу? Где ее добыл?

Ж о м а р т. Это была бедная девушка, не хотевшая идти замуж за старика. Перед поездкой сюда за три дня уговорил ее бежать к роду Кизай и повез сюда. Нужна была как билет.

Г а н ш и н. Кто тебя гнал до нашей границы?

Ж о м а р т. Это была постановка той разведки, которая посылала меня сюда.

Г а н ш и н. Здесь ты ведал набором людей или другой?

Ж о м а р т. Я был связистом, а тем ведал главный.

Г а н ш и н. Кто намечал убийства?

Ж о м а р т. Тоже главный. Он лучше знает здешние дела. Я только подтверждал их.

Г а н ш и н. А кто главный?

Ж о м а р т. Это найдете сами.

Г а н ш и н. А ты не скажешь?

Ж о м а р т. Не знаю.

Г а н ш и н. Знаешь.

Ж о м а р т. Не знаю, и сказать мне больше нечего.

Г а н ш и н (*делает знак, вводят Неизвестного, Жомарту*).

Это кто?

Ж о м а р т. Это мне не известный человек, не знаю.

Г а н ш и н (*Неизвестному*). А вы знаете этого человека?

Н е и з в е с т н ы й. Нет, не знаю.

Г а н ш и н. И не видали раньше?

Н е и з в е с т н ы й. Вижу первый раз.

Г а н ш и н. А может вы оба вспомните 1919 год, Семипалатинск?

Н е и з в е с т н ы й. Далекое время, забыто.

Г а н ш и н. А может, далекая дорогая заставила забыть? Ведь со времени вашего выезда из Токио к нам прошло 4 месяца 17 дней.

Н е и з в е с т н ы й. Это непонятная для меня загадка.

Г а н ш и н. Ну, тогда кончим игру. У этого человека больше нет имени Жомарт. Это будет вам адъютант штаба капитан Токсарин, с тех давних пор несменное начальство. *(Громко.)* Полковник Бектемисов! *(Показывает ему фотографию.)* Полковник Бектемисов, вы так и дальше будете отрицать ваше знакомство?

Они молчат, головы опущены.

Г а н ш и н. Увести.

Уводят порознь обоих.

Привести главного.

Вводят Смаила.

Г а н ш и н. Где поймали тебя?

С м а и л. На границе, у Туюкских лесов.

Г а н ш и н. Кто поймал?

С м а и л. Для чего спрашиваешь? Поймали посаженные вами на коней колхозники Жигера, они окружили, а поймал Савчук.

Г а н ш и н. Ты отстреливался?

С м а и л. А чего мне жалеть?

Г а н ш и н. Зараженных коз, больных овец, сапных коней и больных бруцеллезом коров переправлял ты сам или это был приказ? Не уклоняйся. Запомни, все нам известно.

С м а и л. Вредить было приказано сверху, а эти пути выдумывал я сам.

Г а н ш и н. А испорченные семена колхозу “Жигер” подсунул для сева тоже ты?

С м а и л. Я.

Г а н ш и н. А лошадей, больных язвой, на территорию конезавода перебросил также ты? Раскрыто. Это ты, не правда ли?

С м а и л. Я.

Г а н ш и н. Какая была последняя цель у вас?

С м а и л. Последняя цель была бороться против программы нового секретаря, против Мурата. Он решил этот район перевести на новые рельсы истории, решил сделать колхоз оседлым, земледельческим, а народ большевизировать. Чтобы отколоть народ от этого, мы в каждом случае пускали свою пулю. Но не сдались, начали достигать своего, и еще вы не скоро раскрыли бы меня.

Г а н ш и н. С каким намерением бежали за границу?

С м а и л. Нужно было отвести заподозренных, их места заполнить новыми.

Г а н ш и н. Жомарт был только связистом или еще советником?

С м а и л. У него права связиста. Но к приезду Мурата я сам просил, чтобы послали сильного, ловкого человека и я пользовался им также как советником.

Г а н ш и н. Ну не правда ли, что во всех этих делах настоящий, главный не ты? Это другой и скрытый. Назови его.

С м а и л. Такого нет.

Г а н ш и н. Не нет, а есть.

С м а и л. Я говорю, нет.

Г а н ш и н. Не скажешь? *(Смаил молчит.)* А что скажешь, когда мы поймаем и его самого, и поставим лицом к лицу перед тобой? *(Смаил молчит.)* А, молчишь? Ну, иди пока.

Уводят Смаила.

М у р а т *(входя)*. Что раскрыто сегодня, это только начало подлинно зверской вражды. Все густое и ядовитое еще видно позади. Ну, пошлешь в Алма-Ата?

Г а н ш и н. Да, следующая ступень – Алма-Ата.

Входят колхозники, впереди Жаркын.

Ж а р к ы н. Можно?
М у р а т. Войдите.

Входят Омар, Хадиша и другие, вошел пограничник.

П о г р а н и ч н и к. Товарищ начальник, взвод красноармейцев пограничников под моей командой, при помощи колхозников “Жигера”, особенно при смелом и ловком содействии Жаркына, поймал на перевале Жаур среди трудных скал еще одну группу нарушителей в 5 человек. Главный из них доставлен сюда. Там же среди скал обнаружен пропащий табун конезавода. Он уже возвращен заводу.

Г а н ш и н. Ввести сюда нарушителя.

Вводят Сеита.

А ж а р и Ж а р к ы н. Ох, черноликий, волк кровожадный, так тебе и надо!

М у р а т (*после увода Сеита*). Жаркын, излечилась твоя рана? Скажи-ка теперь.

Ж а р к ы н. Теперь раны нет, Мурат родной. Самой настоящей и большой раной, оказывается, был этот Сеит, но обнаружен.

А ж а р . Ну, теперь один вопрос – кто же в последнем испытании опередил? Садык или Жаркын?

Г а н ш и н. У Жаркына не группа опередила, а сам он поймал калмыков и Сеита, а у Садыка, если сам не опередил, то опередила группа. Сам он один раз выпустил Смаила, но колхозники все же его схватили.

А ж а р. Итак?

Г а н ш и н (*смеясь*). Что же итак? Соревнование еще не кончилось, продолжается.

Ж а р к ы н и С а д ы к. Пусть, хорошо. Продолжим и дальше!

М у р а т. А что, если сделать тут одно предложение?

С а р с е к. Скажи, родной Мурат.

Г о л о с а.

— Скажи. Пусть скажет Мурат.

— Пусть сам Мурат скажет.

М у р а т. Так, ваш колхоз именовался “Жигером” (*энергией*). А вы сегодня стали не только энергией, но испытанной в бою, боевой семьей. На посевах ударники, в борьбе атакующие, вы стали сознательным и сильным народом. Особенно вы теперь стоите, готовые встретить огнем любых врагов Вашей Родины. Так не лучше ли было бы дальше называть ваш колхоз “Красным пограничником”, а ваш район “Красноармейским”.

Г о л о с а.

— Пусть так. Пусть по-твоему.

— Оправдаем мы это.

— Оправдаем эти почетные названия!

Х а д и ш а. Александр Иванович, как вы думаете, колхоз оправдал эти названия?

Г а н ш и н. Оправдал, и вполне. Я поддерживаю это.

С а р с е к (*Мурату*). Так я дорого буду почитать эти твои слова, Мурат, и твои, Александр. Что у меня на уме, угадаете вы сами, что на языке, выскажите вы сами. Если моя партия сказала, что мы стали хорошим народом, разве мы не заслуживаем эти названия? Пусть эти названия будут к славе и на благо и народу и вам, родные мои!

Радостные голоса.

З А Н А В Е С

**ҒЫЛЫМИ
ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**



“Абайдың идеялық-мәдени ізденулері”

М. Әуезов шығармашылығындағы белгілі тақырыптардың бірі — абайтану мәселелері. Ол тақырыпта жазушы 1920—30 жылдар арасында бірнеше мақалалар жазып жариялаған. Онда Абайдың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегін, енгізген жаңалықтарын, ақындық ерекшелігін, қамтыған тақырыптарының қыр-сырын, басқа ақындарда кездесе бермейтін көркемдік кестесін жан-жақты сөз етеді. “Абайдың идеялық-мәдени ізденулері” атты мақала Абайдың қайтыс болғанына 35 жыл толуына орай 1939 жылы жазылған. Онда сөз болатын негізгі ой — Абай ақындығына әсер еткен Шығыс, Батыс мәдениеті мен ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетінің орны туралы. Ол жайында бұрынғы мақалаларында бірқатар оялар айтылса да, осы еңбегінде бұл мәселеге арнайы тоқталып, айтар ойын орынды пікірлермен тереңдетіп, толықтыра түседі. Жазушы бірнеше жыл төңірегінде осы мәселеге арнап “Абайдың мәдени ізденулері” (Әдебиет майданы. 1937. №7), “Идейно-культурные искания Абая” (Казахстанская правда. 1939. 13 шілде) деген атпен бірнеше мақала жазып жариялайды.

Ол туралы 1945 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойына арналған Қазақстан Жазушылар одағының салтанатты пленумында жасаған “Абайдың өмірі мен ақындығы” деп аталатын баяндамасында осы ойларының қорытындысы ретіндегі пікірін: “...дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер, ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз:

Бұның біріншісі — қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып сақтап, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауыз әдебиет қоры. Ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы — араб, парсы, түркі тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен нәр, мол азық алған зор саласы — орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созу Абай заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуір басы, әрі және үлкен ұзақ кең майдан келешек еді”, — деп жария етеді. М. Әуезов ақын мұрасының рухани нәр алған қайнарлары

арасында орыс, Еуропа мәдениетінің ерекше орнын, тигізген әсерін бөлек атап өтеді. Абайдың рухани-мәдени ізденулерінің еуропалық жағына молырақ тоқталып, орыс әдебиетінің классиктерін мейлінше жете танып білуі себепті бұл мұраға шығыс халықтарының арасынан алдымен жеткен Абай деген қорытындыға келеді. Сол кездің өзінде-ақ жазушы Абайды тек орыстың классикалық әдебиетімен шектемей, оны орыс, Еуропа мәдениетінің тарихымен тұтас алып, жан-жақты қарастыру керек екендігін алға тартты. Осы мақалада сөз болған ақын мұрасының өзге мәдениеттен алған үлгі-өнеге, нәрін “Абай жолы” романында көркемдік тұрғыдан суреттеп жеткізді.

1. 6-б. **“Бүгінгі анайы тұңғыс, дала досы қалмақтың ішінде” асыл мұраға алдымен жеткен осы біздің Абай болар**” – Атақты орыс ақыны А.С. Пушкиннің “Ескерткіш” өлеңінен алынған жолдар ақынның асақ дарыны мен даңқты болашағына деген сенімін жыр етеді.

2. 7-б. **“...Менің қағбам батысқа көшті” деп айта алды**” – Бұл жерде “Батысым шығыс боп кетті” деген Абай пікірі сәл өзгертіліп қолданылған. Сол арқылы жазушы Абайдың рухани ізденіс бағдарын бейнелі түрде көрсетеді.

Мақала 1939 жылы алғаш рет “Әдебиет және искусство” журналының 7-санында жарияланып, жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томына енді. Жазушы шығармаларының елу томдық академиялық басылымына осы жарияланымдар бойынша дайындалды. Мақаланың журналдық нұсқасы мен кітаптағы нұсқасының мазмұндары бірдей, ешбір өзгешелік, мағына айырмашылықтары, қате кеткен тұстары кездеспейді. Тек сол кездегі жүргізілген партия саясаты бойынша көсем аттары аталып, бұрынғы Кеңес Одағындағы түрлі ұйымдардың аты қайталанып отырады.

К. Рахымжанов

“Идейно-культурные искания Абая”

Алғаш рет 1939 жылы жарияланған мақалада Мұхтар Әуезов қазақ даласындағы өнер мен философияның алып бөйтерегі саналатын ұлы Абайды орыс қауымы арқылы әлемге паш ету міндетін көздейді. Замана райына қарай кейінгі Шығыс ойшылдарының Абайға ықпалын байқатпай өтуге тырысады. Тек араб-парсының классикалық поэзиясын ғана алға оздырып көрсетеді. Орыс және Батыс Еуропа әдебиетінің қазақ шайырына әсері тым үстем бағаланса да, Абайдың өзіне ғана тән дара бітімін ажырата айту ыңғайы бар.

Ғалым-жазушы Абайдың ерлігін соры мол халқының ауыр рухани жағдайына қарамастан, қараңғы сахарада мәдени орта қалыптастыра алу күдіретімен әйгілеп отырады. Қазақстанның әдеби сынында соңғы жылдарға дейін ақын еңбегінің мәнін Пушкин, Лермонтов, Крыловтан жасаған аудармалармен шектеудің аздығына көңілі толмайды. Дала ғұламасын тек лирика тәржіма өнері ғана емес, поэмалары, қара сөздері, сатиралық поэзиясымен тұтас алып, сөз зергері талантын мейлінше ауқымды қалыпта танытуға ниет-ынта мол.

Мақалада Абайдың ақындық орта тәрбиелеудегі орнына, әлем әдебиетін өлең сөзбен насихаттау үлгісінің үздік нәтижелеріне, оның сазгерлік өнерінің терең негізіне де тиісті мән беріледі.

М.Әуезов сол кездегі әдеби сында одақ көлеміне белгілі тұлғаларға жалаң еліктеуді мадақтаудың ұлттық ерекшеліктерді мансұқ етуге бастайтынын сезгендіктен, Абайды мысалға ала отырып, үйрену арқылы сом бітімді өзгеше дара өнер тудырудың артықшылығын астарлай ескертіп отырады.

“Идейно-культурные искания Абая” мақаласы “Литература и искусство” журналының 1939 жылғы 7-санында шыққан (36—38-бб.). Осы тақырыпқа ұқсас “Идейно-культурное наследство Абая” деген мақала “Казахстанская правда” газетінің 1939 жылғы 23 маусымдағы санында жарық көрген. Екі мақаланың түп негізі бір, жүйесі, айтатын ойы ортақ. Бұл томға алғашқы мақаланың негізіндегі нұсқа М. Әуезовтің “Мысли разных лет” кітабы (Алма-Ата: Казгослитздат, 1961. С.124—129) бойынша беріліп отыр.

Енді кітап пен “Казахстанская правда” газетіндегі нұсқа арасындағы кейбір өзгерістерге тоқталайық.

Бірінші сөйлемнің соңы газетте: “...Абай был выдающимся человеком не только среди казахов, но и на всем ближнем Востоке”,— деп аяқталады. Кітапта: “Абай был незаурядным явлением своей эпохи не только в истории казахского народа, но и в истории всего ближнего Востока”. “Реакционные ревнителі” — “Беспочвенные и реакционные ревнителі”, газеттегі “... получили настоящее признание у Абая” — кітапта “получили за свои бессмертные, подлинно поэтические творения настоящее признание у Абая”, сондай-ақ, “...рассуждения на религиозно-философские темы” — “рассуждения на темы религиозно-философские” деп келеді.

“Широту идейно-культурного мира Абая замечательно отражают в многообразных сюжетных поэмах его ученики и последователи” деген жолдар кітапта: “Широту идейно-культурного мира Абая замечательно отражают последователи Абая в своих многообразных сюжетных поэмах, романтических, исторических, историко-героических и т.д.”

“Так, молодому поэту, своему сыну — Магавье, он дал тему восстания Шамиля на Кавказе”. Осы сөйлемдегі Шәміл туралы жолдар кітапта алынып қалған. Көкбай ақын туралы мынандай жолдар соңғы нұсқада кездеспейді: “Ученику и другу, поэту Кокбаю, он дал ряд тем исторических поэм из прошлого своего народа. В этой же школе возник ряд бытовых изобличительных поэм, посвященных теме раскрепощения женщин и борьбе героических одиночек с косными устоями феодально-родовой старины”.

“Абай на собственном примере показал, как должен большой поэт просвещать среду” — осы сөйлем “Әр жылдар ойларында” былай жазылады: “Абай доказал всей культурной истории, как должен просвещать свою среду, как должен формировать эту среду всякий большой поэт”.

“А между тем некоторые наши невежественные критики” деген жолдар “А между тем легковесная, малоубедительная часть нашей критики” деп өзгертілген.

“Поменьше бы этих претенциозных и невежественных суждений!”— деген қысқа сөйлем, кейінгіде “Поменьше бы этих раздражающих претенциозных и невежественных суждений”,— деп жазылған.

“Учитесь”, “завоюйте”, “идите на свободное творчество” деген сөздер газетте “надо идти”, “надо учиться”, “надо помнить” деген жолдармен берілген. Мақаланың соңындағы Жамбыл есімінен кейін Пушкин, Абай, Горький, Маяковский есімдері аталады. Газеттегі мақалада И.В.Сталин есімі аталған:

“Надо помнить, что нас вдохновляет и ведет великий учитель всех писателей, всех народов Союза – товарищ Сталин”.

Текстологиялық салыстырулар кезінде Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1959 жылы орыс және қазақ тілдерінде шыққан “Әр жылдар ойлары” кітабындағы “Идейно-культурные искания Абая” деген мақала (453—456-бб.) осы атпен аталған баспадан жарық көрген кітаптары (124—129-бб.) нұсқасымен қатар қарастырылды. Бұл екі басылым арасында үлкен өзгеріс, немесе жіберілген қате, алынып, қысқарып кеткен тұстар жоқ.

Бұл мақаланың қазақ тіліндегі нұсқасы (1939) жазушы шығармалары 20 томдығының 15-томынан (139—144-бб.) орын алған.

1. 12-б. **“Но еще с молодости Абай искал свою “каабу” не на развалинах ислама...”** – Мұсылмандар қастер тұтатын Қағбаның қасиетті тасы өнер мен өмірдегі бағдар ретінде бейнелі сөз тіркесіне алынып отыр.

2. 12-б. **“В этих поисках он обрел свет и счастье, когда его тропа вывела его “к незарастающей народной тропе”, к “Памятнику”** – А.С. Пушкиннің өз дарыны мен даңқына, болашағына сеніп сөйлейтін өлең жолдарын келтіру арқылы М. Әуезов Абай мұрасын сол биіктен бағалайтынын білдірген.

3. 13-б. **“...он мог сказать “Моя Кааба перекочевала на Запад”** – Қазақ тіліндегі нұсқада да осы сөздер сақталған. Ол **“Шығысым Батыс боп кетті”** дейтін Абай пікірінің екінші сыңары.

4. 13-б. **“Абаем написан философский трактат о Сократе”** – Тәрізі Сократ пен шәкірті Аристодимнің диалогы, жаратушының адамға тән бес сезім мүшелерінің әбден қажеттілігін біліп, оларды пайда қылуы туралы 28-ші қара сөзі жайлы айтылса керек.

Б. Майтанов

“Жақсы сынға жан пида”

М.Әуезовтің бұл мақаласы 1939 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 1 наурыздағы санында шыққан. Кейін еш жерде жарияланбаған. Жазушы мұражайының қолжазба қорында мақаланың қолжазбалары сақталған. Машинкамен басылған және қарындашпен (кириллица) жазылған нұсқалар (“Әуезов үйі” ҒМО. 227-бума) “Социалистік Қазақстан” газетіндегі нұсқамен бірдей. Екеуінің де соңында “М. Әуезов. “Социалистік Қазақстан”, 1 март, №49 ” деген жазу бар. Екеуінде де газеттің шыққан датасы мен номерінің берілгеніне қарағанда мақаланы газеттен көшіріп алып машинкамен басқан болу керек. Қарындашпен жазылған жазу М.Әуезовтің қолы (почеркі) емес. Қолжазба қорындағы 233-бумадағы латын әріпті нұсқа жазушының өз қолымен жазылған. Буманың 32—41-беттеріндегі сарғыш қағазға күлгін сиямен жазылған қолжазбаның үстіне автордың өз қолымен жасалған түзетулер бар. Газетке шыққан нұсқаның бірінші абзацынан кейін келетін: “Мен бұл жөнінде жәй пікір айтушы ғана емес, аздықөпті жазушылық еңбегіммен де араласып, атсалысып жүрген кісімін. Сондықтан, мысалы, опера театрында композитор еңбегі не түрде, жазушы еңбегі қандай үлгіде болу керек деген сұрақтарға бірталай айта жүрген пікірлерім, ойлап жүрген ойларым да бар. Операның маманы болмасам да біздің операның өткен жолы, бүгінгі күйі, келешегі деген жайлардан да әралуан пікірлерім бар”, — деген мәтін бөлігі қолжазбада сызылған. Бұл бөлік газеттегі нұсқада жоқ. Газеттегі екінші абзацтың басында келетін: “Бірақ бұл мақалада”, — деген тіркес те сызылған. Қолжазбада басқа қысқартылған жерлер жоқ. Әр жерде бір-екі сөзден сызылып, үстіне басқа балама сөздер жазылған стильдік түзетулер кездеседі. Түзетілген нұсқа газеттегі нұсқамен бірдей болып шықты.

“Пікір алысу ретінде” деген ескертпемен берілген мақаланың мазмұнымен танысқан кезде М. Әуезов өз мақаласын бұрынырақ жазылған С. Мұқановтың сын мақаласына жауап ретінде жазғаны көрінеді. Әуезов мақаласы шығып отырған “Социалистік Қазақстан” газетінің тігіндісін қараған кезде газеттің 1939 жылғы 27 ақпандағы санында С. Мұқановтың “Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық” (пікір алысу ретінде деген ескертпемен

берілген) деген мақаласы шықты. Мұнда автор “Айман—Шолпан” (либреттосын М. Әуезов, музыкасын И.В. Коцык пен Е.Г. Брусиловский жазған, премьерасы 1934 жылы, 13 қаңтарда өткен), “Қыз Жібек” (либреттосын Ф. Мүсірепов, музыкасын Е.Г. Брусиловский жазған, премьерасы — 1934 жылы 7 қарашада), “Ер Тарғын” (либреттосын С. Қамалов, музыкасын Е.Г. Брусиловский жазған, премьерасы 1937 жылы 15 қаңтарда болған) операларының Қазақстанның мемлекеттік опера және балет театрындағы қойылымдары жайында сыни ойлар айтқан. Мақала авторы операларға әуен жазған сазгерлердің қазақтың әндері мен аспаптық музыкасын пайдалану жолдарын айта келіп, негізінде фольклорлық мәтіндерді опера либреттоларына айналдыру жолындағы шығармашылық жұмыстарына тоқталған. “Қыз Жібек” пен “Ер Тарғын” опералары мазмұнының халықтық эпос үлгілерінің көркемдік дәрежесінен төмендегенін айта келіп, бұл тұрғыда “Айман—Шолпан” операсының сөзіне (либреттосына) сын айтқан. “Ал, “Айман—Шолпан” операсы халық поэмасынан атымен қол үзген; поэманың арнасы, желісі бір басқа қалып, опера бетімен кеткен; поэмадағы халық образдарын теріс, қате көрсеткен “Айман—Шолпан” опера театрында екі вариантта көрсетілді. Алғашқы вариантында жалғыз Көтібар образын поэмадан басқаша, сықақ қып көрсеткені болмаса, өзге образдары... негізінде дұрыс, сүйкімді еді. Кейін өзгертіп, қайта жазғанда, автор Мұхтар Әуезов жолдас бастапқы алған жолын тастап, қате, теріс жолға түсті, поэмада сүйкімді көрінетін образдардың бәрі мысқылдың, сықақтың құралына айналды. Мұндай халық поэмасын, халықтың сүйкімді образдарын мысқылдау, сықақтау жолына неге түскендігі, авторға болмаса, көлденең кісіге көмескі”, — деген жолдардан басқа Көтібар, Арыстан, Есеттерді Ресей патшалығына қарсы күрескен халық батырлары ретінде алып, М. Әуезовті бұл тұрғыда кері тартқан етіп көрсетеді. С. Мұқанов мақаласының басында “Сталиндік үшінші бесжылдық туралы, В.М. Молотов жолдастың ВКП (б) XVII съезіне ұсынған тезистері” жайлы, 1937, 38 жылдардағы “союздық бюджет”, ҚК(б)П Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің искусство мен әдебиетті өркендету туралы шығарған қаулысы жайында айтылса, мақаланың соңында “Орталық Комитеттің тілі “Правда” газетінің 1936 жылғы “Батырлар” пьесасын сынап, пьесаның “тарихты, халық әдебиетін, халық сүйген образдарды теріс бұрды” деген айыппен сахнадан алынғаны жайында айтылған. Бұл мысалдар мақаланы көркемдік сыннан гөрі саяси айыптау бағытына бұрып тұр.

М. Әуезовке мұндай ауыр солақай сынға міндетті түрде жауап беруге тура келгені анық. Мақаланы “С. Мұқанов бұл мәселені орынды көтеріп отыр” деп абайлап бастаған Әуезов фольклордың, драмалық жанрлардың білгірі ретінде “Айман—Шолпан” лиро-

эпосының мазмұнын ашып, Көтібар образын халық эпосындағы сюжеттік, композициялық, фабулалық құрылым ішінде қарап, нақты мысалдармен талдап, Ресей патшалығына қарсы күреске қатысқан жері жоқ екенін дәлелдеп шыққан. Осы тұрғыда Көтібардың С. Мұқанов айтатындай кедей, езілген таптың өкілі емес екенін де дәлелдеген. Осыларды айта келе патшалық Ресейге қарсы күрескен Көтібардың баласы Есет пен Бекет батыр екенін нақты мысалдармен дәлелдеп кеткен. Қазақ сахнасында опера жанрының қалыптасуы жайлы алғашқы мақала жазғандардың бірі М. Әуезов. 1933 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 2 маусымдағы санында “Театр, музыка кадры”, 1934 жылы “Социалды Қазақстан” газетінің 24 қарашадағы санында “Қыз Жібек” қандай?”, 1936 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 5 мамырдағы санында “Қазақтың халық музыкасы мен халық театры”, 5 тамыздағы санында “Тарғын” туралы”, т.б. да мақаларында М. Әуезов опера жанрына қатысты жан-жақты ойлар айтқан. “Жақсы сынға жан пидә” мақаласында жазушының халықтық фольклордың негізінде драмалық шығарма, либретто жасаудың екі жолы: режиссерлік қызмет пен жазушылық қызметтің ерекшеліктерін талдай келіп, бұл жолдағы драматург жазушының міндеттері мен мүмкіндіктері жайында талдаулар жасаған.

Мақала қазақ топырағындағы опера жанрының тарихын зерделеуге қажетті құнды еңбек. М. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына мақаланың “Социалистік Қазақстан” газетіндегі нұсқасы беріліп отыр. Газеттегі нұсқада кеткен орфографиялық, пунктуациялық қателер түзетілді. Жалғаулық шылаулар мен кейбір септік жалғауларының жазылуы қазіргі грамматикалық ережелерге сай берілді. Мақала тексіндегі “жана” сөзі “және” деп алынды. С. Мұқанов тексіндегі “қалық” сөзі сол қалпында берілді.

Р. Әбдіғұлов

“Жәңгір” жыры қазақ тілінде”

“Жәңгір” (Жангар) – батыс Монғолияның, дәлірек айтсақ, қалмақ халқының тамаша аңызы. Монғолдың көне әдебиетінің әйгілі үш заңғарларының бірі. Жыр көшпелі монғол халқының бай рухани мұрасы, әрі дүние жүзілік мәдениет қазынасына қосылған көлемді де көркем батырлық дастан.

“Жәңгірдің” сюжеттік желісін құраған тарихи оқиғалардың ізі XV ғасырға түспа-түс келеді, себебі қалмақтың қазіргі мекені – Еділ, Дон өзендері жырда кездеспейді. Мұнда көрініс беретін жер-су атаулары: Алтай жотасы, Ертіс дариясы мен Тибет, Таңғыт, Қытай, төрт Ойрат сияқты елдер әредік айтылады.

Сондықтан монғолтанушы ғалымдар (С. Козин) “Жәңгір” жыры қалмақ жұрты XVII ғасырда Алтай өлкесінен ауудан бұрын шығарылған деп есептейді. Жырда бұрынғы дәуірлер фольклорына тән сарындар кездескенімен, оқиғалар желісінде ойрат-қалмақ мемлекетінің күшею кезеңі елес береді. Өйткені Жәңгір атымен байланысты жырдың барлық көлемі 17 тараудан тұрғанымен, ел арасында кең тараған асыл нұсқасы – 12 тарау. Және, осы жырлардың құралып келіп, бір нұсқаның ауқымында біріккен кезі де, XV ғасырда торғауыт, дөрбөт, хошоут, жоңғар тайпаларының бір мемлекет құрамында одақтасқан дәуірімен шектеседі (Ер Жаңғыр. Улаанбаатар, 1999. 4–5-бб.).

Демек, жыр XV ғасырдың орта тұсында туды деп есептелгендіктен 1940 жылы Кеңес Одағында “Жәңгірдің” 500 жылдығы аталып өтілді. Сол мерейтойдың қарсаңында “Жәңгір” бірнеше тілге аударылып, жеке кітап болып басылып шықты. Газет-журналдарда көптеген ғылыми-зерттеу мақалалар жарияланды.

Жалпы дастанды тұңғыш рет Еуропа саяхатшысы Бергман қалмақ жырауларынан жырдың мазмұнын естіп, екі тарауын неміс тіліне тәржімалап, 1804 жылы бастырды, бірақ ол үзінділерді кім-кімдердің аузынан жазып алғандығы белгісіз.

Ал жырдың алғаш зерттеле бастауы монғолтанушы ғалым А. Бобравников (1854) атымен тығыз байланысты. “Жәңгірдің” халық арасындағы фольклорлық нұсқасын жазып алып баспа бетінде жариялау, зерттеу ісімен айналысқандар: К. Голстунский

(1864), В. Котвич (1910), Б. Владимирцов (1923), С. Козин (1940), Ц. Дамдинсурэн (1964), т.б.

Міне, осынау әдеби-тарихи зерттеу ұлы үрдісінен жаңылмай келіп, 1940 жылы біздің елімізде тұңғыш рет “Джангр” деген атпен латын әрпінде жеке кітап болып жарық көрді. Жалпы редакциясын басқарған – Мұхтар Әуезов. Түбегейлі аударушылар: А. Токмағанбетов, Ж. Саин, Қ. Бекхожин, Қ. Аманжолов, Қ. Сатыбалдин (“Джангр” (қалмақ халқының эпосы). Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1940. 196-б.)

Тәржімаға 1864 жылы профессор К. Голстунский қалмақ тілінде шығарып, оны Позднеев екі рет орысша жариялаған екі тарау “Қатал Қара Кинәс” пен “Долы Шар Гургу” деп аталатын бөлімдер және В. Котвич (1910), Н. Николай (1936) сияқты ғалымдардың бастырған нұсқалары негіз болған.

Бұл аударма туралы М. Әуезов “Социалистік Қазақстан” газетінің 1940 жылғы 18 көкектегі санында “Жәңгір” жыры қазақ тілінде” деген мақала жазып, дастанның тәржімасына қойылған талаптар, көркемдік, мазмұндық ерекшеліктер, тілдік, стильдік даралықтары туралы жан-жақты талдап көрсетті. Қазақ халқының батырлық дастанымен салыстыра отырып, бейнелеу тәсілдеріндегі өзгешеліктер, ұқсастықтар мен айырмашылықтарға тоқталып өтеді. Сонымен қатар, аударма өнерінің жалпы ерекшелігі, теориялық-проблемалық және практикалық мәселелері жайында: “...Қазақшалансын, қазақшаланбасын. Бұл екі жайдың арасы көш құлаш жер. Шығарма қазақшаланды екен деп өзінің анайы топырағындағы өзіндік бітім кескінінен, иісі лебінен айрылып қалмасын, ұғымды болсын деп қазақтың тон, тымағын кигізсек, жол болмайды”, – деп осы мақаласында бұрын-соңды айтып, жазып жүрген пікірін тағы да бір нақтылай түседі.

Мақала тұңғыш рет аталмыш газетте жарияланғанымен, жазушының кейінгі томдықтары мен жекелеген жинақтарында жарияланбаған және қолжазба сақталмаған. Жазушы шығармаларының елу томдық академиялық жинағына газеттегі басылымы негіз болды.

Айта кету керек, М. Әуезов бұл мақаласында киіз туырлықты, ағаш уықты қалмақ жұртының әдеби мұрасына зор жауапкершілікпен қарап, “Жәңгірді” қазақ жұртына танытуға, төл тума эпостарымызбен салыстыра зерттеп, ғылыми тұрғыдан нақты зерделеудің алғашқы соқпағын салып берді. Осы бастаудан арна тауып, дастан 1999 жылы белгілі жазушы, аудармашы Мағауия Сұлтаняұлының тәржімалауымен қазақ тіліне түбегейлі аударылып, “Ер Жанғыр” деген атпен жеке кітап болып, басылып шықты.

1. 24-б. “Бірақ осы атаулар кейде екі-үш бунақ боп ұзын келсе немесе айтуға ауыр, өлеңге тұтқыр келсе...” – Автор өлең өлшемдеріне үйлеспей жатса, шұбалаңқы келсе дегенді айтып отыр.

2. 24-б. “Бұл жолғы аударуда “Жәңгір” дастаны қазақшаға түгел қотарылған жоқ” – Мұнда жыр түгел аударылмады деген мағынада.

Е. Қаныкейұлы

“Жаңа жылға жаңа төл”

М. Әуезовтің бұл шағын пікір мақаласы жаңа жылдың алдында жазылып, “Қазақ әдебиетінің” 1940 жылғы 1 қаңтар күнгі мерекелік санында бірінші бетте жарияланған. Газеттің осы бетінде жазушы С. Мұқанов та “Мен не жазам?” деген тақырыппен өз шығармашылық жоспарын таныстырған.

М. Әуезовтің бұл мақаласы одан кейін қайта басылған жоқ. Қолжазбасы сақталмаған. Сол газетте жарық көрген нұсқа бойынша елу томдығына тұңғыш рет ешбір өзгеріссіз еніп отыр.

Автор бұл мақаласы арқылы оқырманға бір жылдық шығармашылық есебін қысқаша баяндап, өткен жылы “Райхан” кино әңгімесін, “Абай” пьесасын жазып бітіргенін, келер жылы “Абай” романын аяқтайтынын айтады.

“Райхан” фильмі 1940 жылы “Ленфильм” киностудиясында түсіріліп, экранға шықты. Режиссері М. Левин, операторы Х. Назарьянц, суретшісі М. Левин, композиторы В. Великанов.

Рольдерде Е. Өмірзақов (бай Жексен), Х. Бөкеева (Райхан), Р. Оспанова (Райханның анасы), С. Қожамқұлов (жылқышы Кеке), Қ. Қуанышбаев (ақын), Ш. Айманов (Сәрсен) секілді өнер қайраткерлері ойнаған.

“Райхан” әдеби сценарийі М. Әуезовтің архивінде сақталған қолжазба негізінде 20 томдық шығармалар жинағының 12-томында (1983. 12-том. 264—323-бб.) алғаш рет жарияланды.

12-томда осы туынды жөнінде жазған ғылыми түсінікте “Райхан” фильмінің режиссерінің аты-жөні Л. Левин деп қате жазылған, дұрысы М. Левин.

М. Әуезов пен Л. Соболев бірігіп жазған 4 актылы, 7 суретті “Абай” пьесасы алғаш рет 1940 жылы 30 қазанда Қазақ академиялық драма театрының сахнасында қойылды. Режиссері А. Токпанов. Абай ролін Қ. Қуанышбаев сомдады.

Ал әйгілі “Абай” романы 1942 жылы жарық көрді.

А. Тойшанұлы

“Абай юбилейі туралы”

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың 95 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылған бұл мақала алғаш рет 1940 жылы 5 қаңтарда “Қазақ әдебиеті” газетіне жарияланып, арада біраз уақыт өткенде жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 15 томына “Абайтану мәселері (1934–1940)” деген ортақ тақырыптағы топтама мақалалардың қатарында басылып шықты. Бұған дейін Абайдың туысы мен өмірі, шығармашылығына бірқатар еңбектер арнаған жазушы осы шағын мақалада қомақты мәселелер қозғауды мақсат етпеген. М. Әуезов бұл жерде республика деңгейінде өткізілгелі отырған 95 жылдық мерекелі оқиғаның 5 жылдан кейін келетін алдағы жүз жылдық мерейтойға дайындық ретінде маңызы барын орынды атап өтіп, алда істелетін біраз нақты жайттарға ғана тоқталады.

1940 жылы Абайдың туғанына 95 жыл толуын республика деңгейінде лайықты қарсы алу үшін бірқатар ауқымды мәдени шаралар белгіленіп, жүзеге асырылғаны белгілі. Алдағы мерейтой кезінде атқарылуға тиісті жұмыстардың ауқымдылығы басқару мекемелері мен зерттеуші-ғалымдар, жазушылар алдына жаңа міндеттер қойды. Осындай көп істің ортасында жүріп, жазушы алдағы назар аударатын тағы да біраз жайттарға осы шағын мақалада тоқталып өтті. Абай шығармаларын орыс тіліне аударып, кітап етіп шығару, алдағы мерекені лайықты деңгейде өткізу туралы Мәскеу Жазушылар одағы мен баспасөз орындары орынды қозғап, айта бастағанын қуана құптайды. Абай жайын еңбекшілерге, халық арасына жеткізуді баспасөз, Жазушылар одағы, ғылыми мекемелер болып жұмыла қолға алғанына сенімді қаламгер мерейтой кезінде ақынның туған жері Семей облысы, Абай ауданы, туған ауылы көлеміндегі атқарылуға тиісті бірқатар жұмыстардың да назардан тыс қалмауын ескертеді. Оның біріншісі – Абайға қатысты жерлерді қамқорлыққа алу, ескерткіш белгілер орнату болса, екіншісі – ақын өміріне қатысты архив қазынасын тексеріп, мәліметтер жинау, көз көрген қариялардың естеліктерін мұқият жазып алу туралы. Бұл екі мәселені де жазушы қалай істеудің жеңіл, орынды болатынын көрсете отырып баяндайды. Мерейтой кезінде ғана емес, Абайға қатысты үлкенді-кішілі

барлық жұмыстың басы-қасында болған М. Әуезовтің осы мақалада айтылған ескерту, ұсыныстарының да жерде қалмай ұқыптылықпен жүзеге асырылғанын көреміз. Мақала жазушының 50 томдық толық жинағына 15-томдағы басылымы бойынша газетке шыққан нұсқамен салыстыра отырып дайындалды.

К. Рахымжанов

“Абай жайын зерттеушілерге”

Мақала Абай Құнанбайұлының туғаныны 95 жыл толуына байланысты жазылған. Бүкіл саналы ғұмырын ұлы ақын мұрасын жинау, жариялау, зерттеу, насихаттау ісіне арнаған М. Әуезов осы шараның төңірегінде толғана отырып, 100 жылдық мерейтойды биік деңгейде қарсы алу мәселесіне тоқталады.

М. Әуезов Абай шығармалары деп ұсынылатын дүниелерге аса сақтықпен қарайды. Барды елеп-екшеп, шынайы түпнұсқаны ғана басылымға беру дұрыс саналады. Абай туындыларын жинастырудың әсіре науқандық сипат алуын құптамаушылық айқын.

Автордың аса назар салатын мәселесі — дала данышпаны өмір сүрген заман мен ортаны жете танытатын этномәдени мәліметтерді мол қамтып, ғылыми айналымға түсіру. Жыл, маусым мезгілдеріне, қыр шаруашылығына, кәсіпке, сауық-сайран, мереке, рәсімге қатысты деректер, тұрмыс-салт, ел шіндегі билік, дау, талас, жанұялық дәстүр төңірегіндегі ғұрыптық дағдыларды жан-жақты қарастырудың маңыздылығы баса көтерілген. Өйткені бұл арнадағы мақсат-міндет суреткердің Абай туралы роман жазу мұратымен аңсарлас келіп жатыр. Аталған жағдайлар кейіннен және оған дейін де жазушы өз басынан кешіп жүрген шығармашылық ыңғайдағы сан-сапырылыс жұмыстармен үндес жатыр.

Мақала “Екпінді” газетінде (1940. 17 маусым), “Абай Құнанбаев” монографиясында (1967), М.Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (151—153 бб.), 20 томдық шығармалар жинағында (146—149 бб.) жарияланған. Мәтінде өзгерістер жоқ. Соңғы басылым ұсынылып отыр.

1. 30-б. **“Барын барша, бажайына барғыза алмаудан...”** — Мәселенің байыбына жету тұрғысында сөз болып отыр.

2. 31-б. **“Олар да Абайдың лұғатымен сөйлейді”** — Лұғаты — тіл өрнегі, мәнері ретінде пайдаланылған.

3. 32-б. **Салбурын ұру** — қан сонарда аңға шығу машығы.

4. 32-б. **“Отамалы, сәуір, қыркүйек, құралай, тоғам, сүмбіле сияқты ай, күн мерзімдерін де ескеру қажет”** — Осы ұғымдарға байланысты сөзді жеткіншек “Абай жолы” романының бірінші кітабында, “Шытырманда” тарауында Құлыншақ ауылына бара жатып Қарабаспен бірге әңгіме өзегіне айналдырады. “Отамалы

көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда” дейтін Қарабас Отамалы қойшы туралы ескілікті оқиғаны баяндап береді. Сондай-ақ “Айдың тоғамы”, “Өлі ара”, “Қыр күйек” туралы да жас Абай біраз жайға қанығады” (Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 3-т. Алматы: Жазушы, 1979. 153—154-бб.). Демек, қаламгер мақалада көтерілген тілекті көркем туындысында тұрмыстық-этнографиялық деталь ретінде орнымен жүзеге асырған.

Б. Майтанов

“Мәдениетті Қазақстан”

Жазушының очеркі алғаш рет “Мәдениетті Қазақстан” деген атпен “Әдебиет және искусство” (1940. №10—11. 93—101-бб.), “Халық мұғалімі” (1940. №19—20. 26—36-бб.) журналдарында басылып, кейін Қазақстан жазушыларының ұйымдастыруымен республика тойына арнайы шығарылған көркем очерктер жинағында (“Қазақстан” көркем очерктер жинағы. Алматы, 1940. 453—466-бб.) тағы да жарық көрді. Жазушының бұл көлемді очеркі көрнекті ақын Қалижан Бекхожинмен бірлесіп жазылды. Очерк “Қазақстан” жинағындағы нұсқасы бойынша бірлі-жарымды сөздерге редакция жүргізіліп, жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының сегізінші томында (Алматы: Жазушы, 1981. 51—68-бб.) берілді. М. Әуезовтің бұл очеркі идеясы, тақырыбы, сюжеті, композициясы жағынан әңгімеге жақын. Еңбектің мақсаты Қазан төңкерісінен бұрын “түгелдей сауатсыз болған бұратана халықтың” 40-жылдар тұсындағы білімге, ғылымға құлаш сермеген, мәдениетті ел болған халық тұрмысын жинақтап, екі кезеңдегі жетістіктерді көрсету болды. Автор осы кезеңде ұлттық мәдениеттің қаншалықты артқанын, қазақ жастарының қай жылдарда қаншалықты білім алғанын салыстыра отырып, шағын тақырыптармен оқиға желісін шебер жеткізген. “Қазақ сахарасын жайлаған надандық, қараңғылық” деп келетін публицистикалық суреттеулерде (51-б.) “Бұрын ғылым-өнер қазақтың көп татпаған асы еді. Оның білген химиясы құрт қайнатып, ет асу түрінде, оның білген астрономиясы “ай тоғады”, “үркер туды”, “үш арқар таразы көтерілді”, “Есекқырған еңкейдімен” “тоқыраушы еді”, — деп қазақтың есеп-қисабының өзін саусақпен санап, немесе “қоралы қой”, “шұқыр толы жылқы”... деген сияқты шоғыр есеппен болушы еді”, — дей отырып, сол сауатсыз деген халықтың айтқан жорамалдары ғылыми жағынан дәл шығарып отырғанын астарлай отырып көрегендікпен жеткізіп береді.

Отызыншы жылдардың екінші жартысындағы қаулы-қарарларда қалам қайраткерлеріне республикамыздың тұс-тұсын шарлап, қазіргі өмірді көрсетіп, шахта, құрылыс алаңдары, завод цехтары, колхоз фермалары, оқу орындары мен өнеркәсіптегі

мәдениет саласынан материалдар жинап, очерк жазу міндеттелді. Осыған орай І. Жансүгіров “Байыған Балқаш”, Ә. Әбішев “Қарағанды қарттың сыры”, И. Шухов “Дән туралы поэма”, С. Омаров “Керегетас”, Ж. Есбатыров “Ақсу алқабында”, Ш. Құсайынов “Қазақ опера театры”, М. Әуезов пен Қ. Бекхожин “Мәдениетті Қазақстан”, т.б. тақырып аясын кеңіткен очерктерін дүниеге әкелді.

Очерктің 20 томдықтағы нұсқасына “Қазақстан” көркем очерктер жинағындағы мәтіні алынып, томға беріліп отырған материал бұрын жарық көрген журналдағы екі очерк мәтіндерімен салыстырылып берілді. Салыстыру кезінде екі журналдағы мәтіндерде ішінара сөйлем, сөздерге өзгерістер енгені, “Әдебиет және искусство”дағы “Қазақстан мәдениетін баяндайтын бес тақырыптың: “Мәдениетті Қазақстан” (93-б.), “Мәдениет, сәулет қаласы” (95-б.), “Білімнің тұңғыш ордасы” (96-б.), “ҚазПИ-дің жемістері” (99-б.), “Цифрлар сөйлесе не дейді?” (100-б.) атты тақырыптардың соңғы “Цифрлар сөйлесе не дейді?” бөлімі “Халық мұғалімі” журналында мүлдем алынып тасталып, “Мәдениетті Қазақстан” 26 бет, “Мәдениет, сәулет қаласы” 29 бет, “Білімнің тұңғыш ордасы” 30 бет, “ҚазПИ-дің жемістері” 35 бет болып қысқартылғаны анықталды.

Қазақстан совет Жазушылар одағы мен Өнер істері басқармасының айына бір рет шығатын “Әдебиет және искусство” (1940. №10—11, 93—101-бб.; жауапты редакторы С. Есбатыров), “Халық мұғалімі” (Қазақ ССР Оқу халық комиссариатының айына екі рет шығатын ғылыми педогогикалық журналы, 1940. №19—20, 26—36-бб.; жауапты редакторы Б. Исаев) журналдарында және 20-томдықта жарық көрген “Мәдениетті Қазақстан” очеркінің мәтіндерін салыстырғанда кеткен қателер мен өзгерістер анықталды. Мысалы:

“Халық мұғалімі”, “Әдебиет және искусство”, 20 томдықта тиісінше былай берілген: 26-б. “Зерлеп”; 93-б. “Ізерлеп”; 52-б. “Ізерлеп”.

27-б. “батым бойла”; 94-б. “батым байла”; 53-б. “батыл бойла”.

27-б. “Тірлік”; 94-б. “Тірлік”; 53-б. “Тіршілік”.

28-б. Желе бөкеңдеп”; 94-б. “Желе бүкеңдеп”; 54-б. “Желе бүкеңдеп”.

29-б. “Қаптап жүрген”; 94-б. “Құмырсқадай қайнап жүрген”; 56-б. “Құмырсқадай қайнап жүрген”.

31-б. “Сталин жолдастың өзі ұлт ұлттық мәдениетін”;

96-б. “Сталин жолдастың өзі ұлт-ұлттық мәдениетін”; 52-б. “Партия мен үкімет ұлт-ұлттық мәдениетін”.

31-б. “Екіншіден жүрдай болып келген”; 96-б. “Екіншіден жүрдай”; 59-б. “Мектептен жүрдай болып келген”.

20-томдықтағы (“Қазақстан” баспасы. 464-б.), “Әдебиет және искусство” журналындағы “Загира болса еңбек қасиеті арқасында Қазақстандағы таңдаулы адамдардың бірі болып отыр” сөйлемі “Халық мұғалімі” журналында түсіп қалған.

Бұл томға “Қазақстан” көркем очерктер жинағындағы мәтін (Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1940. 453—466-бб.) 20 томдықтағы мәтінмен салыстырылып, қазіргі орфографиялық, пунктуациялық ережелерге сай “халқ – халық, “Алма-Ата – Алматы”, “аул – ауыл”, “хас – қас”, “Бұдан – Мұнда”, “көрінуі – көрінеді”, “бірақ ұзақ жолға алатын мол азығы – ұзын жолға алатын мол азығы”, “ҚазПИ емес – Бір ҚазПИ емес” – деп берілді.

1. 35-б. “Қамшыланған қиялы көптің көкейін тескен талай-талай “көкейкесті” мұңдар айтты” — “Қамшыланған қиялы мұңдар айтты” (454-б).

2. 38-б. “...жер жүзі еңбекшілерінің қамқоры, данышпан Ленин мен Сталин” — “...жер жүзі еңбекшілерінің қамқоры, данышпан Ленин” (456-б.)

3. 41-б. “Партия мен үкімет, әсіресе Сталин жолдастың өзі ұлт-ұлттың мәдениетін” — “Партия мен үкімет ұлт-ұлттың мәдениетін” (458-б).

4. 41-б. “Содан бері қарай Қазақтың мемлекеттік педагогика институты жасап келеді. Қазақтың мемлекеттік педагогика институты, қысқаша айтқанда ҚазПИ...” — “Содан бері қарай Қазақтың Мемлекеттік педагогика институты, қысқаша айтқанда ҚазПИ...” (459-б).

5. 41-б. “Ескіден жүрдай болып келген...” — “Мектептен жүрдай болып келген”(459-б).

6. 45-б. “Мұнда оқитын жастар халқы үшін, жаңа дүниенің игілігі үшін өнер-білімге ынтасын, талабын жұмсайтын саналы жастар” — “Мұнда оқитын жастар халқы үшін өнер-білімге ынтасын, талабын жұмсайтын саналы жастар” (462-б.).

7. 45-б. “Сталин жолдастың атындағы ардақты стипендияны алатын болды бұлар” — “Стипендия алатын болды бұлар” (462-б).

8. 50-б. “Бұл табысқа, бұл игілікке қазақ халқы Ленин-Сталиннің кемеңгер ұлт саясаты арқасында, халықтардың ұлы көсемі, қазақ халқының жан досы, данышпан Сталиннің аталық қамқорлығының арқасында жетіп отыр” — “Бұл табысқа, бұл игілікке қазақ халқы Лениннің кемеңгер ұлт саясаты арқасында жетіп отыр” (466-б.). Толықтырылған материал текстерінде

кездесетін “Ұлы көсеміміз”, “Ленин-Сталиннің кемеңгер... аталық қамқорлығының арқасында” тәрізді сөз, сөйлем тіркестері сол кездегі саясат ықпалымен жазылғандықтан қысқартылмай, толық күйінде жіберілді.

С. Майлыбай

“Культура Қазақстана”

М. Әуезовтің Қ. Бекхожинмен бірге жазған көркем очеркі 1940 жылы “Қазақстан: Сборник художественных очерков” кітабында (Алматы: ҚМКӘБ, 473—487-бб.) шыққан. Очерк екі тілде жазылған (осы томдағы “Мәдениетті Қазақстан” очеркінің түсініктемесін қараңыз). Көркем очерк 1940 жылы қазан айында үлкен мемлекеттік дәрежедегі мерейтой ретінде атап өтілген Қазақ ССР-ның 20 жылдығына орай жазылған. Мерейтойдың алдында, той үстінде мерзімді баспасөз беттерінде сол кездегі идеологиялық талаптардың тұрғысынан жазылған мақала, очерктер шығып жатты. Оларда республиканың 20 жыл ішіндегі әлеуметтік салада, экономикада, халық ағарту ісінде, мәдениетте, әдебиет пен өнерде, т.б. салалардағы жетістіктері дәріптелді. Мақала авторларының ішінде журналист, жазушылармен қатар өнер қайраткерлері, жұмысшылар, колхозшылар, өнер қайраткерлері, әскери қызметкерлер болды. Республика табыстарын бүкілодақтық орыс тілді оқырманға жеткізу мақсатында аталған көркем очерктер жинағы дайындалды. Республика үкіметінің қатаң назарында болған жинақтың редакция алқасына И. Шухов (бас редактор), С. Костюхин, С. Мұқанов, К. Нефедов, Дм. Снегиндер кірді. Осы тектес Қазақстанның 20 жыл ішіндегі әдебиетін көрсетуге арналған “Сборник современной казахской литературы” жинағында (Москва, 1941) М. Әуезовтің “Абай” трагедиясының орысша нұсқасы мен “Қазақская литература за 20 лет” атты әдебиет тарихының очеркі сипатындағы мақаласы берілген болатын. Көркем очерктер жинағында М. Әуезов пен Қ. Бекхожиннің аталған очеркінен басқа республиканың белгілі ақын-жазушылары С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтың, Ғ. Мұстафиннің, А. Тоқмағамбетовтың, И. Шуховтың, Дм. Снегиннің, Ә. Әбішевтің, Ғ. Ормановтың, Ш. Құсайыновтың, т.б. авторлардың мақала, очерктері берілген. “Культура Қазақстана” очеркінде республиканың 20 жыл ішіндегі мәдениет пен білім беру ісіндегі табыстары жайында айтылған. Авторлар көлемді очеркті “Годы сна”, “Город красоты и культуры”, “Старейшая кузница кадров”, “Питомцы КазПИ”, “О чем говорят цифры” атты тақырыпшаларға бөлген. Жинаққа кірген мақала, очерктердің тақырыбы мен мазмұнына сол кездегі идеологиялық талаптар анық әсер еткен. Кітапқа кірген әрбір

мақаланы тиісті үкімет мекемелері қатаң цензурадан өткізіп барып жіберіп отырғаны айқын. Осыдан барып Әуезов пен Бекхожин жазған мақалада да аздаған идеологиялық сипаттағы баяндаулар бар. Очерктің алғашқы бөлімінде Қазақстанның әдеби, мәдени дамуының негізгі кезеңдерін қысқаша шолып өтіп, негізінде республикада кеңес өкіметі жылдарындағы халық ағарту ісінің даму барысын талдайды. Қазақ педагогика институтына арнайы тоқталып, институттың республиканың халық ағарту ісіндегі роліне жоғары баға берген. Очеркте республикадағы білім беру ісінің тарихы үшін өте құнды деректер, цифрлар бар. Осындай деректер мәдени ошақтарға да қатысты берілген.

“Культура Казахстана” очеркін “Мәдениетті Қазақстан” очеркінің мәтінімен салыстырғанда екі нұсқаның мазмұны бірдей екені анықталды. Орысша очеркте кейбір ұлттық сипаты жағынан алғанда орыс тілді оқырманға түсініксіз болуы мүмкін жерлерді ыңғайлап аударған. Мысалы, қазақ тіліндегі “Бұрын ғылыми-өнер қазақтың көп татпаған асы еді. Оның білген химиясы құрт қайнатып, ет асу түрінде, оның білген астрономиясы “ай тоғады”, “үрке туды”, “үш арқар таразы көтерілді”, “Есекқырған еңкейдімен”, тоқыраушы еді” абзацын орыс тілінде “В дореволюционное время наука и просвещение были недоступны для казахского народа. Познание казахского народа в области науки сводилось к тому, что он видел и что мог наблюдать долгие годы”, – деп берілген. Очерктің екі тілдегі нұсқаларының көп жерлері дәлме-дәл келіп отырады. Барлық атаулар, деректер, цифрлар, даталар екі нұсқада да бірдей.

М. Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағының бұл томына очерк аталған жинақтағы мәтіні бойынша толықтай өзгеріссіз беріліп отыр.

Д. Қонаев

“Абайдың өмірбаяны”

(екінші нұсқа)

Ақын өмірбаяны жөніндегі осы екінші нұсқа алғаш рет оның шығармаларының екі томдық толық жинағында (“Қазақстан көркем әдебиет баспасы”, 1940. 2-том. 5—61-бб.) басылды. Осыдан кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде ғана барып, жиырма томдық шығармалар жинағы (“Жазушы”, 1984. 15-том. 149—202-бб.) мен филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметовтің дайындауындағы “Абайды білмек парыз ойлы жасқа” (“Санат”, 1997. 181—230-бб.) деп аталатын кітапта жарық көрді. Әуелгі нұсқамен салыстырғанда бұл жерде автор көп жаңартып жаңғыртқаны, тың ойлар мен толықтырулар, құрылымдық жағына да едәуір өзгерістер енгізгендігі көрінеді.

Негізінде ақын өмірбаяны мен шығармаларын танып білу мақсатындағы зерттеушілік бағыты жиырмасыншы жылдардың басында басталды; бұған дейін осы тұрғыдағы алғашқы талпыныстары “Абайдың өмірі һәм қызметі”, “Абайдан соңғы ақындар” деп аталатын мақалаларынан бастау алды. Мұның өзі ақыннан қалған мұралардың уақытын, заманын, оның жазылу себептерін анықтауға, әрбір туындының арғы астарына, шығармашылық ерекшеліктері мен алуандықтарына тереңдеп енуіне, жалпы әдебиет пен мәдениетті байланыстыра қарастыруына алып барды. Оның нәтижесі жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында белгілі бір деңгейге көтерілгенімен, жариялаудың сөті тек бертінірек келгенде ғана түсті. Өйткені сол ізденістерінің жемістері 1925 жылы жазылып бітіп, 1927 жылы жарық көрген “Әдебиет тарихының” екінші кітабында көрініс табуы тиіс еді, бірақ кезіндегі әлеуметтік, саяси жағдайларға байланысты өзге көптеген туындыларының қатарында жетер жеріне жетпей қалды.

Ақынның алғашқы толық жинағындағы көлемді зерттеулерін сол бұрынғы жазылғандарының ізімен асығыс түрде жүзеге асқандағы ой сілемдері десе де болады. Ал, сол кездегі дүниелерден жұбайы Валентина Николаевнаның сақтауында бүгінге жеткен — “Хан Кене”, “Казахское народное творчество и его поэтическая среда” деген және Ленинград университетінің екінші курсында

оқып жүрген кезінде А.П. Чеховтың драмалары жөніндегі курстық жұмыстарының автографтары, ал одан басқаларынан ешбір белгі кездеспейді.

Енді бұған дейінгі жарық көрді деген жинақтарымен салыстырғанда бұл басылымды толық түрі десе де болады. Ақын өмірі мен шығармашылығы жөніндегі жан-жақты мағлұмат, ата тегі, шыққан ортасы, сол төңіректегі белгілі адамдардың да бітім-болмысы, қарым-қатынасы, байланыс бірлігі алғаш рет осында баяндалды. Бұл нұсқаны кейінгі жазылғанымен салыстырғанда автордың ұдайы жетілдіріп, түрлендіріп, дамытып, нұсқадан-нұсқаға өткенде алуандығын арттырып отырғандығы көрінеді. Осының алғашқысының қандай бағыт ұстанымда жазылғанын — “Абайдың туысы мен өмірі” деп аталуының өзі-ақ айтып тұр. Ақынның арғы ата-тегіне, олардың іс-әрекеттеріне ол осында молырақ тоқталды.

Шын мәніндегі алғашқы танымдық еңбек болған соң, бұл жерде автор ақынның ата-тегі мен ортасының арғы-бергісінен толығырақ мағлұмат беруді ұстанған, ондағы ескілік пен ел аралық айтыс-тартыс, қақтығыстар сырына тереңдеңкіреп барған және осының екінші нұсқасын жазуды қолға алғанда романына керекті деректерді де қоса жинау, әрі алғашқы кітабын қабаттастыра жазу үстінде еді. Сонда әсіресе, ақынның арғы ата-бабаларының тыныс-тіршілігіне қатысты жинаған мағлұматтарының романы үшін қажеті шамалы болып қалды. Көп ойланып-толғанудың нәтижесі роман желісін ақынның өз өмірі мен ортасы, шығармашылығына тікелей қатысты шындықтарға ғана құруды жөн көргіздірді. Осыдан келді де алғашқы нұсқасының көп тұсы ықшамдалды, олардың орнын жаңа дерек, жаңа таным, жаңа ұстанымдар ағыны алмастырды. Бірақ әуелгі нұсқасындағы деректер де романының жазылуына өзек болды. Ең жақсысы, мұндай ұстаным шындық астарларын қайта-қайта саралауына, бұрынғы бұлдырлау көрінген оқиғалар сырын ашып ақтаруына, ақындық ұстанымдарын тереңдеп тұшынуына алып барды.

Сөйтіп, бұл өмірбаян романның алғашқы кітабының жазылуымен қатарласа жүзеге асты. Ал бірінші нұсқадағы ақынның арғы ата-бабаларына қатысты молырақ қамтылған деректердің бұл жерде ықшамдалуының себебі олардың қажетсіздігінен немесе дәлелсіздігінен емес, ақын өмірі мен шығармашылығына тікелей байланысы және тереңдете ашып, дамыта түсудегі маңызы зор нақтылы мағлұматтар төңірегінен табылуы басты нысанаға алынған еді. Мұндай тоқтамға келуіне романды жазу барысындағы туындаған әрқилы ойлар ағымы да себеп болды. Енді көркем туындысына жинаған сол деректер осы өмірбаяндағы өзгерістердің енгізілуіне және жаңа танымдық жүйенің көрініс табуына негіз болды. Екінші нұсқасына кесек-кесек қосымшалар енгізумен қатар жекелеген сөз-сөйлемдерге де үлкен редакциялық жұмыстар жүргізілді.

Бұл жерде зерттеуші өзінің қысқарту, өңдеу, жетілдіру сыпатындағы жетілдірулерін 1933 жылғы басылым беттеріне енгізді, бөлек-бөлек қағаздардағы қосымшаларының әрқайсысының өз тұсына желімдеп жапсырды, сонымен қатар алдыңғы басылымда кеткен орфографиялық, грамматикалық қателіктерді жөндеді және алдыңғы басылымда жоқ мына секілді өлеңдерімен толықтырды: “Тайға міндік” (145-б.), “Өмірді алла беріпсің” (182-б.), “Әбдірахман өлгенде оның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау” (182-б.), “Әбдірахманға” (183-б.), “Әбдірахман өлгеннен соң өзіне айтқан жұбатуы” (184-б.), “Қарға мен түлкі” (213-б.), “Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас” (229-б.), “Сап-сап, көңілім, сап, көңілім” (234-б.).

Енді мұнда сол алдыңғы басылымның олқылықтары түзетіліп, мұқият салыстырылды, өзі айтқандай ақынның қырық пайызға жуық шығармалары осы тұста қалпына келтірілді. Бірінші басылымында орын алған қателердің қай деңгейде екендігі мына секілді өлең жолдарынан көрінеді: “Сөйлесе сөзі әдепті, мағыналы” – “Сөйлесе сөзі әдепті һәм мағыналы” (76-б.), “Өлең көрмек” – “Өле көрмек” (77-б.), “Ет берсем сен мендік бол деп берем деп” (79-б.) – бұл жол алғашқы басылымда жоқ, “Түнде ұйқың” – “түнгі ұйқың”, “билеусіз байғұс қылпың” – “байлаусыз байғұс қылпың” (80-б.), осындағы “бас-басына” дегеннің орнына бұрынғы көшірмелердің бірінде “өз басына” деп жазылған (80-б.), “бір ауыз бұтып-шатып” – “Ертістің суын татып”, “Шыныға белшесінен” – “шығынға белшесінен”, “Майда үшін” – “Пайда үшін”, “Ол тұрмыс” – “ол тұрмас”, “О дағы ұры-қарды қыра” – “ұры-қарды тыя” (80-б.), “Азаманен ыржиып күле алмай жүр” – кей көшірмеде осындағы аза – ыза деп жазылғандығы ескертіледі. “Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат” – көшірмелерде осы жол “нәрсе ғой екі түрлі” деп басталады. “Арзан, жалған келмейтін” – “арзан, жалған күлмейтін”, “ойдан шыққанынша” – “үйден шыққанынша”, “өнер менен” – “өнер, мінез”, “сүйекті ер” – “сүйікті ер”, “күйеме” – “көйлеме”, “жеңісқойлық” – “жеңсікқойлық” (84-б.), “Ер ұялар” – “ер ұялмас” (85-б.), “шығады ермек” – “шығады ерек”, “еш көсегі” – “еш кесегі”, “Миле сауда” – “мәліш сауда”, “Ата-анасы бұрқылдап онан жаман” – көшірмелердің бірінде бұл жол – “Бұрқылдар ата-анасы” деп басталатынын айтады. “Иығы зор” – “ығы да зор” (86-б.), “Қазақтың қайсысының бір санасы” – бұрынғы басылымдарынан қалып келген осы жолды жаңадан енгізеді. “Жанына жақсы” – “Жанына жақса”, “Қалпында” – “Қалыбында”, “Көлден, көктен” – “Көңілден кеткен соң тыным”, “Әм сүйіндім” – “Әм суындым” (93-б.), “Иман жүзін” – “Иманның жүзін”, “қалмас жасында” – “қалмас қасында” (96-б.), “Ауыр жұмыс кез болса” – осы жолдың артынан келетін “Араздығы сөз болса” деген бір жолдың қалған көшірмелердің бірде-бірінен кездеспейтінін айтады. Зерттеуші

бұны Абайдың өзі алып тастаған болу керек деп біледі (97-б.). “Кесәпатқа жолықты” – көшірмелердің бірінде “молықты” деп те жазылған. “Сиймсыз болды” – “Сенімсіз болды” (99-б.), “Өзі залым законшік” – “Ұры, залым законшік”, “шар кезді” – “шәргезді” (108-б.), “жақанға” – “жаққанға”, “үйінің” – “ойының” (109-б.), “желбіреп” – “елбіреп”, “айтқанды ұқпай” – “алдыңғы айтқанды ұқпай” (117-б.), “Қамықты көңіл” – “Қамырықты көңіл”, “Жасымасын сүйек” – “Жасыған соң сүйек” (119-б.), “Ғашығымның жанына” – бұл жол кей көшірмеде “барса ғашық жанына” деп те айтылады (120-б.), “жүзіңе ыстық” – “жүрекке ыстық”, “Жарық етпес қара көңілім не қылса да” – бұл өлең жөнінде зерттеуші “Мағына жағынан қарағанда бұл екі өлең сияқты. Бірінші өлең алғашқы екі ауыз да, қалғаны екінші өлең. Бірақ ұйқысына қарағандықтан ба, әйтеуір көшірушілер ерте уақыттан бұны бір өлең қылып кеткен. Екіге бөлерлік мықты дәлеліміз болмағандықтан сол ескі көшірмелердің ретімен бір өлең қылып бастық” (136-б.) дегенді айтты. “Сөзде жаз бар” – “Сөзімде жаз бар” (139-б.), “Тұла бойына” – “Тұл бойын”, “Тентекті жеңе, тиып алмай” – “Тентекті жеңіп тыя алмай” (140-б.), “кез келсе” – “кез болса”, “білген қол” – “білген құл”, “Сөзсіз ауыз” – “Доссыз ауыз”, “көк дауылпаз” – “ілінер көп дауылпаз” (142-б.), “Адамзаттың көңілі құр ойнап күлер” – “Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер” – бұл жолдың аяғы “көңілі құр ойнап-күлер” деп те айтылатынын ескертеді. “Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар” – зерттеуші бұл бір ауыз өлеңнің бұрын өз орнынан ауысып, жаңылыс басылып жүргендігін еске салады. “Көңілін де” – зерттеуші Мүрсейіт молданың бір көшірмесінде бұл өлеңнің аяғына осындай ұйқас өлшеумен “Тайға міндік” деген бұрын басылмаған бір өлең қоса жазылғанын ескертеді: “Ол тегінде бөлек өлең болатын. Мүрсейіттің екінші бір көшірмесінде бөлек өлең болып жазылған да екен. Біз де оны мынадан бөліп, жеке күйде жібердік” дейді. “Ақылсыз би болмас” – “Кең маңдай” дегенге дейінгі екі ауыз өлең бұрын басылмаған. “Артықша жаратқан” – осындағы “сұлуды” дегенге дейінгі бір ауыз өлең бұрынғы басылымдарға кірмеген (152-б.). “Ұстай алмайсыз құрықтап” – “Ұстайсың қайтп құрықтап”, “Токтап болмас” – “Токтатып болмас” (154-б.), “Ойламай берсе” – “Ойлай берсе”, “бәрі ақша” – “байы ақша” (157-б.), “алдым” – “алдадым” (166-б.), “Неліктен ұйқы қашты” – бұл – Алматы қаласында Әбдірахманның қасында, соның науқасын күтіп жатқан Мағауияға арналған сөздер. “Сақайып сау болсын” – “Қатайып сауықсын” (170-б.), “Кім біледі байқұстар” – “кім біледі сен көпір”, “Әлде айналып шыға алмай” – “Әлде антүрған кім білер”, “Боталы түйе сияқты” – зерттеуші осы өлеңдегі өзгерістердің Мүрсейіттің көшірмесі бойынша енгізілгенін еске салады. “Кім алады, кім таппақ” – “Кім алдады, кім тоқпақ”, “уды жайып ап” – “уды жиып ап”, “десеңші тегінде” – “өлсеңші тегінде” (176-б.),

“Балалық ақыл” – “Алалдық ақыл” (178-б.), “Жүректі” – “Қоректі” (179-б.), “Ойлапты” – “елепті”, “Сабыр” – “Сабырлық” (180-б.), “келгенше” – “көргенше” (181-б.), соңғы “Достық жоқ, дұшпаның жоқ тыныш жатқан” деген бір ауыз өлең бұрынғы басылымдарға енбей қалған. “Арынды” – “Көрінді”, “үйімнен үй бөліп” – “ойымнан ой бөліп”, “Ішім” – “Ойым”, “Ұрыңнан” – “Өзіңнен” (197-б.), “Қутың еткені” – “Кетпей құйтың еткені”, “Әлі үміт, әлі серт” – “Әлі ұмыт, әлгі серт” – осы бір жол Мүрсейіт көшірмесі бойынша түзетілген. “Құбылып” – “Бұзылып”, “Біреуге” – “Кімге” (223-б.), “Ойлаймын дегені” – “Ұяламын дегені” (225-б.), “Рас сөз ешуақытта жалған болмас” – “Ешуақытта рас сөз жалған болмас”, “Уақутү дегенмен” – “Уәктүбиһи дегенмен”, “кезімен” – “кез-кезімен” (227-б.), “Дәм нәпсі” – “Адам нәпсі”, “Иман білмей” – “Иман білмес” (228-б.), “Айла етгім деп” – “Ойла, айттым – адамдық” (229-б.), “Жүрек – теңіз, қазынаның бәрі асыл тас” – бұл жөнінде зерттеуші: “Бұл өлең Мүрсейіт көшірмесінде “Алланың өзі де рас” өлеңінің аяғы болып жүреді. Бірақ бұрынғы басылымдарда Тұрағұл оны басқа өлең деп білгендіктен және онымен мазмұны байланыспайтындықтан біз бөлек өлең ретінде бастық” дейді. “Сап-сап, көңілім” туралы “Бұл өлең Абайдың бозбала кезінде өзіне-өзі айтқан өлеңі. Абай өлеңдерінің 1933 жылы шыққан жинағында алғаш рет басылған еді. Бірақ бұ да түгел табылмай, жарым-жартысы ғана басылған болатын. Қазір сол олқылары түгелденіп, бірінші рет толық басылып отыр” дегенді айтады. “Аюдайын ағасын” – осы өлеңге байланысты зерттеуші: “Мүрсейіт көшірмесінде “ағасын” дегеннің орнына “баласын” деген. Бірақ бұл өлеңді ерте күннен жатқа білетін Тұраш “ағасын” деп түзеген еді. Қисынға сол жуық болғандықтан “ағасын” деп жібердік” деген ойын білдіреді (231-б.). “Қара кетпен көз сүзбей” – “Еңбекпен көз сүзбей”, “талапты егер” – “талапты ерге” (246-б.), “тәңірі қатып” – “таңырқатып” (248-б.), “Өзгесін сұрама деп” – “өзге жайын сұрама деп” (250-б.), “ұқты ол бірін” – “ұқты бәрін” (253-б.), “біреу шошып” – “бұдан шошып” (254-б.), “самұрық онан” – “самұрық құс” (254-б.), “ойлап айтты” – “ойлап айтқан сөзі” (261-б.).

Осылайша ақын туындыларының мәтіндеріндегі орын алған қателіктерге түзету жүргізсе, өмірі мен шығармашылығына қатысты осындағы өзінің зерттеулеріне де үлкен өзгертулер енгізді. Бұл жерде жазушы ақынның өмірі мен заманы, айналасына қатысты шындықтарды сөз етуге көбірек көңіл аударды да, алғашқы нұсқасын бастан-аяқ елеулі өңдеулерден өткізді және тыңнан мына төмендегідей жиырма шақты қосымшаларын қосты:

“Абай осы күнгі Шығыс Қазақстан облысындағы Шыңғыс деген тауды жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскенбай, үшінші атасы Ырғызбай болсын – барлығы да ру ішіне үлкен үстемдік

жүргізген адамдар. Өз заманының жуан сіңір феодал ру басы биі, ел ішінде ата тегінен өмір иесі боп келген нағыз үстем тап өкілдері болады. Осылардың нәсілінен шыққан Абайдың қоғамдық орны, тіршілігі өмірлік әрекеттеріне де сол ата салтымен, ескі сарынмен қалыптанады. Сондықтан болашақ ақын Абайдың жәйін анық түсіну үшін әуелі мәлім болған дәрежеде бұның алдындағы буындардың да жай-күйін айта кету шарт.

Бірақ сол мағлұматтарды талдап, тізбектеп жазбастан бұрын айтып өтетін бір хал бар. Ол Абайдың алдында өткен аталары мен Абайдың өз жайындағы біздің қолымызға жиылған материалдар турасындағы сөз. Абайдың өмірбаянын жазудағы қиыншылық қазіргі кезде бұрынғысынан пәлендей жеңілдеген жоқ. Оның күрделі себебі сол жаңағы айтқан материалдың түп-төркінінде, қалып-мазмұнында жатыр. Ең әуелі Абайдың, я басқа соған жақын адамдардың жайынан біз әлі күнге жазба күйде сақталған материал таба алмадық.

Мәдениетті қоғамның ортасында болып өткен адам жайында ілгерілі-кейінді замандарда жазылатын тарихи сөздің бәрі сол адамның өз уақытынан қалған хаттар, естегілер, неше алуан документтер сияқтыдан құралады. Бұған қосымша боп әлгі адамның өзі жазған хаттар, өзі қалдырған күнделік-дневниктер жәрдем етеді. Ондай мағлұматтар болған уақытта пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күнде істелген іс, сөйленген сөздің барлығы да жылы, ізі суымай, көмескі, бұлдыр екіұдай сөзге айналмай дәл қалпында сақталады. Біз бұрын Абай жайында дәл бұндай күйдегі төрт аяғы түгел, толық документтер болмаса да, соған ұқсаған азды-көпті материалдар табылар деп есептеуші едік. Бұл ретте сенген қордың бәрі Абай кезінен қалған Семей, Омбы архивтері еді. Онан соң Абаймен араласы болған Михаэлис, Долгополов сияқты адамдардың істері табылар, Абаймен жазысқан ерсілі-қарсылы хаттар шығып қалар деп сеніп ек.

Сол ретпен осы толық жинақты әзірлеу жолында Қазақстанның ұлт мәдениеті институтының айрықша тапсырмасы бойынша қазақ ақыны Өтебай Тұрманжанұлы екеуіміз Семей архивін, Алматы архивін жағалай қарап шықтық. Бірақ әлі күнге Абайдың дәл өз басына байланысты болған істердің ізін таба алмадық. Бірен-сарандап тапқан Құнанбай заманының істері мен Долгополов жайындағы Ғаббас мағлұматтарына қосымша белгілер ғана бар. Оны тиісті жерінде осы сөздің ішінде келтіреміз.

Міні, Абайдың өмірбаянына азды-көпті жанасы бар дерлік жаңадан табылған документ ретіндегі қиқым сұрақтардың жайы осындай. Бірақ осымен қатар документ те, жазба белгі де емес, жай ауызша айтылған ұзақ сүре сөз, үзінді естегі сияқты бір топ қосымша, тың әңгімелер жиылды. Бұны Өтебай екеуіміз биылғы Семейге барған сапарда жидық. Бұрын Абайдың өмірі жайындағы барлық сөздерді айтып берушілер Абайдың інісі, баласы, я жолдасы болған Шөкәрім, Кәкітай, Тұраш, Көкбай сияқтылар ғана еді. Осы жолы біз Абайды көзі көрген кәрі құлақты адамдардың ішінен естіген-білгендерін

ірікпей, бүкпей айтарлық көлденең адамның біразымен әңгімелестік. Бұлардың ішінде Құнанбай мен Абайдың өмір бойы жауласып өткен руы Жігітектің бірі Мадияр Түсіпұлы деген кісі болды. Құнанбай заманында Ырғызбай тұқымынан көп зорлық көріп, Абай өмірінің соңғы кезінде ғана бұлармен жақындасқан Торғай деген елдің адамы Тұмабай Наданбайұлы болды. Және Абай аулында басында қозышы, қойшы боп қызмет еткен, бергін келе Абай ауылының жігіті боп жүрген Қатпа Қорамжанұлы да болды. Әзірше бұлардың да айтатыны документ емес, ерте кездерден бері көп ауыздан өткен, әртүрлі боп өзгерген ұзын сүре сөз сияқты мағлұматтар. Бірақ солай болса да біз бұрынғы Абайдың ет бауырынан шыққан шашпау көтергіш жақындарының сөздеріне мыналар екінші тұрғыдан қарап, жаңалық қосады дедік. Әрбір мәселеге көлденеңнің тың мағлұматтарын, өзгерек түйін, басқарақ шешулерін де айтар деп сеніп ек. Алдыңғылардың жасырып бүтіп қалған жайларына бұлар көп жаңа сөздер, тың, соны уақиғалар қосар деп едік. Бұл күткен үмітіміз көп жерлерде ақталғандай болды. Қазірде Құнанбайдың да, Абайдың да бұрын белгісіз болған көп-көп қосымша іс, мінездерін білдік. Сонымен, Абайдың мынау екінші рет толықшалау боп жазылатын өмірбаяны енді біраз соны материалдармен кеңейтіңкіремекші. Міні, Абай өмірін зерттеуге соңғы жылдар қосқан жаңалықтың жалпы жайы осындай.

Бірақ осыны атаумен қатар тағы ескертетін нәрсе, бұрынғы өткен адам жайындағы кейінгі ауызда, ел ішінде жүретін әңгіменің көбінде бір жағынан ертегі, легендеге ұқсаған үстеме, мінгесінді сөздердің қоса жүретінін де ұмытпау керек. Документ пен жазба белгілерді таба алмағандықтан, әр жерден әр жай, әр мезгілден аттап түсіп сөйлейтін ауызша әңгімелерді ғылыми жағынан қарағанда өткен күннің соқыр соқпақ, ескі сорабы сияқты санаймын. Ол белгілер кей кезде көмескі сүрлеу есепті болса, кейде желісінен айрылып, үзіліп отырады. Сондығымен ізден адастырған шиырға ұқсап, зерттеушіні қиындыққа да ұшыратады.

Міні, осымен Абай жайындағы материал дегеннің көбінің іргесі қолмен ұстап, көзбен көргендей айқын факт, документке сүйенбегендіктен біз әлі де Абайдың өмірбаяны ойдағыдай төрт тарапы түгел боп шыға қояды демейміз. Бұл жолғы еңбекте ақынның келешекте жазылатын ғылыми толық өмірбаянына толықтай әзірлік есебінде болар. Сол себепті жалпы тәртіпті өмірбаяндарында болатын машықты құрылыстардың бірталайына қайшы келетін болса да бұл жолғы еңбекте көптен көп ескертуіміз. Абай жайынан неғұрлым көп материалдарды тізе беруге болады. Әрине, естігеннің көбін көпшілікке басын құрастырып, баян етіп бере отырып, орайлы жерлерінде сол ауызша әңгімелердің мазмұндары туралы өзіміздің қоғамдық-тарихи түсініктерімізді де қоса айтып отырамыз”.

Бірінші қосымша — 333-бетке.

“Ол кездегі үлкен рубасылардың бір дағдысы ел арасындағы дауға ара ағайын деп, көлденең елдің биіне билік айтқызатын әдет бар. Бұндай билік сол көлденең елдің биіне атақ, даңқ әперетін, күш бітіретін болады. Сондықтан бұндай істер ел-елдің билерінің алма-кезек боп, сыйға-сый есебінде орайласып отырады. Бастас билер бірінің шашбауын бірі көтеріп, жалпы феодалдық, билік үстемдігін сақтауда бұны үлкен тәсіл етеді. Осындай ретте өзге себептерге қосымша боп, Өскембайдың параға жығыла бермейтіндігі жәрдем етеді. Сонымен бұның алдына Тобықты ішінің істерінен басқа өзге көрші елдердің сөздері де келіп, бітім тауып жүретін болған. Бұл жәй Өскембайдың жалпы салмағын арттырып, бұны өз елінің ішінде аса күшейтіп жібергенге ұқсайды. Бірақ бұл айтылғанға қарап Өскембай елден тіпті түк алмаған деуге болмайды. Кейінгі әңгімелердің айтуы бойынша”.

Екінші қосымша — 333-бетке.

“Сол Зеренің қолында бір туысқанының бұлар асырап алған баласы Бостанбек те өседі. Біз Семей архивін қарастырған уақытта Өскембайдың осы Бостанбек деген баласының жөнінен бір үлкен іс таптық. Бұл іс 1835 жылы Омбының облыстық сотының тізімінде болған және Аягөздің сыртқы округтік приказынан өткен жұмыс екен. Сол архив материалдарында айқын көрінетін оқиға Өскембай, Құнанбай жөнінен және сол замандағы ел аралары, ел мінездерінің жөнінен едәуір елеулі фактілердің бетін ашады. Сол себепті біз бұл жерде Бостанбек ісіне көбірек тоқтаймыз.

Бұл істің тергеуі әуелі елден басталып, артынан Аягөздің округінде толықталып, содан 1835 жылдың аяғында, декабрьдің 12-нен 30-на шейін 18 күн бойында Омбының облыстық сотында тексерілген екен. Істің мазмұны Матай мен Тобықтының ел шабысқан жаулығын баян етеді. Сондықтан әуелі бұл істің өзіне көшпестен бұрын бұл оқиғаның алдында сол екі елдің арасында ертерек кезде шиеленісіп келген біраз жайларды айтып өтейік.

Тобықты Кеңгірбай тұсында Арқаның көп жерін кезіп кеп, Шыңғыс тауына орнады дегеміз. Шыңғыстың бұлар келместен бұрынғы иесі Матай болды. Сол Матайды Кеңгірбай тұсында Тобықты рубасылары алыс-жұлыс, соқтығыс арқылы алғаш ірге тепкен жерінен тайдырамын деген де көп шабуыл болады. Қазақ оқушысының көпшілігіне мәлім болған “Ендік—Кебек” уақиғасы дәл сол алғашқы талас-тартыстың кезін көрсетуші еді. Тегі сол заманда ел билері-бектерінің өз үстемдіктерін жүргізу үшін руруды бір-біріне айдап салған тартысы бергі замандарға шейінгі айықпай, желісі үзілмей келе берген сияқты. Өйткені Өскембай тұсындағы сол бұрынғы жаулықтың бір кезеңі сияктанып, қазір біз айтқалы отырған оқиға шықса, Құнанбай ұлғайып келген кезде Найман мен Тобықтының жер дауы тағы да үлкен сүргін, ұлы дүбір сөз болады. Бұның кей-кей үшқыны тіпті Абай ержеткен кезге де

кеп жетеді. Өскенбай, әсіресе Құнанбайдың Тобықты ішіндегі жер жайындағы зорлық өктемдігі, одан аса берсе маңайындағы көрші рулары Найман (Сыбан, Матай), Керей, Уаққа істеген өктемдігі кейін Абай заманына да көп-көп пәле тастайды. Абайдың өмір бойына азық болған ата жаулығы деген ескі жаулықтың көбінің тамыры сол Өскенбай, Құнанбай заманына жатады.

Мынау Бостанбек уақиғасы Өскенбайдың егде тартқан кезінде, Құнанбайдың 30 жасқа кеп, Тобықтыға старшын болып тұрған уақытында болған. Бұнда жерінен айырылып, шетке сырғып кеткен Матай Тобықтыға шабуыл жасайды. Әсіресе Тобықты ішінде өзгенің бәріне дегенін істеп, зорлығын жүргізіп тұрған Өскенбай, Құнанбай ауылына шабуыл жасайды.

Осы Өскенбай жағының кейін ұлыққа шағуынан басталған Омбы сотының ішінде даугер Өскенбай, Құнанбай және Өскенбайдың туысқаны Мырзатайдың берген жауаптары бар. Іс ретіне қарағанда қуғыншы даугер жақтың сөз иесі старшын Құнанбай. Бұның айтуынша уақиға былай болады.

1835 жылдың жазында Өскенбай аулы жайлауда отырғанда бір түнде бұлардың жылқысына жау тиеді. Жау саны жүздей кісі. Ол келген Садыр-Матай болысының қазақтары және Керей қол астына ол кезде қарамаған Қаптағай, Матай болады. Бұрын Кеңгірбай, Өскенбайлардан көп уақыт есе ала алмай келген Матай бұл жолы Найманның бірнеше сыбайлас руының басын қоса келген болу керек. Құнанбайдың жауабына қарағанда бұл жақ та күтініп жүрген сияқты. Өйткені сол түнде Өскенбайдың 1300 қаралы жылқысын бағып жүрген жігіт саны 30 екен. Соғыс үстінде Матай қаша ұрыс салып жүріп, байқамай қалың елдің, Өскенбай ауылының үстінен шығады. Бұның ауылында қонақ боп жатқан жүргінші казак-орыстар бар екен. Солар мылтық атып, қабар қылады және жиі отырған елдің көп қолы аттанға шабады. Сонымен бұл түнде Матайдың соңына түскен қуғын бұлар алған жылқыны айырып алады. Бірақ осы түнде қуғыншы жағынан Мырзатай баласы Әзмұхамбет деген жігіт өледі. Соғыста сол көзінен найза шаншылған, содан өлген. Матай бұл түні жылқы ала алмайды, бірақ ертеңінде түнде сол ауылға тағы шабуыл жасайды. Әншейінде кісі өлімінен тез сескенетін елдің алдыңғы уақиғаға қарамай, тағы соқтығып жүргені бұл жақтың Өскенбайларға соншалық кекті, ызалы боп келгенін көрсетеді. Екінші түндегі соғыста аттанға Құнанбайдың өзі де шауып, Матай алып кеткен жылқының соңынан қалмай қуады. Тобықты жігіттеріне жылқыны түгел айырып алмай, тоқтама деген болу керек. Қалмай ұрсып отырып, бұлар соңғы түнде алынған мың қаралы жылқыны тағы да түп-тұтас айырып алады. Және Матай жағынан Қожамберді Жапалақ баласы дегенді түсіріп қалады. Бірақ бұның орайына, осы түнде Матайлар енді Өскенбайдың Бостанбек деген баласын өлтіріп кетеді. Бұған тиген Жұбаныш Шөрекпайұлы дегеннің найзасы төсінен тиіп, кеудесін аралап кеткен көрінеді.

Осымен өзге Матай Ресей қоластына қарамаған ел болып, ұлыққа жауап бермей кетеді де, барлық ісі Матайдан осы шабуылдың жалғыз жауапкері болып, Құнанбай қолына түскен Қожамберді қалады. Омбы сотының ісінде бар жаңағы үлкен іс бойынша айыпкер боп тергелетін жалғыз адам да, осы Қожамберді. Бұл әуелі Құнанбай ауылында кісендеулі, керегеге таңулы күйде бір ай жатады. Содан кейін Қарқаралыдан тергеу шығып, заседатіл Кузнецов жауап алғанда Қожамберді әуелі Матай болып Тобықтыдан жылқы ала келгенін мойнына алады. Бірақ артынан Аягөз приказына барып, қосымша тергеуге ілінгенде алғашқы жауаптың барлығынан танады. Өскенбай ауылына жау тиген-тимегенін білмеймін, өзім үш кісі боп жоқ қарап келе жатқан жолаушы едім, Құнанбай ұстап алды. Аяғма кісен салып, етімді отқа күйдіріп, жалған жауап бер деген соң, “Кузнецовқа солардың бұйырған сөзін айттым” дейді. Аягөз дәрігері қарағанда шынында да Қожамбердінің денесінде отқа күйдіргеннің белгілері бар боп шығады. Тегі бұл істегі Қожамбердінің жауаптары сол Өскенбай, Құнанбай заманы болсын, кейін Абай заманы болсын барлығында патшалық сотының алдында қазақ жауапкердің қаншалық бұлтаққа салып, сотқа шындықтың құйырығын ұстатпайтын өте бір ерекше әдеттерін айқын көрсетеді. Қожамберді соңғы жауабында “ең әуелі көп Тобықтының ішінде жалғыз болдым, маған сүйеу боларлық Аягөз жағының “бірде-бір кісісі болмады” дейді. Екінші: “Ол кезде жалған айтуының бір себебі шынындай айт деп үгіттеген молда да болмады” дейді. Сонымен Қожамберді сотты адастырып, жауапты неше алуан шатқалаң бытқылға бұра салса, екінші жағынан сол кезде Тобықтымен тағы да өз бетімен ұстасып жүрген Арғын болысының бір қазағы Сары Айдарбекұлы деген де бұның соңғы жауаптарын қостап, ант береді. Осындаймен барып, сот Матай, Тобықтының шабуылынан ешнәрсені ұға алмайды да, Қожамбердінің соңғы жауабы бойынша оны ақтауға бейімделеді.

Тегі күн дауының арты сотсыз ел ішінде өз жолымен шешілген болу керек.

Ал әуелі Құнанбай ауылында байлауда жатып, артынан Аягөз абақтысында болған Қожамберді сот алдында әлгідей бірде жауынгер, бірде жылаулар, бірде өтірік аңқау, монтаны боп көрінгенімен істің соңына келгенде сол шабуылдың нағыз көрнекті жортуылшысының бірі болу керек. Руының дәмелі ері, өз уақытының сүбе жігіті сияқты көрінеді. Өйткені Құнанбай ауылында тұтқында жатып, көресіні көріп, тергеуші ұлықтан да соққы жеп жүрсе де Қожамберді жасымайды. Бір жағынан ұлықтарға жоғарыдағы сияқты “ақпын да саумын” деген ақбездердің жауабын бере жүріп, Қожамберді өз жайын, ауыр күйін дәйімі өлең етіп жатады. Бұл жағынан қарасақ сот қағазындағы Қожамбердіге нағыз Қожамбердінің он екіде бір нұсқасы келмейді. Өлеңінде Қожамберді тайсалмайды, жауапқа жазылып жатқан сөз бұның сөзі емес және не жазылып жатса да есеп емес. Бұның ықпай, бүркемей айтатын шыны өлеңінде:

Мінген атым астымда құла жорға,
Өзім болмай шығып ем осы жолға.
Қырық бес жігіт ішінде қолға түстім,
Амал-айла болар ма қалың сорға, —

деп бастап кеп:

Орыс кәпір қояды артын (көтін) таққа,
Және бізді сабайды жаққа-жаққа.
Туар айдың соңында бізді айдады,
Қарындасым, сәлем де Бауырсаққа.

Бү қылығың, Бөлкебай, жарамайды,
Жүйрік қылған арбанды қарамайды.
Қаз мойынын қазақтың мінуші едің,
Енді ат қып мінерсің қарағайды, —

деп, ертең ұлықтың өзімен алысудан да таймайтынын айта отырып:

Қысырақтың үйірі ақтан керше,
Енді маған құдайым иман берші!
Мені алған Тобықты сені де алар,
Қарамай-ақ, Серікбай, жүре берші, —

дейді. Бұнда сол жолғы жорықтың басшысы Құнанбай мен алысушы Серікбай болғанын айтады. Алғаш бұларды елден Өскенбайды жауламаққа алып шыққан да сол Серікбай болғанын айтады да, сол Серікбай екені:

Келді де қу Серікбай жылқыны алды,
Теп-тек жатқан еліме бүлік салды.
Құс төсектің үстінде жатқан басым,
Аяқ-қолым шегелеп байлап салды, —

дегенінен көрінеді. Тегі осы ру арасының жанжалын үдетуші Тобықтыда Өскенбай болса, Матайда сол Серікбай болуға лайық. Осылардың жұртты бір-біріне айдап салып, қоздырып жіберген себебінен Қожамбердінің күні патшаның ел ішіндегі ұлығы Құнанбайға, қаладағы ұлығы Бөлкебайға түседі. Соларға бірде өтініш айтса, бірде ашынып кеп қатты мысқыл, мазақ аралас егес айтады.

Айналайын, Бөлкебай, шын берейін,
Сомым әзір жоқ еді, соң берейін.
Бір несие аузымнан сөз шығыпты,
Атым менен айыбына тон берейін.

Айтамын ай дегенде, Бөлкебай хан,
Хан болғанда жегенің қап-қара нан.
Азар болса мал менен бас аларсың,
Ұрайын шын ененді шықты ғой жан, —

дегені соған дәлел.

Ұлық алғашқы тергеуде Қожамбердіні ақтауға бейімделсе де артынан Өскембай, Құнанбай қағаздары бойынша абақтыда ұстап қап, бұл бірнеше жыл тұтқында болады.

Мінеки, ақын Абайдың дәл өзінің өміріне жанасы болмаса да, бұның аз алдындағы және бұның өз уақытындағы қоғамдық жайларға айғақ болатын бір документті біз әдейі осылайша таратып айтып толығырақ көрсеттік. Осы уақиғадан кейін 13-14 жыл өткен соң, 1850 жылы 72 жасында Өскенбай өледі. Бәйбішесі Зере байынан көп жасаған. Ол бертін келіп 90-ға жетіп өледі”.

Үшінші қосымша — 338-бетке.

Бұл оқиғалар жайын кейін толықтырып айтқан Мадияр Түсіпұлы мен Тұмабай Наданбайұлының сөздерінше тартыс түрі былай болады.

“Ең әуелі Майбасардың старшын сайлауы үстінде бір кикілжің туады. Құнанбай аға сұлтан болып, старшындық орнын босататын болған соң, ендігі Тобықты ішіндегі ұлықтық бұның әрі ағайын, әрі өзінен соңғы елеулі адамы Бөжейге ауысатын сияқтанады. Сонда Майбасар келіп бұдан: “Осы жолы саған түскелі тұрған олжаны маған қой” деп қолқалады. Бөжей бұған береді де, Майбасар старшын болады. Осы беруді кейінгі айтушылар екі түрлі шешеді. Біреулердің айтуынша: “Бөжей Майбасарды Құнанбайдан ажыратып, өзіндік қып алмақ үшін берген” дейді. Екіншілер “Құнанбай Майбасармен жөнді болмай жүріп, енді осы старшындықпен өзіне қайтарып алмақ болады да, Бөжейден өзі сұратып, өзі тағы болыс сайлап, сонымен Майбасарды өз бауырына қайта тартып алды” дейді. Майбасарға қарсы болған ру басы көпшілігі кейін Бөжейге старшындықты қайта сұратады. Оған Құнанбай: “Басында өзің бердің, енді аламын десең өзің сұрап, өзің ал” дейді. Ол сұрамайды. Майбасар орнында қалады да, Құнанбайдың атарманы боп алып, жоғарыдағы көпшілік наразылығын туғызады.

Бұл кезде Тобықты ішінде Үрғызбайдан шыққан Құнанбайдан басқа бұған тетелес боп, ру-рудың жуаны боп жүргендер: Көтібақтан — Байсал, Жігітектен — Бөжей, Түсіп, Көкшеден — Қаратай, Торғайдан — Құлыншақ дегендер болады.

Алғаш Жігітекпен Құнанбай шекіскенде бір жақта Жігітек жалғыз боп, өзге рулар Құнанбай жағында болады. Бұл тартыстың кезінде елде әуелі екі үлкен төбелес болған. Біріншісін “Токпамбеттегі ұрыс” дейді. Онда сол барлық өзге руды артынан ертіп алған Құнанбай Бөжей аулының үстіне кеп, Токпамбет деген жерде ұрысады. Саны аз,

сапасы жоқ Жігітек жеңіліп қалып, басты адамдары қораға тығылады. Бұлардың ішінде Бөжей де бар екен. Құнанбай барлығын қордан суыртып алып, дүре салғызып жүргенде біреулер Бөжейді алып шығады. Құнанбай оны да дүреле деп бұйырады. Сонда Құнанбай жағындағы Көтібақ руының бір адамы Пұшарбай деген Бөжейдің үстіне жығылып ұрғызбай араша тілейді. Құнанбай: “Ендеше, өзіне де соғындар” дейді. Бұған Көтібақтың басшысы Байсал намыс қып: “Бокты соғарсың” дегенде, Құнанбай онан сайын ерегісіп ұрғызып жібереді. Сонда Байсал ұран салып, Құнанбайды тастап, өзіне ерген кісісімен Жігітек жаққа шығып кетеді. Бірақ жеңіп алған Құнанбай Бөжейлерді байлап өкетеді. Алдында Құнанбайлар қораға шапқанда, Бөжейдің қасында тұрған адамы Әлжан Құнанбайды атпақ болады екен. Бірақ Бөжей атқызбапты. Кейін Құнанбай байлап әкеле жатқанда Бөжей: “Сені мен оқтан аяп ем, сен мені отқа салдың ба?” депті дейді.

Осыдан соң Құнанбай мінезінен Байсалша сескеніп, түңілген ел Жігітек жаққа шыға береді. Сүйтіп, алғашқыдан саны молая түскен қарсы жақ тағы бір ереуіл жасаймын дегенде Құнанбай жағы тағы қол қимылын істемек болады. Осымен “Мұсақұлдағы төбелес” деген екінші үлкен төбелес шығады. Бұнда қол қимылына Құнанбай жағы дендей алмайды.

Осындай соғыс, шабуыл арты екі жағының да арыз жаудырып, Қарқаралыдағы ұлыққа шақырылуына әкеп соғады. Қарқаралы арғындарының ішінен Тәттімбет, Баймұрын дегендер Құнанбайдан татулас деп, бітім сұрайды. Бірақ аямасқа бекініп алған Құнанбай: “Бөжейлердің бойын кездетіп, үстіне көк шекпенді кидіріп айдағанша бітпеймін” дейді. Бұны естіген Бөжей: “Көк шекпенді біздің мырза пішкен жоқ, тәңірім пішкен, кімнің киерін көрерміз” деп, қарсылықты о да мықты ұстанады.

Содан осы жаулық арылмай, аяқталмай бірде солғындап, бірде үдеп созыла береді. Бір рет солғындаған әредігінде арағайын Құнанбай мен Бөжейді татуластырған болады. Табысу тұрақты болсын деп, екеуіне сол заманның осындайдағы тағы бір шарасы есебінде біріннен бірің бала алыс дейді. Ондайдағы көпке жайылған әдет қыз алысып, құда болу ғой. Бұлар оны істей алмайды, өйткені аталары жақын ағайын. Бірақ сонда да бала алысады және алысатыны қыз. Бұл жерде оны бауырға алып, асырауға алады. Осы ретпен Құнанбай өзінің Айғыз деген қатынынан туған бір қызын Бөжейге береді. Ол ауырып өледі. Соны да жөндеп асырамай, күтімсіздіктен өлтірді деп, артынан тағы да сөз қып жүріпті. Бала алысқанмен, татуласам дегенмен Құнанбайдың жуандық, зорлығы бөсеңдемейді. Сонымен аз уақыт ішінде татулық тағы бұзылып, бұрынғыша тағы шуласып кетеді. Сондаймен жүргенде Бөжей өледі. Осы кездегі араздық екі жақтың қатын-баласының арасына шейін нық жайылғанға ұқсайды.

Өйткені Құнанбай Бөжейге бата оқи барғанда Бөжейдің үш қызы дауыс айтып отырып, Құнанбайға:

Шұбарлығың жыландай
Жүйріктігің құландай.
Арғыда атаң Ырғызбай,
Жаулығың сенің қырғыздай,
Айыпқа бердің бір қызды-ай? —

деп кінәлай бастайды. Сонда Құнанбай жағынан барған Сары апаң деген әйел отыра қалып дауыспен айтысқа кірісіп:

Мына да қарлар не дейді?
Жақсыдан жаман көбейді.
Жақсының қалған сарқыты ед,
Ұрлап та көмдің Бөжейді, —

деп Бөжейдің жаназасына бұрынғы жаулық жөнімен Құнанбайларды шақырмағанды кінә қып сөйлей жөнеледі.

Бөжей өлгенмен Құнанбай — Жігітек жаулығы, Мүсақұлдағы үлкен төбелес арты мол арыз болып, ұлық қолына жиылған. Ондағы ел шабу, дүние талау, адам жаралау сияқты үлкен істің бәрі жиылып келіп, Құнанбайдың да аяғын шырмай бастайды. Және сол кезде Қарқаралы қазағының ішінде де Құнанбайды тентек санап, айыптаушы рубасылары көбейеді. Бір жағы Тобықты арызы, екінші жағынан сол адамдардың қағазы қосылып, ұласып келіп, ақыры Құнанбай тергеу ретімен Омбыға кететін болады. Жұрт бұны айдалды деп, дәме қылады, өзі де солай жориды.

Сонымен Омбыға кетер алдында Жігітекке өзі жалынышты боп, артымнан арыз бергізбе, мал-дүниеден тілегенінді ал дейді. Бұл кезде Жігітек сөзіне ие боп қалған Байдалы “арыз бергізбеймін” деп, орайына бұрын Құнанбайдың елден тартып алып, өз бауырына басып алған көп қыстуларынан 15 қыстау алады.

Омбыға барғанмен Құнанбай айдалып кетпейді. Әлдеқандай түрменен ұлықпен келісіп, “істерінің” бәрін тоқтатып еліне қайтады. Келісімен Құнанбай бұрынғы ант-аман, серт-уәденің бәрін ұмытып, өзі кеткенде жау санап кеткен елдерін бықпырт тигендей қылады. Жігітектен өзі берген 15 қыстаудың 14-ін қайта тартып алады. Бұның ниетінен түңіліп, Байсалша Жігітек жағына шығып кеткен жақын елі Торғайды қатты жазалайды. Бұл рудың басты адамдары Құлыншақ балалары екен. Соларға істеген шарасы қолынан келсе кектенген адамына ойына келген қаталдықтың ешқайсысынан іркілмейтіндігін көрсетеді. Мыналардың әуелі аулын шауып алады. Наданбай, Мұңсызбай деген екі адамын

шетке айдатады. Садырбай дегенін Қарқаралының абақтысына салғызады. Бұлардың артында қалған қатын-баласына да жаза тауып, бастарын бір араға біріктірмейтін етеді. Әрқайсысының үйін жалғыз-жалғыздан бөліп апарып, өзінің жуан туысқандарының ауыл-аулының шетіне қондырады. Бұл жауының артын тоздырып жіберемін деген саясаты”.

Төртінші қосымша — 339-бетке.

“Бостанбек өлімінің тұсында болған Матай, Тобықты арасындағы жер жанжалының арты да осы Құнанбайдың жуандап, күшейген кезінде кеп аяқтайды. Матайдан бұрын қыстау алып, дегенін істеп келген Тобықты жуандары енді кеп кешегі Уақ жерін алумен қатар ісі Найман жерінен өріспен жайлау алады.

Найман мен Тобықтының жер дауын аяқтап, бері келген уақытта Құнанбай патша ұлығына салады. Ол екі елдің үлкен жиынын жасайды. Екі жақ би даугер шығарысып жүгінске отырады. Найман би Қисық деген шешен, мықты, берік адам екен. Құнанбай бұған қарсы шешен болмаса да, өр кеуде Доғал дегенді би қып сайлайды да өзі даугер боп сөйлейді. Екінші жақтан патша ұлығына көз қылып, Тобықтының Бәйіт деген адамына сол талас жерде тұрған бір ескі молаға күнде барып, құран оқи беруді тапсырады. Бәйіт күн сайын қасына бір топ кісіні ертіп барып, молаға “Атам бейігі еді” деп, құран оқып қайтып жүреді. Құнанбай жер Наймандікі болса да, қатар аққан Қос, Құндызды деген екі өзеннің “Құндыздысы біздің жаққа қарай ағады, Қос сендер жаққа ағады. Осы бөлік босын деп” дегенін істетеді. Матаймен ертеден келе жатқан іргелі дауын тағы да мол жер алумен аяқтайды”.

Бесінші қосымша — 339-бетке.

“Сол сияқты Құнанбайдың алғашқы жобасы бойынша ата қыстауынан көшірілуге белгіленген елдің бірі Жуантаяқ деген ру екен. Өз дегенін істемек боп, соларды көшіре келгенде Құнанбай Жуантаяқтан бір сұлу қыз көреді. Ол Айғыз деген сұлу екен. Оның аулын көшірмей қалдырып, сол Айғызды өзі тоқалдыққа алады. Әрі ру ішіндегі әмірші, әрі жер иесі үлкен алпауыт феодалдың жуандық-зорлығынан аман қалған кейбір ел болса, осылайша параға қыз тартумен жан сауғалап қалған”.

Алтыншы қосымша — 340-бетке.

“Бұл кезде Абай ержетіп, ел менгеруге кіріскен еді. Әкесінің Жігітекпен алысқан Тоқпамбет үстіндегі төбелескенінде баларақ болса да, ер жете бастаған сайын әке жауын жаулай, әке құралын қолға ұстап өскен жас жігіт жаңағы 17 адамды сол әке кегін, әке әмірін орындап, өз қолымен айдатады. Абай жас болыс боп жүргенде Жігітектің Әділхан деген ұрысы болыстың қалаға жіберген почтасын талайды. Соны сылтау етіп, Жігітектің басты адамынан жаңағы 17 кісіні тізіп жіберген. Бұл жерде Абайдың балалық шағына көшпестен бұрын ілгері уақиғаны сөйлеп кеттік. Оның себебі бұл

уақиға Құнанбай тартысының, Құнанбай жаулығының созындысы еді. Соның іс мінездерін айтудан туды. Екінші осы Құнанбай ісінің жоғарыда айтылған көп уақиға, көп тартыстары және барлық сол заманның мінездері ақын Абайдың бала күннен бастап нық байланыса өскен ортасы екенін білдіру үшін ерте айттық”.

Жетінші қосымша – 349-бетке.

“Құнанбай жанның бәріне суық болған қалпында өзінің балаларына да қатты, зілді болған. Ал Ұлжан орайы келгенде өзінің бала-бауыр, қайын сияқтыларға мысқыл өзілді айта береді екен. Қалжыңмен жауаптасқанды Абайға бала күнінен өзі де еккен сияқты. Осының бір мысалы Абайды сүндетке 8-9-ға ілініп, ересек боп қалғанда отырғызса керек. Сонда Абай қашып жылап: “Құдай-ау, бүйткенше қыз қып жаратпаған екенсің!” депті. Ұлжан соған: “Балам-ау, қыз болсаң бала таппаспаң, содан қиын боп па?” дегенде Абай: “Е, онысы тағы бар екен-ау” депті дейді.

Ұлжанның жұрт есінде қалған бір қалжыңы өз бауыры Шектібаймен сөйлесуінде бар. Шектібай қалжыңбас жас жігіт, Ұлжан қартайып келгенде амандасып кеп, көп уақыт қонақтап жатады. Өзі бұрынғы дағдымен Ұлжанды апа дейді екен. Бір күні Құнанбай аулының жастарымен қатар ол да өз апасын “әже” деп атайды. Ұлжан ашуланып: “сені не қара басты” дегенде, Шектібай “Е, жұрттың бәрі жер күңіретіп әже деп жүргенде жалғыз мен тілім жаңа шыққан баладай “апа, апа” деп жүрушімем” депті. Соған Ұлжан: “Қыз болса мені іздеп келермеді, бүйтіп сөйлермеді? Сатып алсаң да еркек болыңдар!” депті. Осы да аңыз боп кеткен. Ауырып, өлімші боп жатқанда біреу “Өлетінбісің, қалайсың” дегенде: “Өй, шіркін, мен бұрын өліп көріппін бе, қайдан білейін” депті деген де сөз бар.

Сегізінші қосымша – 348-бетке.

“Құнанбай қарсысында жүрген ел адамдары Құнанбайдың өзі ғана емес, жаңағыдай жақыны, өрен-жараны дегеннің айналасынан жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретіндегі өшпендік, қастық жөнінен Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертен алысатын жауы есепті біледі. Оны да дұшпан санайды. Осының бір мысалын Абай өзі былай айтады екен. Бір күні екі бала өзен жағасында ойнап жүргенде анадай жерде келе жатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар әкесімен араз, бірақ Абай алдарынан көлденең шығады да, қол қусырып тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алса керек. Байсал жаратпай “Антұрғанның баласының сәлемін алып не қыласың” депті. Бөжей сонда да тоқтап, баладан: “Бізді көрсен сәлем бер деген әкеңнің үйретіндісі ме, жоқ өзін бердің бе?” депті. Абай: “үйретінді емес, танып әдейі сәлем берейін, батаңызды алайын делім” десе керек. Байсал сонда тағы да “жетпегіріңді баласына не бата берушең” деп жүре бермек болады. Бірақ Бөжей жүрмей: “Е, Түсіп, Байсал! Сен бата бермегенмен мынау болайын деп тұр ғой” деп бата берді дейді. Батасында “жалғыз-ақ әкеңнің мінезін бермесін” дегенді баса айтқаны Абайдың есінде қалыпты дейді.

Осы бала оқуды тастап, әкесіне көмекке келеді”.

Тоғызыншы қосымшаның қолжазбасы жоқ.

Оныншы қосымша — 362-бетке.

“Бұлардың біразы сол Абайша өз ортасындағы басшылық-үстемдікті нық ұстап қалам деп, өз уақытындағы әралуан қоғамдық-шаруашылық жаңалықтарға бойсұнып ойыса бастаған адамдар еді. Абай тегінде білім алып, өзге бұрынғы ескі үлгідегі ру басыдан сыртымен басқарақ болғанда бұрынғы өзінің таптық, қоғамдық орындәреже, салт-санасынан өзгеріп, қара үзіп кетпейді. Сол өз орта, өз тобын өзінше жаңғырып, өнерленіп, жаңа заманға бұрынғылардан көрі көбірек үйлесіп, мәдениеттеніп, ие болсын деп тырысады. Осындай, бағытын ұғар-ау, қостар-ау деген ру басыларды өз елінен де, басқа елден де тапқысы келеді. Өзіне қосарға алуға тырысады”.

Он бірінші қосымша — 366-бетке.

“Бұл сайлаудың алдында Абаймен алысушылар өз жағына кімді әртүрлі еп, есеппен тартады. Мысалы Оразбай көпке шейін Абайдан қол үзіп кетпей, мыналардың сырын білсе де өзі қостамай, үндемей жүреді екен. Ол малға бай да, тартысқа белді адамның бірі. Соны алу үшін Жиренше болыстыққа Оразбайдың екі жақын адамын белгілейді. Бірі құдасы — Күнту, екіншісі әрі құда, әрі дос-ниеттесі — Абралы. Осының бірін болыс, бірін кандидат қоямыз, күш, билік өз қолыма келеді деп тартады. Оразбай бұны шырға көріп, басында тартыныңқырайды. Абайдың әзірлігі бар шығар деп біледі. Бұған келіп сыр тартып: “Ел бүлінбес пе екен, қалай болар екен” дейді. Оны Абай боқтап, мазақ етеді. Содан келіп аналарға қосылып кетеді. Абай өзіне біреудің келіп, біреудің кетуінен қаперсіз жатады. Күдік айтқан Оразбай. Ысқақтың сөзін де елемейді, Ерболға сенеді”.

Он екінші қосымша — 366-бетке.

“Тегі Құнанбай балаларынан елдің мезі болуы тоғыз жыл ұдайымен болыс болған Ысқақ тұсында да мол екен. Ол болыс болған уақыт 70-жылдар іші. Бұл кезде бар Тобықты үшін мегдетіп жеңіп ап тұрған Абай, өз болысы Шыңғысқа Ысқақты сайлаумен қатар Тобықтының бұларға көрші екінші болысы Қоңыркөкшеге өзі де болыс боп тұрады. Сол жылдарда іні мен туысқанның бұның өз мінезінен үлгі алатын орайы да көп. Абай өзі сол Қоңыркөкшеге болыс боп жүргенде Әйгерім деген тоқалын өз қоластындағы Мамай деген рудың ішінен алған. Әйгерімді сұлу деп естиді де, қасындағы жолдасы Жиреншені барып көріп, алу-беруді өзін байлап кел деп жібереді. Әйгерім біреуге айттырып, қалың малы алынып отырған бір әлсіздеу елдің кісісі болады. Бірақ Абайдың кісісі бұны Абайға ылайық деп байлаған соң қолма-қол келісімін жасап, сұлу тоқалды болыс алады. Алдарына ешкім шыға алмайды. Тіпті ондай әлсіз момын ел түгілі Қоңыркөкшенің өзі кеткеннен кейінгі болыстығын да Абай өзі билеген. Өз еркімен болыстықты

тастап, қайтарда орнына болыс етіп Шымырбай дегенді, кандидат етіп өз құдасы Дүтпайды сайлап кетеді. Бірақ бері келе Шымырбай өлденеден бұған жақпай қалғанда қайта сайлау жасатып, сол Шымырбайды өзі орнынан алып тастайтыны да бар.

Ол ғана емес, бір жылда Тобықтының екі болысы – Шыңғыс, Қоңыркөкше және осы болыстан бөлініп шыққан Қызылмола – үшеуіне бірдей Құнанбай балалары Абай, Ысқақ және немересі Шәкәрім қаз-қатар болыс боп тұрғаны да бар. Осы орайларда Тобықтының қалған жалғыз болысы Шаған ішінде екіұдай партия болғанда, соның екі жағының ру басылары Молдабай, Мүсірәлі дегендер қатарымен Абайға жағына келіп, екеуі де құда болатындығы бар. Сондайдың бәрі Құнанбай тұқымын асқақтатып, құтыртуы ерекше болады.

Шыңғысқа Шәкәрімнің алдында болыс боп тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Өз қолымен Жігітек ішіндегі көрнекті атқамінерлердің бірі Бұланбай дегенді сабайды. Тоғалақ руының Мақысбай дегенін сабайды. Қатыны кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып, сойғызып жатады. Өздері апиын жеп, түске шейін тұрмайды. Осындайлары Абаймен жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түңілтеді. Сондай кісілер болып жиылып кеп, Абайдан өтініш етіп, Ысқақты түсіртеді. Бірақ оның есебіне Шәкәрімді сайлап, тағы бұрынғы қалыпты сақтап қалады.

Ысқақ түсіп, Шәкәрім болыс болатын сайлау қыстың аяқ кезінде Құнанбайдың үлкен қыстауы Оспан аулының үстінде болады. Абай осы араға барлық көрші болыстардың сайлауын бір-ақ жинап жасатады. Манайдағы елдің бәрі сарықарда киіз үй әкеп тігіп, сонда жатып әлек болады. Сонымен қатар бір күні Оразбай, Жиренше, Күнту, Ербол сияқты барлық ру адамдарының қора маңында ерттеулі күйде жайылып жүрген аттарын Оспанның жігіттері “жер қоримыз” деп қиқу салып, сойылдап қуып кетіп, қораға әкеп тығады. Сонда қақпаға соғылып, барлық ердің қасы сынады. Бұл да шектен асып кеткен жуандықтың бір сыры, бір соққысы есепті бағаланады. Бірақ бұл жерде наразылық айтып, ереуіл көрсете алмайды. Абай атаған Шәкәрімді болыс етіп сайлайды. Сүйтеді де сайлау басынан кете бере жаңағы Жиренше, Ербол, Абралы, Күнту бастап бірнеше мықты ру басылар біріне бірі сыр шешіп, серт байласады. Енді Абайдың қарсысында бұрынғы досымын деген кісілердің өздері басшы боп, бел байлап шығысатын болады, келесі сайлауға әзірленеді”.

Ол үшінші қосымша – 307-бетке.

“Күнтуға кандидат қылып Абралы баласы сайланады. Абайдың атағанынан бірде-бір кісі ілінбейді. Бидің де бәрін ана жақ өзінен сайлайды. Тіпті құралақан қалып бара жатқан соң, Абай ең болмаса Ақылбайды би сайлаңдар дейді. Ол өзінің үлкен баласы. Ел бұны да сайламаймыз дейді. Содан Абай тым құрмаса Ақылбай туралы

дегенім болсын деп Ерболға жабысады. Осымен Ербол келіп асылған соң, ел көп бидің бірі қып Ақылбайды зорға сайлайды.

Алдында тамам көрші болыстардың ұлықтарын өз қолымен сайлап келген Абай, енді мүлдем қара жерге отырып қалады”.

Он төртінші қосымша – 369-бетке.

“Өз атаған кісісі болыс болған жақ бұл жолғы қолына тиген ұлықтықты пайдаланады. Осы ретпен өзіне ерген 400 үйін алып, Оразбай Шыңғыс болысынан бөлініп шығып, Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде болыс боп отырған Құнанбай балалары мөр, пригауар бермей өз уысынан шығармайтын. Ол да зорлық, тізенің бір түрі еді. Түбі жаулық ойласа, басқа болыста отырып алысып кетсе құрығымыз үнемі жете бермейді деп аңдысқан кісіні өз болысынан шығармай қоятын көп болыстың, көп мықты жуанның есебі, саясаты болатын. Оразбайды бөлек болыс қып, шығарып жібере қою Күнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар Тобықтының елін билетіп отырмас үшін өз орталарынан бірер мықтыны Абайлар құрығынан ұзатып жіберіп, соған Тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасына сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Сондықтан Күнтудың болуының жеңген жаққа берген бір нәтижесі осы еді.

Екінші сол Күнтудың өзі де Құнанбай баласының қол астына қайта қарап қалмас үшін өзіне ерген Жігітек, Бөкенші руларын алып, көршісіндегі Мұқыр болысына шығуға қам әзірлеп қояды. Кейін бұны түсіретін мезгіл болғанда Күнту өзіне қажет болатын мөр, пригауарды сайлап жүріп, өзі болыстықтан түсісімен Мұқырға шығып кетеді. Бұл Күнту болыс болудың ең соңғы уақиғасы.

Бірақ бұған жетпестен бұрын әуелі бұлар Абайлармен белдескен алысқа кіреседі де, бұрынғы Құнанбай балаларына арналған қарсылық, наразылық үстінде ұстап уыстарынан шығармайды. Әсіресе бұрын аналардан есе, теңдік ала алмай жүргендерді дегендеріне жеткізбек боп, қамти ұстайды. Ондайлардың өзара ұжымы да енді нығая береді. Осының бәрі елді қайта алуға қиын-қиын асу боп түседі. Олар да елдің шырайын өздеріне жылыту үшін шағынып, жалына да бастайды. Көп дағдылы шаралармен, уәделермен қатар ең алдымен малды аямай шашады. Ру бастықтарын паралап, жемге тарту үшін қолда бардың бәрін аямай төге береді. Абайдың өз малын, қолындағысын партия басыларға сыбаға мен сатысқа бере-бере қатты ойсырайды. Кейін өз айтуынша Қоңыркөкшеге болыс болғанда 880 жылқысы бар екен. Күнту болыстығының аяқ шенінде содан 80-ақ жылқы қалды дейді екен. Осындай қызу тартыс үстінде Құнанбай баласынан болыстық кетті деген дақпырт бұрын бұлар айдатқан Жігітек адамдарына да жетеді. Сонымен, Абай өштесіп айдатқан Базаралы қашып келеді. Күнтудың болыстығына сеніп

қайта ұстатпайды, Құнанбай балаларына көрсетпейді деп бір сеніп, екінші енді орайы келсе кегін қуып та көрмек боп та келеді.

Осы сияқты әралуан түрде құралып келген уақиғалар алыстың түйінін шиеленістіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қызады”.

Он бесінші қосымша – 370-бетке.

“Айдаудан қайтқан Базаралы тегі осы кезде кеп килігеді. Елге бұл келіп, екпін беріп, Тәңірбердінің мыңға тарта жылқысын тиіп алған бетте бата қимылдайтын, әсіресе, Жігітек болады. Шабуылға жігітін мол жіберген елге сол Оразбай, Күнту сияқтылардың өз бастары бұл оқиғалардан сырт қалады. Жігітек жылқыны алған бетінде пышақ үстінен үлесіп әкетіп, бүтіл Қарауыл өзенін өрлей, құлдай отырған ел жағалай сояды. Бұл іс ол уақытқа да ел естімеген ірі іс болып шығады. Күнту, Оразбайлардың өзі қатты қорқады. Сол екі арада болыстық тағы қолдарынан кетіп қалады. Ендігі оқиға тартысқа басшылық ету тұрсын, өздері бас сауғалай бастайды. Күнту Мұқыр болысына осы орайда шығады да, Оразбай Құнанбайлардан татулық іздеп, бұрынғы кетіп қалған болысынан шығып, Шыңғысқа қайта кеп кіреді. Күнту құдасы болғандықтан, сол ұшырап кетеді деп жаны ашып, араға дәнекер болмаққа қайта келеді, қайта татулық сұрады дейді. Құнанбай балалары бұны жуасып келген күйінде қайта алуын алады. Бірақ бұның өз басына тимегенімен Жігітекті оқшаулап шығарып ап, қатты кектене қуады. Алынған жылқыны Жігітек сойып, қырып, жеп қойған еді. Енді соның әр жылқысына екі бестіден айып, төлеу кестіріп, қолма-қол тіздіріп алады. Тәңірбердінің шығынынан кірісі асып түседі. Бірақ соған орай Жігітек тегіс кедей боп тұралап тұрып қалады. Сол жылдары көшуге жарамай, қыстау-қыстау басында ошарылып, жатақ боп отырып қалған ауылдары көп болады. Сонымен Күнту болыс болғанның арты тағы да Абай қарсысына шыққан елдің тым-тырақай боп тозуымен бітеді. Аман қалғанда пәлеге бастық болған ру басылардың ұпайы түгел боп, аман тұрады да, бұлар дем беріп қоздырып отқа айдап салған көпшілік ерін арқалап қалады”.

Он алтыншы қосымша – 371-бетке.

“Осы араздықтың түбі тағы да Абайға кеп мықтап соғады. Сондықтан неден басталып, қалай өршігенін айта кетейік. Оразбаймен татулық тауып, Шыңғыс ішіне қайта кіргізіп алғанда Абай жағы оларды ызаламақ болып, болыстың кандидаттығын Арапқа береді. Ол Оразбайдың күйеуі, досы. Ендігі араздық осы Араптың айналасынан шығады. Сол Арап пен Күсен деген атқамінерлердің бір жақындары Балтабек дегеннің жылқысын алады. Оспан болыс соны желеу етіп осы Оразбайдың 400 үйіне сияз құрмақ болады. Бір елдің үстіне сияз құру тегінде ол партия басылардың әдетінде салқын қабақ белгісі болатын. Үстіне сияз құрғызған елден басқа бөгде елдің ақысын, есесін әперем

деп құрады да, тігілетін үй, сойыс, қонақасы, ылау дегеннің бар шығынын сол елдің мойнына артады, болыстың өштесіп, қырына алсам дегенінің белгісі. Бұндайда қарсылық қылуга шамасы бар ел болса өз үстіне сияз бергізбеуге тырысады. Тегі осы орайда Оспан мен Арап, Оразбай арасы басқа бір себептермен де суысқан болу керек. Балтабек жылқысы деген сондайдың орайындағы бір сылтау. Ақыры үстеріне баса кеп сияз жасайтын болған соң, Араптар кектенеді де, наразылық, қарсылық ойлайды. Оразбай сиязға келмейді. Ол да Оспанға көнбеймін дегеннің белгісі. Соған кәрлі болыс Оспан ашуланады да, ерегісіп барып Арап пен Күсеннің өздеріне абақты кескізеді. Осы сиязға келген ояз Трашоткин деген екен. Соған Оспан пара ретінде Қалимаш деген бір сұлу әйелді әкеп ұсынады деген сөз де бар. Қалимаш күйеуіне ырза болмай айырылам деп, арыз бере келген екен. Трашоткинге айтқанын істететін боп алған Оспан Оразбай жағын жазалауға кіріскен соң бұрынғы кекті еске алып, басқа жақтағы Құнтуды да абақтыға кескізеді. Араптарға кескізудің сылтауы бағанағы Балтабек дауы. Осы арады Оспан Оразбайдың өзін де жазаға іліндірмек болса керек. Соны білген Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан сиязды өз дегенінше өткізіп алған соң қалаға Оразбайды қуып барады да, Ояз кесесінің алдынан оны ұстап алып, сол бетінде арбасына таңып алып елге алып келеді. Оразбаймен бірге Күсенді де таңып әкеледі. Бұрын зорлыққа бойұсынбағанмен, көнбеймін деп тіресіп жүрген Оразбайға мынау істелген іс құлақ естіп, көз көрмеген зорлық жаза болады. Содан ол енді қайтып Құнанбай баласымен бітіспейтін кескілескен жау болып, ант етіп кетеді. Оспан бұрыннан елді шошытқан қатал тентек мінезі бойынша өзі болыс боп тұрған соң, қарсыға шығар-ау деген Оразбайды жаңағыдайымен біржолата шошытып, жаныштап жібермек еді. Бірақ осы істеген ісінің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстықтан Түседі. Орнына кандидаты Арапты қоймай, сол кездегі долынжы би (бұл болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса уақытша болыстың міндетін атқаратын бірінші би) Шәке деген інісін болыс қояды. Екінші жағынан осы араздық, жаулық арты Абайға ең зор дұшпандық, ең салмағы ауыр міндет боп, тағы кеп ошарылады. Алдында Абай іс міндеттің бәрін Оспанға беріп босандым деп қойып еді. Сол Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан жаңа үлкен тартыс енді молайтып келе жатқанда 1891 жылы өліп қалады”.

Он жетінші қосымша – 374-бетке.

“Бұл тұста көп мал, көп дүниеге ие болып отырған Еркежанды Тәңірбердінің де алғысы келсе керек. Ол: “үлкен менмін, үлкен үй менікі емес пе?” деп Абайға кісі салыпты. Оған Абай: “Мен атқа мінгенде Тәңірберді мен Оспанның жылқысы пәленнен еді, шағын еді. Екеуі де менің арқамда мал жиды. Мен болсам қажы баласының жауымен алысып, 880 жылқымнан 80-ақ жылқы ұстап қап отырмын. Мен елге шашсам, олар жия берген. Тартып

алды, бос алды, соған мен себепші едім. Оспанның малында мен болмасам Тәңірберді, Ысқақтың не үлесі бар еді? Енді мен бақтың бетін өзіме қайырдым. Лайығы менікі” деп өзі алыпты.

Еркежанды Абай өле-өлгенше жақсы көрумен кеткен. Бұны алған соң өзге әйелдеріне жуымайды. Қыс болса олардың қыстаулары Еркежан қыстауы Жидебайдан алыс болады. Абай үнемі осы Оспан үйінде – үлкен ауылда орнығып, тұрып қалады”.

Он сегізінші қосымша – 378-бетке.

“Мұқырда бұл кездегі партия ең үлкен өріске елтіп, Оразбай, Құнанбай жақтарының таласы осы елдің сайлауын бір ірі түйін деп білген болады. Шынында көп алысқан Оразбай бұл болыстың ішінде дендеп тұрды. Абай жағында бұрынғы бүтін Қоңыркөкшеден жалғыз ғана, аз ғана ру Көкше қалды. Одан басқа Мырза Жөкең деген ел және бұрын Шыңғыстан Құнанбай балаларынан қашып осында шыққан Жігітек, Бөкенші болсын, барлығы да Оразбай ниетінде болды. Мұқырдың осы сайлауға шейін болысы боп келген Әбен де Оразбай досы. Ол мықты, о жар, берік адам болды. Бұлардан басқа Шыңғыстың өз ішінен және, тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайдың өзіне қаратып, астыртын, тілеулес қып алған адамдары болды. Соның бірі Абайдың ағасы Тәңірберді. Бұл Оразбаймен құда және болыс боп тұрған баласы Әзімбай сыртына сырын шығармай, Абайға білдірмей, іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Сонымен Мұқырға Ояз келіп, сайлау болғалы жатқанда өз елінен Оразбай да аттанады. Ол жолшыбай Тәңірбердінің ауылына қонып отырып: “Абай бұл топқа бармасын. Барса бүлік болады” дейді.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады, Оразбайға Әбен: “Елді алатынбыз, бірақ Абай келді. Енді ұлықпен тағы алып кетеді” дейді. Оразбай сонда Абайдың аз кісімен келгенін біледі және Әбен жағында ел күшінің көп жиналып тұрғанын көреді. Өзінің барлық ыза-кегінің орайы қайтатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен Абай ұлыққа жолыққанша қол қимылын істеп жіберуді тапсырады.

Айтқанындай Абай Оязға енді барғалы отырғанда Әбеннің өзі бастаған бір топ ел бұның үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға жаны ашыған бір ер адам бұны таяқтан қорғап, үстіне жығылады. Әбендер Абаймен қоса Көкбайды, Көкітайды да сабайды. Олар қашып Оязға барады. Содан Ояздың стражниктері шығып, мылтық атып барып арашалап алады. Бұл оқиға ел ішін астан-кестен қылады. Шыңғыстың Абай ниетіндегі жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, өз еліне қашып кеткен Оразбайды ұстап ап, өлтірмек те болады. Ашу үстінде әртүрлі ірі жаулықты кеңес қылысады. Бірақ Абай оның ешбірін де қостамайды. Қол қимылынан елді тоқтатып, Ояздың Шыңғыс сайлауына келуін тосады. Содан өз елінде үй тіктіріп, тосып

отырысады. Бірақ дәл осы күні Оразбайдың Тәңірберді аулына тілдесуге жіберген жансызы сезіліп қалады. Тамам ел жабыла соны қуып, ұстай алмай қалады. Абай осыны білген жерде: “Менің жауым баурымда отыр ғой, бүйткен елде қайтіп тұрам, кетем” деп атына міне, қасына Тұмабай деген жас жігітті ала күнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа жөнелген Шәкәрім мен Ысқаққа “Бұл елде тұрмаймын, жоғаламын” дейді. Бірақ аналар шылбырына оралып, жетектеп қайта әкеледі.

Осы уақытта сайлау боп жатады. Абай алғашқы дерт үстінде не шара қыларын білмей дел-салда болғанға ұқсайды. Абай осы уақиға үстінде өзі тәрізді рубасылар ортасының ішпей шірі бастағанын жалғыз Тәңірберді мінезі емес, одан да жақын, тіпті өз баласы Ақылбай басынан да көреді. Шыңғыстың сайлауында Ақылбай: “Болыстықты маған бер, болмаса Оразбайға шығып кетем” деп қиғылық салады. Тәңірберді пәле ұлғаймасын деп Абайға болыстықты өз балаңа бер дейді. Бұл күндерде қалай тартысып, дәлді не қыларын байламаса да, ескі дағдымен Абай болыстықты тағы да өз қолына алады да, кіші баласы Мағауияны болыс қып, үлкен баласы Ақылбайды кандидат қылып сайлайды және елдің елубасыларына келіп: “Е, елубасылар, осы сайлауда бидің де бір шары ауыспасын, бір де шар қате түспесін. Егер тас ауыстырған елубасы болса менің осы ісімнің ауырталығы соның басында?” дейді. Билерді атайды. Бұрыннан елубасы шары емес, Абайдың дегені болатын. Бұл жолда да солай болды. Бұл қамына қарағанда алғашқы күндерде Абай алысатын, өзгеше қимыл ететін кісі сияқтанады. Бірақ сайлау өткен соң өзімен-өзі боп, ойланып басылған соң ол райынан қайтып, біртүрлі жуасып, шөгіп қалады”.

Он тоғызыншы қосымша — 380-бетке.

“Бірақ Абайдың өз басы осы күйде болғанмен 97-жыл оқиғасының арты Тобықты ішінде із-тозсыз өшіп қалады. Партия, пәле, алыс-жұлыс тиылды деп ойлау керек емес. Рубасы, атқамінер атаулыға ол: ауа мен су сияқты тыныс алып, қор ететін талшығы. Сондықтан алдымен Абайдың бала, інілері де Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Енді солар кекті боп, солар қуғыншы болды. Бұлардың тартысына Абай бармайды да, үйден шықпайды. Аналар болса күштерін, ел келесін алуға салады. Абай, Оразбайдың жас кездеріндегі әдіс-тартыс қайта қолданылады. Ел келесін алу деген Тобықтының өз ішінде, одан асса дуан ішінде, басқа ірі рулар ішінде тіленбес, дос-жарды қай жағы көп алды, соның тартысы. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысқан билерді көп алудан білінеді. Биді молайтып, басым алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік-жазалармен орындайды. Абайдың намысын, ісін қуған, іні-баласы барды осы шербешнайға салады. Бірақ Оразбайдың қимылы тегі сол ел келесінің Абайдан көрі Оразбайға көп ауысқанынан туған болатын. Сондықтан бірнеше шербешнай бойында Абай жақындары жеңе алмай қояды. Бұл жылдарда болып

өткен бірінші шербешнай Балқыбекте болады. Оған Оразбай лайық бозат мініп, қыр көрсетіп барды дейді. Биден де жеңгізбейді. Екінші шербешнай Арқатта болады. Онда Ояздың үйі, қағазы өртенеді. Бұны өзге бөгде елдің бұдан алатын ақысы көп болғасын Тобықты жағы өртеді деседі. Үшінші шербешнай тағы Арқатта болады. Сонда ғана кеп, Абайдың баласы Мағауия биге теңеледі. Бірақ о да жеңген емес. Содан қыс ішінде Семейдің қаласында тағы бір шербешнай болады. Осында бидің дені шынымен, Мағауия жақта болады. Сол аталған шербешнайлардың барлығы да екі жағы бірдей жиналған би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады. Жалпы сол ортаның құнсыз, шірік, тозған орта екенін парашыл билер ғана емес, сол пара беріп тартысып жүрген жақтардың өз мінездері де жақсы көрсетеді. Мысалы, Мағауия бірге жеңген орайда Оразбайдың баласы Медеу мен Абай баласы Мағауияны ояздың тілмашы Омарбек татуластырады да, Абай көрген соққы үшін 100 түйе айып-құн кеседі. Осының 40 түйесін Медеу Жігітек, Бөкеншіден әпереді. Бір үлкен үлесін Әбенге төлетеді.

Медеу, Оразбайдың өз бастары аман қалады. Жігітек бұларды өз басын паналап қалды деп өкпелеп шығып, қайта кеп Абаймен тартысуды содан шығарады. Ал Абайдың жақындары Абай көрген намыс соққысын малмен емдеп ырза болысады. Осымен шербешнайларда биге тартысып жүрген екі жақтың басшылары да, өзара шығын үлесіп отырысады екен. Бұлардың биге берер пұлы қолда дайын болмаған кезде астарындағы ат-шаналарын беріскені де бар, немесе бір төлеп артынан кеп үлесетіні бар. Сол үлестің шығынын төлеу үстінде Оразбайдың іні-баласы өзара өкпелесіп, Абайдың екі баласы және де өкпелесіп, қым-қуыт боп жатады. Осы бетінде ұлы аңғардағы алыс-тартыстары тағы жүріп жатады. Ондай алыс бөрінің де өмірлік азықтары. Мінеки, Абайдың бала күнінен барлық өміріне жеткен рубасылар ортасының тартысы. Абайдың баласының тұсында да сол қалпында осындай құнсыз түрде созыла берді. Абайдың ел мінезді деп рубасылар мінезін, өз ортасының мінезін алып, торығып зарлап, көп шенеп айтатын өлеңдерінің барлық тамыр-түбірлері осы араларда жатыр. Ақын тіршілігінің ең мағынасыз қортындысы әсіресе, сол 97-жылдар және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады. Абай енді жылдан-жыл өткен сайын түңліп біте береді”.

Жиырмасыншы қосымша — 384-бетке.

“Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді осымен қатар одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар композиторлық еңбегін де атау керек. Абай өзі жақсы домбырашы, қазақтың ескі ән-күйін жете білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елтіп жүріп айтқан.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй! —

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі халді ойлап,
толғанып кел:

Есіткендей болады,
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тіріліп өткен құрғырды, —

деген жолдары бұның еңбектерінің терең тамырлары сол қазақтың өткен өнер-мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сияқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу, мағыналы жырларды арнайды. Ол музыкаға ақын боп қосқан үні. Осымен қатар Абай музыканың өзіне композитор болып та атсалысады.

Абайдан қалған 16-17 ән бар. Бұлардың көбі өзі жазған жаңа уәзін, жаңа идея, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы: “Сегіз аяқ”, “Сен мені нетесің”, “Қор болды жаным” сияқты 8, 7, 6 жолды өлең түрлерін шығарса, соларды жұрт құлағына жұғымды, сінімді ету үшін қосарлап әнін де шығарады. Бұл ісі осы сияқты өлеңдерін өте даңқты, әйгілі қып әкетеді. Сол сияқты Пушкиннен аударған Татьяна-Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне әншейінде ұғымсыз, тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау әндер арқылы аса түйсікті, әсерлі және өте мәшһүр етіп жібереді. 90-жылдардан бастап, Онегин-Татьяна аттары Абай өлеңдері жайылған жерлердің барлығына да ең белгілі аттардың бірі болды.

Абайдың композиторлық еңбектерінде де ақындық еңбегі сияқты өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер де бар. Бұрынғы ауызша әдебиетте Абай көп еліктемей жалпы қорын пайдаланса да “сөз түзелді” деп, өзінше жаңа мазмұн, жаңа түрлі өлеңдер жаза бастағаны сияқты, әнде бұрынғы әннен көрі өзгерек түрлер шығарды. Бұрынғы әнді өзі бұрынғы әдебиеттен сонауғұрлым артық бағаланғанмен де, ендігі өз әнін жақсы-жаман болса да, басқаша үлгіде шығарады. Шырқауы, айқайы аз, көбінесе құлақ күйге ұқсаған қоңыр, баяу әндер және, әсіресе, не бәйіт, не орыс, еуропаның ән романстарына ұқсаңқырап келген, бұрынғы қазақ әнінен мүлдем басқаша әндер болады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденушінің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұл да бір күрделі үлкен саласы боп саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, әйтеуір жиыны 1886 жыл мен 87 жылдар арасында шықты деседі. Тегі өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де шығып қап отыратын сияқты”.

Ендігі ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек, осы қосымшалардың бірсыпырасы қазіргі сөз болып отырған ақын өмірбаянының екінші нұсқасына енгізілген жоқ. Бұлардың қатарына бірінші қосымшасынан жетінші қосымшасына дейін жатса, сол енгізілді дегендерінің өзі де дәл қолжазбадағыдай қалпында берілмей, бірсыпыра өзгерістерге ұшырады. Мұндағы бастан-аяқ анық байқалып тұратын кесек-кесек қысқартулар мен сөз-сөйлемдердегі өзгертулер өз алдына ерекшеленіп тұрады.

Алғашқы нұсқасы саналған ақын шығармаларының 1933 жылғы басылымына алғысөзді Ілияс Жансүгіров, екінші басылымына (1939 ж.) Сәбит Мұқанов жазған және біраз өлеңдердің қай кезде, не себептен туғандығы, жалпы шығармаларында кездесетін түсініксіз сөздер мен кісі аттарына түсініктер берілген. Алдыңғы басылымында Көкбай мен Тұрағұлдың ғана естеліктері берілсе, екінші басылым Мадияр, Қатпа, Әрхам және Мұсылманқұл Жиреншеұлының естелігімен толықтырыла түскен. Осындағы Абайға Бүбінің жазған хатындағы мына сияқты араб сөздерінің қазақша баламасы берілген: “ужутке – жаралған, таратылып”, “хисматпен – тағдыр, құдай бұйрығымен”, “қаһар фәләк – тағдыр, жазмыш бұйрығы”, “Ләтахнати мин рахматуллаһи – құдайдың рахметінен үмітсіз болмаңыз”, “нама – хат”, “сахилу фәлә тәнһәр – сұраңыз, бірақ ренжімеңіз”, “назилдур хаһ рахмати фарманынан – жіберілген әмір, бұйрық”, “Зылиха Жүсіп үшін әйлаған-ақ – Жүсіп пайғамбарға ғажап болған қыз”, “әйладың тар – еттің, істедің”, “шадлықтан хнас болып – құр қалып деген мағынада”, “мүбтәләлік бұ хисмат – кіріптар болу, “Раббым – құдайым”.

Т. Әкім

“Шекарада”

М. Әуезовтің “Шекарада” пьесасы алғаш рет 1938 жылы “Әдебиет майданы” журналының 2-санында (20—48-бб.) жарық көрді. Содан кейін жазушы шығармаларының алты томдық жинағының 5-томында (Алматы: ҚМКӘБ, 1956. 311—369-бб.), он екі томдық шығармалар жинағының 9-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 151—207-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 10-томында (Алматы: Жазушы, 1982. 153—213-бб.) шыққан. Жазушы мұражайының қолжазба қорында пьесаның төрт түрлі нұсқасы сақталған. Біріншісі — қалың дәптердегі арабша нұсқасы (92-бума), екінші нұсқасы латын әрпімен жазылған (92-бума. 79-б.). Ал машинкаға басылған латын әрпіндегі үшінші нұсқасы көп өзгертіліп, өңделген. Қосымша бетке жазып енгізген өзгерістердің мөлшері 38 бет көлемінде. Онда бірталай көріністердегі эпизодтар қысқарып, орны ауыстырылып, кейбіреуі қайта жазылып, жаңадан қосылған.

Алғашқы нұсқада аталатын көптеген кейіпкерлер кейінгі өзгерту нәтижесінде түсіп қалған. Олар: газет редакторы Сапар, колхозшылар Аманбай, Жаппар, Сақыш, Ганшиннің орынбасары Совчук, погран отрядының инструкторы Есқайыр, Құлжа байларының довернайы Атыбай, Шәріпбайдың күтуші жігіті Бөртебай сияқты кейіпкерлер кейінгі нұсқада жоқ. Ал қолжазбаға енген колхозшы ақын Сәт бейнесі машинкаға басылған нұсқада жаңадан қосылған. Байназар байдың образы да кейіннен кітапқа енген. Алғашқы нұсқаларда оның іс-әрекеті кейіпкер сөздерімен айтылып отырады.

“Шекарада” пьесасы кеңестік дәуірдегі қазақ аулын колхоздастыру, шаруашылықты жаңа жолға қойып өркендету, ел іргесін нығайтып, шекараны қорғау сияқты сол кездегі әлеуметтік мәні зор мәселелерге арнап жазылған. Отызыншы жылдардағы отырықшыландыру, орта шаруа мен дәулетті байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу, өздерін жер аудару, ортаға кірмегендерді күштеп ұжымдастыру, асыра сілтеу сияқты зиянды жолдар әдебиет үшін күрделі тақырып еді. М. Әуезов “Шекарада” пьесасына осы дәуірдегі қазақ аулын ұжымдастыруда кездескен қиындықтар мен тап жаулары ретінде мал-мүлкінен айрылған, алғашында

жер айдалып, соңынан шетелге қашуға мәжбүр болған бұрынғы қазақ оқығандары мен ауқатты байлардың жаңа саясатқа ашық қарсылығын негізгі тақырып етіп алды.

“Шекарада” пьесасы М.Г. Насоновтың режиссерлік етуімен алғаш рет театр сахнасында 1938 жылы 23 сәуірде қойылып, табыспен өтті. Пьесаның көтерген тақырыбын дәуір шындығына қаншалықты сәйкес, тартымды көрсете алғандығы, көркемдік құндылығы мен композициялық құрылымы, идеялық мазмұнының әсерлілігі туралы 1938 жылы республикалық баспасөзде оннан аса мақала жарияланған. Соның ішінде жазушы Сәбит Мұқанов өзінің “Шындық бейнесі” деген мақаласында: “Мұхтар Әуезов жолдастың “Шекарасы” автордың да, постановщик жолдас Насоновтың да, академиялық драма театр коллективінің де творчестволық жағынан бұрынғыдан жоғары шыққандығына, өскендігіне айқын дәлел”, – деп жазды. Сахналық қойылымның ұтымды жақтарын атай келіп, ел басқарудағы партия хатшысы Мұрат, чекист Ганшин бейнелерінің шынайы халықтық бейне болып шыққанына тоқталады. Колхоздасу кезіндегі ауыл адамдарының іс-әрекетінің, олар қатысқан оқиғалардың тартымды болуымен қоса, нанымдылығына көңіл аударады. Шығарманың көрерменге ұнаған сәтті жақтары мен соңғы суретіндегі оқиғаның солғын тартуы, Степан, Жомарт, Нияз тәрізді кейіпкерлердің кей әрекеттері дәлелсіз көрінуі айтылады.

Жазушы өз мақаласын: “Постановщик жолдас Насонов рольдерді бөлу, орындату ретінде үлкен шеберлік көрсеткен.

Спектакльдің жақсылығына зрительдің, әрбір кезеңді оқиғаларға, әрбір орынды қимыл мен сөздерде залды басына көтере сан рет қол шапалақтауы да дәлел болады”, – деп аяқтайды. Спектакльде Мұрат ролінде Айтанов Сәкен, Жомарт – Телғараев Сейфолла, Сәрсенбай – Хасенов Әбікен, Торқа – Сағындықова, Ажар – Сыздықова сияқты актерлер ойнаған. Пьесада сол кездегі саяси ахуалға байланысты “тап жаулары, жапон тыңшысы, шетел шпионы, алашордашыл, ұлтшыл, байшыл, кулак” сөздері қолданылған. “Шекарада” пьесасында орыс тілінен енген сөздер жиірек ұшырасады. Мысалы: нарушитель, пограничник, команда, конезавод, план, начальник, застава, комендатура, съемка, әскери топография, мобилизовать ету, отряд, подсобник, паника, урядник, авторитет, уволить ету, подшефный колхоз, кавалеріңізді әкеліңіз, совещание, приютка беру, ремонт, прапорщик школы, т.б. қазақ тұрмысына ене бастаған орыс сөздері әр ретте өз орнымен пайдаланылған.

М. Әуезовтің елу томдық академиялық басылымына пьесаның 1938 жылы “Әдебиет майданы” журналында жарияланған нұсқасы кейінгі кітаптарға шыққан басылымдарымен салыстырыла отырып дайындалды.

К. Рахымжанов

“На границе”

Бұл томға беріліп отырған “На границе” пьесасы 1938 жылы жазылған “Шекарада” пьесасының орыс тіліндегі жолма-жол аудармасы. Аударманың қолжазбасы сақталмаған. Жұқа қағазға машинкамен басылған екі нұсқасы жазушы мұражайының қолжазба қорында сақтаулы (95-бума). Пьеса нұсқаларының тігіндідегі көлемі 208 бет. Алғашқы – 68 беттердегі нұсқаға әр жерде қарындашпен жасалған белгілер болмаса, қол тимеген. Келесі 69—133-беттердегі данаға жұмсақ қарындашпен жасалған түзетулер, қысқартулар мен қосымша толықтырулар 10-15 бет. Кейбір беттерге қосылған көлемді мәтін бөлшектері қосымша қағазға жазылып, қасына қиып жапсырылған. Қағаздардың шеті сарғайып, жазулары өшіп, көмескі тартқандықтан, оқып түсіну қиын. Пьесаның 134—208-беттердегі данасы қызғылт түсті қағазға анық етіп басылған. Сақталуы жақсы болғандықтан, орысша аударманың осы нұсқасы баспаға әзірленді. Мұнда да жазушының көк сиямен түзеткен, сызған, қысқартып қайта жазған жерлері көп. Сызғылып жөнделген тек жеке сөздер, сөйлемдер ғана емес, тұтас эпизодтар. Кей тұста бір бет, жарты бет жаңадан енгізілген қосымшалар ұшырасады. Олар 140, 141, 148, 149, 160, 175, 179, 188, 190, 198, 204-беттерде көк сиямен жазылып берілген. Сондай-ақ жазушының көк сиямен сызып қысқартқан жерлері қысқарған күйінде емес сол қалпында алынды. Ондай қысқартулар 141-бетте машинкамен 7 жол, 142-бетте 10 жол, 144-бетте 8, 147-бетте 4, 148-бетте 8, 149-бетте 13, 155-бетте 7, 161-бетте 11, 162-бетте 8, 167-бетте 24, 171-бетте 7, 182-бетте 8, 186-бетте 30, 195-бетте 14, 199-бетте 19 жол.

Пьесаның орысша нұсқасы да қазақ тіліндегідей үш актылы, он бір суретті көрініспен бітеді. Екі пьесадағы оқиғаға қатысатын кейіпкерлер саны шамалас. Тек аудармада колхоз председателі Бектенов, шекарашы Совчук сияқты бірлі-жарым жаңа кейіпкерлердің аты-жөні ұшырасады.

Пьесаның орысша нұсқасының көтерген тақырыбы, мазмұны, кейіпкерлер арасындағы тартыс пен оның шешімі аудармада тыңнан ештеңе қосылмаған күйі қазақша нұсқасына жақын. Жазушы орыс тілді оқырманның түсінігіне жеңіл болу

үшін кейбір сөздерге түсінік беріп кеткен. Пьесадағы негізгі оқиғалар “Жігер” колхозында, шекара, жылқы зауыты, МТС төңірегінде өтеді. 1930 жылдарда болған саяси оқиғаларға сәйкес қолданылған “халық жауы, большевик, коммунист, жапон шпионы, тап жаулары” сөздері орыс тілінде сол өз мағынасына толық жетіп тұрады. Аудармада пьесаның көркемдік жағына қарағанда саяси, партиялық, әлеуметтік жағына баса назар аударылуына сол уақыттың қатал идеологиялық талаптары әсер еткен. Жазушының пьесада өтіп жатқан оқиғаларға деген жеке көзқарасы онша байқалмайды, оқиғаға қатысушылар да кейде өз уақытының әлеуметтік жемісі ретінде, М. Әуезовтің өз сөзімен айтқанда, көркем бейнеден гөрі “схема” болып тұратын сәттері де жоқ емес. Жоғарыда беттері көрсетілген, қысқартылған жерлерді оқу барысында, олардың қаншалықты көркемдік міндет атқарып тұрғанын көрсететін мысалдар жеткілікті екені байқалды. Жетінші суретте (189-б.):

“Н е и з в е с т н ы й. Для кого нужна дочь Нияза? И тут также.

Ж о м а р т. Кто исполнит”, – деген диалогтардағы кейіпкердің айтатын ойларын толық жеткізе алмай шолақ қайырып тұрған жерді автор жаңа сөйлемдер қосу арқылы жөндейді:

“Н е и з в е с т н ы й. Довольно, не спорить, а исполнять. Для кого нужна была дочь Нияза? И тут также.

Ж о м а р т. Хорошо. Но кто исполнит?”

Осы бетте Хадишаның айтатын “Ой, время все летит” деген сөзіндегі “все летит” дегенді сызып, орнына “проходит” деп өзгерткен. “Ой, время проходит” деген сөйлем орнықты әрі салмақтырақ болып естіледі. 190-беттегі Зипаның “А что, что заметила?” дегендегі “заметила” сөзін “померещилось” деп өзгертуі сөйлемнің мағыналы боп шығуына әсер етіп тұр. 201-беттегі Жарқын айтатын: “Они уже в указанных тобою местах” деген сөйлемде “указанных – названных” болып жаңа сөзбен алмастырылған. Бірінші актыдағы алғашқы суретте “китайская драма”, “китайская сторона” деген тіркес “пограничная драма”, “на той стороне” деп түзетілген. Жазушы сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстыру арқылы да бірқатар сөйлемдерді өзгертті. Мұндай өзгерістің бірі 197-бетте. “М у р а т. Зная это все, я попросился сам сюда” деп жазылған сөйлемді автор “М у р а т. Зная это все, я сам попросился сюда” деп түзетеді.

Сондай-ақ, оныншы суреттегі Хадиша мен Зипаға қастандық жасамақ болған Жомарттың қолға түсетін кезінде отряд бастығы Ганшинге телефон соғатын сәті бір көріністе екі рет қайталанып тұрғандықтан, сәл ықшамдалып алынған. Сол эпизодтағы Хадишаның телефонмен Ганшинді іздеуі, айтқан сөздері екі рет қайталанған. Ол бірнеше қысқа сөйлемдерден тұрады. Мысалы:

“Х а д и ш а. Довольно. *(Бросается к телефону.)* Погранотряд! Где Ганшин? Александр Иванович, где он? Алло, алло! Отряд! Отряд! Ганшин, поскорее Ганшина! Ах, как задерживают? Где же Александр Иванович, начальник? Ганшин! *(Входит Ганшин.)*

Г а н ш и н. А я вот. Что прикажете, Хадиша?

Х а д и ш а. Александр Иванович!

Г а н ш и н. А я в вашем распоряжении”.

Пьесаның бұл жолма-жол аудармасы бұрын еш жерде жарияланбаған. М. Әуезовтің 50 томдық академиялық шығармалар жинағында алғаш рет беріліп отыр. “Шекарада” пьесасын бұдан бұрын орыс тіліне Эмиль Беккер аударып, 1939 жылы “Литературный Казахстан” журналының 10-санына (41—69-бб.) “На границе” деген атпен бастырған. Ал жазушының өз қолымен жасаған жолма-жол аудармасы бұл томға машинкамен басылған нұсқасы бойынша көп өзгеріссіз, қазақша нұсқасымен салыстырыла отырып дайындалды.

К. Рахымжанов

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР	3
Абайдың идеялық-мәдени ізденулері	5
Идейно-культурные искания Абая	11
Жақсы сынға жан пида	16
“Жәңгір” жыры қазақ тілінде.....	22
Жаңа жылға жаңа төл.....	26
Абай юбилейі туралы	27
Абай жайын зерттеушілерге.....	30
Мәдениетті Қазақстан.....	34
Культура Казахстана.....	51
Абайдың өмірбаяны	68
II. ПЬЕСАЛАР	193
Шекара.....	195
На границе	257
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	335

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

15-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*

Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*

Техникалық редакторы *Н. Ромахова*

Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 20,6.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1327.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-157-9



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 5 7 9